

К.Ж. ОРАЗАЛИН

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

**(ТӘЖРИБЕ САБАҒЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУ ҚҰРАЛЫ)**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Алматы 2007

УДК 65.0
ББК 65.290
063

065 Оразалин К.Ж
Кәсіпорын экономикасы: Тәжірибе сабағына арналған оқу құралы. Алматы, ТОО «Издательство LEM», 2007.
– 296 б.

ISBN 9965-803-51-X

Алдарыңыздағы оқу құралында кәсіпорын экономикасының негізгі және базистік түсінік жөнінде көптеген мысалдар келтірілген. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде, кәсіпорындарының іс тәжірибесінде кездесетін экономикалық есеп шығару тәсілдері. Сонымен бірге оқу құралында кәсіпорын экономикасы бойынша теориялық мәліметтер, тест сұрақтары және негізгі тақырыптар бойынша берілген: нарық жағдайындағы кәсіпорынның сипаттамасы, өндіріс бағдарламасын болжамдау және жоспарлау, қоғам өндірісін ұйымдастыру түрлері, негізгі қорлар мен өндіріс қуаттылығы, айналым қоры, кәсіпорын кадрлары, еңбек ақы төлеу түрлері мен жүйелері, өндіріс шығындары қамтылған.

Оқу құралы кредиттік жүйе шеңберінде экономика мамандықтары бойынша оқитын бакалаврларға, магистрлерге, аспиранттарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына арналған.

ББК 65.290

Пікір берушілер:

Туркебаев Э.А. – э.ғ.д., профессор, ҚР ҒҰА академигі;
Сатыбалды С.С. – э.ғ.к., профессор

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ғылыми кеңесімен ұсынылған.

О 0601000000
00(05)-07

ISBN 9965-803-51-X

© Оразалин К.Ж, 2007
© ЖШС «Издательство LEM», 2007

АЛҒЫ СӨЗ

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын өз бетінше қалай және не өндіру, қандай мақсатқа және оның қармағындағы ресурстарды қайтіп пайдалануды шешеді. Ондай материалдық ресурстарға: материалдық-техникалық, еңбек, қаржылық және ақпараттық т.б жатқызуға болады.

Сонымен, экономикалық жауапкершілікте, барлық ресурстар түрін тиімді пайдалануды жақсартуда, кәсіпорын басшысы алдына қойған күрделі мәселелерді шешуге үлкен мақсат қоюы керек.

Кәсіпорын өндіріс жинақталған қосындысы өзімен-өзі бойынша, бытыраңқылы әсер етуде емес: олар өзара тығыз байланыста болып, ал бұлар өзара белгілі экономикалық категорияда өрнектеліп, заң мен заңдылық, тәжірибелік ғылыми негізде маңызы бар оқытылатын “Кәсіпорын экономикасы” болып саналады.

Бүгінгі таңда, қоғамдық өндірістің даму бағыты-әлемдік нарықта инновацияға негізделген бәсекеге төтеп беретін өнім шығару. Соның нәтижесінде еліміздің экономикасы алдағы келе жатқан он жылдықта әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөнінде мақсат қойып отыр.

Мемлекетіміздің аталған экономикалық саясатын іске асыруда кәсіпорындардың атқаратын ролі өте зор, себебі олар қоғамдық өндірістің негізгі буыны болып табылады. Міне, сондықтан да, бұл деңгейде қоғамға қажетті өнім өндіріліп, қызмет көрсетілуі тиіс.

Өндірістік кәсіпорындар өндірістік-техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік бірлігімен сипатталады.

Экономикалық бірлік-кәсіпорын алдында қойылған негізгі мақсатқа жету барысында барлық құрылымдық бөліктерінің бір нәтижеге атап айтқанда: сатылған өнім көлемінің сапасының, бәсекелестік қабілетінің өсуіне, жоғарғы табыстылық деңгейіне т.с.с жетіуін көздейді.

Сонымен әрбір кәсіпорынды ең алдымен өндірістік, экономикалық бірлік ретімен қатар әлеуметтік бірлік ретінде қарастырамыз. Бұл тұрғыдан кәсіпорынды белгілі бір әлеуметтік-экономикалық мүдделер арқылы бір-бірімен байланысқан ұжым ретінде қарастырып, оның негізгі мақсаты-тұтынушылардың материалды және рухани талаптарын өтеуге арналған табысқа жету.

Нарықтық экономика жағдайында фирма деген ұғым жиі қолданылады. Фирма дегеніміз-заңды құқығы бар дербес шаруашылық ұйымы.жеке кәсіпкерлер,сонымен қатар мүмкіндігінше барлық одақтар (ассоциациялар,бірлестіктер). Егер фирма бір кәсіпорыннан құралса,онда фирма мен кәсіпорынды экономикалық қызметтің бір объектісі ретінде қарастыруға болады.

Оқулық құралда кәсіпорынның экономикалық негізі,пәннің зерттелу объектісі мен үрдістемелері,базистік түсініктемелерге сипаттама берілген.Мұнда,әрбір базистік түсініктеме бере келіп,оны анықтайтын формула мен тәсілдері мысалмен келтірілген. Әрбір тақырыптың мазмұны толығымен игеру үшін тест және бақылау сұрақтары мен өз бетінше шығаруға арналған сынақ тапсырмалар мен есептер жиынтығы берілген.

Оқу құралы 10 бөлімнен тұрады.Бірінші бөлімде кәсіпорын экономикасының негізіне сипаттама берілген.Бұл бөлімде пәннің зерттелу объектісінде;халық шаруашылығының дамып, экономиканың өркендеу өзегінде-кәсіпорынның атқаратын ролі. Оны айқындайтын экономикалық базистік түсініктерді келтірілген.Екінші бөлімде нарық жағдайындағы кәсіпорынға тоқталып,олардың алдына қойған мақсатына сәйкес әр кәсіпорын қажетті өндіріс факторларын тиімді пайдалану арқылы кәсіпкерлік түрлерімен белсенді айналысып мол табысқа жету жолдары көрсетілген.Үшінші бөлімде кәсіпорын жұмысын,оның ішінде өндіріс бағдарламасын болжамдау және жоспарлау мәселелері қарастырылған.Мұнда тауарлы,жалпы және сатылған өнім көлемін есептеу әдістеріне назар аударылған.Төртінші бөлімде қоғам өндірісін ұйымдастыру түрлері мен бағыттары қамтылған. Бесінші бөлімде кәсіпорын жұмысындағы инвестициялық және инновациялық саясатты іске асыру мүмкіндіктері аталған. Алтыншы бөлім негізгі қорлар және өндіріс қуаттылығына арналған. Жетінші бөлімде кәсіпорынның айналым қоры және айналыс құралдары. Сегізінші бөлімде кәсіпорын кадрлары, еңбекті мөлшерлеу, еңбек өнімділігі, еңбек ақы төлеу жүйесі жан-жақты сипатталған.Тоғызыншы бөлімде өндіріс шығыны және өнімнің өзіндік құны. Оныншы бөлімде кәсіпорынның акционерлік шаруашылық түрі және жалға беру мәселелері қарастырылған. Сонғы бөлімде тест және есептер мен сынақ тапсырмаларының жауабы мен шешімі келтірілген.

Ұсынып отырған оқу құралы жоғарғы оқу орындарының студенттеріне,экономикалық біліктілігін қалыптастыруға, нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорындар мамандарына арналған.

1.1. Пәннің зерттеу объектісі

Халық шаруашылығының дамып. экономикалық өркендеу өзегінде, өндірістің негізгі түйіні- кәсіпорын болып саналады. Барлық өндіріс кезеңдерінде өндіріс экономикасының дамуына, жұмысшылардың өндірісіне тікелей байланысы арқасында кәсіпорында өнімді өндіру жұмысы атқарылады.

Қоғамдық еңбек бөлісі жүйесінде оқшауландырылған дербес жеке дара кәсіпорынды. өндіріс-шаруашылық бірлігі немесе шаруашылық жүргізуші субъект дейді. Кәсіпорында пайда алу мақсатында өнім өндіру жұмысын орындап, қызмет көрсетудегі жеке дара шаруашылық субъектісін айтамыз.

Елімізде белгіленген заңдылық бойынша белгілі нышанда(фирма,мекеме, концерн)-бұл кәсіпорындар заңды тұлға нышан санына жататыны: өзінің мүлкінің бар болуы; мүлктік жауапкершілік дербестігіне тәуелсіз болуы; рұқсат етілген заңға сәйкес өз жеке меншігіндегі мүлікке ие болуына, қолдануына және иелік істеуіне құқықты;өз атынан сот және арбитраж алдында тілеуші және жауап беруші болуына; өз алдына бухгалтерлік баланс, банкте есептеу және басқадай есеп-шот ашуына құқықты.

Қазақстан республикасының заңдылық құжаттарында кәсіпорындардың жұмыс атқару түрлері әртүрлі ұйымдастыру-құқығы қаралған:шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар (толық серіктестік,сенім серіктестігі,шектелген жауапкершіліктегі қоғам,қосымша жауапкершіліктегі қоғам, акционерлік қоғам); өндіріс кооперативтері; мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындар.

Кәсіпорын түрлерін ұйымдастырушы өзіне керекті түрін таңдап алады.

Кәсіпорын пәнін оқып үйренуде және оның қоғам өндірісіне тән төмендегі ортаны ескрілуі тиіс:материалдық,әлеуметтік,саяси және рухани өрістерін атауға болады.Кәсіпорынның материалдық өрісі-барлық өнім өндірісінің үрдісін,әлеуметтік- кәсіпорын жұмысшыларының еңбек ақы төлеу үрдісін,сонымен бірге барлық өзара әртүрлі категориядағы қызмет ететін (формальдық және формальдық емес) қызметкерлердің бір-бірімен қатынасы.

Кәсіпорынның саяси өрісі-оның белгілі уақыт тәртібінде жұмыс істеуі, кәсіпорынды басқару әдісі, оған қоса өкімді түрде және сайлану құрамындағы формалар жиынтығының болып саналуын көрсетеді. Кәсіпорынның рухани өрісі-бұл эстетикалық және кәсіпшілік білімде еңбек дағдысымен көріну, сонымен бірге жаңа оймен рухани-мәдени құндылықтар жүйесін игеру.

Әрбір аталған өрістердің әрқайсысының заңы мен заңдылықтары кәсіпорынға өзінің ықпалын жасайды. Әлбетте, олардың ішіндегі ең бастысы айқындайтын өріс-әлеуметтік-экономикалық болып саналады. Оның ішіндегі маңыздысы мысалға, материалдық әл-ауқаттың өсу заңдылығын атауға болады. Бұл басқа өріске қарағанда өткір, маңызы жағынан толық және мазмұнды.

Сонымен, кәсіпорын экономикасы ғылыми пән, оның объектісі кәсіпорын және зерттелетін заты заңдар мен заңдылық, біріншіден, оның мазмұнын анықтаса, екіншіден, экономикалық білім жүйесінің орнын анықтайды.

1.2. Кәсіпорынның өндірісіндегі базистік түсініктер

Пәннің материалын толық және әрі қарай зерттеуде негізгі экономикалық түсініктерді қарап өтелік.

Өнім (жұмыс, қызмет көрсету) – бұл кәсіпорынның тұтынушылар тапсырмасын және өзінің мұқтажын қамтамасыз етудегі өндірілетін өнімі.

Мысалы: өнім (жұмыс, қызмет көрсету). Тұтынушылар талабын орындауда, тұрмысқа қажетті өнім өндіру немесе қызмет көрсету жұмыстарын айтуға болады.

Өнім номенклатурасы – топтар тізімі, топша және табиғи айтылуындағы өнім ұстанымы. Мысалы: автокөлікті жөндеу, тұрмыстық техниканы жөндеу немесе өнімінің бірнеше түрін өндіру және халыққа қызмет көрсету.

Өнім ассортименті - өнімнің түрі бойынша құрамы, үлгісі, сорта, мөлшері, маркасы, артикулы және т.б.

Тауарлы өнім (ТӨ) – бұл өнім, сыртқа сату үшін өндірілген өнім.

Ішкі өндіріс айналымы (ІӨА) – бұл өнім, кәсіпорынның ішкі қажеттілігіне арналған өнім. Мысалы, егер кәсіпорын екі бірдей бұйымды өндіріп, оның біреуін сыртқа сатуға арнап, ал екіншісін-кәсіпорынның ішкі қажетіне арнаса, онда бірінші жағдайда

бұйымды тауарлы өнімге, ал екінші жағдайда-ІӨА құрамына жатқызады.

Кәсіпорында шығарылатын өнімнің дайындығын анықтау мүмкіндігінде қолданатын мезгілдер:

Аяқталмаған өндіріс (АӨ) - өнім барлық стадиядан өтпеген (фазадан, қайта жасаудан) өңделмеген, технологиялық үрдісі орындалмаған, сол сияқты бұйым жабдықталмаған, техникалық қабылданбаған және қабылдау сынағынан өтпеген бұйымдар мен өнімдер жатады.

Дайын өнім (ДӨ) – дайындалып біткен және сапа жағынан талапқа сай келген өнімді дайын өнімге жатқызамыз. Белгіленген түрде кәсіпорынның бухгалтериялық құжатын өзінің уақытысында және тиісті есепті мезгілде толтырылған өнімнің дайындығын анықтайтын құжаттар: дайын өнім жөніндегі актісі, тауар көлік тіркеме қағазы, ішкі тасымалдау тіркеме қағазы т.б;

Жалпы өнім (ЖӨ) – өнімнің дайындық дәрежесіне байланыссыз жалпы өндіріс көлемі.

Дайын өнім бухгалтерлік есепте сатылған (СӨ) бұл өнім тұтынушының қармағына толық иелікке құқығы белгіленгеннен кейінгі үрдісті білдіреді. Ал сатылмай қалған дайын өнімді-бухгалтерлік есепте-сатылмай қалған қалдық өнім болып саналады.

Баға (Б) – өнім бірлік санының белгіленген бірліктегі валютадағы өнімнің ақшалай құнының көрсетілуі. Мысалы: Баға. Сыртқа сатуға арналып жасалынған жихаз бағасы 17000 теңге. Кәсіпорынның мұқтажына керекті дәл осындай жихаз бағасы 12500 теңге. Екінші жағдайдағы жасалынған бұйымның бағасы едәуір арзан, өнімнің мекемесі үшін жасалынған жихаздан пайда түспейді.

Ағымдағы баға (Аб) – бұл шын мәніндегі баға. Мысалы: қазіргі жағдайдағы баға.

1 кг қанттың бөлшектеп сату бағасы 75 теңге. Бұл бөлшектеп сатудағы 1 кг қанттың бағасы.

Салыстырмалы баға (Сб) – бұл баға белгілі бір мезгілде есептелінген, тауарлы өнімнің бағасымен салыстыру.

Мысалы: салыстырмалы баға. Тауарлы өнімді алуға болады. Салыстырмалы мезгіл 01.01.06, осы мезгілде 1 кг өнімнің бөлшек бағасы 20 теңге болса, бүгін осы өнімнің 5 кг өнім салыстырылатын бағасы 01.01.06 бөлшек бағасы қанша болмақ?

Шешімі : $20 \times 5 = 100$ теңге.

Ағымдағы өндірілген өнім көлемі (ӨК) – бұл туынды санының

i -гі өнім сомасының (C_i) оған сәйкес шын мәніндегі бағаға сәйкестігі ($Шб_i$):

$$Аб = \sum_1^i C_i * Шб_i - \text{шын мәнісіндегі бағада.}$$

Салыстырмалы бағада өндірілген өнім көлемі (Θc) – бұл туынды санының i -гі өнім сомасының (C_i) оған сәйкес салыстырмалы бағаға сәйкес ($Бc_i$):

$$\Theta c = \sum_1^i K_i * Бc_i - \text{салыстырмалы бағада.}$$

Мысалы: Өндірілген өнім көлемінің қазіргі уақыттағы және салыстырмалы бағаға. №1 кестеде келтірілген бастапқы негізде (1,2,3 және 4 бағаналардағы) кәсіпорында шығарылған өнімнің қазіргі және салыстырмалы бағаларының көлемін есептеу (5 және 6 бағаналар).

Қаралатын мысалда

$$Аб = \sum_1^i C_i * Шб_i = 17000 \text{ теңге, ал}$$

$$\Theta c = \sum_1^i K_i * Бc_i = 1390 \text{ теңге, мұнда}$$

i – тапсырма саны (мысалда 3 тапсырма, яғни, i -гі қабылданған мәні 1-ден 3-ке дейін);

K_1 – бірінші тапсырма бойынша бұйым саны (6 дана);

K_2 – екінші тапсырма бойынша бұйым саны (3 дана);

K_3 – үшінші тапсырма бойынша бұйым саны (2 дана);

$Шб_1$ – бірінші тапсырма бойынша ағымдағы баға (1000 теңге);

$Шб_2$ – екінші тапсырма бойынша ағымдағы баға (3000 теңге);

$Шб_3$ – үшінші тапсырма бойынша ағымдағы баға (1000 теңге);

$Бc_1$ – бірінші тапсырма бойынша салыстырмалы баға (120 теңге);

$Бc_2$ – екінші тапсырма бойынша салыстырмалы баға (150 теңге);

$Бc_3$ – үшінші тапсырма бойынша салыстырмалы баға (110 теңге);

Есепті шығаруға арналған негізгі мәліметтер

1 – кесте

Тапсырма реті №	Негізгі мәліметтер			Есептің көрсеткіштері	
	і –гі өнім саны (Кі), теңге	Ағымда і –гі өнім саны (Шбі), теңге	Салыстырмалы і –гі өнім саны (Бсі), теңге	Ағымдағы өндірілген өнім көлемінің бағасы (Аб), теңге (2 бағана * 3 бағана)	Салыстырмалы бағадағы өндірілген өнім көлемі (Ос), теңге (2 бағана * 4 бағана)
1	2	3	4	5	6
1	6	1000	120	6000	720
2	3	3000	150	9000	450
3	2	1000	110	2000	220
Жиынтығы				17000	1390

Өнімнің өзіндік құны (Өқ) – бұл өндіріс үрдісінде пайдаланатын табиғи өнім ресурстар, шикізат, материалдар, отын, энергия қуаты, негізгі қорлар, еңбек ресурстар, сонымен бірге өнімді өндіруге және сатуға жұмсаған тағы басқадай шығындардың құнымен бағалануы. Былайша айтқанда, өнімнің өзіндік құны – бұл кәсіпорында өнімді өндіруге және сатуға жұмсалған ағымдағы шығындарды ақшадай түрде айтылуын айтамыз.

Өнімнің і –гі өзіндік құнын (Өі) арқылы белгілеп, ал өнімнің і –гі санын (Сі) сомаларының көбейтіндісі арқылы анықтауға болады, яғни:

$$\Theta\Theta = \sum_1^i \Theta_i * C_i$$

Жоғарыда келтірілген №1 кестедегі мәліметтерді қолдана отырып, ағымдағы (ӨӨа), сонымен бірге және салыстырмалы (ӨӨс) бағадағы және жағдайдағы өнімнің өзіндік құнын есептеп шығаруға болады.

Өнімнің өзіндік құнына көптеген факторлардың әсері мол. Кәсіпорында пайданың өсуіне септігін тигізетін жағдай, өнімнің көлемін өсіре отырып, шығын көлемін барынша сол деңгейде

ұстап тұру (оны біз шартты – тұрақты деп атаймыз). Бұл құбылыс әдебиеттерде “өндіріс тиімділігінің рычагі” деп аталып, ондағы өзіндік құнға барлық гамма әсерлерін қорытындылай келе бір фактордың әсеріне тіреуге болмайды, әлбетте қабылданған атауларды толығымен қамти алмайды.

Осы жағдайға қарамастан, қаралып отырған сұрақта кейбір қызықты тәуелділік туындайды, әсіресе кәсіпкерлік – жоспарда кең қолдану тауып, атап айтқанда – зиянсыз нүктені іздестіру. Мұнда өндірілген өнімнің саны, оны өндіруге кеткен шығыны сатудан түскен табысқа тең болуы. Табыстың шығынға теңдік мүмкіндігін формуланы пайдалануға болады:

$$\text{Өш} + \text{ШТШ} = \text{Ст}$$

мұндағы, Өш – барлық өнімнің өзгермелі шығыны, теңге;
 ШТШ – барлық өнімнің шартты – тұрақты шығыны, теңге;
 Ст – өнімді сатудан түскен табыс, теңге;
Осы өрнектелгенді басқаша жазамыз:

$$\text{ӨШБ} * \text{ӨК} + \text{ШТШ} = \text{ББ} * \text{ӨС}$$

мұнда, ӨШБ – бірлікке кеткен өзгермелі шығын, теңге;
 ББ – өнім бірлігінің бағасы, теңге;
 ӨС – шығарылған өнімнің саны;
Осы формуланы “зиянсыз нүктені” есептеуге мүмкіндік беретін түріне өзгертеміз:

$$\text{ББ} * \text{ӨС} - \text{ӨШБ} * \text{ӨС} = \text{ШТШ}, \text{ немесе}$$

$$\text{ӨС} * (\text{ББ} - \text{ӨШБ}) = \text{ШТШ}, \text{ осыдан}$$

$$\text{ӨС} = \text{ШТШ} : (\text{ББ} - \text{ӨШБ})$$

Жалпы қабылданған зиянсыз нүктені есептеуде төмендегі формуланы пайдалану ұсынылады:

$$\text{ӨС} = (\text{ӨШ} + \text{ШТШ}) : \text{ББ}$$

Мысалы : зиянсыз нүктені есептеу.

Смета бойынша белгілі өнім түрін өндірудегі өзгермелі

шығыны 300 мың теңге, ал тұрақты – 200 мың теңге құрды. Егер өнімнің баға бірлігі 125 теңге болса, зиянсыз нүктені есептеу керек.

$$\begin{aligned} \text{Шешімі : } \text{ӨС} &= (\text{ӨШ} + \text{ШТШ}) : \text{ББ} \\ \text{ӨС} &= (300000 + 200000) : 125 = 4000 \text{ дана} \end{aligned}$$

Мысалы : зиянсыз нүктені есептеу.

Өнім бірлігінің бағасы – 125 теңге. Өзгермелі шығын бірлікке – 75 теңге. Тұрақты шығын – 200000 теңге. Осы мәліметтерді пайдаланып зиянсыз нүктені есептеу тапсырылады.

Шешімі : жоғарыда өрнектелген формуланы қолдана отырып:

$$\begin{aligned} \text{ӨС} &= \text{ШТШ} : (\text{ББ} - \text{ӨШБ}) \\ 200000 &: (125 - 75) = 4000 \text{ дана} \end{aligned}$$

Баға мен өзгермелі шығын айырмасын – *маржа* немесе жалпы пайда, немесе маржиналды пайда (МП) деп атаймыз:

$$\text{МП} = \text{ББ} - \text{ӨШБ}$$

Демек ,

$$\text{ӨШБ} + \text{МП} = \text{ББ}$$

Егер осы өрнектелген формуланы жеке өнім бірлігінің бағасына (ББ) бөлсектесек, онда :

$$\begin{aligned} (\text{ӨШБ} : \text{ББ}) + (\text{МП} : \text{ББ}) &= 1 , \text{ немесе} \\ \text{КӨШ} + \text{КМП} &= 1 , \end{aligned}$$

мұнда, КӨШ - өзгермелі шығын коэффициенті,
КМП – маржиналды пайданың коэффициенті.

Соңғы ара қатынастықтан көруге болады, пайдалылық жағдайы өзгеруіне қарай өзгермелі шығын мен маржиналды пайданың ара қатынастарының коэффициенттерінің соммасы өзгермей және тең қалпында 1.0 тең болып қалады.

Мысалы : өзгермелі шығын мен маржиналды пайданың коэффициенттері есептеу тәсілдер төмендегідей :

Өнім бірлігінің бағасы – 125 теңге.

Өзгермелі шығынның бірлігі – 75 теңге.

Осы мәліметті қолданып (КӨШ) және (КМП) есептеу керек.

Шешімі : КӨШ = $75 : 125 = 0,6$;

КМП = $(125 - 75) : 125 = 50 : 125 = 0,4$;

Тексеру : $0,6 + 0,4 = 1,0$

«Өндірістің тиімділік рычагі» түсінігіне өтудің алдында, сатудан түскен (С) табысты үш қосынды сомасы түрінде ұсынылады – өзгермелі шығын (ӨШ), тұрақты шығыс (ТШ) және пайда (П):

$ӨШ + ТШ + П = СТ$;

онда $ӨТР = (СТ - ӨШ) : П$;

мұнда, $ӨТР$ - өндіріс тиімділігінің рычагінің бірлік үлесі.

Бұл жағдайда, $ӨТР$ ұйғаруға негізделген, немесе өнімді сату көлемінің көбеюінен айнаымалы шығынның өсуі пайда болып, ал тұрақты шығынның үлесі өзгермейтінін байқаймыз.

Мысалы : өндіріс тиімділігінің рычагі.

Базистік мезгілде айнаымалы (өзгермелі) шығын 375 мың теңге құрған, тұрақты – 200 мың теңге, ал сатудан түскен табыс – 625 мың теңге. Егер өнімді сатудан 20% өскенде, қаралып отырған мезгілде сатудан түскен пайда қалай өзгереді?

Шешімі :

1. Пайда базистік мезгілде :

$625 - (375 + 200) = 625 - 575 = 50$ мың теңгені құрады.

2. Өндіріс тиімділігінің рычагі :

$(625 - 375) : 50 = 250 : 50 = 5$

3. 2 баптағы алынған мәнін анықтайды, онда сату көлемінің өзгеруіне қарай «а» пайызға, пайда көлемі $(5 * а)$ пайызға өзгерсе, онда біздің мысалда бұл $20 * 5 = 100\%$ болады

Тексеру :

1. Қаралған мезгілдегі пайда :

$625 * 1,2 - (375 * 1,2 + 200) = 750 - (450 + 200) = 100$ мың теңге.

2. Пайданың өсуі құрылады :

$(100 : 50 - 1) * 100 = 100\%$ табылған мән оймен сәйкес келеді.

Ағымдағы багада және жағдайдағы тауарлы өнімнің 1 теңгесіне жұмсалған шығын (ТӨШа) – бұл тауарлы өнімнің

өзіндік құнының тиынмен айтылуындағы қазіргі кездегі бағада және жағдайдағы (ТӨӨа), тауарлы өндірілген өнімнің көлеміне, сол сияқты ағымдағы бағаға және жағдайға есептелген (ТӨа) қатынасына есептеуді айтамыз.

$$T\ddot{O}Шa = T\ddot{O}Өк / T\ddot{O}a * 100$$

Мысалы: Ағымдағы бағада және жағдайдағы тауарлы өнімнің бір теңгесіне кеткен шығын.

Кәсіпорында тауарлы өнімді өндіру көлемі және оның ағымдағы бағасы мен жағдайы, $T\ddot{O}a = 8000$ теңге, ал оның осы бағадағы есептелген өзіндік құны, $T\ddot{O}Өa = 6300$ теңге. Кәсіпорын бойынша тауарлы өнімнің 1 теңгесіне кеткен шығынды ағымдағы бағада есептеу керек.

Шешімі :

$$T\ddot{O}Шa = T\ddot{O}Өa / T\ddot{O}a * 100 = 6300 / 8000 * 100 = 78,7 \text{ тиын.}$$

Алынған қорытынды мынаны түсіндіреді :

Осы кәсіпорнында әрбір теңгеге шығарылған өнімге 78,7 тиын келетін көрінеді. Бұл тауарлы өнімді шығаруға байланысты ағымдағы шығындар, оған кіретіні шикізат, материалдар, еңбек ақы т.б сатып алу үшін жұмсалған шығын.

Салыстырмалы бағада және жағдайдағы тауарлы өнімнің бір теңгесіне кеткен шығын (ТӨШс) – бұл тауарлы өнімнің өзіндік құнының тиынмен айтылуындағы салыстырмалы бағада және жағдайдағы (ТӨӨс), тауарлы өндірілген өнімнің көлеміне, сол сияқты салыстырмалы бағаға және жағдайға есептелген (ТӨс) қатынасына есептеуді айтамыз.

$$T\ddot{O}Шс = T\ddot{O}Өс / T\ddot{O}c * 100$$

Мысалы : Салыстырмалы бағада және жағдайдағы тауарлы өнімнің бір теңгесіне кеткен шығын.

Кәсіпорында тауарлы өнімді өндіру көлемі және оның салыстырма бағасы және жағдайы, $T\ddot{O}c = 985$ теңге, ал оның осы бағадағы есептелген өзіндік құны $T\ddot{O}Өс = 757$ теңге. Кәсіпорын бойынша тауарлы өнімнің 1 теңгесіне кеткен шығынды салыстырмалы бағада есептеу керек.

Шешімі:

$$T\Theta Шс = T\Theta\Thetaс / T\Thetaс * 100 = 757 / 985 * 100 = 76,85 \text{ тиын.}$$

Өнім бірлігінің 1 теңгесіне кеткен шығын (Ші) – бұл өнім бірлігінің өзіндік құнының (ӨҚі) оның бағасына (Бі) қатынасына тиынмен айтылуын айтамыз:

$$Ші = \Theta Қі / Бі * 100, \quad \text{мұнда}$$

i – өнім бірлігінің ерекшелік белгісі (ереже бойынша, тапсырыс реті, сол бойынша сол өнім шығарылады).

Мысалы: Өнім бірлігінің 1 теңгесіне кеткен шығыны.

№10 тапсырыс бойынша цех 600ғана бұйымды шығарды. Бұл бұйымды 7000 теңгеге сатты. Бұйымға кеткен шығын 5800 теңгені құрды. Тапсырма бойынша өндірілген өнімге кеткен шығынның 1 теңгесіне жұмсалған шығынды анықтау керек.

Шешімі : Бұл мысалда $i = 10$; $\Theta Қі = \Theta Қ10 = 5800$ теңге ; ал $Бі = Б10 = 7000$ теңге;

демек:

$$Ш10 = \Theta Қ10 / Б10 * 100 = 5800 / 7000 * 100 = 82,85 \text{ тиын.}$$

Пайда (П) – тауарды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен табыстың өндіру шығындарынан артылу айырмашылығынан көрінеді. Немесе оны былай дәлелдеуге болады: сатылған тауарлы өнімнен (жұмысты орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен қаржы мен сол өнімнің толық өзіндік құн теңгелері аралығындағы айырмашылықтан көрінеді. Егер көрсетілген айырма керісінше болса, онда шығын деп түсінуге болады.

Мысалы: Қазіргі әрекеттегі жағдайдағы және салыстырмалы бағадағы (ТӨӨс) тауарлы өнімді өндіруден (ТӨӨә) түскен пайда.

Қазіргі әрекеттегі және жағдайдағы (ТӨә) тауарлы өнімді шығару көлемі – 9000 теңге, ал салыстырмалы бағадағы және жағдайдағы (ТӨс) – 995 теңгені құрды. Егер өнімнің өзіндік құны қазіргі әрекеттегі жағдайда (ӨТӨә) – 7200 теңге, ал салыстырмалы бағадағы және жағдайда (ӨТӨс) – 776 теңге болса, тауарлы өнімнен қазіргі әрекеттегі және салыстырмалы бағадағы пайданы анықтау керек.

Шешімі: Анықтау бойынша:

$$T\Theta\Theta\Theta = T\Theta\Theta - \Theta T\Theta\Theta;$$

$$T\Theta\Theta\Theta = T\Theta\Theta - \Theta T\Theta\Theta;$$

Олай болса, тауарлы өнімді өндіріп, қазіргі әрекеттегі бағада пайда 1800 теңге (9000 – 7200), ал салыстырмалы бағада және жағдайда пайда – 219 теңге (995 – 776) құрды.

Өнімді сатудан (жұмыс, қызмет) алынған пайда (шығын) – таза табыс (яғни экспорттық төлем, ҚҚС және акциздер төлемсіз сатудан түскен табыс және өнімнің өзіндік құнына кіретін өндірілген және сату шығындардың айырмасымен анықталады.

Мысалы: Өнімді сатудан түскен пайда.

Егер тауарлы өнімді сатудан алынған табыс (СТ) – 8000 теңге, ал сатылған өнімнің өзіндік құны (СӨҚ) – 6250 теңге, онда сатудан түскен пайда (СТП):

$$СТП = СТ - СӨҚ$$

немесе 1750 теңге (8000 – 6250) құрайды.

Мысалы: Өнім бірлігін өндіруден (сатудан) пайда.

Тұтынушының тапсырмасы бойынша, кәсіпорын өнімді 7000 теңгеге сатты (Бі = Б тапсырыс бойынша) өзіндік құны 6000 теңге (Өі = Ө тапсырыс). Қаралған мысалда пайда (Пі)

Пі = Бі - Өі құрайды немесе 1000 теңге (7000 – 6000).

Бухгалтерлік пайда (зиян) (БП) – бұл соңғы қаржылық қорытынды (пайда немесе зиян), бухгалтерлік есептің нәтижесінде анықталған толық кәсіпорынның шаруашылық есеп операциясының қорытындысы.

Өнімнің рентабельдігі (Р) – бұл өнімнің пайдалылығы (зияндылығы) пайызбен белгіленеді; пайданың (зиянның) өндірістен немесе белгілі бір өнімді сатуда тиісінше өнімнің өзіндік құнына қатынасымен есептеледі.

Тауарлы өнімнің рентабельдігі (ТӨР):

$$ТӨР = \Theta T\Theta / T\Theta\Theta * 100$$

Мұнда, ТӨР – тауарлы өнімнің рентабельдігі;

ӨТӨ - өндірілген тауарлы өнім;

ТӨӨ - тауарлы өнімнің өзіндік құны.

Сатылған өнімнің рентабельдігі (СӨР):

$$\text{СӨР} = \text{СӨП} / \text{СӨӨ} * 100$$

мұнда, СӨР – сатылған өнімнің рентабельдігі;

СӨП – сатылған өнімнің пайдасы;

СӨӨ - сатылған өнімнің өзіндік құны.

Өнім бірлігінің рентабельдігі (Рі) :

$$Рі = \Pi_i / \Theta_{\text{Қі}} * 100$$

мұнда, Π_i – пайда i өнімі;

$\Theta_{\text{Қі}}$ – i өнімнің өзіндік құны.

Мысалы : Өнім бірлігінің рентабельдігі.

Тұтынушылардың тапсырысы бойынша 500 дана кітапты сатудан ($\Pi_i = \Pi$ тапсырыс бойынша) 1000 теңге құрды.өнімнің рентабельдігін есептеу керек,егер оның өзіндік құны ($\Theta_i = \Theta$ тапсырыс бойынша) 5000 теңге құрды.

Шешімі :

$$P_{\text{тап б}} = \Pi_{\text{тб}} / \Theta_{\text{тб}} * 100 = 1000 / 5000 * 100 = 20,00\%$$

Мысалы: Зиян болған жағдайды есептесек.

Бұйым,тапсырыс бойынша,200 теңгеге сатылды, оның нақты өзіндік құны 210 теңгені құрды. Осы жағдайдағы өнімнің рентабельдігін есептелік.

Шешімі :

1. Формула бойынша пайданы есептейік:

$\Pi_i = \text{Бі} - \Theta_i = 200 - 210 = - 10$ теңге; яғни 10 теңге көлемінде зиянға ұшырады.

2. Формула бойынша рентабельдігін есептейік:

$$Рі = \Pi_i / \Theta_{\text{Қі}} * 100 = (-10) / 210 * 100 = - 4,76\%.$$

Сонымен,қаралған мысалда зиян (-) 4,76% құрды.

3. Кәсіпорынның тізімдегі жұмысшылар құрамы

Бұл кәсіпорында келісім шарт бойынша істейтін жалданған барлық жұмысшылар саны және бір күнге немесе одан да көп

уақытқа немесе тұрақты, уақытша жұмысты орындайтын, сол сияқты кәсіпорыннан еңбек ақы алатын, кәсіпорынның өзінің жұмыс істейтін жұмысшыларын атауға болады.

Тізімді сандағы жұмысшыларға – күнделікті нақты жұмыс істеген адамдарды есепке алынса, сонымен бірге әртүрлі себептермен жұмысқа келмей қалған жұмысшылар тізімі енеді.

Негізгі жұмыстағы қызметшілер – бұл кәсіпорындағы жұмысшылар тізімі құрамындағы, өнім өндіруге тікелей қатысатын жұмысшылар: өнеркәсіп-өндіріс жұмысшылары – кәсіпорынның өнеркәсібінде; құрылыс-монтаж саласындағы жұмыс істеушілер; ауыл шаруашылық өндірісіндегі – ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы жұмыскерлер т.б. саладағы қызметкерлерді жатқызуға болады.

Негізгі емес қызметкерлер – бұл өнім шығаруға тікелей қатыспайтын және басқадай шаруашылықта жұмыс істейтін кәсіпорынның тізіміндегі қызметкерлер: тұрмыстық-коммуналды шаруашылықтағы қызметкерлер, мәдени мекемелердегі (мәдени сарай, кітапхана т.б.), мектепке дейінгі мекемелер (бала бақша т.б.), сол сияқты денсаулық сақтау, спорт, мектеп жатады.

Қызметкерлер категориясы – бұл кәсіпорын жұмысшыларының тізімдегі құрамын есептегі еңбек бойынша бөлінуіндегі топтар. Қызметкерлер категориясын екіге бөледі – жұмысшылар және қызметкерлерге. Қызметкерлер категориясы өзінің ретінде қарай бастықтар мен қызметкерлер болып бөлінеді.

Аталған қызметкерлер категориясының ара қатынасы өндірістік салалар ерекшелігіне, өндіріс көлеміне, жұмыс түріне, өнімнің номенклатурасы мен ассортиментіне байланысты.

Мысалы: **Қызметшілер категориясы.** Қазақстан Республикасының өнеркәсібінде 2002-жылдың 1-қаңтарында өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлері 671,2 мың адам немесе 100% болса, оның ішінде жұмысшылар 537,0 адам (80%), ал қызметкерлер 134,2 мың адам (20%).

Еңбек өнімділігі (ЕӨ) – теңгемен сипатталынатын немесе басқадай ақша бірлігіне өндірілген өнім санын бір жұмысшының негізгі жұмысындағы өндірген өнім санын (әрі өнеркәсіп-өндіріс қызметкері, ӨӨҚ), яғни сол мезгілде немесе басқадай мезгілде тауарлы өнімнің шығарылу көлемін, ережеге сәйкес салыстырмалы бағада есептелген (Өс), орта тізімдегі өнеркәсіп-өндірісіндегі қызметшілерге (ӨӨҚс) сол мезгілге есептелген өнім шығару көлеміне қаты

$$E\Theta = T\Theta c / \Theta\Theta Kc,$$

$E\Theta$ – еңбек өнімділігі;

$T\Theta c$ – салыстырмалы бағадағы тауарлы өнімнің көлемі;

$\Theta\Theta Kc$ – өнеркәсіп-өндірісіндегі қызметкерлердің орташа тізімдегі саны.

Мысалы: *Еңбек өнімділігі.* Жер жүзіндегі ірі 500 өнеркәсіп серіктестіктерінің статистикалық компанияның мәліметі бойынша келесі көрсеткіштерінен көруге болады. Салыстырмалы бағада және жағдайда өндірілген өнім көлемі жылына 10 млрд. АҚШ долларын құрып, өнеркәсіп-өндірістегі орташа тізімдегі қызмет етушілер саны – 50 мың адам болған. Осы мәліметті қолдана отырып, еңбек өнімділігін есептеу керек.

$$\text{Шешімі: } 10\,000\,000\,000 / 50\,000 = 200\,000$$

АҚШ долларына тең көрінеді.

1.4. Негізгі құралға (НҚұр) немесе негізгі қорға (НК) – жұмысты орындау немесе қызмет көрсетуде, өнім өндіруде еңбек құралы ретінде пайдаланатын материал – заттар құндылықтың жиынтығы жатады. Оған жататыны үйлер, ғимараттар, жұмыс және күш машиналары мен жабдықтар, өлшеу-реттеуіш приборлар мен тетіктер, есептеу машиналары, көлік құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-сайман мен жабдықтары, жұмыс және өнім малдары, көп жылғы ағаштар, ішкі шаруашылық жолдар, басқалай негізгі құралдар т.б.(2-кесте).

Мысалы: *Кәсіпорынның негізгі қоры.*

«Механикалық зауыттың» 01.01.2006 негізгі қоры

2-кесте

Рет №	Негізгі қордың топтар аттары	Барлығы, мың теңге	Оның ішінде	
			4	5
I	2	3	4	5
I	Ғимараттар	86121,5	78500,0	7621,5
II	Құрылыстар	18360,5	17014,3	1346,2
III	Беріліс қондырғы	25190,0	22001,4	3188,6
IV	Барлық машиналар мен жабдықтар	56790,3	43260,1	13530,2
	Күш машиналары мен жабдықтар	5112,4	4214,5	897,9
	Жұмыс машиналары мен жабдықтар, оның ішінде:	38124,6	37012,6	1112
	Басқадай машиналар мен жабдықтар	10903,4	14200,5	3297,1

V	Көлік құралдары	7304,4	7304,4	-
VI	Инструменттер	165,4	165,4	-
VII	Өндіріс және шаруашылық инвенторлары мен құрал-саймандар және керек жарактар	10214,4	8670,4	1544,0
VIII	Ішкі шаруашылық жолдары	18650,0	13766,0	4890
IX	Жерді жақсартуға жұмсалған күрделі қаржы салу	-	-	-
X	Басқадай негізгі қорлар	175,4	160,1	15,3
	Барлығы	277112,3	246263,6	30848,7

Негізгі өндіріс қоры (НӨҚ) – материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін, материалдық игіліктерді ұзақ жолдар бойы қатысып, өзінің зағтай формасын сақтайтын, сөйтіп бірте-бірте тозатын және өзінің құнын өндірілетін қоғамдық өнімге тозу мөлшеріне қарай амортизациялық жарна түрінде аударатын өндіріс құралдарын атауға болады.

Өндіріске қатысу нәтижесінде негізгі өндіріс қоры - өндірістік және өндірістік емес болып екіге бөлінеді

Негізгі өндіріс қоры – бұл қор өндіріс үрдісінде өнім өндіруге тікелей қатысатын – машина күштер мен жабдықтар немесе оның іске асуына жағдай туғызатын, өндірістің корпусы, тасымалдау көлігі, сақтау және қойма бөлімдері кіреді. Негізгі қорлар мен бірге өндіріс үрдісіне тікелей қатыспайтын (кәсіпорын балансындағы жұмысшыларға қызмет ететін объектілер) - өндірістік емес қорлар бар. Бұл негізінен кәсіпорындағы әлеуметтік құрылымға кіретін – тұрғын-үй қоры, мәдени-тұрмыстық ғимараттар мен құрылыстар, спорттық құрылыстар, денсаулық сақтау объектілері, бала бақша, мектеп т.б. кіреді.

Кәсіпорынның негізгі өндіріс құралдары табиғи және сапалық тозу құнын, экономикалық орнын толтыру **амортизациялық көшірім** арқылы өтіледі.

Негізгі қордың бастапқы (баланс) құнын (ҚБ) белгілеп, өндірісте қызмет істеген мерзімі (тк), онда өзінің құнын бірқелкі әрбір жылда көшіргенде, ол:

$$Қ = ҚБ / тк$$

құрайды.

Негізгі өндіріс қорының орта жылдық құны (НӨҚорт) – бұл негізгі өндіріс қоры бастапқы құн негізінде өндіріске ендіру және жойылуын төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$\text{Қорт.} = \text{Қбк} + (\text{Өе} + \text{Ек}) / 12 - \text{Жк} (12 - \text{А}) / 12$$

Қорт. – негізгі қордың орта жылдық құны;

Қбк – бастапқы (баланстағы) негізгі қордың құны;

Өе – өндіріске өндірілгендегі құны;

Ек – негізгі қорды өндіріске өндірілген күні, аты;

Жк – жойылған құн;

А – істен шыққан негізгі қордың жұмыс істеген ай саны;

12 – ай саны.

Мысалы: *Орта тоқсандағы негізгі өндіріс қорының құны.*

Негізгі өндіріс қорының жылдық 1 тоқсандағы орта құнын есептеуде, егер 01.01 – 130 мың теңге, 01.02 – 150 мың теңге, 01.03 – 170 мың теңге, 01.04 – 190 мың теңге болды.

Шешімі: $(130/2 + 150 + 170 + 190/2) / 3 = 160$ мың теңге

Қормен қарулану (Ққ) – бұл көрсеткіш, ақшадай немесе басқадай ақшадай бірлік деңгейіндегі негізгі өндіріс қорларымен жабдыкталу дәрежесін айтамыз. Негізгі өндіріс қор құнының көлемін, орташа жылдық өнеркәсіп-өндірісінде істейтін жұмысшылар санына қатынасын көрсетеді.

$$\text{Ек} = \text{НӨҚорт.} / \text{ӨӨҚс.}$$

Мысалы: *Қормен қарулану.*

Кәсіпорында негізгі өндіріс қорының жылдық орта-жылдық құны 180 000 мың теңгені құрды, ал орта тізімдегі өнеркәсіп-өндіріс қызметшілер саны 600 адам болған. Қормен қарулануын есептеу керек.

$$180\,000 / 600 = 300 \text{ мың теңге}$$

Қор қайтарымдылығы (Ққай) – негізгі өндіріс қорының қолдану деңгейінің тиімділігін айқындайтын негізгі бір жинақтаушы көрсеткіш – қор қайтарымдылығы. Қорқайтарымдылығы дегеніміз жалпы өнім құнының орта жылдық негізгі өндірістік қордың құнына қатынасын айтады.

$$\text{Ққай} = \text{ЖӨ} / \text{НӨҚорт.} * 100$$

Мұндағы.

ЖӨ - жыл бойғы өндірілген өнімнің натуралды немесе құндай есептелгендегі құны;

НӨҚорт. – орта жылдық негізгі өндіріс қордың құны.

Мысалы: Қорқайтарымдылық.

Кәсіпорын жыл бойы салыстырмалы бағаға және жағдайға (ЖӨ) 198 000 мың теңгеге өнім өндірді, ал осы мезгілдегі орта жылдық негізгі қордың құны (НӨҚорт.) сол мезгілде – 180 000 мың теңге болды. Қорқайтарымдылығын есептеу.

Шешімі: $198\ 000 / 180\ 000 = 1.10$ теңге, яғни негізгі өндіріс қорының бір теңгесі салыстырма және жағдайдағы бағада өнімнің 1 теңге 10 тиын әкелгенін байқаймыз.

Қорсымдылығы (Қс) – Қорқайтарымдылық көрсеткішінің кері қатынасы өнімнің қорсымдылығын көрсетеді. Бұл көрсеткіш жинақтауыш көрсеткіш.

$$Қс = НӨҚ_{\text{кор}} / ЖӨ * 100,$$

Мысалы: Қорсымдылық.

Кәсіпорында жыл бойғы шығарылған өнімнің көлемі салыстырмалы және жағдайдағы бағаға (ЖӨ) 198 000 мың теңге өнім өндірді, ал осы мезгілдегі орта жылдық негізгі қордың құны (НӨҚорт.) сол мезгілде – 180 000 мың теңгені құрды. Қорсымдылықты есептеу керек.

Шешімі: $180\ 000 / 198\ 000 = 0,91$ теңге.

2 тақырып: **НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫН**

Халық шаруашылығы дамып, экономикалық өркендеу кезінде, өндірістің негізгі түйіні – кәсіпорынның мәні, маңызы тереңдеп, атқаратын рөлі арта түседі. Кәсіпорын нарықтық экономика жағдайында алға қойған мақсатын орындау жолында, төмендегі өндіріс факторларын тиімді пайдалану арқылы, мол табысқа кенелмек. Оларға: еңбек ресурстары, техника, өнім өндіру технологиясы, табиғи ресурстар, өндірістің негізгі және айналым құралдары, капитал және т.б. жатады. Сонымен қатар кәсіпорын қызметі еңбек ресурстарын жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру арқылы қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге өзінің үлесін қосады.

Нарықтық экономиканың басты принципіне байланысты, қандайда болмасын шаруашылық субъектілері, ол адам болсын, жанұя, топ, ұжым, кәсіпорын, мүмкіндік түрде жұмысты іске асыруына және экономикалық қызметте кәсіпкерлік түрін таңдап алуына құқықты.

Экономикалық қызметте кәсіпкерлік түріне әртүрлі өнім, тауар өндіру, қызмет көрсету, сол сияқты сауда-делдалдық, қаржы-несие, ғылыми-ақпарат, басқару жұмыстары, яғни өндіріс шеңберіндегі кез-келген жұмыс түрі, бөлісу және қайта бөлу, айырбас, тұтыну және қоғамдық өнімді пайдалану және т.с.с. жобалануы тиіс. Бұлардың бәрі заңға сәйкес, оған қайшы келмеуі керек.

Кез келген экономикалық өндіріс үрдісінде жаналау цикліндегі типтік фазамен байланысты (өндіру – айырбас – болу – тұтыну) экономикалық қызметтерді кәсіпкерлік жұмыстарға, өндірістік, коммерциялық және қаржылық түрлеріне бөлуге болады.

Өндірістік кәсіпкерлік – бұл түріне өндіріс тауарларын өндіруге бағытталған, өнімді тұтынушыларға сату жұмыстарын орындау, қызмет көрсету, ақпарат ұсыну жатады. Сонымен қатар, өндіріс міндетінде негізгі мақсаттан, атап айтқанда өндірістік ресурстармен қамтамасыз етілуінен басқа: өнімді сақтау, тасымалдау, өткізу және т.с.с. қосымша қызметтер кәсіпорынның негізгі міндетін толықтырады.

Коммерциялық кәсіпкерлік – бұл түріне негізінен тауар-ақша және тауар айырбастау міндетіндегі операцияларды жатқызуға

болады. Мысалы, тауарды сатып алу барысында сатудың төмендегідей негізгі коммерциялық кезеңдері анықталады:

- тауардың (қызметтің) түрін таңдау;
- жоғары сапалы тауарға сатып алу бағасын белгілеу;
- өндірген тауарға деген сұранысын бағалау.

Қаржылық кәсіпкерлікте сатып алу және сату объектісі ретінде құнды қағаздарды (акциялар, облигациялар, вексельдер, кепілдіктер және т.б.), валютаны, ақшаны жатқызуға болады.

Қаржылық мүмкіндігі мол сатып алушыларды тарту және оларды анықтау, іздеу жөнінде маркетингтік жұмыс пен нарықтағы құнды қағазға талдау жүргізу арқылы қаржы - несие келісімдерді іске асыруға жол ашылады. Қаржы кәсіпкерлігінде негізгі қатысушы ретінде қаржы биржасы саналады. Қазіргі кезде құнды қағаз нарық агенттеріне биржалардан басқа коммерциялық банкттер, кәсіпорындар, мекемелер, жеке азаматтар, кәсіпкерлер жатады.

Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынға арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқасын көрсет:

1.1. Қазақстанда мемлекеттік кәсіпорындарының түрлері қандай құжатпен анықталады?

- а) Қазақстан Республикасының салық кодексімен;
- б) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен;
- в) еңбек туралы заңмен;
- г) Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.2. Бірнеше ірі фирмалар нарығы бұл:

- а) монополия;
- б) табиғи бәсеке;
- в) олигополия;
- г) монополиялық бәсеке;
- д) монополия.

1.3. Көптеген сатушылар санынан тұратын (сатып алушыларға біртектес өнім ұсынатын), нарық түрі және бұл жерде бір фирмаға нарықтық бағаға әсер ете алмайтын нарық түрі қандай?

- а) табиғи емес бәсеке;
- б) табиғи бәсеке;
- в) олигополия;
- г) монополия;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.4. Нарықта бағалар келесі жағдайда көп өзгеріске ұшырмайды:

- а) олигополия;
- б) монополия;
- в) еркін бәсеке;
- г) монополистік бәсеке;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.5. Шағын бизнестің артықшылығы:

- а) ірі бизнеске қарағанда өсіңкілігі жоғары;
- б) жұмысшы күші мен капиталдың алмасуын жеңілдетеді;
- в) жаңа өнім немесе қызмет түрін тез игереді;
- г) өндіріс құрылымын жетілдіреді;
- д) барлық жауап дұрыс.

1.6. Сұраныс заңы:

- а) сатып алынатын тауарлар саны бағалар деңгейіне тәуелді;
- б) баға өскен сайын, сұраныс өседі;
- в) сатып алынатын тауарлар саны бағалар деңгейіне байланысты емес;
- г) табыс деңгейінің кемуі сұранысты өсіреді;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.7. Ұсыныс заңы:

- а) бағаның кемуіне байланысты нарыққа тауарлар көбірек түседі;
- б) бағаның өсуіне байланысты нарыққа тауарлар азырақ түседі;
- в) ұсыныстың көбеюімен тауар бағалары арзандайды;
- г) бағаның өсуіне байланысты нарыққа тауарлар көбірек түседі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.8. Тепе-теңдік нарықтық баға мына жағдайда қалыптасады:

- а) ұсыныс көлемі сұраныс көлемінен көбірек;

- б) нарықта не артық өндіру, не тапшылықтың жоқтығы;
- в) сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен артық;
- г) жоғарыдағының барлығы жатады;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.9. Нарықта тауардың сұраныстан артық жағдайында баға қалай өзгереді?

- а) өзгермейді;
- б) төмендейді;
- в) өседі;
- г) болар-болмас өседі;
- д) а+б жауаптары дұрыс.

1.10. Үлесті немесе меншікті куәлендіретін бағалы қағаз - бұл:

- а) депозит;
- б) облигация;
- в) акция;
- г) вексель;
- д) дивидент.

1.11. Ресурстарды бөлуде мемлекет тарапынан атқармайтын экономиканы не деп атаймыз?

- а) аралас;
- б) еркін рынок;
- в) мөлшерлі;
- г) мемлекеттік;
- д) орталықтандырылған.

1.12. Өзінің негізгі мақсаты таза табыс табуға бағытталған заңды құқығы бар мекемені қалай атаймыз?

- а) коммерциялық емес ұйым;
- б) мемлекет мекемесі;
- в) коммерциялық ұйым;
- г) қоғам бірлестігі;
- д) ассоциация.

1.13. Коммерциялық кәсіпкерлікке жататындар:

- а) тауар биржасы;
- б) аралықтағы сауда делдалы;

- в) сатып алу және сату;
- г) сауда;
- д) барлық аталғандар жатады.

1.14. Өзіне тиісті барлық мүлкімен, оның міндеттемесі бойынша шаруашылық серіктестіктеріне қатысушылардың мүлкінің жетіспей қалуында, пікірлестердің толық жауапкершілікті мойынына алуын қандай серіктестік деп атаймыз?

- а) коммандиттік;
- б) қосымша жауапкершіліктегі;
- в) шектелген жауапкершіліктегі;
- г) толық серіктестік;
- д) өндірістік.

1.15. Бұл серіктестікке қатысушылар өздерінің міндеттемесі бойынша жарғылық қордың салымында, ал егер ол соманың жетіспеген жағдайында – салымдарын өздерінің қосымша мүлкін еселік салым көлемінде орнын толтыруға бірлескен серіктестікті қалай атаймыз?

- а) шектелген жауапкершіліктегі;
- б) коммандиттік;
- в) қосымша жауапкершіліктегі;
- г) толық серіктестік;
- д) кооперативті.

1.16. Бұл серіктестікке қатысушылар жарғылық капиталда белгіленген төлем жарнасын құйған және келісім бойынша серіктестік жұмысындағы зиянға жауап бермейтін, тек өзінің салымы мөлшеріндегі салу құны бойынша жауапкершілікті көтеретін серіктестікті қалай атаймыз?

- а) толық серіктестік;
- б) коммандиттік;
- в) қосымша жауапкершіліктегі;
- г) акционерлік қоғам;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

1.17. Мүліктік жарнамен мүшелердің бірігіп және еңбекке тікелей қатысуы негізінде, кәсіпкерлік жұмысында бір мүшелікте азаматтардың өз еркімен бірігуі қандай деп аталады?

- а) шаруашылық серіктестік;

- б) акционерлік қоғам;
- в) өндіріс кооперативі;
- г) мемлекеттік кәсіпорын;
- д) коммандиттік серіктестік.

1.18. Шағын партиямен, жеке адамдарға және басқадай сатып алушыларға тауар сатылуын не деп атаймыз?

- а) сатып алу;
- б) маусымды сауда;
- в) нарық саудасы;
- г) базистік сауда;
- д) бөлшекті сауда.

3 тақырып: КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫН БОЛЖАМДАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

Кәсіпорынның жылдық өндіріс бағдарламасына сәйкес келешекте даму жоспарының негізінде мемлекет тапсырысы, тұтынушылармен шаруашылық келісім-шарттары және жабдықтаушы мекемелермен өндіріс қуаттылығын анықтайтын өнім номенклатурасы, өнімді дайындау мерзімі мен өндіріс көлемінің жобасы аныкталады.

Өндіріс бағдарламасы төмендегідей жағдайға қарай анықталады:

- жоспарланған жылы сатылатын өнімнің барлық номенклатурасы және ассортименті белгіленіп тұтынушылармен келісіледі;

- жоспарланған мезгілде қоймадағы дайын өнім запасы, тиеліп жіберген өнім көлемі, сол сияқты керекті запастардың өндірісте өзгеруі, алдағы мерзімде күтілетін есептер мөлшері дайындалады;

- аяқталып бітпеген өндіріс деңгейінің мөлшері және оны жоспарлау мерзімінде орын алатын керекті өзгерістері анықталады.

Өндіріс бағдарламасын жоспарлауда табиғи еңбек және құндай өлшемдер қолданады. Табиғи өлшемдер арқылы кәсіпорынның жұмысшылар күшіне, шикізатқа, отынға, электроқуатына, жабдықтарға қажеттілігі анықталады. Дегенмен, әртүрлі табиғи көрсеткіштерді жинақтау, біріктіру іс жүзінде мүмкін емес.

Табиғи өлшемдерді кеңейту шеңберінде шартты-табиғи көрсеткіші пайдаланады. Бұл жағдайда шартты бірлікте бірдей бұйымның бірін қабылдап, ал қалғанын еңбек сиымдылығы, материал сиымдылығы немесе басқадай белгісімен соған қарай теңестіріліп қабылдауға болады, мысалы, майлылығы 40 пайызды құрайтын сабын, 1 тонна шартты белгідегі отын және т.б.

Өндіріс көлемінде еңбек өлшемін айқындауда, ереже бойынша, мөлшер -сағат және еңбек өнімділігін, еңбек ақы төлеу мөлшерін, өндіру мөлшерін және т.б. анықтау үшін табиғи жағымен үйлесуін пайдаланады.

Өндіріс көлемі құн өлшемінде жинақтаушы көрсеткіш ретінде кәсіпорынның барлық жоспарлар тарауларын бір-бірімен байланыстыратын әмбебап түрінде қолданады. Өндіріс көлемі тауарлы, жалпы және сатылған өнімдер көрсеткіштерімен сипатталады.

Тауарлы өнімнің көлемі немесе сатуға арналған дайын өнім мына формула бойынша анықталады:

$$T = T_c + T_{кк} + T_{жф} + T_{нк},$$

мұнда T_c – сыртқа сатуға дайындалған дайын өнім бұйымдары (қызмет, жұмыс);

$T_{кк}$ – кәсіпорында өзінің шаруашылығына күрделі қаржыға керекті дайын бұйымның құны;

$T_{жф}$ – сыртқа сатуға арналған өзі өндірген жартылай фабрикаттардың құны;

$T_{нк}$ – өзі өндірген негізгі қорлардың құны.

Жалпы өнім көлеміне, жалпы жұмыс көлеміне есепті жылы орындауға белгіленген және орындалған барлық өнім және қызмет түрлері жағады:

$$Ж = T + (\Theta_c - \Theta_б) + (A_c - A_б),$$

мұнда Θ_c , $\Theta_б$ – аяқталып бітпеген өндірістің тиісінше соңындағы және бастапқы мезгілдегі құны;

A_c , $A_б$ – өзі өндірген арнаулы аспаптар, жартылай фабрикаттардың тиісінше соңында және бастапқы мезгілдегі құны.

Сатылған өнімнің көлемі – кәсіпорынның негізгі көрсеткіштерінің бірі, осымен кәсіпорынның өндіріс–шаруашылық қызметінің қорытындысына баға беруде қолданылады:

$$C = T + (P_б - P_c) + (T_{сб} - T_{сc})$$

мұнда $P_б$, P_c – сатылмай қалған өнімнің тиісінше бастапқы және соңғы мезгілдердегі құны;

$T_{сб}$, $T_{сc}$ – сатып алушыға сакталуға берілген өнімнің тиісінше бастапқы және соңғы мезгілдердегі құны.

Өнімнің жеке түрлеріне немесе шығарылатын бұйым көлеміне, табиғи бірліктегі көрсеткіштер (дана, тонна т.б.) белгіленеді. Кәсіпорын бойынша тауарлы, жалпы және сатылған өнімдер ақшадай көрсеткішінде есептелінеді.

Кәсіпорын жұмысын болжамдау және жоспарлауға арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқасын көрсету керек:

2.1. Кәсіпорын өндіріс бағдарламасында құн көрсеткішіне жататыны:

- а) тауарлы өнім;
- б) жалпы өнім;

- в) сатылған өнім;
- г) тауарлы өнімнің 1 теңгесіне кеткен шығын;
- д) негізгі қордың құны.

2.2. Кәсіпорынды дамыту жоспарындағы орталық тарауына не жатады?

- а) өндіріс тиімділігін арттырудағы экономикалық жоспары;
- б) қаржы жоспары;
- в) өндіріс бағдарламасы;
- г) ғылымды және техниканы дамыту жоспары;
- д) инвестиция жоспары.

2.3. Кәсіпкерліктің басты мақсаты:

- а) пайда алу;
- б) кәсіпкерлік жұмысты кеңейту;
- в) жоспарланған өнім көлемін шығару;
- г) жұмсалған шығынды қайтару;
- д) акционерлік қоғамды құру.

2.4. Кәсіпкерлік – жоспардың негізгі бөлімі:

- а) кәсіпкерлік келісімінің мақсаты мен міндеті және оның тиімділігі;
- б) ұйымдастыру шарасы мен жоспардың бағдарлама әрекеті;
- в) қорытындылаушы түйіні, негізгі шамасы мен кәсіпкерлік – жоспардың көрсеткіштері;
- г) кәсіпкерлік жұмысты кеңейту үрдісі;
- д) жұмсалған шығынды қайтару.

2.5. Жаңа тауарды өндіріске ендіруге жасалып жатқан кезеңдегі қаржылық мақсатқа жататыны:

- а) пайданы жоғарлату;
- б) өндіріс шығындарын қысқарту;
- в) шығынсыздықты қамтамасыз ету;
- г) шығын айналымын қысқарту;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

2.6. Тауар саясатындағы сапаны шешуге жататыны:

- а) баға құруды жетілдіру;
- б) маркетингтік зерттеуді жүргізу;
- в) өндірістен ескірген тауарды шығару;

- г) өнімнің сапалы көлемін белгілеу;
- д) өнімнің бәсеке қабілетін анықтау.

2.7. Кәсіпорынның тұтынушылар алдында жауапкершілігін шақыруға керектісі:

- а) тауар несиесін ұсыну жағдайы;
- б) тауарды пайдалану ережесімен сатып алушыларды таныстыру;
- в) өндіріс өнімнің номенклатурасын кеңейту;
- г) қосымша қызмет көрсету;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

2.8. Кәсіпорынның мәдени-әлеуметтік ортасын анықтайтын:

- а) жұмысшылар күшіне сұраныс;
- б) тауарға сұраныс;
- в) өндірісте энергоресурстарға сұраныс;
- г) кәсіпорынның орналасқан орны;
- д) негізгі және айналым капиталына сұраныс.

Есептер

Есептің шартты белгілері:

- T_o – тауарлы өнім;
- C_o – сатылған өнім;
- J_o – жалпы өнім;
- Θ_T – таза өнім;
- $K_{ж\ б}, K_{ж\ а}$ – жыл басында және жыл аяғында сатылмай қалған өнім;
- A_b, A_a – бастапқы және мезгілдің аяғындағы аяқталмай қалған өндіріс және өзі өндірген жартылай фабрикаттар;
- TT_b, TT_a – тауарды тиіп жіберген, бірақ құны әлі төленбеген бастапқы және аяқ кездегі жоспарлы мезгілдегі құны;
- MT_Θ – мөлшерленген таза өнім;
- $T\Theta_M$ – таза өнімнің мөлшері;
- EA_k – еңбек ақының коэффициенті;
- $E_{к.б}$ – басқару және өндірісте қызмет ететін қызметшілердің бұйымның бірлігіне келетін еңбек ақысы (бөлінген сомаға);
- $E_{өн}$ – өндіріс жұмысшыларының бұйым бірлігіне келетін еңбек ақысы;
- ΘQ – тура материалдық шығындарды шегерілгеннен кейінгі бұйым бірлігінің өзіндік құны;

R – бұйымның рентабельдігі;

$\Sigma E_{\text{ө.ө.к}}$ – өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлерінің жиынтық еңбек ақысы;

$\Sigma E_{\text{өн}}$ – өндіріс жұмысшыларының жиынтық еңбек ақысы;

$\Pi_{\text{м}}$ – мөлшерлік пайда;

2.1. Кәсіпорын негізгі өнімді 325,6 мың теңге сомасына шығарды. Шетке орындалған жұмыс құны 41,15 мың теңгені құрды. Өзі өндірген жартылай фабрикат - 23,7 мың теңге, оның ішінде 80% өзінің өндірісінде пайдаланды. Жыл аяғында аяқталмаған өндіріс көлемі 5,0 мың теңгеге көбейді. Материалдық шығын тауарлы өнімнің құнынан 40%-ды құрды.

Сатылған өнім, жалпы және таза өнім көлемін анықтау керек
Шешімі:

1. $T_{\text{ө}} = 325,6 + 41,15 + 23,7 \cdot 0,2 = 371,49$ мың теңге

2. $Ж_{\text{ө}} = 371,49 + 5,0 = 376,49$ мың теңге

3. $C_{\text{ө}} = T_{\text{ө}} = 371,49$ мың теңге

4. $\Theta_{\text{т}} = 0,6 \cdot 371,49 = 222,9$ мың теңге

2.2. Кәсіпорынның есепті мезгілінде жоспарлы және нақты мәліметі бойынша өнім шығару келесі кестеде келтірілген:

Бұйымдар	Шығару, мың теңге	
	жоспар бойынша	нақты орындалған
А	81,45	80,23
Б	92,73	93,5
В	44,8	44,8
Г	-	20,32
Д	31,6	-
Е	26,85	47,34

Өнім көлемі бойынша жоспарды орындау пайызы және ассортиментін анықтау керек.

Шешімі:

1. Жоспар шегіне жақын нақты орындалған (жоспарды ассортименті бойынша орындалған есеп):

$Ж_{\text{ө. жосп. нақты}} = 80,23 + 92,73 + 44,8 + 26,85 = 244,61$ мың теңге

2. Жоспар бойынша өнімді шығару:

$Ж_{\text{ө. жос.}} = 81,45 + 92,73 + 44,8 + 31,6 + 26,85 = 277,43$ мың теңге

3. Нақты шығарылған өнім:

$$Ж_{\text{ө,накт}} = 80,23 + 93,5 + 44,8 + 20,32 + 47,34 = 286,19 \text{ мың теңге}$$

4. Өнім көлемі бойынша жоспарды орындау пайызы:

$$\frac{286,19 \text{ мың теңге}}{277,43 \text{ мың теңге}} \cdot 100 = 103,2\%$$

5. Өнім ассортименті бойынша жоспарды орындау пайызы:

$$\frac{244,61 \text{ мың теңге}}{277,43 \text{ мың теңге}} \cdot 100 = 88,2\%$$

2.3. Есепті мезгілде кәсіпорынның өнімін шығару жоспарының орындалуын келесі кесте мәліметтерінен көруге болады:

Бұйымдар	Шығару, мың теңге	
	жоспар бойынша	нақты орындалған
А	95,8	92,1
Б	84,3	86,8
В	45,7	45,7
Г	-	21,3

Өнімінің ассортименті және көлемі бойынша жоспарды орындау пайызын анықтау керек.

Шешімі:

Бұйымдар	Шығару, мың теңге		
	жоспар бойынша	нақты	жоспарға жақын нақты орындалған
А	95,8	92,1	92,1
Б	84,3	86,8	84,3
В	45,7	45,7	45,7
Г	-	21,3	-
Жиынтығы	225,8	245,9	222,1

1. Жоспар бойынша өнім көлемінің орындалу пайызы:

$$\frac{245,9 \text{ мың теңге}}{225,8 \text{ мың теңге}} \cdot 100 = 108,9\%$$

2. Ассортимент бойынша жоспарды орындау пайызы:

$$\frac{222,1 \text{ мың теңге}}{225,8 \text{ мың теңге}} \cdot 100 = 98,4\%$$

2.4. Кәсіпорын негізгі өнімін 520 мың теңге, өнеркәсіптегі қызметін - 48 мың теңге көлемінде жоспарлаған. Жартылай фабрикаттын құны жоспарлы мерзімде 50 мың теңге, оның ішінде 50% – өзінің жеке өндірісіне арналған. Аяқталып бітпеген өндіріс мерзімнің соңында көлемі 38 мың теңгеге көбейді. Дайын өнімнің бастапқы мерзімде қоймадағы қалдығы 80 мың теңге, мерзімнің соңында 30 мың теңге болды. Кәсіпорындағы сатылған, жалпы және таза өнімді анықтау керек, егер материалдық шығын құны тауарлы өнімнің 55% құрғанда.

Шешімі:

1. Тауарлы өнім:

$$T_o = 520 + 48 + (50 \cdot 0,5) = 593 \text{ мың теңге}$$

2. Сатылған өнім:

$$C_o = T_o + K_{ж.б} - K_{ж.а} = 593 + 80 - 30 = 643 \text{ мың теңге}$$

3. Жалпы өнім:

$$Ж_o = T_o - A_o + A_a = 593 + 80 + -30 + 38 = 681 \text{ мың теңге}$$

4. Таза өнім:

$$\Theta = T_o - \frac{T_o \cdot 55\%}{100\%} = 593 - \frac{593 \cdot 55}{100} = 266,85 \text{ мың теңге}$$

2.5. Кәсіпорында төмендегі мәліметтер нәтижесі бойынша бұйымның таза өнім мөлшерін және таза өнім мөлшерлік көлемін анықтау керек.

№	Көрсеткіштер	Бұйымдар:			
		А	Б	В	Г
1.	Жыл бойы өнімді шығару, дана	1000	1200	2500	700
2.	Өнімнің өзіндік құны, теңге	200	130	100	250
3.	Өнімнің өзіндік құнына материалдық шығын, теңге	110	60	40	120
4.	Өндіріс жұмысшыларына еңбек ақы төлеу, теңге	50	60	30	90
5.	Өңдеудегі өзіндік құн қатынасы бойынша рентабельділік мөлшері, %	15	15	15	15

Кәсіпорынның өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлерінің еңбек ақысы 300 мың теңге, оның ішінде өндіріс жұмысшыларының жалақысы 120 мың теңгені құрайды.

Шешімі:

1. Еңбек ақының коэффициенті:

$$E_{AK} = \frac{\sum E_{\text{өөк}} - \sum E_{\text{өн}}}{\sum E_{\text{өн}}} = \frac{300 - 120}{120} = 1,5$$

2. Басқару және өндірісте қызмет ететін қызметкерлердің бұйымның бірлігіне келетін еңбек ақысы:

$$E_{к.б} = E_{\text{өн}} \cdot E_{AK}$$

$$E_{AK.б} = 50 \text{ теңге} \cdot 1,5 = 75 \text{ теңге}$$

$$E_{БК.б} = 60 \text{ теңге} \cdot 1,5 = 90 \text{ теңге}$$

$$E_{ВК.б} = 30 \text{ теңге} \cdot 1,5 = 45 \text{ теңге}$$

$$E_{ГК.б} = 90 \text{ теңге} \cdot 1,5 = 135 \text{ теңге}$$

3. Мөлшерлік пайда (Π_M):

$$\Pi_M = \frac{\Theta Q \cdot R}{100};$$

$$\Pi_{AM} = \frac{(200 - 110) \cdot 15}{100} = 13,5 \text{ теңге}$$

$$\Pi_{BM} = \frac{(130 - 60) \cdot 15}{100} = 10,5 \text{ теңге}$$

$$\Pi_{VM} = \frac{(100 - 40) \cdot 15}{100} = 9 \text{ теңге}$$

$$\Pi_{GM} = \frac{(250 - 120) \cdot 15}{100} = 19,5 \text{ теңге}$$

4. Таза өнімнің мөлшері:

$$T_{\text{өМ}} = E_{\text{өн}} + E_{\text{кб}} + \Pi_M$$

$$T_{\text{өМ}}^A = 50 + 75 + 13,5 = 138,5 \text{ теңге}$$

$$T_{\text{өМ}}^B = 60 + 90 + 10,5 = 160,5 \text{ теңге}$$

$$T_{\text{өМ}}^C = 30 + 45 + 9 = 84 \text{ теңге}$$

$$T_{\text{өМ}}^f = 90 + 135 + 19,5 = 244,5 \text{ теңге}$$

5. Таза өнімнің мөлшерлік көлемі:

$$138,5 \cdot 1000 + 160,5 \cdot 1200 + 84 \cdot 2500 + 244,5 \cdot 700 = 712250 \text{ теңге}$$

Өз бетінше шығаратын есептер

2.6. Келесі кестедегі мәліметтер бойынша тауарлы, жалпы және сатылған өнімдердің көлемін анықтау керек.

№	Көрсеткіштер	Бұйым саны	Бұйым бірлігінің бағасы, тенге	Сомасы, тенге
1.	Дайын өнімдер:			
	А	4500	100	
	Б	3200	80	
	В	7300	55	
	Г	2500	72	
2.	Кәсіпорынның балансындағы мекемелерге және басқа кәсіпорындарға қызмет көрсету			25800
3.	Сатылмаған дайын өнім қалдығы:			
	-жыл басындағы			38200
	-жыл аяғында			45600
4.	Аяқталмаған өндіріс қалдығы:			
	-жыл басындағы			16250
	-жыл аяғында			18370

2.7. Кәсіпорынның есепті мезгілінде А - 200 бұйым бірлігін, Б – 300 бұйым бірлігін шығарды. А бұйымның бағасы – 1800 теңге, Б бұйымның бағасы – 2580 теңге. Басқа кәсіпорынға көрсеткен қызметтің құны – 37500 теңге. Аяқталмаған өндіріс қалдығы жыл басында – 75000 теңге, жыл аяғында – 53000 теңге болды. Негізгі өнімді өндірумен бірге ыдысты 12000 теңгеге, оның ішінде сыртқа жіберуге арналған тапсырманы 8000 мың теңгеге орындады.

Жалпы, тауарлы және сатылған өнімдерді анықтау керек.

2.8. Келесі мәліметтер бойынша жалпы, тауарлы және сатылған өнімдердің көлемін анықтау керек:

Көрсеткіштер	Соммасы, мың тенге
1. Сатылуға дайындалған өнім	600.0

2. Қоймада қалған қалдық: - жыл басындағы мерзімде - жыл аяғындағы мерзімде	40,4 98,2
3. Аяқталмаған өндіріс: - жыл басындағы мерзімде - жыл аяғындағы мерзімде	38,3 15,4
4. Мекеменің сыртқа көрсеткен қызметі	12,0
5. Өз мұқтажына арналып өзі өндірген жартылай фабрикааттар	9,8

2.9. Келесі мәліметтерді қолданып жалпы, тауарлы және сатылған өнім көлемін анықтау керек: сатылуға арналған дайын өнім – 180,0 мың теңге; басқа кәсіпорындарға қызмет көрсету – 34,0 мың теңге; өндірілген жартылай фабрикааттар: өзінің мұқтажына – 23,0 мың теңге, сыртқа сату көлемі – 10,0 мың теңге; аяқталып бітпеген өнім: жыл басында – 13,0 мың теңге, жыл аяғында - 23,0 мың теңге.

2.10. Келесі мәліметтер бойынша жалпы, тауарлы және сатылған өнімнің көлемін анықтау керек: сыртқа сатылатын дайын бұйымның құны – 59,5 мың теңге; сыртқа қызмет ету құны – 10,9 мың теңге; жыл басында өндіріліп бітпеген өнімнің құны – 15,9 мың теңге, жыл аяғында 4,4 мың теңге; қоймадағы дайын өнімнің құны (қалдық) жыл басына – 13,0 мың теңге, жыл аяғына қалғаны – 20,7 мың теңге.

2.11. Келесі мәліметтер бойынша өндірістегі жалпы, тауарлы және сатылған өнімдердің көлемін анықтау керек: кәсіпорын сату үшін 50 мың теңгенің өнімін өндіріп дайындады; сыртқа 1,5 мың теңгеге қызмет көрсетті; сыртқа сату үшін жартылай фабрикааттарды 0,9 мың теңгеге өндірді; өзінің ішкі мақсаты үшін 20,2 мың теңгеге жартылай фабрикааттар дайындады; өзінің мұқтажына арналып жасалған аспаптар: жыл басында – 3,4 мың теңге, жыл аяғында – 4,8 мың теңге болды.

2.12. Төмендегі мәліметтерді қолдана отырып, жалпы. тауарлы және сатылған өнімнің көлемін анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Соммасы, тенге
1.	Сыртқа сатуға шығарылған бұйымдар	44183
2.	Сыртқа сатуға арналған баскадай өнімдер	1915
3.	Сыртқа көрсетілген қызмет құны	750
4.	Сыртқа сатылған жартылай фабрикаттар құны	450
5.	Өзі өндірген негізгі қордың құны	500
6.	Өндіріске өндеуге түскен тапсырушылардың материалдар құны	200
7.	Өзі өндірген жартылай фабрикаттардың, арнаулы аспаптардың өз мұқтажына арналған, құны: - жыл басындағы мерзімде - жыл аяғындағы мерзімде	500 250
8.	Аяқталмаған өндіріс құны: - жыл басындағы мерзімде - жыл аяғындағы мерзімде	50 100
9.	Қоймада қалған дайын өнім: - жыл басындағы мерзімде - жыл аяғындағы мерзімде	280 280

2.13. Таза бұйым өнімнің мөлшерін және кәсіпорын өнімінің таза мөлшерін төмендегі мәліметтерді қолдана отырып, анықтау керек.

А бұйымның өзіндік құны – 200 теңге, Б – 150 теңге, В – 120 теңге, Г – 250 теңге. Оның ішінде материалдық және жұмысшыларға тиісінше бұйымдар бойынша еңбек ақы төлеу: А – 110 және 50 теңге, Б – 80 және 30 теңге, В – 30 және 40 теңге, Г – 100 және 80 теңге. Кәсіпорынның өнеркәсіп қызметкерлерінің еңбек ақысы – 200 мың теңге, оның ішінде өндіріс жұмысшыларының – 80 мың теңге. Жылдық бұйым шығару: А – 1000 дана, Б -1500 дана, В – 3000 дана және Г – 800 дана. Бұйымның рентабельдік мөлшері барлық бұйымдарды өңдеу өзіндік құнының 15%-на тең.

4 тақырып: ҚОҒАМ ӨНДІРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

Қазіргі нарық жағдайында еліміздің шаруашылығының құрылымы күрделі, әрі динамикалы. Ол өндіргіш күштердің даму дәрежесімен және түпкі өнімге деген қоғамдық қажеттіліктің деңгейімен анықталады. Халық шаруашылығы құрылымында, оның звеноларының негізгі ара салмағы мен өзара байланысы әсіресе жаңа нарық жағдайында айқын көрінеді. Халық шаруашылығын жоспарлау объектісі ретінде технологиялық кешеннің нақты және толық бағасын тек оның құрылымы мен формасы ғана бере алады. Ал кешен құрылымының өзі халықты тұтыну тауарларымен және ірі кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету сияқты бір ғана мақсатқа бағытталған өндірістік – технологиялық үрдістер жиынтығы болып табылады.

Өндірісті ұйымдастырудың түрі дегеніміз – өнеркәсіптік кәсіпорынды ұйымдастыру ерекшеліктері мен техникалық жағдайының жалпы сипаттамасын беру. Өндіріс түрі дегеніміз өнім шығару көлеміндегі номенклатурасы және тұрақтылығы, біркелкілігі, өндіріс категориясының жіктелуін айтамыз. Өндірісті тиімді ұйымдастырудың түріне көптеген факторлар әсер етеді: өндірісті мамандандыру деңгейі, өндіретін өнімнің номенклатурасы, өндіретін өнім көлемі, өнімді тиісті жеріне өткізу және жеткізу және т.б.

Ірі өнеркәсіп орындарында өндірісті ұйымдастырудың негізгі үш түрі болады: жеке – дара өндіріс, сериялық өндіріс, жаппай өндіріс.

Өндірістің жеке-дара түрі – өнімдердің алуан түрін және тұрақты емес номенклатуралы өнімдерді арнаулы жекелеп шығарумен сипатталатын өндіріс үлгісі. Мысалы: кеме жасау, ірі турбиналар, металлургиялық, кен қазу жабдықтарын дайындау т.б. Сонымен бірге жеке-дара өндіріске тапсырыс бойынша жеке тұтыну заттарын шығаратын тәжірибелік зауыттары да жатады.

Жеке-дара өндіріс түрі көптеген ерекшеліктерімен айқындалады:

- номенклатурасы көп әртүрлі өнімдерді өндіру мүмкіндігі;
- жұмыс орындарын технологиялық мамандандыру принциптеріне сәйкес ұйымдастыру;
- әртүрлі құрал – жабдықтарды пайдалану арқылы технологияны қолдану;

• технологиялық үрдісінде өнімді қолмен жинауда жоғарғы квалификациялы жұмысшылардың, оның ішінде іскер жұмысшылардың саны жеткілікті болуы;

- өндіріс циклінің ұзақтығы;
- аяқталмаған өндіріс көлемінің көп болуы.

Өндірістің сериялық түрінде – кезең-кезеңімен қайталанатын партия бұйымын дайындауды сипаттайды немесе кең номенклатуралы, біртектес өнімдерді бір уақытта сериямен шығаруды көздейді.

Сериялы өндіріске партиялармен енгізілген, конструкциялары бірдей өнімдерді бір уақытта шығару жатады. Сериялық өндіріс түрінің ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- кең номенклатуралы біртектес өнімдерді тұрақты шығарып тұруы;
- жұмыс орнының бірнеше операцияларды жүргізуге мамандануы;
- өндірілетін өнімдер мен бөлшектерді партиямен шығару;
- қол жұмысын барынша қысқарту мүмкіндігі;
- өндірісте қолданатын аспаптар мен технологиялық мамандандырылған құралдар түрін кеңінен қолдануы;
- өндірісті игеруде орта білікті жұмысшылар санының көп болуы;
- өндіріс циклінің ұзақ еместігі;
- өндірілген өнім сапасын тексеру үрдісінің автоматтандырылуы.

Сериялық өндіріс түрі өзінің бағытына қарай – ұсақ сериялы, орта сериялы, ірі сериялы өндірістер болып бөлінеді. Мысалы: самолет, мотор тағы с.с. өнімдерді шығаратын зауыттарды сериялық өндіріске жатқызуға болады.

Жаппай өндіріс түрі – ірі көлемде шектелген номенклатура бойынша көп мөлшерде шығарылатын өнімді сипаттайды. Тәжірибеде өндіріс қуаттылығы, материал және еңбек ресурстары жеткілікті жағдайда өнімді өндіру көлемі шектелмейді. Бұл өнімдерге автомобиль, трактор, ауыл шаруашылық машиналарын тағы с.с. жатқызуға болады.

Жаппай өндірістері кәсіпорынды басқа түрлерімен салыстырғанда онда еңбек өнімділігінің жоғары деңгейі, ең төменгі өзіндік құн және өндіріс циклінің қысқа мерзімі, өндіріс жетістігі тағы сол сияқты тиімді көрсеткіштерге қол жетеді.

Жаппай өндірістің негізгі ерекшеліктері:

- аз номенклатуралы өнімдерді ірі көлемде шығару;
- цехтардың, жұмыс орындарының тек қана бір операцияны орындауға мамандандырылуы;
- цех деңгейінде жұмыс орындарының операцияларды орындау ретіне қарай орналасуы;
- жаппай өндірісте қолданатын арнайы және мамандандырылған технологиялық құрал-жабдықтардың кең көлемде болуы;
- бұл түрінде автоматтандырылған технологиялық үрдістердің көп қолдануы;
- операцияларды дайындау және аяқтау уақытының аздығы;
- қол жұмысы көлемінің азаюы;
- өндіріс циклінің қысқаруы;
- өндірісті басқаруды және жоспарлауды шоғырландыру мүмкіндігі;
- барлық өндіріс үрдісін басқаруда автоматтандыру жүйесін енгізу.

Өндірісті мамандандыру мәселесінде теория мен тәжірибеде көрсетілгендей – өндірістің қандай саласы болмасын оның негізі ретінде еңбек бөлінісі екенін атап көрсету қажет. Яғни өндірісті мамандандыру – қоғамдық еңбекті бөлісудің негізгі түрі. Қоғамдық формация өзгерген сайын, өндіргіш күштер арта түседі, сөйтіп өндірістің жана қатынастары және түрлері пайда болады.

Өндіріс салалары неғұрлым маманданған сайын, өндірісте еңбек құралдары жақсарып, қолданылатын жаңа техника мен машиналар түрі пайда болып, еңбек үрдісі одан әрі маманданады.

Өнеркәсіп салаларында, кәсіпорын цехтарында немесе бөлімшелеріндегі өндірісті мамандандыру деңгейі үш негізгі бағытта іске асады:

- бір тектес өнім шығару;
- өнімнің жеке бөлімін шығару;
- өнім өндіруде нақты технологиялық операцияны орындау.

Осы жағдайда өндірісті мамандандырудың үш түрін ажыратарды:

- белгіленген бұйымды өндіруге мамандану;
- өнімді бөлшек – бөлшегімен өндіруге мамандану;
- өнімді стадиялық өңдеуге мамандану.

Жалпы халық шаруашылығы, өндірген өнім көлеміндегі маманданған өндірістің (саланың) үлес салмағын $Y_m.ө$ (% есебімен) төмендегі формуламен анықтайды:

$$Y_{m.\theta} = \frac{\Theta_m}{Ж\theta} \cdot 100$$

мұнда $Y_{m.\theta}$ – маманданған өндірістің үлес салмағы (% есебімен);

Θ_m – маманданған өндірістің немесе саланың өндірген өнімі, теңге;

$Ж\theta$ – қоғамда жалпы өндірілген өнім көлемі, теңге.

Өндірісті мамандандыруды белгілегенде және оның экономикалық тиімділігін анықтағанда біраз көрсеткіштер қолданылады:

- өнімнің өзіндік құны;
- тасымалдау шығыны;
- мамандандыруды жүзеге асыру үшін жұмсалған капитал соммасы;
- мамандандыруға жұмсалған шығынды қайтару мерзімі немесе жұмсалған капиталдың тиімділік коэффициенті.

Өндірісті мамандандырудағы экономикалық тиімділігі (капитал жұмсамайтын) келесі формуламен анықталады:

$$\mathcal{E} = (\Theta_1 + T_1) - (\Theta_2 + T_2) \cdot Pr_2$$

Мұнда \mathcal{E} – өндірісті мамандандырудағы шартты – жылдық үнем, теңге;

Θ_1 және Θ_2 – мамандандыруды жүргізгенге дейінгі және жүргізгеннен кейінгі өнім бірлігінің, өнімнің толық өзіндік құны, теңге;

T_1 және T_2 – мамандандыруды жүргізгенге дейінгі және жүргізгеннен кейінгі өнім бірлігінің дайын өнімді тасымалдауға жұмсалған транспорт шығыны, теңге;

Pr_2 – мамандандырылған өндірістің табиғи бірлікте жылдық шығарған өнімі.

Жұмсалған капиталдың өтеу мерзімі:

$$T = \frac{K_2}{ДП}$$

мұнда T – өтеу мерзімі, жыл;

K_2 – өндірісті мамандандыруға байланысты жұмсалған капитал;

$ДП$ – өндірісті маманданудан түскен пайда, теңге;

Өндірісті ұйымдастырудың белгілі бір түрі ретінде өндірісті қиыстыру болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінде қиыстыру

деп бұрын жеке кәсіпорындарындағы салалары, сол дәрежедегі бір саланың ішіндегі кәсіпорындары бірігіп, белгілі бір немесе оданда көп өнім түрін өндіруге бейімделуін айтамыз!

Бір технологиялық үрдістен екінші бір технологиялық үрдіске ауысуын қамтамасыз етіп, белгілі бір дайын өнім өндіруге немесе бір өндірістің қалдығы, екінші бір өндіріске шикізат есебінде қолдануы мүмкін.

Қиысқан кәсіпорындар, бір кәсіпорынға бірігетін өндірістер, өндіріс – технологиялық және технологиялық әдісте бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, әрқайсысы өндірісте және экономикалық жүйеде өз бетінше болуын жойып, жеке-жеке өндіріс болудан қалады.

Қиыстырылған кәсіпорын өндірісі ереже бойынша бір территорияда, жалпы байланыстыру жүйесінде, жалпы көмекші шаруашылықта қызмет етуі және бір басқару аппаратына бағынатын кәсіпорынға айналады.

Қиыстырылуға жататын кәсіпорындар егер бір жерде орналасқан жағдайда, қосымша технологиялық операциялар жасауға, өндіріс үрдісінің бірігудегі байланысы бұзылмаса, онда мұндай қиыстыру жұмысы өзін-өзі ақтайды. Бірлестіктерді өзінің сипатына және шикізатты өңдеу сатысына қарай үш негізгі қиыстыру формасына бөлуге болады:

- шикізатты жүйелі өңдеу;
- шикізатты кешенді өңдеу;
- өндіріс қалдығын қолдану, пайдалану.

Салалардағы қиыстыру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштері темендегідей болады:

- қиыстырылған кәсіпорынның оның жалпы санындағы үлес салмағы;
- қиыстырылған кәсіпорынның жалпы шығарылған өнімге, өнім санына, шығарылған өнімге пайыздық қатынасы;
- қалдықты қолдану негізінде шикізатты кешенді өңдеу үрдісінің жалпы өндіріс көлеміндегі үлес салмағы;
- қиыстырылған кәсіпорында белгілі бір шикізаттың жалпы саладағы өңделу көлеміне пайыздық қатынасы.

Өндірісті ұйымдастырудың маңызды бір түріне **өндірісті шоғырландыру** жатады. Өндірістің шоғырлануы деп ірі кәсіпорындарында өнім өндіруде өндіріс құралдарының, жұмысшылар күшінің жинақталып, ірілену үрдісін айтамыз. Кәсіпорынның іріленуі – қоғам өндіргіш күштерінің өсуі ретінде маңызды және заңды.

Кәсіпорында өндірістің шоғырлануы, өндіріс бірлігі көлемінің ұлғаюы жоғарғы техниканы, озық технологияны қолдануға және өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Іріленген кәсіпорындарында өндірістің көлемі өскен сайын, ондағы өндірілетін өнімдер көлемі де өседі.

Өнеркәсіп салаларын талдау және жоспарлауда шоғырландыру көлеміне сипаттама бергенде келесі көрсеткіштер (табиғи) қолданылады:

- жұмысшылар саны;
- кәсіпорынның энергиямен қарулану деңгейі;
- натуралды көрсеткіште өнім шығару көлемі;
- кәсіпорынның өндірістік қуаты.

Табиғи көрсеткіштен басқа құн көрсеткіштерінде (теңге есебінде өнім шығару) қолданады. Шоғырланудың деңгейі мен дәрежесі төмендегі көрсеткіштер динамикасымен сипатталынады:

- бір кәсіпорынның есебі бойынша, өндірілген өнімнің көлемі немесе бір кәсіпорын салаларының жылдық орташа қуаттылығы. Бұл біртектес салалардағы кәсіпорындарды бір-бірімен салыстыру үшін қолданылатын көрсеткіш;
- ірі кәсіпорынның жалпы сандағы үлес салмағы;
- ірі кәсіпорынның шығарған жалпы өніміндегі, жеке кәсіпорын өнімінің үлес салмағы;
- ірі кәсіпорынның жалпы қуаттылығы, сала кәсіпорындарының қуаттылығындағы үлес салмағы;
- ірі кәсіпорында жинақталған өнеркәсіп-өндірістік негізгі қор құнының жалпы салалардағы құнға үлес салмағы;
- ірі кәсіпорындағы пайдаланған электро қуаты немесе энергетикалық қуатының үлес салмағы, жалпы оның қолдануына немесе жалпы энергетикалық қуатқа үлес салмағы.

Қоғам өндірісін ұйымдастыру түрлеріне арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқаны көрсет:

3.1. Қоғам өндірісін ұйымдастыру түрлеріне жататыны:

- а) шоғырландыру;
- б) мамандандыру;
- в) монополизациялау;

- г) кооперациялау;
- д) қиыстыру.

3.2. Жалпы өнеркәсіпте шоғырландыру түріне жатқызылатыны:

- а) маманданған кәсіпорнында бір түрлі өнімді өндіру, конструкциясы мен өндіріс технологиясын шоғырландыру;
- б) технологиялық шоғырландыру;
- в) бір кәсіпорын комбинат шеңберіндегі әртүрлі өзді-өзімен байланыстағы бірдей өндіріс немесе әртүрлі өнеркәсіп салаларының шоғырлануы;
- г) зауыттық шоғырлану;
- д) өндірістік-техникалық шоғырлану.

3.3. Өндірісті шоғырландыру деңгейін көтеру төмендегі аталғандарға мүмкіндік береді:

- а) ірі, орта және шағын кәсіпорындардың оптималды үйлесуіне;
- б) монополизмнің дамуына;
- в) өнім тапшылығының төмендеуіне;
- г) негізгі және айналым қорларын, жұмысшылар күшін пайдалану дәрежесінің жақсаруына;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

3.4. Мамандану түріне жататыны:

- а) бұйымдық;
- б) өндіріс-техникалық;
- в) тетіктер бойынша;
- г) сатылық;
- д) функционалдық.

3.5. Мамандандыру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге жатады:

- а) жылдық өнімді шығарудағы бір кәсіпорынға келетін есеп көлемін анықтайтын кәсіпорынның орта өлшемі;
- б) кәсіпорын, өндіріс салаларында жалпы өнім көлеміндегі негізгі өнімнің үлесі;
- в) маманданған өндірістегі өнім үлесі, жалпы сол өнім түрінің шығарылуы;
- г) кәсіпорынның орта энергетикалық қуаттылығы;
- д) сол өнімді өндірумен айналысатын кәсіпорын мен цехтар саны.

3.6. Мамандандудың экономикалық тиімділігін анықтау барысында қолданатын көрсеткіштер:

- а) өнім бірлігінің өзіндік құны;
- б) пайда;
- в) өнім бірлігіне келетін көлік шығындары;
- г) тауарлы өнімді өндіруге кеткен шығындар;
- д) өнім шығару көлемі.

3.7. Өндіріс кооперациясының түрлеріне жатады:

- а) агрегаттық;
- б) ауданаралық;
- в) ішкі сала аралық;
- г) тетіктер бойынша;
- д) сатылық.

3.8. Шоғырлану деңгейі қандай көрсеткіштерімен сипатталады?

- а) кәсіпорынның орташа өлшемімен, оның жылдық өнім шығару көлемімен;
- б) жалпы өнеркәсіп (сала) өнімін шығару көлеміне келетін ірі өнеркәсіп орынның өнім үлесі;
- в) маманданған өндірістегі өнім көлемі, жалпы өндірудегі сол өнім түрінің үлесі;
- г) кәсіпорынның орташа энергетикалық қуаттылығы;
- д) белгілі өнім түрін өндірудегі кәсіпорын және цехтар саны.

3.9. Кооперациялауды сипаттайтын деңгей:

- а) біртекті технологиялық ассортименттегі, маркадағы кәсіпорын немесе топ, түрлер, түр өлшемдер саны;
- б) өнімнің еңбек сиымдылығы;
- в) жалпы шығарылатын өнім көлемінде, кооперациялау ретінде сырттан алынған жартылай фабрикаттар, бөлшектер, тараптар, қызметтердің құн үлесі;
- г) жалпы шығарылатын өнім көлемінде кооперациялау ретінде, сыртқа шығарылатын жартылай фабрикаттар, бөлшектер, тараптар, қызметтердің құн үлесі;
- д) бас кәсіпорынның басқадай кәсіпорындармен кооперациялау жұмысын жүргізу.

3.10. Қиыстыру түріне жататыны:

- а) шикізатты дәйекті өңдеп, дайын өнім алғанға дейінгі іс;

б) өндірістегі қалдықты пайдаланып, басқадай өнім түрін шығару;

в) шикізатты кешенді өңдеу;

г) қалдықсыз технологияны қолдану;

д) барлық жауаптар дұрыс емес.

3.11. Қандай салаларда қиыстыру үрдісі кеңінен дамыған:

а) химиялық өнеркәсібінде;

б) машина жасау өнеркәсібінде;

в) электроқуат өндіретін салада;

г) түсті металлургия өнеркәсібінде;

д) мұнай өңдеу өнеркәсібінде.

Есептер

Есептің шартты белгілері:

$\Xi_{\text{ж}}$ – мамандандырудан түскен жылдық салыстырмалы экономикалық тиімділік;

Θ_1, Θ_2 – мамандандыруды жүргізу алдында және мамандандырудан кейінгі өнім бірлігінің өзіндік құны;

T_1, T_2 – мамандандыруды жүргізу алдында және мамандандырудан кейінгі тұтынушыларға өнім бірлігін жеткізудегі көлік шығындары;

K_1, K_2 – мамандандыруды ендіруге дейінгі және ендірілгеннен кейінгі күрделі қаржы салу үлесі;

K_m – күрделі қаржы салудың тиімділік коэффициент мөлшері;

$\Theta_{\text{ш}2}$ – мамандандырудан соң жылдық өнім шығару көлемі;

$M_{\text{өт}}$ – мамандандыруды іске асыруға арналған күрделі қаржыны өтеу мерзімі;

$K_{\text{кор}}$ – мамандандыруды енгізуге салынған күрделі қаржы көлемі;

$HK_{\text{ж}}$ – мамандандыру қорытындысында босатылатын негізгі қордың құны;

$\Theta_{\text{к}}$ – өнім кескінінің көлемі;

$Y_{\text{кес}}$ – өнім кескінінің үлесі.

Өндірісті мамандандыру үрдісі бойынша

3.1. Цехта мамандандыруға дейін бір жұмыс орнында 6 металл құю бұйымдары шығарылған. Жылдық өнімді шығару 6600 теңгені құрды, ал жыл бойғы жарамды құюды өндіруге жұмсалған

шығын – 6254000 теңгені құрады. Мамандандыруды іс жүзінде асырғаннан кейін бір жұмыс орнында 4 түрлі болат құя бастады. Жылдық жарамды құйыл шығару — 7580 теңгені құрды, ал барлық жарамды құюға жұмсалған шығын – 7834600 теңге болды.

Мамандандыруды жүргізу қорытындысында 1 тонна жарамды болат құюдың өзіндік құны қалай өзгергенін есептеп шығару керек.

Шешімі:

1. Металды құю және қайта құю шығыны: мамандандыруға дейін –

$6600 : 6 = 1100$ теңге, мамандандырудан кейін: $7580 : 4 = 1895$ теңге

2. Бір тоннаны қайта құюдың өзіндік құны: мамандандыруға дейін: 6254000 теңге : $1100 = 5685,455$ теңге;

мамандандырудан кейін:

7834600 теңге : $1895 = 4134,354$ теңге

3. Мамандандыруды жүргізу қорытындысында жарамды 1 тонна болат құюдың өзіндік құнының өзгеруі:

$$\Delta \Theta = \Theta_1 - \Theta_2$$

$\Delta \Theta = 5685,455$ теңге/тонна - $4134,354$ теңге/тонна = $1551,1$ теңге/тонна

3.2. Өнімді өндіруде мамандандырудан қол жеткен экономикалық тиімділігін, сонымен бірге мамандандырудың деңгейінің өзгеруін келесі мәліметтер арқылы анықтау керек:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Мамандандыруға дейін	Мамандандырудан кейін
1. Жыл бойы бұйымды шығару	дана	40000	42000
2. Бұйымның өзіндік құны	теңге	50,0	40,2
3. Бұйымның бағасы	теңге	55,5	55,5
4. Күрделі қаржы салу үлесі	теңге	110,0	160,4
5. Тұтынушыларға өнім бірлігін жеткізу бойынша көлік шығыны	теңге	8,0	11,6
6. Жыл бойғы өнім кескінінің көлемі	теңге	1300000	1864300

Шешімі:

1. Мамандандырудан алынған жылдық экономикалық тиімділігі:

$$\begin{aligned} \Theta_{ж} &= [(\Theta_1 + K_M \cdot K_1 + T_1) - (\Theta_2 + K_M \cdot K_2 + T_2)] \cdot \Theta_{ш2}, \\ \Theta_{ж} &= [(50,0 + 0,12 \cdot 110,0 + 8,0) - (40,0 + 0,12 \cdot 160,4 + 11,6)] \cdot \\ &42000 = 14700 \text{ теңге} \end{aligned}$$

2. Мамандандырудың деңгейі - өнім кескінінің үлесі:

$$Y_{\text{кес}} = \frac{\Theta_{ж}}{\Theta_{б}} \cdot 100$$

$$Y_{\text{кес}1} = \frac{1300000}{55,5 \cdot 40000} \cdot 100 = 58,56\%$$

$$Y_{\text{кес}2} = \frac{1864300}{55,5 \cdot 42000} \cdot 100 = 79,98\%$$

3.3. Кәсіпорын жылына 2000 мың тонна өнім шығарып, оны өндіруге 180 млн. теңге шығын жұмсады. Мамандандыру жұмысын терең жүргізудің нәтижесінде бұйымның өзіндік құны 7%-ға арзандады. Шикізат беретін кәсіпорындарының өзгеруіне байланысты, көлік шығыны өнім бірлігіне шаққанда 2000 теңгеден 3000 теңгеге дейін көтерілді.

Жүргізілген шараның нәтижесінде алдағы мезгілде өнім шығаруды 10%-ға өсіргенде қол жететін жылдық үнем көлемін анықтау керек.

Шешімі:

$$K_1 = 180000000 : 2000 = 90000 \text{ теңге/т.}$$

$$K_2 = 90000 \cdot 0,93 = 83700 \text{ теңге/т.}$$

$$\Theta_{ш2} = 2000 \cdot 1,1 = 2200 \text{ мың тонна}$$

$$\Theta_{ж} = [(K_1 + T_1) - (K_2 + T_2)] \cdot \Theta_{ш2} = [(90000 + 2000) - (83700 + 2300)] \cdot 2200 = 13200 \text{ мың теңге.}$$

3.4. Экономикалық ауданның тіреу бұйымына жылдық қажеттілігі 12 мың теңге. Қажеттілікті 60 маманданған өндіріс қанағаттандырып, қалған бөлігін машина жасау кәсіпорыны (маманданған өндіріс) қамтамасыз етеді.

Тіреуді жасау бұйымдарына маманданған кәсіпорынды маманданбаған өндірістен алынатын бұйымды жойып және оның экономикалық тиімділігін төмендегі мәлімет бойынша анықтау керек:

Көрсеткіштер	Маманданған өндіріс	Маманданбаған өндіріс
1. Тіреудің өзіндік құны, теңге/т.	4200	4800
2. Өзіндік құндағы шартты тұрақты шығындар, теңге/т.	500	-
3. Көлік шығынының үлесі, теңге/т.	60	-
4. Күрделі қаржы шығынының үлесі, теңге/т	5000	3000

Өндірістің шоғырлану деңгейін көтеруде маманданған өндіріс 12000 теңгеге дейін, жылына жалпы шартты-тұрақты шығыны 10%-ға өседі, көлік шығынының үлесі 50%-ға көбейіп, күрделі қаржы шығынының үлесі 20%-ға төмендейді.

Шешімі:

1. Маманданған өндірісте шоғырлану деңгейін көтеруде бір тонна тіреу шығынындағы шартты-тұрақты шығындардың көлемі:

$$\frac{500 \cdot 12000 \cdot 0,6 \cdot 1,1}{12000} = 330 \text{ теңге/т}$$

2. Маманданған өндірісте шоғырлану деңгейін көтеруден кейін бір тонна тіреудің өзіндік құны:

$$4200 - (500 - 330) = 4030 \text{ теңге/т.}$$

3. Өндірісті мамандандырылуға шоғырландырылғаннан кейінгі деңгейінің көтерілуінде күрделі қаржы салу шығынның үлесі:

$$5000 \cdot 0,8 = 4000 \text{ теңге/т.}$$

4. Өндірісті мамандандырылуға шоғырландырылғаннан кейінгі деңгейінің көтерілуіндегі көлік шығындарының үлесі:

$$60 \cdot 1,5 = 90 \text{ теңге/т.}$$

5. Тіреу бұйымдарын дайындау үшін мамандандырудың экономикалық тиімділігі және маманданбаған өндірісті жою:

$$(4200 + 0,15 \cdot 5000 + 60) \cdot 7200 + (4800 + 0,15 \cdot 3000) \cdot 4800 - (4030 + 0,15 \cdot 4000 + 90) \cdot 12000 = 4632000 \text{ теңге.}$$

Өндірісті бірлестіру

3.5. Төмендегі кесте мәліметі бойынша машина жасау зауытының өндіріс қуаттылығының оптималды түрін (мөлшерін) анықтау керек:

Көрсеткіштер	1	2	3	4
Өндіріс қуаттылығы, бұйым/жыл	500	1000	2000	3000
Күрделі қаржы салу, млн.теңге	50	90	170	240
Шартты-тұрақты шығындарды төмендету коэффициенті, бірлік үлесі	1,0	0,90	0,75	0,70
Өнім тасымалдаудың орта шеңбері, км.	400	700	950	1700
Тасымалдау алыстығы,км	Бір тонна жүкті тасымалдау құны, теңге			
600 дейін	100			
600-1000	150			
1000-1500	200			
1500 жоғары	300			

Өнім бірлігіне шартты-ауыспалы шығын – 32000 теңге, өнім бірлігіне шартты-тұрақты шығын - 20000 теңге, кәсіпорындағы қуаттылық 500 дана/жыл, бір бұйымның салмағы – 20 т.

Шешімі:

Көрсеткіштер	Жылдық өнім шығарудағы зауыттың қуаттылық варианттары, бұйым / жыл			
	500	1000	2000	3000
1. Өнім бірлігіне шартты-ауыспалы шығын, теңге	32000	32000	32000	32000
2. Өнім бірлігіне шартты-тұрақты шығын, теңге	20000	$20000 \cdot 0,9 = 18000$	$20000 \cdot 0,75 = 15000$	$20000 \cdot 0,7 = 14000$
3. Өндірістік өзіндік құнның жиынтығы, теңге/бұйым (1+2)	52000	50000	47000	46000
4. Күрделі қаржы бөлуіндегі үлесі теңге /бұйым	100000	90000	85000	80000
5. Өнім бірлігіне көлік шығыны, теңге	$100 \cdot 20 = 2000$	$150 \cdot 20 = 3000$	$150 \cdot 20 = 3000$	$300 \cdot 20 = 6000$
6. Келтірілген шығын, теңге /бұйым	$52000 + 0,15 \cdot 100000 + 2000 = 69000$	$50000 + 0,15 \cdot 90000 + 3000 = 66500$	$47000 + 0,15 \cdot 85000 + 3000 = 62750$	$46000 + 0,15 \cdot 80000 + 6000 = 64000$

Машина жасау зауыттың оптималды өндіріс қуаттылығы (ен төменгі келтірілген шығында) жылына – 2000 бұйым.

Кәсіпорынды орналастыру

3.6. Зауытты орналастыру бойынша үш нұсқасы қаралған. Зауыттың негізгі жұмысы металды қайта құю. Машина жасау зауыты А және Б экономикалық аудандарда орналасып, тұтынушыларды фасонды құюмен қанағаттандырып, жылына 200 мың теңгенің өнімін өндіреді.

1 нұсқада. Зауыттың қуаттылығы 200 мың тонна, А ауданында орналасқан.

2 нұсқада. Зауыттың қуаттылығы 200 мың тонна, Б ауданында орналасқан.

3 нұсқада. Зауыт А ауданында орналасып қуаттылығы 120 мың тонна, Б ауданында – зауыттың қуаттылығы өнімнің 80 мың тоннасына тең.

А және Б аудандарында жылына 100 мың тоннадан метал құю талабы бірдей.

Метал шихтасын (шөген және металл сынығы) зауытқа дейін көлікпен жеткізудегі жұмсалған шығын көлемі:

А ауданындағы зауытқа дейін – 60 теңге/тонна

Б ауданындағы зауытқа дейін – 80 теңге/тонна

Метал шихтаның шығын үлесі – бір тонна қайта құюға 1,1 тонна керек етеді. Барлық нұсқада шихтаның құны бірдей және есептегенде есепке алмаса да болады.

Зауыттардың әртүрлі қуаттылығының техника-экономикалық көрсеткіштері төменде келтірілген:

Зауыттың жылдық қуаттылығы, мың тонна	Құюдың өзіндік құны, теңге/тонна	Күрделі қаржы салу шығын үлесі, теңге/тонна
80	2530	3000
120	2450	2800
200	2400	2700

Зауыттан машина жасау кәсіпорынына дейінгі фасонды құйылған металды тасымалдауға жұмсалған шығын төмендегідей:

1-ші нұсқа бойынша – 56 теңге/тонна;

2-ші нұсқа бойынша – 21 теңге/тонна;

3-ші нұсқа бойынша - 30 теңге/тонна.

Зауытты орналастыруда оптималды нұсқасын және ең төменгі келтірілген көлікпен шикізат тасымалдау шығыны, металды қайта құю өндірісі және құйылған металдың машина жасау зауытына жеткізу шығындарын анықтау керек.

Шешімі;

А. Метал шихтасын тасымалдауға кеткен келтірілген шығындар:

1-ші нұсқа: $60 \cdot 1,1 = 66$ теңге/тонна;

2-ші нұсқа: $80 \cdot 1,1 = 88$ теңге/тонна;

3-ші нұсқа: $\frac{60 \cdot 120 + 80 \cdot 80}{200} \cdot 1,1 = 75$ теңге/т

Б. Металды құю өндірісіне келтірілген шығындар:

1-ші нұсқа: $2400 + 0,15 \cdot 2700 = 2805$ теңге/тонна;

2-ші нұсқа: $2400 + 0,15 \cdot 2700 = 2805$ теңге/тонна;

3-ші нұсқа:

$\frac{(2400 + 0,15 \cdot 2800) \cdot 120 + (2530 + 0,15 \cdot 3000) \cdot 80}{200} = 2914$ теңге/т

В. Құйындыны тұтынушыларға жеткізудегі келтірілген шығындар:

1-ші нұсқа: 56 теңге/тонна;

2-ші нұсқа: 21 теңге/тонна;

3-ші нұсқа: 30 теңге/тонна;

Г. Келтірілген шығын сомасы:

1-ші нұсқа: $66 + 2805 + 56 = 2927$ теңге/тонна;

2-ші нұсқа: $88 + 2805 + 21 = 2914$ теңге/тонна;

3-ші нұсқа: $75 + 2914 + 30 = 3019$ теңге/тонна;

Оптималды нұсқа – зауытты орналастыру Б ауданында тиімді (екінші нұсқа).

Өз бетінше есеп шығару

3.7. Кәсіпорында өндірісті мамандандыруда егжей-тегжейлі тереңдетілген шаралар жасалынды. Бұл жұмыс бұйым бірлігінің өзіндік құнын азайтуға мүмкіндік туғызып 98 теңгеден 93,5 теңгеге төмендеді, дегенмен өнім бірлігін тұтынушыларға жеткізуде көлік шығындары шалғай жатқан жерге жеткізуде 2-ден

2,5 теңгеге өсті. Арнаулы жабдықтарды және өндірісті кеңейтуге күрделі қаржы бөлінді, оның сомасы 990000 теңгені құрды.

Мамандандырудың арқасында жылдық экономикалық тиімділік өсіп, дайын өнім көлемі бұл шарадан кейін 50000 бірлікке жетті. Жылдық экономикалық тиімділігін анықтау керек.

3.8. Кәсіпорында өнім көлемі—850 мың теңге, жоспар бойынша - 820 мың теңге.

Кәсіпорында бірлестіру тәртібінде жартылай фабрикаттарды және жабдықтау бұйымдарын сатып алу құны жоспардағы 360 мың теңгенің орнына 390 мың теңгені құрды. Бірлестіру деңгейінің өзгеруін анықтау керек.

5 тақырып: КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯ МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Нарық жағдайында өнеркәсіп өндірісі жаңа технологиялық базаға көшу кезінде, ұдайы өндіріске капитал салудың нәтижесінде “инвестиция” мен “инновация” түсініктері негізгі болып саналады. Өйткені нарық жағдайындағы үрдісте инвестиция негізінде жаңалық түрін өндіріске енгізу арқылы өнімнің жаңа немесе жетілдірілген түрін шығару, өндіріс техникаларын жаңалау, технология тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру іске асырылады.

Сонымен, өндірісті инновациялық деңгейде жүргізу деп ғылыми және техника жетістіктер негізінде тиімді, пайдалы өсім беретін, тұтынушылардың талабын жаңа әдіспен қамтамасыз етілуін айтамыз.

Ал инвестиция термині біздің экономикамызға енген жаңа ұғым (ағыл. – investments) – “күрделі қаржы салу” деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым қазіргі экономикалық жағдайында “күрделі қаржы салу” ұғымына қарағанда кең, мағыналы ұғым.

Инвестиция нақты және портфельді немесе қоржынды инвестиция болып бөлінеді. Нақты инвестиция бірінші жағдайда – инвестор өзінің өндіріс көлемін кеңейтуде – өндірістік негізгі және айналым қорларын ұлғайтса, екінші жағдайда – инвестор құнды бағалы қағаздар үлесінен дивидент алу арқылы өзінің қаржы капиталын ұлғайтады. Ал айналым құралына салынған инвестицияны күрделі қаржы салымы деп есептеуге болмайды. Күрделі қаржыны қолдану бағытына қарай өндірістік және өндірістік емес етіп жіктеуге болады.

Өндірістік күрделі қаржы – кәсіпорынның дамуына бағытталған салым, ал өндірістік емеске әлеуметтік шеңбердегі дамуды қамтамасыз ететін қаржы жатады.

Ұдайы өндірісте негізгі қорлар өзінің түрлері бойынша күрделі қаржыны жұмсауда төмендегідей болып ажыратылады:

- жаңадан салынатын құрылысқа жұмсалатын қаржылар;
- істеп тұрған кәсіпорынды қайта құру және техникалық қайта қарулануына арналған қаржылар;
- істеп тұрған кәсіпорынды кеңейтуге арналған қаржылар;
- жабдықтарды талапқа сәйкес жаңалауға арналған қаржылар.

Қаржыландыру көзіне қарай күрделі қаржыны орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деп бөледі. Күрделі қаржы құрылымының түрін төмендегідей айыруға болады:

- технологиялық;
- ұдайы өндірістік;
- салалық;
- аймақтық.

Технологиялық құрылымдағы мақсатқа күрделі қаржы бөлу – мұнда қандай болмасын бөлінетін ірі құрылыс объектісіне арналған шығын көлемінің жалпы сметадағы құн үлесіне қатынасымен анықталады.

Бұл құрылымды жоғарғы сатыға көтеруде үйлесімді деңгейіне жасалынған смета жобасының құнында машина және жабдықтардың үлесін ұлғайтуды көздейді. Келешекте кәсіпорында технологиялық құрылымға күрделі қаржы бөлу үшін негізгі өндіріс қорларының белсенді және енжарлы негізгі бөлімдерінің арақатынасын қалыптастырады.

Бөлінген күрделі қаржы арқылы белсенді бөлімінің өсу деңгейін, кәсіпорынның өндіріс қуаттылығын арттыруға жағдай жасалынады.

Ұдайы өндіріс құрылымына күрделі қаржы бөлу – негізгі өндіріс қорының ұдайы өндіріс түріне бөлінген күрделі қаржының жалпы сметадағы құнына үлес қатынасын білдіреді. Мұнда жаңа құрылысқа, қайта құру, істеп тұрған өндірісті техникалық жабдықтау, кеңейту және модернизациялауға жұмсалатын күрделі қаржы деп бөлек есептейді.

Салалар құрылымына күрделі қаржы бөлу – тұтас алғанда халық шаруашылығына және өнеркәсіп салалары бойынша бөлінген қаржының қатынасын білдіреді. Барлық халық шаруашылығының ішіндегі ғылыми – техникалық үрдісті тездетіп, тез уақытта – пропорционалды дами алатын салаларға күрделі қаржы бөлу тиімділігін арттырады.

Аймақтық құрылымға күрделі қаржы бөлу – еліміздегі аудандарға күрделі қаржы бөлу арқылы дамыту қатынасын білдіреді.

Сонымен, нақтылы инвестиция еліміздің экономикасында және жеке кәсіпорынның қай – қайсысы болмасын өмірінде келесі бағыттар бойынша маңызды рөл атқарады:

- ұлғаймалы ұдайы өндіріс саясатын іске асыруда және кәсіпорынның негізгі өндіріс қорын үнемі жаңалауда;

• өнім сапасын жақсарту және ғылыми – техникалық прогресті тездетуде;

• барлық халық шаруашылық салаларының тең дамуына және қоғам өндіріс құралдарының қайта құрылуында;

• өнеркәсіпке керекті шикізат базаларын жасауда;

• азаматтық құрылыстар, денсаулық сақтауды дамыту, жоғарғы және орта мектептерді дамытуда;

• жұмыссыздық мәселелерін шешуде немесе жеңілдетуде;

• табиғатты қорғау және басқадай мақсаттарға жетуде.

Мұндай тізімдерді көп келтіруге болады. Сонымен, инвестиция бірінші жағдайда еліміздің экономикасын көтеріп, соның негізінде көптеген әлеуметтік жағдайларды шешуге, ең алдымен халықтың әл ауқатын, тұрмысын көтеруге қосатын үлесі өте зор.

Өкінішке орай, алғашқы реформа жылдары (1992-1998) күрделі қаржы бөлу, күрделі құрылыс жасау күрт төмендеді. Оның себептеріне келесі жағдайларды жатқызуға болады: экономикалық дағдарыс нәтижесінен туындаған отандық өнімдердің азаюы ұлттық табыстың төмендеуіне әкеліп соқты; инфляция кезінде ұзақ уақытта орындалатын жобаға ақша қаражатын бөлу көп жағдайда тиімсіз болып келді; кәсіпорындардың көпшілігінде экономикалық жағдайларының нашарлауына (ақша қаражатының жетіспеуінен) байланысты өндірісті жаңа техникамен, технологиямен жабдықтау, қайта құру және т.б. жұмыстары тоқтады.

Бүгінгі күні экономикалық дағдарыстан шығып, экономикалық өсу кезеңде инвестициялық қызметтерді қарқынды жандандыру қажет, ондай жұмыстарға бірінші кезекпен келесілерді жатқызуға болады:

• еліміздегі экономикалық жағдайдың тұрақтануы;

• инфляция қарқынының төмендеуі;

• салық салу жүйесінің жетілдірілуі;


• шетел инвестицияларын елімізге белсенді түрде тарту, отандық инвестицияларды кеңінен пайдалану мүмкіндіктері.

Еліміздің экономикалық өсуін тұрақтандыруға инвестицияға қажетті қор жинақтау, ұлттық табысты және жалпы ұлттық өнімді көбейту мәселелерін тез арада шешу жатады.

Еліміздің экономикасын тұрақтандыру шарасына инфляцияны төмендету жатады. Банк несиенің ставкасы инфляция үрдісіне тығыз байланысты болып келеді.

Іс жүзінде салынған инвестиция күтілген табыс мөлшеріне

(M_T) және инвестицияға қойылған сұраныстың пайыздық ставкасына (C_n) бағынышты.



Ставка пайызы жоғары болған сайын, инвестицияға сұраныс төмен болады; инвестицияға сұраныс пен күтілген таза табыс мөлшер арасындағы байланыс сол үшін өте маңызды болып келеді.

Инвестицияға сұраныстың қисық сызығы

Егер $M_T > C_n$ - пайыз ставкасынан таза табыс мөлшері артып түссе, онда инвестициялау пайдалы болады. Егер $C_n > M_T$ - пайыз ставкасы күтілген таза табыс мөлшерінен артып кетсе, онда инвестициялау пайдасыз.

Инвестиция жоғарғы деңгейде қалыптасқан жағдайда, әсіресе гиперинфляцияда, банк несиесінің пайызы өте жоғары болады. Мұндай жағдайда күтілген таза табыс мөлшері банк несие пайызынан жоғары болса кәсіпорынға пайдалы болады.

Дәл қазіргі кезде осындай жобаны кәсіпорынға тауып беру өте қиын мәселе болып саналады. Сондықтан, гиперинфляция инвестиция жұмысының жандануына елеулі кедергі әкелетіні сөзсіз.

Инвестиция саясатында ең маңызды жағдайдың бірі - шетел капиталын тарта білу. Жер жүзі бойынша жыл сайын экспортқа шығатын капитал саны 160-180 млрд АҚШ доллары есебінде құрайтын көрінеді. Ал біздің Қазақстан Республикасында инвестиция салушыларға жақсы жағдай жасаудың арқасында инвестиция тарту көлемі ТМД мемлекеттерінің ішінде көрнекті орында, яғни бұл көлем бізде 10 млрд АҚШ долларын құрайтын көрінеді.

Кәсіпорында инвестицияны жоспарлау – бұл өте маңызды және күрделі үрдіс. Кәсіпорында инвестицияны салу терең экономикалық талдау жүргізу арқылы негізделіп жоспарлануы тиіс.

Инвестицияны жоспарлағанда төменде келтірілген ереже ескерілуі тиіс:

- инвестицияланатын қаржының мән – мағынасының болуы;
- инвестиция рентабельдігі инфляция қарқынынан асып түсуге тиіс;

- кәсіпорын ақшасын банкте сақтаудан гөрі, инвестиция ретінде жұмсау арқылы көп пайдаға жетеді;
- жобаның дисконттеуді есепке ала отырып, жоғары рентабельді болуы;
- ең үлкен экономикалық пайданы қамтамасыз етіп, төменгі деңгейдегі тәуекелдікке жету.

Күрделі қаржы салуды экономикалық әдіспен негіздеу

Жоспарлы экономика кезінде кәсіпорындар арнаулы бекітілген күрделі қаржы жұмсаудың экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі бойынша жұмыс істеді. Соған сәйкес күрделі қаржының салу тиімділігін абсолюттік және салыстырмалы түрде анықтады. Әр түрлі деңгейдегі абсолюттік күрделі қаржы салу тиімділігін төмендегі формула бойынша есептейді:

а) халық шаруашылық деңгейінде:

$$K_{x/ш} = \frac{\Delta Y Y}{K}; \quad Y_{от} = \frac{K}{\Delta Y_m}$$

мұнда – $K_{x/ш}$ халық шаруашылығы деңгейіндегі күрделі қаржы салудың абсолюттік тиімділік коэффициенті;

ΔY – ұлттық табыстың өсуі;

K – ұлттық табыстың өсуіне қарай күрделі қаржы салу;

$Y_{от}$ – күрделі қаржыны өтеу уақыты.

б) салалар деңгейінде (Cg):

$$Cg = \frac{\Delta T T_{өм}}{K}; \quad Y_{от} = \frac{K}{\Delta T T_{өм}}$$

мұнда, $T_{өм}$ – таза өнім мөлшерінің өсуі;

в) кәсіпорын деңгейінде пайдамен жұмыс істейтін кәсіпорын үшін:

$$K_k = \frac{\Delta \Pi}{K}; \quad Y_{от} = \frac{K}{\Delta \Pi}$$

зиянымен жұмыс істейтін кәсіпорын үшін:

$$K_k = \frac{(\Theta_1 - \Theta_2)\Theta\Theta_2}{K}; \quad Y_{от} = \frac{K}{(\Theta_1 - \Theta_2)\Theta\Theta_2}$$

мұнда, Π – инвестиция салу есебінен кәсіпорында пайданың өсуі;

$\Theta_1 - \Theta_2$ – инвестиция салуға дейін және кейінгі өнім бірлігінің өзіндік құны;

$\Theta_{к2}$ – күрделі қаржы салудан кейінгі өнім шығару көлемі.

Сонымен, есептелінген мөлшерлік көлемі абсолюттік күрделі қаржы салу көрсеткішімен салыстырылады. Егер олар бірдей немесе күрделі қаржы салу коэффициентінің көрсеткішінен артса, онда күрделі қаржы салу экономикалық тиімді болып саналады.

Күрделі қаржы салу коэффициенті мөлшерінің маңызы шаруашылық салаларында жіктелініп, оның көлемі 0,07-ден 0,25-ке дейін аралықта болады.

Қазіргі жағдайда бұл әдістеменің негізгі кемшілігі - күрделі қаржы салу мөлшерлік коэффициентінің тиімділігі көп дәрежеге төмендетілген. Нарық жағдайындағы экономикада оның көлемі, инфляция деңгейінің өзгеруіне байланысты тепе-теңдікте және пайыздық ставкасының деңгейінде болуы тиіс.

Келтірілген шығын түрлерін күрделі қаржы салу тиімділігін салыстыру әдістемесін қолдану арқылы анықтау қажет. Осы әдістеме бойынша келтірілген шығынның төменгі деңгейін қамтамасыз ететін түрін есептейді, яғни

$$\text{Ш}_i = \Theta_i + K_k K_{\text{кар}i} \rightarrow \min$$

мұнда Ш_i - шығын түрі;

Θ_i - өнімнің түрлері бойынша өзіндік құны;

$K_{\text{кар}i}$ - түрлері бойынша күрделі қаржы салу.

Сонымен, жылдық экономикалық тиімділіктің дұрыс түрін анықтау үшін төмендегі формуланы қолданады.

$$\Delta = (\text{Ш}_1 - \text{Ш}_2) = (\Theta_1 + K_k K_{\text{кар}1}) - (\Theta_2 + K_k K_{\text{кар}2}),$$

мұнда, $\text{Ш}_1, \text{Ш}_2$ — шығынның түрлері бойынша келтіру;

Θ_1, Θ_2 – өнімнің түрлері бойынша өзіндік құн;

$K_{\text{кар}1}, K_{\text{кар}2}$ – күрделі қаржы бөлу түрлері бойынша.

Күрделі қаржы салу салыстырмалы коэффициентін төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$C_{\text{сл}} = \frac{\Theta_1 - \Theta_2}{K_{\text{кар}2} - K_{\text{кар}1}}; \quad y_{\text{өт}} = \frac{K_{\text{кар}2} - K_{\text{кар}1}}{\Theta_1 - \Theta_2}$$

Егер $K_{\text{салыс}} \geq K_k$ мұндай жағдайда, күрделі қаржы салудың экономикалық жоспары негізделген деуге болады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде ондаған жылдар бойы салынатын инвестицияны анықтау әдістемесі өзінің

маңызын жоймай, теориялық және тәжірибелік маңызы ба-
рын көрсетіп келді. Бұл әдіс терең ғылыми түрде негізделіп,
тәжірибеде кеңінен қолданылды.

Батыс елдердің экономикалық әдебиеттерінде әдістеменің не-
гізгі баптары егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл мәселені шешуде
екі тәсіл көптен белгілі.

Бірінші тәсілде инвестиция мөлшерін алынған табыс мөл-
шерімен салыстырып, байланыстырып және сұраныс бағасын,
ұсыныс бағасымен салыстыру арқылы анықтайды. Кәсіпкер
салынған инвестицияға құштар, яғни тауар капиталын алуға, ие
болуға, егер одан тек қана белгілі бір мезгілде оны пайдаланудан
салынған инвестиция мөлшерінен кем емес табысқа ие болғанда
ғана ойлаған ойына жеткенін керсетеді. Бірақ, бұл мөлшерді
қалай салыстыру керек?

Кәсіпкер тауар үшін белгілі соманы төлеуге міндетті, ал табыс
бірден келе қоймай, бірнеше жыл ішінде біртіндеп келуі мүмкін.
Инвестиция салынған кезеңнен бастап, келешекте кәсіпкер
қанша табыс алатынын анықтау керек. Мұндай есепті жер жүзі
тәжірибесінде **дисконттірленген** деп аталып, ал осы есептің
қортындысы бойынша алынған мөлшерді **дисконттірленген**
немесе **ағымдағы құны** деп атайды. Дисконттірленген құн (Дк)
қандай болмасын табыс (Т) белгілі бір кезеңде (К) пайыздық
ставкаға (r) тең болады:

$$Д = \frac{T}{(1+r)} + \frac{T_2}{(1+r)^2} + \frac{T_3}{(1+r)^3} + \dots + \frac{T_n}{(1+r)^n} = \sum_{i=j}^n \frac{T_i}{(1+r)^n}$$

мұнда 1,2,3...n -жылдар, осы уақыт ішінде табыстың жылдар
бойғы күтілуі $T_1, T_2, T_3, \dots, T_n$.

Бұл көрсетілген формуладан байқайтынымыз, дисконттірлен-
ген құнның сомасы қандайда темен жағдайда болса, оның мерзімі
ұзақ болғанда, салушы осы арқылы ойлаған (Т) ізделетін сома-
ны алуына, бұл жағдайда пайыздық ставка (r) жоғары болғанда
табысқа қолы жетеді.

Жоғарыда айтылғанындай, салынған инвестицияның пай-
далылығы, сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасын салыстыру
жолымен анықталады. Тауарға деген сұраныс бағасы (C_6) – бұл
кәсіпкердің төлеуге жататын ең жоғарғы бағасы. Ол салынған
инвестициядан күтілетін таза табыстың дисконттірілген құнына
тең: $C_6 = D_k$ күтілетін таза табыс.

Осы жағдайда кәсіпкер инвестицияны бұл сомадан артық (сұраныс бағасынан) салуды көздейді, өйткені, олай болмаған күнде, оған ақшаны банкке пайызға салу пайдалырақ екенін түсінеді. Тауардың ұсыныс бағасы (Y_6) сол өнімге кеткен өндіріс шығындары мен осы сатуға жұмсалған шығын көлемімен анықталады.

Осыдан келесі қортынды жасауға болады: егер тауарға деген сұраныс бағасы ұсыныс бағасынан артық кетсе, онда кәсіпорынға қосымша тауар бірлігін игеруге тура келеді; егер сұраныс бағасы ұсыныс бағасымен тең болса, онда кәсіпкерге инвестициялық шешімінде – қосымша тауарды игеруге немесе игеруге бірдей қарайтынын көреміз; кәсіпкерге инвестицияны салу тиімсіз, егер сұраныс бағасы ұсыныс бағасынан төмен болған жағдайда, яғни фирманың қабылданған инвестициялық стратегиясының соңғы қортынды шешімі сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасының қатынасымен анықталады.

Егер барлық жоғарыда көрсетілгендерді түсінікті етіп айтсақ, онда бұл мынаны көрсетеді:

егер $C_6 > Y_6$ – инвестицияны салу тиімді;

егер $C_6 < Y_6$ – тиімсіз;

егер $C_6 = Y_6$ – онда екі жақты жағдайда жетіседі,

мұнда C_6 – белгілі бір жобаны іске асырудың есебінен алынатын табыс (пайда) деп түсінуге болады; Y_6 – жобаны іске асыру бойынша жұмсалған қаржы. Ал біздің келтірген C_6 – бұл сұраныс бағасы да, ал Y_6 – ұсыныс бағасы деуге болады.

Екінші әдісте салынған инвестицияға байланысты инвестициядан қайтарым мөлшерін пайыздық ставкамен салыстыру немесе сол сияқты басқадай белгілерімен экономикалық мақсатқа сәйкес анықталады.

Инвестицияның қайтарым мөлшері төмендегі формула бойынша анықталады. Келесі жағдайға көңіл аудару керек: егер $K_{\text{мөл}} > r$, онда кәсіпорынға инвестицияны салу - тиімді, егер де $K_{\text{мөл}} < r$ – тиімсіз, $K_{\text{мөл}} = r$ - онда екі жақты жағдайда тең болады.

$$K_{\text{мөл}} = \frac{\text{таза табыс} - \text{ұсыныс баға}}{\text{ұсыныс баға}} * 100\%$$

Инвестициялаудың тиімділігін есептеу әдістерінде төменгі мәселелерді білу қажет:

- өтеу мерзімін;

- жай табыс мөлшерін;
- компаундинг (көнейту) көлемін;
- дисконттеуді (алдағы табысты қазіргі таза бағаға қатынасын белгілеу әдісі).

Өтеу мерзімі – жобаланған пайданың толтыру мезгілі деуге болады.

Сонымен, таза пайда дегеніміз – табыстан, төлемдерден, одан қоса шығындардан пайыздар мен амортизацияны алып тастағаннан кейінгі сома.

Мысалы: 120,0 мың теңге инвестиция салынса, одан жылына 40,0 мың теңге түседі делік. $120:40 = 3$ жылда өзін-өзі өтейтін көрінеді.

Жай табыс мөлшері деп бұл пайданың негізгі инвестициялық пайдаланған толық жай жылдардағы шығын қатынасын айтамыз.

Компаундинг (көнейту) деп базалық бүгінгі табысты келешек тапсырылған мезгілге есептеп келтіру әдісін айтамыз.

Мысалы: 10,0 мың теңге 10% өсімге салынады. Жылына 10% – 5 жыл мерзімге, 5 жылдан кейін ол 16105 теңге болады ($10,000$ теңгені бес рет 1,1-ге көбейту керек: $10,000 * 1,1 * 1,1 * 1,1 * 1,1 * 1,1 = 10000 * 1,611 = 16105$ теңге).

Дисконттеу – бұл компаундингке кері үрдіс. Мұндай келешектегі табысты бүгінгі мезгілдегі сомаға келтіру.

Дисконттеу құралының әдістері – бұл әдістің бірнеше түрлері бар. Мұның бәрі жұмсалған ақша қаражатының, келешектегі бағасы қазіргіден азаятынын сипаттайды.

Келешектегі дисконттелген құнның күрделі пайызын мына төмендегі формуламен шығарамыз:

$$P = \frac{S}{(1+\%)^n}$$

мұнда S – n – жылының соңындағы алынған көлемі;

P – дисконттік құн;

% – пайыздық құн;

n – жыл саны;

$(1+\%)^n$ – дисконттеу құнының факторы.

Мысалы: егер біз бүгін инвестицияға 100,0 мың теңгені жылына 10% ставкада жұмсасақ, онда бір жылдан кейін 100,0 мың теңгеге ($100\%+10\%$) немесе, сол сияқты 100000 теңге ($1+0,1$)

=110000 теңгеге өседі. Екі жылдан кейін: 100000 теңге * (1+0,1) * (1+0,1) =121000 теңге т.с.с. әрі қарай жыл сайын қосылады. Ол инвестицияны қайтару мерзіміне тікелей байланысты болып келеді.

Бұл үрдісті келесі мезгілдегі қосылатын табыстардың пайыздық қосындыларын келесі формуламен есептеуге болады:

$$B_k = K_k \cdot (1+r)^n$$

мұнда, B_k – дисконттеу коэффициенті немесе, болашақ ақша сомасы, болашақ құн;

K_k – бастапқы (қазіргі ағымдағы) құн;

r – пайыз ставкасы немесе табыс мөлшері;

n – табысты қосып есептеудегі жыл саны.

Келешектегі ақша сомасын және пайыз ставканы (біздің мысалда 10%), қазіргі ақша сомасының құнын төмендегі формуланы қолдана отырып, бұрынғы айтқаннан осы қорытынды шығады:

$$K_k = \frac{B_k}{(1+r)^n} = \frac{121000}{(1+0,1)^2} = 100000 \text{ теңге}$$

Инвестиция «тәуекел» (венчурлық), «тікелей», «портфельдік» және «аннунтенттік» болып бөлінеді.

Венчурлық немесе тәуекелдік қаржыландыру – бұл қаржыландырудың тәуекел шарасы болып қана қоймай, ол ерекше тәртіптегі қаржыландыру деуге болады. Венчурлық капитал – бұл шаруашылықты қаржыландыруға шешуші рөл атқаратын жаңа акциялар шығару түріндегі инвестициялар. Венчурлық капитал жана қызмет салаларына жұмсалатын капитал. Ол әдетте тәуекел етумен байланысты. Венчурлық капитал орташа және ұсақ кәсіпорындардың өмір сүруінің аса маңызды шаруаларының бірі болып табылады.

Тікелей инвестиция – бұл табыс алу мақсатында шаруашылық субъектісінің жарнама капиталына салу арқылы шаруашылық субъектісін басқаруға қатысу құқығын алу.

Портфельді инвестиция (қоржынды) – құнды қағазды және басқадай активтерді «портфельге» жинақтау жұмысын айтамыз. «Портфель» – салушының нақтылы инвестициялық мақсатына жетудегі әр жақты жиналған инвестициялық құнды қағаздардың жиынтығы.

Портфельде – бағалы қағаздың бір түрі (акциясы) немесе әртүрлері (акция, облигация, сақтық және депозиттік сертифи-

каттар, кепілдеме куәлігі, қамсыздандыру полисі) бар. Мұндай көп түрлі қағаз портфельін – диверсификацияланған портфель дейді.

Диверсификация дегеніміз – әр алуандық жан-жақты даму, өндірістің көптеген түрімен дамуы, өнім түрлерін көбейту деген ұғымды білдіреді.

Белгілі бір портфельдегі табыс мөлшерін есептеп шығару үшін төмендегі формуланы қолданамыз.

$$T_m = y_1 * p_1 + y_2 * p_2 + \dots + y_n * p_n$$

мұнда T_m – портфельдегі барлық табыс мөлшері;

$p_1 p_2 p_n$ – жеке активтегі табыс мөлшері;

$y_1 y_2 y_n$ – портфельдегі активтердің тиісінше үлестері.

Инвестицияны портфельмен басқару дегеніміз инфляция деңгейіне қарамай, әртүрлі құнды қағаздардың жиынтығын басқару өнерін біліп қана қоймай, олардың бағасын түсірмей, сақтап, тіпті жоғарғы табыс алып келуіне қарай жұмыс істеу.

Құнды қағаз портфельін басқарудың екі әдісін айтуға болады – **белсенді және енжарлы** басқару.

Белсенді басқарудың негізгі міндеті – инвестіріленген қаржыдан мүмкіндігінше табыс көзінің көлемін болжамдау. Бұл мәселеде қаржы рыногінен көрі, менеджердің нақты жұмысының қортындысы болуы тиіс. Белсенді менеджерлер – қандай портфель болмасын, оны ұстап тұру уақытша нәрсе екенін ескертеді. Портфельдегі құнды қағаздан түсетін табыс, нарық жағдайында түсім және шығын әкелуі мүмкін, кей жағдайда портфельдегі құнды қағаздар мүлде өзгеруі мүмкін.

Міне осындай жағдайда белсенді басқару тәсілінде бір жағынан тиімді құнды қағаздарды жинаса, екінші жағынан құны кеткен, табысы аз қағаздардан тездетіп құтылу қажет. Мұндай белсенді басқару тәсілін – **«Свопинг»** деп атайды, яғни қаржы рыногі арқылы құнды қағазды тұрақты айырбасталуын белгілейді.

Белсенді басқарудың төрт негізгі түрі бар:

1) Ең жай түрі – «таза табысты іріктеу» – деп аталатын түрі. Мұнда нарықтың уақытша тиімсіз кезінде екі облигацияны көрсетілген бағадан аз ғана өзгешелігі бар сондай бағадағы облигацияға айырбастау. Соңында облигацияларын төменгі табыста сатып, облигацияны көтеріңкі бағамен сатып алуы.

2) Келесі тәсілді «айырбастау» – дейді. Мұндай жағдайда құнды қағазға айырбасталуын айтамыз.

3) Біраз күрделі түрдегі «Свопингті» – «Сектор-Своп» – деп

атайды. Әртүрлі уақыттағы және табыстағы облигацияның әртүрлі экономика секторларынан алмасуын айтамыз.

4) Төртінші «Свопинг» түрі – есепті ставканы алдын ала болжау свопингісі. Бұл түрінің мәні ставка төмендегенде портфель уақытының әсерін ұзартуға тырысу, ал ставка өскенде уақыт әсерін қысқартуға тырысу.

Портфельге уақыт әсері көп болған сайын, портфель бағасы есепті ставка өзгерісіне душар болады.

Соңғы кезде өте кең тараған свопингті таңдау тәсілі – компьютерлық әдіспен анықтау. Компьютер тәсілі көп түрлі факторларды ескереді, келешек акцияның бағасын білуге немесе облигацияның бағасын анықтауға, келешек портфель құрамын іздеуге, табыстың мол жағын анықтауға үлкен көмек көрсетеді.

Инновациялық өнім дегеніміз бұл түрлі дәрежеде технологиялық өзгерістерге ұшыраған өнім. Өнеркәсіпте инновацияның екі түрін бөліп қарастырады: өнім инновациясы және үрдіс инновациясы.

Өнім инновациясына технологиялық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді дайындау және өндіріске енгізу кіреді. Ол мына бұйымдарды қамтиды: жаңа (қайта енгізілген) радикалдық өнімдік инновация; жетілдіруге ұшыраған бұйымдар, инкременталды өнімдік инновация; жаңа немесе өндірістің елеулі жетілдірілген әдістерінде құрылған бұйымдар – өзге де инновациялық өнім.

Үрдіс инновациясына технологиялық жаңа немесе өнімдерді табыстау әдістерін қоса технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу кіреді. Мұндай инновациялар жаңа өндірістік жабдықты, өндірістік үрдісті ұйымдастырудың жетілдірілген әдістерін немесе олардың жиынтықтарын пайдалануда, сондай-ақ зерттеулер мен әзірмелер нәтижелерін пайдалануда негізделуі мүмкін.

Инновациялық қызмет дегеніміз технологиялық жаңа ойларды (әдетте ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің немесе басқа ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижелерін) түрлендіруге байланысты қызмет түрі немесе рынокқа енгізілген, жетілдірілген өнімдер немесе қызметтер, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдістер немесе тәжірибелік қызметте пайдаланылған өндіріс қызметтерінің тәсілі. Инновациялық қызмет ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық

және коммерциялық іс-шаралар кешенін қамтиды, атап айтқанда өздерінің жиынтығында олар инновацияға әкеледі.

Технологиялық инновациялар рынокта енгізілген, жетілдірілген өнімдер немесе қызметтер, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдістер түрінде іске асырылатын инновациялық қызметтің немесе тәжірибелік қызметте пайдаланылатын өндіріс қызметтері тәсілінің түпкілікті нәтижесін көрсетеді. Егер инновация рынокқа немесе өндіріс үрдісіне енгізілсе, онда ол жүзеге асырылды деп саналады.

Озық өндірістік технологияларға микроэлектроникада құралған немесе компьютердің көмегімен басқарылатын және жобалауда, өндірісте немесе өнімдерді өңдеуде пайдаланылатын машиналарды, аппараттарды, жабдықты және аспаптарды қосатын технологиялар мен технологиялық үрдістер жатады.

Технологиялық жаңа өнім деп бұл технологиялық сипаттамалары (функционалдық белгілері, конструкциялық орындалуы, қосымша операциялар, сондай-ақ қолданылатын материалдар мен компоненттер құрамы) немесе шамаланған пайдаланылуы негізіндегі жаңа, не осыған ұқсас бұрын шығарылған өнімдерден елеулі айырмашылығы бар өнімді айтамыз. Мұндай инновациялар негізіндегі жаңа технологияларда, не зерттеулер мен өзгермелер нәтижесін пайдалануда негізделуі мүмкін.

Технологиялық жетілдірілген өнім дегеніміз бұл қолда бар өнім, ол үшін сапалық сипаттамалар жақсартылады, тиімділігі ең жоғары компоненттерді немесе материалдарды, бір немесе одан көп техникалық қосалқы жүйелерді жартылай өзгертуді пайдалану арқылы өндірістің экономикалық тиімділігін арттырады.

Инновациялық-белсенді кәсіпорындар деп әзірмелерді және жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді немесе қызметтерді, технологиялық үрдістерді немесе қызметтерді ендіру тәсілдерін жүзеге асыратын кәсіпорындарды айтамыз. Инновацияны өндіріске енгізу жоғарғы мөлшердегі шығындарды қажет етеді.

Инновацияға жұмсалған шығындар дегеніміз кәсіпорындар ауқымында орындалатын инновациялық қызметтердің әр түрлі түрлерінің жүзеге асуымен байланысты ақшалай түрдегі нақты шығындар. Жалпы шығындар құрамына ағымдағы және күрделі шығындар кіреді. Инновациялық қызмет түрлеріне байланысты шығындар келесі түрлерге бөлінеді:

- жаңа өнімдер мен технологиялық үрдістерді енгізуге

байланысты ғылыми зерттеулер мен әзірмелерге жұмсалған шығындар;

- заттандырылған технологияларды, өнертабыстарды пайдалануға арналған лицензияларды, өнеркәсіптік үлгілерді, тиімді модельдерді, патенттерге құқықты, патентсіз лицензияларды, технологиялық мазмұндағы қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындар;

- өндірістік жобалауға жұмсалған шығындар;

- аспаптық дайындыққа, өндірісті ұйымдастыруға және қосуға, жаңа өнімдер мен технологиялық үрдістерді енгізуге байланысты дайындыққа және қайта дайындыққа, байқап көріп ендіруге және сынаққа жұмсалған шығындар;

- жаңа немесе жетілдірілген өнімдер мен технологиялық үрдістерді енгізуге байланысты машиналар мен жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындар;

- жаңа өнімдерді рынокқа шығару бойынша жүргізілетін маркетингтік зерттеулерге жұмсалған шығындар.

Кәсіпорын жұмысындағы инвестиция және инновацияларға арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқаны көрсет:

4.1. Өндірістің тиімділік деңгейін анықтауда жеке көрсеткіштер қолданылады, оларға: еңбек; өнімнің еңбек сиымдылығы (E_c); қор қайтарымдылығы (K_k); өнімнің қор сиымдылығы (K_o); өнімнің рентабельдігі ($P_{\text{өн}}$); өндіріс қорының рентабельдігі (P_k). Осы көрсетілген көрсеткіштер қайсысын сипаттайды:

- а) бір жұмысшыға өндірілген өнім;
- б) ағымдағы шығынның тиімділігі;
- в) негізгі өндіріс қорының шығын үлесі;
- г) жанды еңбек шығынының үлесі;
- д) негізгі өндіріс қорының бір теңгесіне кеткен өнім көлемі.

4.2. Өндірістің экономикалық тиімділігін жинақтаушы көрсеткіш анықтайтын қатынасы қайсысы:

- а)
$$\frac{\text{жалпы өнім}}{\text{ағымдағы өндіріс шығындары (өзіндік құн)}}$$
- б)
$$\frac{\text{жалпы өнім}}{\text{қолданған ресурстар құны (НҚ+айналым құралы)}}$$

- в) пайда
колданған ресурстар құны
- г) жалпы өнім
келтірілген шығын жиынтығы

4.3. Төмендегі келтірілген белгілердің инновациялық іске қайсысы жатқызылады:

- а) зерделі өнімді жасау және пайдалану;
б) кәсіпорында жаңа өнімді өндіру;
в) нарықта сатуға дейін жана тұл нұсқалы дайын тауар түрінде жеткізудегі ой.

4.4. Заңдылық ойда инвестицияны қалай түсінеміз:

- а) ақша қаражаты, банкте арнаулы салым, жарна, акция және басқадай құнды қағаз, технология, машиналар, жабдықтар, лицензия және т.б.;
б) күрделі қаржы салу.

4.5. Инвестиция қызметіндегі субъекті ретінде кім бола алады?

- а) мемлекет;
б) инвесторлар;
в) заңды тұлға (банктер, сақтандыру және арадағы мекемелер, инвестиция биржасы);
г) жұмыс орындаушылар;
д) инвестиция қызметіндегі объектіні қолданушылар.

4.6. Өндірісте инвестицияны қандай жағдайға жұмсайды?

- а) өндірістегі ағым шығынына;
б) кәсіпорында өнімді өндіруге және сату шығынына;
в) машина және жабдықтарды алу шығынына;
г) жұмысшылардың еңбек ақысына;
д) күрделі қаржы шығынына.

4.7. Күрделі қаржы салу сыбағалы бұл:

- а) негізгі өндіріс қорының амортизациясы;
б) өнім бірлігінің өзіндік құны;
в) өнім өндіру бірлігіне күрделі қаржы салу (өндіріс қуаттылығының өсу бірлігіне).

4.8. Егер таза дисконттелінген табыс (интегралды тиімділік) тапсырыстағы дисконт мөлшері 0-ден көп болса, онда жобаны қабылдауға бола ма, жоқ па?

- а) қабылдау керек;
- б) қабылдауға болмайды.

4.9. Егер табыс индексі бірліктен аз болса, онда жобаны қабылдау қалай болады?

- а) қабылдау керек;
- б) қабылдауға болмайды.

4.10. Егер ішкі табыс мөлшері инвестордың талабындағы дисконт мөлшері деңгейінен аз болса бұл жобадағы инвестиция сенімді ақтай ала ма?

- а) ақтай алады;
- б) ақтай алмайды.

4.11. Керекті инвестиция көлемі жобасына сәйкес төмендегі көрсеткіштер бойынша жіктеледі, соның қайсысы дұрыс?

- а) ірі, дәстүрлі, кіші;
- б) тәуекел, тәуекелсіз;
- в) ерікті, баламалы;
- г) қарапайым, қарапайым емес.

4.12. Инвестор жобаны іске асыруда күрделі қаржы салуға екінші немесе төртінші жылда мүмкіндігі бар. Оған ыңғайлы нұсқа төмендегінің қайсысы?

- а) қаржыны 2-ші жылда салу;
- б) қаржыны 4-ші жылда салу;
- в) күрделі қаржыны салу мерзімі еш қандай маңызды емес.

4.13. Капиталдың бағасы (капитал құны):

- а) күрделі қаржы салудың жалпы көлемі;
- б) белгілі қаржы ресурстарын пайдалану көлеміне төленуге жататын ақшаның сомасы.

4.14. Төмендегі келтірілген инвестициялық кезең циклі қандай өндіріс (пайдалану) сатысына жатқызылады:

- а) ғылыми зерттеудегі нақты жұмысты ұйымдастыруды жүргізу;

- б) жабдықтарды жинау және жұмысшыларды оқыту;
- в) өнімді өндіру және дилерлік желіні жасау;
- г) экономикалық жоба көрсеткішіндегі ағымдағы мониторинг;
- д) техникалық-экономикалық негіздеу, жобаны қаржыландыру;
- е) коммерциялық тиімді жобаны бағалау.

4.15. Инвестициялық жоба түрлерін таңдау қандай белгісімен көрінеді?

- а) күрделі қаржы салудың төменгі көлемі;
- б) жобаға байланысты барлық шығынды өтеудің төменгі мезгілі;
- в) дисконттелген таза табыс.

4.16. Инвестиция жобасының тиімді көрсеткіштерін есептегенде уақыт факторын есепке ала отырып, бір жылдық немесе базистік мерзімге келтіріледі:

а) күрделі қаржы салуда олардың көлемін $(1+E)t$ коэффициентке көбейту жолымен;

б) барлық шығындарды болашақ өнімнің өзіндік құнына қосып, $\frac{1}{(1+E)t}$ оның коэффициент көлеміне көбейту жолымен;

в) барлық шығынды және қорытындыны $(1+E)t$ оның коэффициент көлеміне көбейту жолымен;

г) барлық шығындарды және қорытындыны $\frac{1}{(1+E)t}$ оның коэффициент көлеміне көбейту жолымен.

4.17. Қоғам өндірісінің тиімділігі бейнеленеді:

- а) қоғамдық еңбек өнімділігімен;
- б) ұлттық табыста материал және энергосиымдылығымен;
- в) ұлттық табыстың өсуімен;
- г) қоғамдық өнім жиынтығының өсуімен;
- д) қорқайтарымдылығымен.

4.18. Өндіріс тиімділігін көтеру факторларына жататыны:

- а) еңбекті ұйымдастыру және өндірісті жаңалау;
- б) жұмысшылар санының өсуі;
- в) пайдалынатын шикізат көлемінің өсуі;

- г) өнімнің материал сыймдылығының төмендеуі;
- д) өнім сапасының көтерілуі.

4.19. Венчурлық немесе тәуекел инвестициясы дегеніміз не?

- а) бұл толық пайда табу мақсатымен бірігіп құрылған және кәсіпкерлердің іс-әрекеті;
- б) қаржы және материалдық активтер;
- в) бұл шаруашылықты қаржыландыруда шешуші рөл атқаратын жаңа акциялар шығару түріндегі инвестициялар;
- г) бұл кәсіпорынды қаржыландырудағы тәуекелге бел байлап, ұйымдастырылатын қаржыға несие беру тәсілі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

4.20. Тікелей инвестиция дегеніміз не?

- а) табыс алу мақсатында шаруашылық субъектісіндегі қаржы мен материал активтерін басқаруға тікелей қатысу құқығын алу;
- б) табыс алу мақсатында шаруашылық субъектісінде жарғылық капиталға салу және шаруашылық субъектісін басқаруға қатысу құқығын алу;
- в) табыс алу мақсатында шаруашылық субъектісіндегі негізгі қаржыдан табыс алу жолындағы біріккен кәсіпорындар кәсіпкерлерінің құқығы;
- г) табыс алу мақсатында шаруашылық субъектісіндегі құнды қағаз портфелін басқаруға тікелей қатысу құқығын алу;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

4.21. Портфельдік инвестиция дегеніміз не?

- а) салушының өзі жоспарлаған құнды қағаз көлемін барынша жинақтау;
- б) салушының нақтылы инвестициялық мақсатына жетудегі әр жақты жиналған инвестициялық құнды қағаздардың жиынтығы;
- в) салушылардың жоспарындағы құнды қағазбен жұмысты атқару;
- г) салушының инвестициялық жоспарындағы құнды қағаз портфелін әр жақты құнды қағазбен толтыру және дисконтті төлемді есептеу;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

4.22. Диверсификацияланған портфель деп қандай портфельді айтады?

- а) портфельге салынған құнды қағаздың (акция) бір түрі;
- б) портфельге салынған құнды қағаздар: акция, облигация, сақтық және депозиттік сертификаттар, кепілдеме куәлігі, камсыздандыру полисі;
- в) портфельге салынған құнды қағаздардың жиынтығын басқару өнері, құнды қағаз құнын түсірмей сақтап, табыс алу жұмысын реттеудегі портфель қызметі;
- г) портфельге салынған сертификат жиынтығы;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

4.23. Белгілі бір портфельдегі табыс мөлшерін есептеп шығаруға, егер келесі көрсеткіштер: T_m – портфельдегі табыс мөлшері; $p_1 p_2 p_n$ – жеке активтегі табыс мөлшері; $y_1 y_2 y_n$ – портфельдегі активтердің тиісінше үлестері белгілі болса, портфельдегі табыс мөлшерін анықтайтын формула қайсысы?

- а) $T_m = Y_2 \cdot P_2 + Y_1 P_1 + \dots + Y_n P_n$
- б) $T_m = Y_1 \cdot P_1 + Y_2 P_2 + \dots + Y_n P_n$
- в) $T_m = P_1 \cdot P_2 + Y_1 Y_2 + \dots + P_n Y_n$
- г) $T_m = P_1 \cdot Y_1 + Y_2 P_2 + \dots + P_n Y_n$
- д) $T_m = p_2 \cdot q_2 + y_1 \cdot y_2 + \dots + y_n p_n$

4.24. Инвестициялау жұмысындағы дисконттеу коэффициентін немесе қазіргі құн мен келешек құнды шығаруды, егер келесі көрсеткіштер: K_g – дисконттеу коэффициенті немесе (болашақ ақша сомасы) болашақ құн; B_k – бастапқы (қазіргі, өтіп бара жатқан мезгіл) құны; τ – пайыз ставкасы немесе табыс мөлшері; n – табысты қосып есептеудегі жыл саны белгілі болса, дисконтті есептеу формуласы қайсысы?

- а) $K_g = B_k \cdot (1 + \tau)^n$
- б) $K_g = B_k / (1 + \tau)^n$
- в) $K_g = (1 + \tau)^n / B_k$
- г) $K_g = (1 + \tau)^n \cdot B_k$
- д) $K_g = B_k - (1 + \tau)^n$

4.25. Құнды қағаз портфелін басқарудың екі әдісін көрсет:

- а) синхронды және асинхронды;
- б) экстенсивті және интенсивті қолдану;
- в) активті және пассивті;

- г) диверсификацияланған және диверсификацияланбаған портфель;
- д) портфельдегі қағаз және портфельден тыс құнды қағаздар.

4.26. Мониторинг – бұл:

- а) құнды қағаздың инвестициялық құны;
- б) құнды қағаздың инвестициялық қоры;
- в) құнды қағаздың инвестициялық мөлшері;
- г) жалпы фирма жағдайында жеке инвестор және келешектегі таңдалып алынатын құнды қағаздар сапасы және эмитенті;
- д) жалпы фирма жағдайында жеке инвестор және өткендегі таңдалып алынған құнды қағаздар саны мен мөлшері.

4.27. Бағалы қағаздардың портфельдік басқару әдісін көрсет:

- а) жақсы диверсификацияланған портфель құнды қағаз жиынтығын басқару әдісіндегі дисконттеуді шешу;
- б) портфельді құнды қағазбен іріктеп толтыру әдісі;
- в) диверсификацияланған портфель құнды қағаз жиынтығын басқару, құнды қағаз құнын түсірмей, сақтап, табыс алу жұмысы;
- г) портфельдің өзгеруінсіз қысқа мерзімге берілуі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

4.28. Активті басқару кәсіпорынның (фирма) инвестиция саясатын іске асыратын маңызды құрал. Ол үшін не істеледі?

- а) портфельдегі құнды қағаздарды сату мерзіміне жоспар жасау;
- б) портфельдегі құнды қағазбен іріктеп толтыру және сатып алу мерзімін немесе қаржы активін сатуды анықтау;
- в) портфельді құнды қағазбен толтыру тұрақтылығын анықтау, мезгілі келгенде сатуды ұйымдастыру;
- г) портфельді құнды қағазбен толтыру тұрақтылығын жоспарлап, жоспар бойынша сатуды белгілеу.

4.29. Свопинг – бұл:

- а) қаржы рыногі арқылы құнды қағаздарды сатып алуды ұйымдастыру;
- б) бағалы қағаздардың бір жерде шоғырланып, жинақталуы;
- в) бағалы қағаздардың тұрақты алмасуы және қаржы рыногі арқылы құнды қағаздардың айырбасталуын белгілеу;

г) бағалы қағаздардың бір жерде іріктеліп толуы.

4.30. Активті басқарудың төрт негізгі түрлері қайсысы?

а) таза табысты іріктеу, айырбастау, сектор-своп, есепті ставканы алдын ала болжау;

б) бағалы қағаздарды таңдау, акцияны бір экономика секторының екіншісіне алмастыру, портфельді құнды қағаздан түсетін табысты реттеу, құнды қағазды ұстап тұру;

в) акция тиімділігінің ерекшелігін пайдалану, жоғарғы табысты облигацияларды сату, төменгі табысты облигацияларды ұстау, бағалы қағазды портфельдік басқару;

г) таза табысты бөлу, орын ауыстыру, есепті ставканы есептеп отыру, свопинг.

4.31. Әртүрлі деңгейдегі абсолюттік күрделі қаржы салу тиімділігін сипаттайтын, егер $K_{x/ш}$ – халық шаруашылық деңгейдегі күрделі қаржы салудың абсолюттік тиімділік коэффициенті, ΔY_T – ұлттық табыстың өсуі; K – ұлттық табыстың өсуіне қарай күрделі қаржы салу; $Y_{өт}$ – күрделі қаржыны өтеу уақыты белгілі болса, оны анықтайтын формуланы көрсет:

$$а) K_{x/ш} = \frac{K}{\Delta Y_T} \quad Y_{өт} = \frac{\Delta Y_T}{K}$$

$$б) K_{x/ш} = \frac{\Delta Y_T}{K} \quad Y_{өт} = \frac{K}{\Delta Y_T}$$

$$в) K_{x/ш} = \Delta Y_T \cdot K \quad Y_{өт} = K \cdot \Delta Y_T$$

$$г) K_{x/ш} = K \cdot \Delta Y_T \quad Y_{өт} = \Delta Y_T \cdot K$$

4.32. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорын үшін күрделі қаржы жұмыстардың тиімділігін анықтауда, егер $\Delta\Pi$ – инвестиция салу есебінен кәсіпорында пайданың өсуі, $\Theta_1\Theta_2$ – инвестиция салуға дейін және кейінгі өнім бірлігінің өзіндік құны, Θ_k – күрделі қаржы салудан кейінгі өнім шығару көлемі, K – күрделі қаржы салу белгілі болса, оны анықтайтын формуланы көрсет;

$$а) K_k = \frac{(\Theta_1 - \Theta_2)\Theta\Theta_2}{K}; \quad Y_{өт} = \frac{K}{(\Theta_1 - \Theta_2)\Theta\Theta_2}$$

$$б) K_k = \frac{\Theta K_2(\Theta_1 + \Theta_2)}{K}; \quad Y_{өт} = \frac{K}{(\Theta_1 + \Theta_2)\Theta\Theta_2}$$

$$в) K_k = \frac{K}{\Theta K_2 (\Theta_1 + \Theta_2)}; \quad Y_{\Theta T} = \frac{K}{(\Theta_1 + \Theta_2) \Theta \Theta_2}$$

$$г) K_k = \frac{\Theta K_2 (\Theta_1 + \Theta_2)}{K}; \quad Y_{\Theta T} = \frac{(\Theta_1 + \Theta_2) \Theta \Theta_2}{K}$$

4.33. Инновациялық өнімдер көлеміне жататындар:

а) есепті жылы түрлі технологиялық жетістіктер негізінде өндірілген өнімдер;

б) есепті жылы өндірілген барлық өнімдер;

в) есепті жылы өндірілген жаңа өнімдер;

г) есепті жылы өндірілген жартылай фабрикаттар;

д) барлық жауаптар дұрыс емес.

4.34. Өнеркәсіптегі инновацияның негізгі екі түрін атаңыз:

а) өнімдердің, технологиялардың жаңа түрлері;

б) инновациялық өнімдер, инновациялық емес өнімдер;

в) өнім инновациясы, үрдіс инновациясы;

г) өнімдердің, техниканың жаңа түрлері;

д) барлық жауаптар дұрыс.

4.35. Өнім инновациясы дегеніміз:

а) технологиялық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді дайындау және өндіріске енгізу;

б) технологиялық жаңа өнімдерді дайындау;

в) технологиялық жетілдірілген өнімдерді дайындау;

г) техникалық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді дайындау және өндіріске енгізу;

д) технологиялық жаңа және техникалық жетілдірілген өнімдерді дайындау және өндіріске енгізу.

4.36. Үрдіс инновациясы дегеніміз:

а) жаңа өндірістік жабдықтар, өндірістік үрдісті ұйымдастырудың жаңа түрлері;

б) технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу;

в) зерттеулер мен әзірмелер нәтижелері;

г) технологиялық жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу;

д) технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді енгізу.

- 4.37. Инновациялық өнім қандай бұйымдарды қамтиды:
- а) жаңа (қайта енгізілген) радикалдық өнімдік инновация;
 - б) жетілдіруге ұшыраған бұйымдар;
 - в) өндірістің жаңа әдістерінде құрылған бұйымдар;
 - г) өндірістің елеулі жетілдірілген әдістерінде құрылған бұйымдар;
 - д) барлық жауаптар дұрыс.

4.38. Озық өндірістік технологияларға жатады:

- а) микроэлектроникада құралған өндірісте пайдаланылатын технологиялар мен технологиялық үрдістер;
- б) компьютердің көмегімен басқарылатын технологиялар мен технологиялық үрдістер;
- в) өнімдерді өңдеуде пайдаланылатын машиналар және жабдықтар;
- г) өнімдерді өңдеуде пайдаланылатын аппараттар және аспаптар;
- д) «а» және «б» жауаптары дұрыс.

Есептер

Есептің шартты белгілері:

$K_t - t$ (қадам) есебіне жетуіндегі қорытынды;

Πt – капитал салу есебінсіз t – қадам есебінің шығыны;

T – объектіні жоюды жүргізгенге дейінгі, есебіндегі қадамға тең номері (ай, тоқсан, жыл);

E – дисконт мөлшері күрделі қаржы салу (табыс мөлшері);

t – қадам ретінің есебі ($t = 0, 1, 2, \dots$);

K_t – күрделі қаржы салу t – қадам есебі;

J_{tm} – ішкі табыстың мөлшері (J_{tm}), бірлік үлесі;

$t_{от}$ – күрделі қаржыны өтеу мерзімі;

J_n – жалпы пайда;

C – салық және терім.

4.1. Инвестициялық жобаны төмендегі мәлімет бойынша іске асыру қорытындысында келтірілген (дисконттірленген) тиімділіктерінің сомасын (мың теңге) анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Инвестициялық жобаны іске асырулағы қадам есебі (жылдар):			
		1	2	3	4
1.	Өнімді сату көлемі (ҚСС)	-	12000	24000	30000

2.	Сатылған өнімнің өзіндік құны, оның ішінде амортизация	-	8000 600	15000 1100	18000 1900
3.	Салық және басқадай аудару	-	900	1400	2700
4.	Дисконт мөлшері	-	0,10	0,10	0,10

Шешімі.

1. Қосылған құнға салықсыз қадам есебі бойынша өнімді сату көлемі, мың теңге:

$$\text{Бірінші қадам} - \frac{0}{1,2} = 0$$

$$\text{Екінші қадам} - \frac{12000}{1,2} = 10000$$

$$\text{Үшінші қадам} - \frac{24000}{1,2} = 20000$$

$$\text{Төртінші қадам} - \frac{30000}{1,2} = 25000$$

2. Есеп саны бойынша таза пайданың көлемі (қосылған құнға салықсыз сату көлеміне өзіндік құнды және салықты шегеру), мың теңге:

Бірінші қадам – жоқ болу;

Екінші қадам – $10000 - 8000 - 900 = 1100$;

Үшінші қадам – $20000 - 15000 - 1400 = 3600$;

Төртінші қадам – $25000 - 18000 - 2700 = 4300$;

3. Есеп қадамы бойынша келтірілген тиімділік шамасы (таза пайда қосылған амортизация):

Бірінші қадам – жоқ болу;

Екінші қадам – $1100 + 900 = 2000$;

Үшінші қадам – $3600 + 1400 = 5000$;

Төртінші қадам – $4300 + 2700 = 7000$;

4. Келтірілген (дисконттірленген) тиімділік сомасы, мың теңге:

$$\frac{0}{1+0,1} + \frac{2000}{(1+0,1)^2} + \frac{5000}{(1+0,1)^3} + \frac{7000}{(1+0,1)^4} = 10373$$

4.2. Жыл бойы эшелондырылған әртүрлі өндіріс қорына күрделі қаржы салудың үш түрі салыстырылады. Дисконттің 0,2 мөлшеріндегі түрі бойынша күрделі қаржы салуды толық (дисконттеуді) анықтау керек.

Түрлері	Жылдар бойынша күрделі қаржы салу көлемі:				Күрделі қаржы бөлудің көлемі, сомасы
	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	4-ші жыл	
I	10	10	10	10	40
II		20	15	10	45
III			30	20	50

Шешімі: Түрлері бойынша күрделі қаржы салу толық (дисконттелген) сомасы, млн.теңге:

$$I. \frac{10}{1+0,2} + \frac{10}{(1+0,2)^2} + \frac{10}{(1+0,2)^3} + \frac{10}{(1+0,2)^4} = 25,88$$

$$II. \frac{0}{1+0,2} + \frac{20}{(1+0,2)^2} + \frac{15}{(1+0,2)^3} + \frac{10}{(1+0,2)^4} = 27,38$$

$$III. \frac{0}{1+0,2} + \frac{0}{(1+0,2)^2} + \frac{30}{(1+0,2)^3} + \frac{20}{(1+0,2)^4} = 27,00$$

4.3. Салынған күрделі қаржыны өтеу мерзімін анықтау керек: Дисконттірленгенсіз есепте, 0,2 дисконт мөлшерінде дисконттірленген есепте.

Есепті шығару үшін керекті мәліметтер кестеде келтірілген (мың теңге):

Көрсеткіштер	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл	Төртінші жыл
Күрделі қаржы бөлу көлемі	5000	1000	-	-
Сатылған өнім көлемі (қ.с. салықсыз)	4000	8000	10000	10000
Сатылған өнімнің өзіндік құны, оның ішінде амортизация	3000 300	5500 400	6000 400	6000 400
Салық және басқа төлемдер	200	400	500	500

Шешімі.

1. Жалпы күрделі қаржы бөлу көлемі, мың теңге:

а) дисконттірленбеген $5000 + 1000 = 6000$;

б) дисконттірленбеген есебінде $\frac{5000}{1+0,2} + \frac{1000}{(1+0,2)^2} = 4861$

2. Жалпы пайда (сатылған өнімнің өзіндік құнын шегеруден кейінгі), мың теңге:

бірінші жыл – $4000 - 3000 = 1000$;

екінші жыл – $8000 - 5500 = 2500$;

үшінші жыл – $10000 - 6000 = 4000$;

төртінші жыл – $10000 - 6000 = 4000$;

3. Таза пайда (салықты шегергеннен кейінгі жалпы пайда), мың теңге:

бірінші жыл – $1000 - 200 = 800$;

екінші жыл – $2500 - 400 = 2100$;

үшінші жыл – $4000 - 500 = 3500$;

төртінші жыл – $4000 - 500 = 3500$;

4. Таза табыс (таза пайда қосылған амортизация) мың теңге:

бірінші жыл – $800 + 300 = 1100$;

екінші жыл – $2100 + 400 = 2500$;

үшінші жыл – $3500 + 400 = 3900$;

төртінші жыл – $3500 + 400 = 3900$.

5. Келтірілген (дисконттірленген) табыс, мың теңге:

бірінші жыл – $\frac{1100}{1+0,2} = 917$

екінші жыл – $\frac{2500}{(1+0,2)^2} = 1736$

үшінші жыл – $\frac{3900}{(1+0,2)^3} = 2257$

төртші жыл – $\frac{3900}{(1+0,2)^4} = 1880$

6. Салынған күрделі қаржының өтелу мерзімін анықтаймыз:

а) Дисконттірленгенсіз есеп бойынша:

бірінші жылда 1100 мың теңге өтеледі;
 екінші жылда $1100 + 2500 = 3600$ мың теңге өтеледі;
 үшінші жылда $6000 - 3600 = 2400$ мың теңге өтеледі;

Бұл сома – $\frac{2400}{3900} = 0,62$ жылда өтеледі

Өтелу мерзімінің жиынтығы:

$$2 + 0,64 = 2,64$$

а) Дисконттелген есепте:

бірінші жылы 917 мың теңге өтеледі;
 екінші жылы $917 + 1736 = 2653$ мың теңге өтеледі;
 үшінші жылы $4861 - 263 = 2208$ мың теңге өтеледі;

Бұл сома $\frac{2208}{2257} = 0,98$ жылда өтеледі.

Өтелу мерзімінің жиынтығы: $2 + 0,98$ үш жылда өтеледі.

4.4. Кестедегі мәлімет бойынша инвестиция жобасында табыстылық индексін және интегралдық тиімділік мөлшерін (таза дисконттірленген табыс) анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Есеп қадамы:			
		бірінші жыл	екінші жыл	үшінші жыл	төртінші жыл
1.	Таза пайда	800	2100	3500	3500
2.	Амортизация	200	400	400	400
3.	Күрделі қаржы салу	5000	1000	-	-
4.	Дисконт мөлшері, бірлік үлесі	0,2	0,2	0,2	0,2

Шешімі:

1. Таза табыс, мың теңге:

бірінші жылы – $800 + 200 = 1000$;

екінші жыл – $2100 + 400 = 2500$;

үшінші жыл – $3500 + 400 = 3900$;

төртінші жыл – $3500 + 400 = 3900$.

2. Интегралды тиімділік, мың теңге:

$$\varepsilon_{\text{инт}} = \left[\frac{1000}{1+0,2} + \frac{2500}{(1+0,2)^2} + \frac{3900}{(1+0,2)^3} + \frac{3900}{(1+0,2)^4} \right] - \left[\frac{5000}{1+0,2} + \frac{1000}{(1+0,2)^2} \right] = 6706 - 4861 = 1845$$

3. Табыстылық индекс бірлігі: $J_T = \frac{6706}{4861} = 1,38$

4.5. Кестедегі мәлімет бойынша инвестициялық жобадағы табыстылық индексін және интегралды тиімділігін анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл
1.	Таза пайда	мың теңге	250	300	450
2.	Амортизация	-/-	150	150	150
3.	Күрделі қаржы салу	-/-	1000	-	-
4.	Дисконт мөлшері	бірлік үлесі	0,2	0,15	0,1

Шешімі:

1. Таза табыс (таза пайда қосылған амортизация) мың теңге:
 бірінші жыл – $250 + 150 = 400$;
 екінші жыл – $300 + 150 = 450$;
 үшінші жыл – $450 + 150 = 600$;

2. Интегралды тиімділік, мың теңге:

$$\frac{400}{1+0,2} + \frac{450}{(1+0,2)*(1+0,15)} + \frac{600}{(1+0,2)*(1+0,15)*(1+0,1)} = 333 + 326 + 395 = 1054$$

3. Келтірілген күрделі қаржы салу шығыны, мың теңге:

$$\frac{1000}{1+0,2} = 833$$

4. Интегралды тиімділік, мың теңге:

$$\text{Эинт} = 1054 - 833 = 221$$

5. Табыстылық индекс бірлігі:

$$J_T = \frac{1054}{833} = 1,27$$

4.6. 0,3 дисконт мөлшерінде қаржыландыру мақсатқа сәйкес және инвестициялық жобада ішкі табыстылық мөлшерін (J_{TM}) кестедегі келтірілген мәлімет нәтижесін қолдана отырып есептеу керек:

№	Көрсеткіштер	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл	Төртінші жыл
1.	Өндіріс қорына күрделі қаржы салу	5500	500	-	-
2.	Сағу көлемі (к.к. салықсыз)				
3.	Сатылған өнімнің өзіндік құны	3000	8000	12000	10000
4.	Амортизация	300	500	500	500
5.	Пайдадан алынған салық	400	1000	2000	1500

Шешімі:

1. Таза пайда, мың теңге:

бірінші жыл: $3000 - 2200 - 400 = 400$;

екінші жыл: $8000 - 5000 - 1000 = 2000$;

үшінші жыл: $12000 - 7000 - 2000 = 3000$;

төртінші жыл: $10000 - 6000 - 1500 = 2500$.

2. Таза табыс, мың теңге:

бірінші жыл: $400 + 300 = 700$;

екінші жыл: $2000 + 500 = 2500$;

үшінші жыл: $3000 + 500 = 3500$;

төртінші жыл: $2500 + 500 = 3000$.

3. Ішкі табыстылық мөлшерінің (J_{TM}), бірлік үлесі:

$$\frac{700}{1+J_{TM}} + \frac{2500}{(1+J_{TM})^2} + \frac{3500}{(1+J_{TM})^3} + \frac{300}{(1+J_{TM})^4} = \frac{5500}{(1+J_{TM})} + \frac{500}{(1+J_{TM})}$$

Алмастырып қою әдісі:

$J_{TM} = 0,2$

$583 + 1736 + 2025 + 1447 = 4583 + 347$

$5791 = 4930$

$J_{TM} = 0,3$

$583 + 1479 + 1593 + 1050 = 4230 + 296$

$4660 = 4526$

$J_{TM} = 0,31$

$534 + 1457 + 1557 + 1019 = 4189 + 291$

$4598 = 4489$

$J_{TM} = 0,33$

$526 + 1413 + 1488 + 959 = 4135 + 283$

$4386 = 4418$

$J_{TM} = 0,32$

$$530+1435+1522+988=4167+287$$

$$4475 = 4454$$

$$J_{\text{тм}} \text{ кабылдаймыз} = 0,32$$

Мұндай мөлшерді $J_{\text{тм}}$ дисконт $E = 0,3$ мөлшерінің деңгейін қамтамасыз етеді, олай болса, инвестициялық жобаны қаржыландару орынды.

4.7. Кәсіпорынның есепті мезгілінде экономикалық көрсеткіштері келесідей: сатылған өнім – 16800 мың теңге, негізгі қоры – 14000 мың теңге, айналым құралдары – 5600 мың теңге, ағымдағы жылдық шығынның күрделі қаржыға бөлуіндегі келтірілген коэффициенті (K_k) 0,16 құрайды.

Анықтау керек:

1. Келтірілген шығынның жиынтығы;
2. Өндірістің экономикалық тиімділік коэффициентін;
3. Келтірілген шығынның үлесін;
4. Қорқайтарымдылығын.

Шешімі:

1. Келтірілген шығынның жиынтығы:

$$J_{\text{КЕЛ}} = (НҚ + АҚ) \cdot K_k + Ш$$

$$J_{\text{КЕЛ}} = (14000 + 5600) \cdot 0,16 + 10080 = 13216 \text{ мың теңге.}$$

2. Өндірістің экономикалық тиімділігінің коэффициенті:

$$K_p = C_p : J_{\text{КЕЛ}} \cdot K_p = 16800 : 13216 = 1,27$$

3. Келтірілген шығынның үлесі:

$$J_{\text{КЕЛ}} \cdot \text{үл} = J_{\text{КЕЛ}} : C_p$$

$$J_{\text{КЕЛ}} \cdot \text{үл} = 13216 : 16800 = 0,787$$

4. Қорқайтарымдылығы:

$$K_k = 16800 : 14000 = 1,2 \text{ теңге}$$

4.8. Кәсіпорында екі түрде күрделі қаржы салуды қарастырып, 30 млн. теңге көлемінде қаржыны игеру белгіленген. Жасалатын объектілердің сметалық құны және инвестицияны игеру мерзімі бірдей, бірақ шығынды жылдар мерзімі бойынша игеру әртүрлі:

Құрылыс объектілерінің түрлері (млн. теңге)

Күрделі қаржы бөлу	Өзгерілетін жылдар:					Сомасы
	бірінші	екінші	үшінші	төртінші	бесінші	
Бірінші түрі	2,0	3,5	6,0	8,0	10,5	30,0
Екінші түрі	10,5	8,0	6,0	3,5	2,0	30,0

Күрделі қаржы бөлудегі дисконттіріленген соманы ($K_{\text{дис}}$) $E = 0,1$ дисконт мөлшерінде алынып есепті мерзімнің бірінші жылында есепті мезгіл деп есептедегендегі дисконтты сомасын анықтау керек.

а) бірінші түрі;

б) екінші түрі

в) осы екі түрдегі инвестицияны уақыт факторын есепке ала отырып, артықшылығы барын қабылдау керек.

Шешімі:

Күрделі қаржы салу сомасын дисконттірлеу:

а) бірінші түрі:

$$2 + \frac{3,5}{1+0,1} + \frac{6}{(1+0,2)^2} + \frac{8}{(1+0,2)^3} + \frac{10,5}{(1+0,2)^4} = 23,32 \text{ млн.тенге}$$

б) екінші түрі:

$$10,5 + 8 \cdot 0,9091 + 6 \cdot 0,8264 + 3,5 \cdot 0,7513 + 2 \cdot 0,6830 = 26,73 \text{ млн.}$$

тенге;

в) бірінші түрі пайдалырақ, өйткені бес жылдан кейін 30,0 млн.теңгені алу үшін, бүгін 26,7 млн.теңгені емес, 23,3 млн. теңгені салу керек.

4.9. Кәсіпорын жаңа өнім шығаруға инвестициялық жобаны жасады. Есепті (базистік) жылға қаржыландыру жобада жыл басынан қабылданды.

Көрсеткіштер (мың тенге)	Есепті мезгіл $t=0,1,2, \dots, T$						
	инвестициялай- тын			пайдаланатын			
	$t=0$	$t=1$	$t=2$	$t=3$	$t=4$	$t=5$	$t=6$
Ғылыми-зерттеу және тәжірибе құрастыру жұмысына (ҒЗТҚЖ) кеткен шығын							
Күрделі қаржы шығыны		30	40				
Өнімді шығару ағымындағы шығын (амортизациясыз)				60	60	60	60
Өнімді сатудағы түсім				100	100	100	100

Дисконт мөлшері $E=0,1$. Бұл барлық жылдардағы есеп мерзіміне тұрақты саналады. Кестеде келтірілген шығындар мен

қорытындылар, базистік бағада есептелінген. Дисконттірленген коэффициентті пайдалану арқылы анықтау керек:

$$a_1 = \frac{1}{(1+E)t}$$

- а) күрделі қаржы салу көлемін;
 - б) ағымдағы шығын сомасын;
 - в) интегралды қорытындыны (сату көлемін);
 - г) интегралды тиімділікті (таза дисконттелген табысты ТДТ);
 - д) күрделі қаржы салу табыс индексін (І_т),
- мұнда a_1 – дисконт мөлшері

Шешімі:

- а) күрделі қаржы салу;

$$10 + \frac{30}{1+0,1} + \frac{40}{(1+0,2)^2} = 70,4 \text{ мың теңге}$$

- б) ағымдағы шығын сомасы:

$$60 : 1,331 + 60 : 1,4641 + 60 : 1,6106 + 60 : 1,7715 = 262,1 \text{ мың теңге}$$

- в) интегралды тиімділік (ТДТ):

$$262,1 - (157,3 + 70,4) = 34,4 \text{ мың теңге}$$

- г) күрделі қаржы салу табысының индексі:

$$I_t = (262,1 - 157,3) : 70,4 = 1,49, \text{ немесе } 149\%$$

Өз бетінше есеп шығару

4.10. Жоба бойынша 160 000\$ инвестиция керек етеді. Осы инвестицияның көмегімен жылына 30 000\$ табысқа ие болып, 15 жылдай осындай көрсеткіште болмақ. Сонымен, осындай инвестицияның мақсатқа сәйкестігін бағалау керек, егер дисконттелген коэффициент мөлшері 15% тең болғанда.

4.11. Жобада 15 жылға есептелініп 150 000\$ көлемінде инвестиция керектігі белгіленді. Бастапқы бес жыл бойы кіріс жағы болмайды, әрі қарай 10 жылдан кейін жыл сайынғы табыс 50 000\$ құрады. Сонымен, мұндай инвестицияны қабылдауға бола ма, егер дисконттелген коэффициент 15%-ға тең болса?

4.12. Фирма келесі жылы 65 млн. теңге көлемінде инвестициялауды мақсат қойды. Фирманың бөлімшелері өздерінің

ұсыныстарын мүмкіндігінше инвестициялауды жөн көріп, төмендегі бірнеше көлемде (млн. теңге) жобаға ендірді.

Жоба	Инвестиция көлемі	Ішкі табыстылық мөлшері	Таза дисконт-тірленген
А	50	15	12
В	35	19	15
С	30	28	42
Д	25	26	1
Е	15	20	10
Ғ	10	37	11
Г	10	25	13
Н	1	18	0,1

Осы көрсетілген түрлерінің ішінде қабылдауға жататын комбинациясын таңдау керек:

- ішкі табыстылық мөлшерін;
- таза дисконттелген табысты.

4.13. Кестедегі мәлімет бойынша кәсіпорында екі жылдың көрсеткіштерін қолдана отырып бос толтырмаған кестені мәліметпен толтыру керек:

Көрсеткіштер	Бірінші жыл	Екінші жыл
Сатылған өнімдер, мың теңге	17500	20100
Негізгі қорлар, мың теңге	14000	14500
Айналым құралдары, мың теңге	6000	6500
Ағымдағы өндіріс шығындары, мың теңге	10800	11640
Келтірілген шығын жиынтығы, мың теңге		
$E=0,16$ дисконт мөлшері		
Өндіріс тиімділігінің экономикалық коэффициенті		
Келтірілген шығын үлесі		

4.14. Кәсіпорынның екі жылдағы жұмыс қорытындысы төменгі көрсеткіштермен сипатталады:

Көрсеткіштер	Шартты белгілер	Базалық жыл	Есепті жыл	Ауытқуы +,-
Сатылған өнім, мың теңге	C_n	17500	20100	+2600
Келтірілген шығын жиынтығы, мың теңге	K_w	14000	15000	+1000
Өндірістің экономикалық тиімділік коэффициенті	K_3	1,25	1,34	+0,09
Келтірілген шығын үлесі	$\Sigma_{\text{КЕЛҮЛ}}$	0,8	0,746	-0,054

Анықтау керек:

- өндірістің интенсивті үлесінен өнімнің өсуін, мың теңге;
- экстенсивті фактордың үлесінен өнімнің өсуін, мың теңге;
- интенсивті үлесінен өнімнің өсу үлесін, %;
- есепті жылда өнімнің барлық көлемінің шығынын келтіруіндегі жылдық үнемін, мың теңге.

4.15. Кәсіпорынның соңғы жылда шаруашылық жұмысының көрсеткіштері төмендегі кестеде келтірілген:

Көрсеткіштер	Бірінші жыл	Екінші жыл	Өзгеруі
Сатылған өнімнің көлемі, мың теңге	21000	25200	+4200
Жұмысшылардың саны, адам	1500	1600	+100
Бір жұмысшының өнімділігі, теңге/адам	14000	15700	+1750
Келтірілген шығын жиынтығы, мың теңге	24700	25200	

Анықтау керек:

- еңбек өнімділігін көтеру есебінен өнімнің өсуін, мың теңге;
- бірінші және екінші жылғы өндірістің тиімділік коэффициентін;
- өндірістің интенсивті үлесінен өнімнің өсуін, мың теңге;
- өндіріс тиімділігінің көтерілуінен жылдық экономикалық тиімділігін (үнемделген шығын сомасын), мың теңге;
- екінші жылда өндірістің даму тәсілін график көмегімен көрсетіп және өндіріс тиімділігінің индекс деңгейін, келтірілген шығын индексін.

4.16. Жыл бойы кәсіпорында келесі шараларды іске асыру үшін ақша қаражатын шығарды (мың теңге):

а) инвестициялық жобаны жасауға және экспертизаға беру – 3000;

б) негізгі цехтың жабдықтарын күрделі жөндеуден өткізу – 2500;

в) жаңа цехтың ғимаратын шаруашылық тәсілімен құрылысқа және дайын өнімге қойма жасауға жұмсалған – 18000;

г) негізгі материалдың запасын толтыруға арналған – 2000;

д) жаңа станок және инструменттер сатып алуға кеткен – 12000;

е) мұнай және автомобиль компаниялар акциясын сатып алуға – 5000;

ж) инвестициялық компаниядан акцияларды сатып алуға – 1000.

Нақтылы (капитал жасаушы) инвестиция сомасын анықтау керек.

4.17. Инвестициялық жобада өндіріске ендіру бойынша автоматталған роторлық бағытқа арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибе-құрастыру жұмысының (ҒЗТҚЖ) шығынына капитал салу – 300 мың теңге, бұл инвестиция бірінші жылдың есепті мезгілінде игеріледі. Өнім шығару екінші жылдан бастап бес жылға есептелген. Жылдық өндіріс қорытындысы 600 мың теңгені құрады, ал ағымдағы жылдық өндіріс шығыны – 400 мың теңге.

Дисконт мөлшері тұрақты $E=0,1$ келтірілген шығын коэффициентін және жылдар бойы есепті мезгілдегі қорытындысы тең болады:

t_1-1 ; $t_2-0,9091$; $t_3-0,8264$; $t_4-0,7513$; $t_5-0,6830$; $t_6-0,6209$;
 $t_7-0,5645$.

Анықтау керек (мың теңге):

а) есепті мезгілдегі жалпы шығын сомасын;

б) интегралды қорытындысын;

в) таза дисконттірілген табысын;

г) өтеу мезгілінің сомарлық шығынын.

4.18. Күрделі қаржының технологиялық құрылымын, бұл құрылымның негізгі бағытындағы өзгеруін, күрделі қаржының белсенді бөлігінің өсуін (%) анықтау керек:

Көрсеткіштер	Құрылыс, монтаж жұмысы, мың теңге	Жабдықтар, инвентарлар, аспаптар, мың теңге	Жоба іздестіру жұмысы, мың теңге	Баскадай, мың теңге
Өткен жыл	75,0	9,0	3,0	3,0
Есепті жыл	36,0	29,0	0,15	0,35

4.19. I, II, III кезектердегі зауытқа және жалпы зауыт бойынша күрделі қаржы салу үлес салмағын анықтау керек:

Көрсеткіштер	Зауыт кезегі:		
	I	II	III
Белгіленген қуаттылық, мың м ³	300	1200	1000
Күрделі қаржы салу, мың теңге	600	100	165

6 тақырып: НЕГІЗГІ ӨНДІРІС ҚОРЫ (КАПИТАЛЫ) ЖӘНЕ ҚУАТТЫЛЫҒЫ

Өндірістік қорлар еліміздің ұлттық байлығының аса маңызды бөлігін құрайды. Негізгі өндіріс қоры (капиталы) – ұзақ жылдар бойы өндіріс саласында жұмыс істейтін, материалдық игіліктерді өндіруге қатысып, өзінің заттай түрін сақтайтын, бірте-бірте тозатын және өзінің құнын өндірілетін жаңа өнімге тозу мөлшеріне қарай амортизаторлық жарна түрінде аударатын өндіріс құралдарын айтамыз.

Кәсіпорынның өндіріс қоры үнемі қозғалыста болып, айналымда болады. Олар өндіріс шеңберінен, айналым өндірісіне, ал одан қайтып келесі өндіріс шеңберіне оралады.

Қордың әртүрлі элементтері айналымда болуы бірдей емес. Міне, осындай жағдайға байланысты өндіріс шеңберінде болған қорлар немесе **өндіріс қорлары негізгі және айналым болып бөлінеді.**

Өндіріске қатысу нәтижесінде негізгі өндіріс қоры – өндірістік және өндірістік емес болып екіге бөлінеді.

Негізгі өндіріс қоры – бұл қор өндіріс үрдісіне тікелей қатысатын – машина күштері мен жабдықтар немесе оның іске асуына жағдай туғызатын, өндірістік корпусы, тасымалдау көлігі, сақтау және қойма бөлімдері кіреді. Негізгі қормен бірге өндіріс үрдісіне тікелей қатыспайтын (кәсіпорын балансындағы жұмысшыларға қызмет ететін объектілер) – өндірістік емес қорларға жатады. Бұл негізінен, кәсіпорындағы әлеуметтік құрылымға кіретін – тұрғын үй қоры, мәдени – тұрмыстық қызметке арналған ғимараттар мен құрылыстар, спорттық құрылыстар, денсаулық сақтау объектілері, бала-бақша, мектеп т.б. объектілер кіреді. Өндіріс үрдісінде және табиғи заттай белгісімен барлық негізгі өндіріс қоры төмендегідей болып бөлінеді:

1. Өндіріс ғимараттары
2. Ірі құрылыстар
3. Беріліс қондырғылар
4. Күш машиналары мен жабдықтар
5. Жұмыс машиналары және жабдықтар
6. Өлшеуіш және реттеуші приборлардың барлық түрлері, зертханалық жабдықтар
7. Шаруашылық және өндіріс инвентарлары

8. Инструменттер, аспаптар

9. Көлік машиналары

10. Басқадай негізгі қорлар түрлері.

Әрбір топтағы негізгі өндіріс қорының құндылығының жалпы өндіріс қорына үлес салмағын (%) өндірістегі құрылымын көрсетеді. Негізгі өндіріс қорының құрылымы салаларда, бірлестіктерде және кәсіпорындарында өзінің қолдануына, бағытына, көлеміне қарай әртүрлі болады.

Негізгі өндіріс қорының кейбір бөлігі үйлер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, өндіріс және шаруашылық құралдары өнім өндірісіне тікелей қатыспауы мүмкін – ол тек еңбек тіршілігіне, өндірістің технологиялық үрдісін

дамытуына көмектеседі. Мұндай негізгі өндіріс қорының бөлігін – **енжарлы бөлігі** дейді. Ал, беріліліс қондырғылар, ішкі зауыт көліктері, әсіресе өнім өндірудегі машиналар мен жабдықтар, яғни негізгі өндіріс қордың белгілі бөлігі өндіріс бөлімшелерінде өнім өндіруде шешуші рөл атқаратын өндіріс қорларын – **белсенді бөлігіне** жатқызады.

Өндірісте негізгі қордың белсенді бөлігінің құны арқылы кәсіпорынның мүмкіндігіне қарай дамыған сайын қордың тиімділік көрсеткіштері жоғарлап, кәсіпорынның техникалық деңгейі және қуаттылығы артады.

Негізгі өндіріс қорын есепке алғанда және жоспарлағанда, сонымен бірге негізгі өндіріс қорының өндіріс қуаттылығын анықтағанда табиғи және құн (акшадай) түрдегі көрсеткіштері қолданылады.

Жұмыс істеп тұрған негізгі қорлар бухгалтерлік есепте олардың баланстық құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі өндіріс қорлары төмендегідей бағаланады:

- бастапқы құны бойынша, оған қорға ие болғандағы құны, оны жеткізу және құрастырып орналастыру шығындары кіреді;
- қалпына келтіру құны бойынша, яғни оған негізгі қорларды қайта бағалау нәтижесіндегі құны жатады;
- қалдық құны бойынша, яғни бастапқы құнының немесе қалпына келтірілген құнның тозу құнының айырмашылығымен анықталады.

Негізгі өндіріс қорының қалдық құнын мына формуламен анықтауға болады:

$$K_k = NK_{ок} - (NK_{ок} * Ma / 100 * t),$$

мұнда, K_k - қалдық құны;

$НК_{БК}$ – негізгі өндіріс қорының бастапқы құны, теңге;

Ma – толық қалпына келтіру амортизациясының мөлшері, %;

t – негізгі өндіріс қорының нақты жұмыс істеген уақыты, жыл.

Негізгі өндіріс қорының ұзақ уақыт жұмысқа қатысу үрдісінде немесе жұмысқа қатыспай тұруынан тозып, өзінің пайдалы қасиетінен айырылып, яғни табиғи және сапалы тозуға душар болады.

Табиғи тозу – негізгі өндіріс қорларын өндірісте ұзақ жылдар бойы қолданудың салдарынан сынуын және тозуын айтады. Тозудың бұл түрі пайдаланудың және табиғаттың әсерінен болуы мүмкін.

Сапалы тозу – негізгі қордың толық тозбай жатып құнсыздануы немесе өндіріс үрдісінен шығып қалуы. Ғылыми-техникалық прогрестің даму әсерінен кәсіпорындағы техникалар мен жабдықтар көп жағдайда сапалық тозуға ұшырайды. Сапалық тозу табиғи тозуға қарағанда тозуы ерте келеді, ондағы техниканы әліде болса өндірісте қолдануға болады, бірақ оны қолдану экономикалық жағынан алғанда тиімсіз.

Сапалық тозуға көбінесе машина, техника және жабдықтар ұшырайды. Сапалық тозудың екі түрі ажыратылады.

Сапалық тозудың бірінші түрі – баланстық және қалпына келтіру құндарының ара қатынысы негізінде анықталады:

$$ТоЗ(C_1) = \frac{Бқ - Ққ}{Бқ} \cdot 100\%$$

мұнда $ТоЗ(C_1)$ – сапалық тозудың бірінші түрі;

$Бқ$ – баланстық құн, мың теңге;

$Ққ$ – қалпына келтірілген құн, мың теңге.

Сапалық тозудың екінші түрі – көбінесе ескі және жаңа жабдықтардың өнімділігін салыстыру арқылы анықталады:

$$ТоЗ(C_2) = \frac{\Theta_{н2} - \Theta_{н1}}{\Theta_{н2}} \times 100\%$$

мұнда $ТоЗ(C_2)$ – сапалық тозудың екінші түрі;

$\Theta_{н1}$ – істеп тұрған негізгі қордың өнімділігі;

$\Theta_{н2}$ – жаңа өндірілген негізгі қордың өнімділігі.

Амортизация - негізгі өндіріс қорының өндірісте қолдануына сәйкес оның тозуын жыл сайын өнім құнына өндірілген өнімге (өзіндік құнына) өзінің ақшадай көшіріп отыратынын айтқанбыз. Негізгі қордың табиғи және сапалық тозу құнын экономикалық

орнын толтыру амортизациялық көшірім арқылы шыққан шығынды өндірілген өнімге аударып отыруымен көрініс алады. Сонымен, амортизация – бұл шығарылатын өнімге негізгі өндіріс қорының құнын біртіндеп көшіруін айтамыз.

Амортизациялық көшірім – кәсіпорын балансындағы тұрған, негізгі өндіріс қорлардың топтағы немесе жабдықтар объектісінің баланстық құны бойынша белгіленген мөлшерінде кәсіпорынның көшіріп отыруын айтамыз.

Амортизация мөлшері – белгіленген негізгі қорлардың жылдық пайыздық өтелу және жыл сайынғы амортизациялық көшірім сомасы. Былайша айтқанда, **амортизация мөлшері** дегеніміз бұл жылдық амортизациялық көшірім сомасының негізгі өндіріс қорлар құнына қатынасы, пайызбен көрсетіледі.

Толық қалпына келтіру амортизациялық мөлшерін (% есебімен) төмендегі формула бойынша анықтаймыз.

$$Ma = \frac{НК_{б.к.} - Ж + Б}{НК_{б.к.} * tt} \times 100\%$$

мұнда Ma – амортизациялық мөлшер (%);

$НК_{б.к.}$ – негізгі өндіріс қордың бастапқы құны, теңге;

$Ж$ – негізгі қордың жойылған құны (немесе жойылған негізгі қорды сатылғаннан түскен пайда), теңге;

$Б$ – негізгі қордың жойылуына байланысты бөлшектеуге (демонтаж) кеткен т.б. шығындар, теңге;

tt – амортизациялық мерзім, жыл.

Экономикалық талдауда, есепте және жоспарлауда біріншіден еңбек құралдарының қозғалысын және жағдайын, екіншіден, оларда дұрыс пайдалану тиімділігін анықтау үшін көптеген көрсеткіштер жүйесін қолданады. Оларды екі топқа бөлуге болады: **жинақтаушы** және **жеке** көрсеткіштер.

Негізгі өндіріс қорының қолдану деңгейінің тиімділігін айқындайтын негізгі бір жинақтаушы көрсеткіш – **қорқайтарымдылық**.

Қорқайтарымдылық дегеніміз жалпы өнім құнының негізгі өндірістік қордың ортажылдық құнына қатынасы.

Қорқайтарымдылық ($Ққ$) көрсеткішін төмендегі формуламен есептейді:

$$Ққ = \frac{Жө}{Нқ} \times 100\%$$

мұнда $J_в$ – жыл бойы өндірілген өнімнің табиғи немесе құндай есептелгендегі құны;

$H_к$ – негізгі өндірістік қордың ортажылдық құны;

Қорқайтарымдылық көрсеткішінің кері қатынасы өнімнің **қорсиымдылығын** көрсетеді:

Қорсиымдылық көрсеткіші дегеніміз негізгі өндіріс қорының орта жылдық құнының жалпы өнім құнына қатынасы.

$$K_c = \frac{H_k}{J_в} \times 100\%$$

мұнда K_c – өнімнің қорсиымдылығы.

Негізгі өндіріс қорының белсенді бөлігін қолдану деңгейін тікелей сипаттайтын және өндіріс қуаттылығын, сонымен бірге оларды пайдалану мүмкіндігін жақсартатын жеке көрсеткіштеріне жататыны:

а) жабдықтарды пайдаланудың экстенсивті коэффициенті – негізгі өндіріс қорының белсенді бөлімін пайдалану деңгейін уақытпен сипаттайтын көрсеткіш, немесе жабдықтардың нақты істеген жұмыс сағат санының, жоспар бойынша оның жұмыс сағат санына қатынасымен анықталады:

$$K_{\text{экст}} = \frac{Y_n}{Y_{\text{жт}}}$$

мұнда, Y_n – машина және жабдықтардың нақты жұмыс жасаған уақыты;

$Y_{\text{жт}}$ – жұмыс тәртібіне сәйкес машина және жабдықтардың жұмыс атқару уақытының режімдік қоры.

Өндірісте негізгі қорды пайдаланудың экстенсивті тобында төмендегідей коэффициенттерді қолданады:

- жабдықтарды алмастыру коэффициенті;
- жабдықтарды жүктеу коэффициенті;
- жабдықтардың жұмыс тәртібінің алмасуын пайдалану коэффициенті.

б) жабдықтарды пайдалануда интенсивті коэффициентінің маңызы өте зор. Ол машинаны және жабдықтарды пайдалану деңгейін қуаттылықпен сипаттайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткішті есептеу үшін төмендегі формуланы қолданады:

$$K_{\text{инт}} = \frac{\Theta_n}{\Theta_m}$$

мұнда Θ_n – машина және жабдықтардың нақты өнімділігі;
 Θ_m – машина және жабдықтардың техникалық мүмкінділік өнімділігі (жабдықтардың паспорты бойынша анықталады).

в) жабдықты интегралды пайдалану коэффициенті – машина және жабдықтардың пайдалану деңгейін уақытпен және қуаттылықпен сипаттайтын кешенді көрсеткіш.

Оны мына формуламен анықтауға болады:

$$K_{\text{ИНТЕГ}} = K_{\text{ЭКС}} * K_{\text{ИНТЕН}}$$

Негізгі өндіріс қорларын пайдалануда белгілі өлшемдері бар келесі көрсеткіштер қолданылады:

Кәсіпорынның барлық мүлкінің рентабельдігі (P_M), жеке құрал рентабельдігі ($P_{\text{ЖК}}$) және өндіріс қорларының рентабельдігі ($P_{\text{ЭК}}$).

$$P_M = \frac{\text{пайда}}{\text{баланс активіндегі орташа шамасы}} \times 100$$

$$P_{\text{ЖК}} = \frac{\text{пайда}}{\text{жекеліктегі құралдардың орташа шамасы}} \times 100$$

$$P_{\text{ЭК}} = \frac{\text{пайда}}{\text{н.ө. қорының орташа қалдық құны + айналым құралдардың материалдық құны}}$$

Негізгі өндіріс қорын пайдалану деңгейін сипаттайтын көрсеткіш - оның рентабельді болуы ($P_{\text{КОР}}$)

$$P_{\text{КОР}} = \frac{\text{пайда}}{\text{негізгі өндіріс қорының орта жылдық қалдық құны}} \times 100$$

Негізгі өндіріс қорына (капиталына) арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқаны көрсет:

5.1. Тозуына қарай өзінің құнын дайын өнімге біртіндеп аудартатын және өндіріс цикліне көп қатысатын еңбек құралына жататыны:

- а) еңбек заттары;
- б) негізгі емес өндіріс қорлары;
- в) негізгі өндіріс қорлары;
- г) айналым құралдары.

5.2. Негізгі қорды есепке алғанда оларды кәсіпорын балансына ендіргенде қандай бағалау қолданылады?

- а) қалпына келтірілген құн;
- б) толық бастапқы құн;
- в) қалдық құн;
- г) орта жылдық құн.

5.3. Негізгі өндіріс қорын пайдалану деңгейін сипаттайтын көрсеткіш:

- а) рентабельность, пайда;
- б) қорқайтарымдылық, қорсымдылық;
- в) жұмысшылар еңбегін қормен қаруландыру;
- г) алмасу коэффициенті;
- д) жұмысшылардың еңбек өнімділігі.

5.4. Негізгі өндіріс қорларын экстенсивті пайдалануды сипаттайтын көрсеткіш:

- а) қорқайтарымдылық, қорсымдылық;
- б) алмасу коэффициенті, жабдықтарды пайдаланудың экстенсивті коэффициенті;
- в) еңбекті қормен қаруландыру;
- г) өндіріс рентабельдігі;
- д) кәсіпорын пайдасы.

5.5. Жабдықтарды интенсивті пайдалануын сипаттайтын көрсеткіш:

- а) алмасу коэффициенті;
- б) қорқайтарымдылық;
- в) жұмысшылар еңбегін қормен қаруландыру;
- г) жабдықтың өнімділігі;
- д) жабдықтарды пайдаланудағы интенсивті коэффициенті.

5.6. Қорқайтарымдылық көрсеткішін сипаттайтыны:

- а) алмасу коэффициенті;
- б) қорқайтарымдылық;
- в) жұмысшылар еңбегін қормен қаруландыру;
- г) жабдықтың түріндегі өнімділігі;
- д) жабдықтарды пайдаланудағы интенсивті коэффициенті.

5.7. Негізгі қордың амортизациясы – бұл:

- а) негізгі қордың тозуы;

- б) негізгі қордың құнын, дайындалатын өнімнің өзіндік құнына көшіру үрдісі;
- в) негізгі қорды қалпына келтіру;
- г) негізгі қорды қолданудағы шыққан шығын.

5.8. Негізгі қорды ақшадай түрде бағалаудың үш түрі бар, ол қайсысы?

- а) табиғи, құнды, қалдық;
- б) бастапқы, қалпына келтірілген, қалдық құн;
- в) еңбекті, өндірістік, табиғи;
- г) орта жылдық, жылдық, өндірістік.

5.9. Негізгі өндіріс қорының орта жылдық құнының өнеркәсіп-өндіріс жұмысшыларының санына қатынасы нені сипаттайды және ол қандай көрсеткіш?

- а) техникалық қарулануын;
- б) қорқайтарымдылығын;
- в) қорсиымдылығын;
- г) қормен қарулануын;
- д) рентабельдігін.

5.10. Негізгі өндіріс қорының орташа жылдық құнының шығарылған өнім көлеміне қатынасы нені анықтайды?

- а) өсу коэффициентін;
- б) қорқайтарымдылығын;
- в) қорсиымдылығын;
- г) өндіріс рентабельдігін;
- д) еңбек күшімен қарулануын.

5.11. Өнімді өндіру көлемінің негізгі қордың ортажылдық құнына қатынасы нені көрсетеді?

- а) өсу коэффициентін;
- б) өндіріс рентабельдігін;
- в) еңбек күшімен қарулануын;
- г) қорсиымдылығын;
- д) қорқайтарымдылығын.

5.12. Баланстағы пайданың негізгі өндіріс қорының орташа жылдық құнына қатынасы нені анықтайды?

- а) рентабельдігін;
- б) қорсиымдылығын;

- в) еңбек, материал сиымдылығын;
- г) қорқайтарымдылығын;
- д) еңбек күшімен қарулануын.

5.13. Кәсіпорынның өндіріс қуаты қандай өндіріс қорының топтарына байланысты?

- а) есептеуші техникалар, есептеу құралдарға;
- б) ғимараттар, машина және жабдықтар, тасымалдау көлігіне;
- в) өлшеуіш және реттеуші приборлар, зертханалық жабдықтарға;
- г) тұрғын үй, бала бақша, мәдени құрылыстарға;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

5.14. Негізгі өндіріс қорының бастапқы құнынан тозу құнын шегеруден кейінгі құнды не деп атайды?

- а) қалпына келтірілген;
- б) қалдық құн;
- в) бастапқы құн;
- г) орта жылдық құн;
- д) тозу құны.

5.15. Жойылған негізгі қордың құны жыл басындағы негізгі қордың құнына қатынасы нені көрсетеді?

- а) жаңалау коэффициентін;
- б) экстенсивті қолдану коэффициентін;
- в) шығу коэффициентін;
- г) өсу коэффициентін;
- д) интенсивті қолдану коэффициентін.

5.16. Негізгі өндіріс қорын бағалау кезінде оның құны қалай бейнеленіп көрсетіледі?

- а) бастапқы құнымен;
- б) қалдық құнымен;
- в) тозу құнымен;
- г) орташа жылдық құнымен;
- д) қалпына келтіру құнымен.

5.17. Жаңалау коэффициентін анықтағанда, жаңадан ендіріліп іске қосқан негізгі қордың қатынасын төмендегі аталғандардың қайсысы анықтайды?

- а) негізгі қордың жыл аяғындағы құнына;
- б) негізгі емес қордың жыл аяғындағы құнына;
- в) негізгі қордың жыл басындағы құнына;
- г) негізгі қордың орта жылдық құнына;
- д) өндіріс қордың қалпына келтірілген құнына.

5.18. Негізгі өндіріс қоры қалай бағаланады?

- а) бастапқы құнымен;
- б) қалдық құнымен;
- в) қалпына келтіру құнымен;
- г) жойылу құнымен;
- д) жауаптардың барлығы дұрыс.

5.19. Техниканы және жабдықтарды сатып алу, жеткізу және орналастыру шығындарын қалай атаймыз?

- а) зауыттың белгіленген құны;
- б) амортизация;
- в) қалдық құны;
- г) бастапқы құны;
- д) қалпына келтіру құны.

5.20. Еңбек құралы және еңбек заты нені құрайды?

- а) негізгі қорды;
- б) өндіріс қорын;
- в) өндірістік емес қорын;
- г) айналым құралын;
- д) айналым қорын.

5.21. Өндіріс шығынына амортизация арқылы (өнімнің өзіндік құнына) құн мөлшерін енгізуді қалай атайды?

- а) амортизация;
- б) амортизация мөлшері;
- в) амортизациялық көшіру;
- г) негізгі өндіріс қорының белсенді бөлігі;
- д) амортизациялау жоспары.

5.22. Негізгі өндіріс қорының жаңадан өндіріске енген және өндірістен шығып қалған, негізгі қордың құндары арасындағы айырмасының жыл аяғындағы негізгі қордың құнына қатынасы нені анықтайды?

- а) жаңалау коэффициентін;
- б) шығып қалу коэффициентін;
- в) өсу коэффициентін;
- г) негізгі өндіріс қордың орта жылдық құнын;
- д) жыл аяғындағы құнын.

5.23. Негізгі өндіріс қорының өндірісте қолдануына байланысты өзінің тозу құнының бөлігін жыл сайын өндірілген өнімге көшірілуін қалай атаймыз?

- а) амортизациялық мөлшер;
- б) тозу құны;
- в) амортизация;
- г) амортизациялық көшіру;
- д) сапалық тозу құны.

5.24. Қорқайтарымдылығының өсуі нені көрсетеді?

- а) өндірістің тиімсіз жұмыс істеуін;
- б) өндірісте өнімді көп өндіру мақсатында қолда бар қорларды дұрыс пайдалануды;
- в) затқа айналған өндіріс құралдарын толық пайдалануын;
- г) өнімді өндіру үшін өндірістегі материалдардың көп болуын;
- д) қаржы салу көмегімен өнім өндіру көлемінің көбеюін.

5.25. Қорсыымдылығының өсуі нені көрсетеді?

- а) затқа айналған өндіріс құралдарының керегінше көп болғанын;
- б) затқа айналған өндіріс құралдарын толық қолданбауын;
- в) өндіріс құралдарын толық қолданбауын;
- г) қаржы салу көмегімен өнім өндіру көлемінің көбеюін;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

5.26. Нарықтық экономика жағдайында қолда бар ескірген қорларды жаңамен ауыстыруда амортизациялық мөлшерін аударудың үш әдісін қолданады. Ол қандай әдістер?

- а) жай, ұлғаймалы, ұдайы;
- б) бәсең, тіпті бәсеңдеу, тоқтату;
- в) жай, біркелкі, бәсең;
- г) біркелкі, біркелкі тездетілген, тездетілген;
- д) жай, ұлғаймалы, бәсең.

5.27. Орта жылдық амортизациялық соманы көшіруде (А), қалай анықтайды, егер келесі көрсеткіштер: У – жабдықтың қызмет ету уақыты; НҚ – негізгі қордың бастапқы құны (калпына келтіру), Ж – жасақтауға кеткен шығын, Р – амортизация уақыт мезгілінде барлық күрделі жөндеуден өткен құны, Л – негізгі қордың жойылу құны белгілі болған жағдайда қайсы формула анықтай алады?

$$а) A = \frac{НҚ + Р + Ж + У}{Л}$$

$$б) A = \frac{НҚ + Ж + Л}{У + Р}$$

$$в) A = \frac{НҚ + Р + Ж - Л}{У}$$

$$г) A = \frac{У + Л}{НҚ + Р + Ж}$$

5.28. Негізгі қордың табиғи тозуын (Тоз (Т), қалай анықтайды, егер келесі көрсеткіштер: Т_М – нақты атқарған мерзімі;

Т_Н – норматив бойынша атқару мерзімі белгілі жағдайда:

$$а) \text{Тоз (Т)} = \frac{Т_M - Т_N}{Т_N} \times 100\%$$

$$б) \text{Тоз (Т)} = \frac{Т_N}{Т_N - Т_M} \times 100\%$$

$$в) \text{Тоз(Т)} = \frac{Т_M}{Т_N} \times 100\%$$

$$г) \text{Тоз(Т)} = \frac{Т_M + Т_N}{Т_N} \times 100\%$$

5.29. Негізгі өндіріс факторлары қайсысы:

а) жер, еңбек, капитал;

б) өндіріс, капитал, тауар;

- в) еңбек, капиталдар, материалдар;
- г) кәсіпкерлік, материалдар, еңбек;
- д) жауап жоқ.

5.30. Жылдық өнім шығару 17225 мың теңгені құрады, орта жылдық жұмысшылар саны – 1100 адам, негізгі өндіріс қорының орта жылдық құны – 8300 мың теңге. Қормен қарулануы қандай?

- а) 13,3;
- б) 15,7;
- в) 2,07;
- г) 7,5;
- д) 20,5.

5.31. Жыл басына негізгі өндіріс қорының құны – 25330 мың теңге, есепті жылда жаңадан ендірілген негізгі қордың құны – 724 мың теңге, жыл аяғындағы негізгі өндіріс қоры – 21600 мың теңгені құрды. Жаңалау коэффициенті қандай?

- а) 28,5;
- б) 3,35;
- в) 2,99;
- г) 3,5;
- д) 20,5.

5.32. Жабдықтың нақты жұмыс істеген уақыты – 190 мың машина-сағат, жоспар бойынша – 184 мың машина-сағат, машина-сағатта өнім өндіру – 49,75 теңге жоспарланған. Жабдықтардың экстенсивті қолдану коэффициенті қандай болады?

- а) 0,97;
- б) 0,95;
- в) 1,05;
- г) 1,03;
- д) 2,5.

5.33. Бір машина-сағатта өнімді өндіру 58,02 теңге көлемінде жоспарланған, нақты орындалуы – 59,34, жабдықтың нақты жұмыс істеген уақыты – 204,4 мың машина-сағат. Жабдықтың интенсивті қолдану коэффициенті қандай болады?

- а) 0,99;
- б) 2,02;
- в) 0,98;
- г) 1,02.

Есептер

Есептің шартты белгілері:

$НК_{жжк}$ – негізгі қордың ортажылдық құны;

$НК_{жкб}$, $НК_{жа}$ – негізгі қордың жыл басындағы және жыл аяғындағы құны;

$НК_е$, $НК_ш$ – негізгі қордың өндіріске ендірілген және өндірістен шыққан (жойылған) құны;

$K_к$, $K_с$ – қорқайтарымдылығы, қорсиымдылығы;

$K_{жест}$, $K_{инт}$, $K_{интегр}$ – жабдықтарды қолданғандағы экстенсивті, интенсивті, интегралды коэффициенттері;

$K_{алм}$ – жабдықтарды алмастыру коэффициенті;

$T_{өк}$ – тауарлы өнімнің көлемі;

$Қ_к$, $Қ_с$ – қуаттылық, ортажылдық қуаттылық;

$T_{жог}$, $T_{пай}$, $T_{реж}$, $T_{жос}$, $T_н$ – техниканың жоғарғы мүмкіндіктегі, пайдалы, режимдік, жоспарлы және жабдықтың нақты уақыт қоры;

$K_{кп}$ – қуаттылықты пайдалану коэффициенті;

$M_{он}$ – бір машинаның (станоктің) өнімділігі;

N_1 – жабдықтың сол топтағы бұйымды өндеу мөлшері;

A – амортизациялық көшірімнің сомасы;

$A_{км}$ – амортизациялық көшірімнің мөлшері;

$K_{жк}$ – жабдықты паркте қолдану коэффициенті;

$K_ш$, $K_ж$ – негізгі құралды шығару және жаңалау коэффициенті;

$B_к$ – объектінің толық бастапқы құны;

$Ж_к$ – объектінің жойылу құны;

O_m – объектінің қызмет етудегі мөлшерлік мезгілі;

$Ж_с$, $Ж_с$, $Ж_с$ – жыл бойғы, күнтізбелік, жұмыс және жұмыссыз күн саны;

a – жабдықтың жұмыс алмастыру (ауысым) саны;

C_c – станок саны;

$t_{ал}$ – ауысымның ұзақтығы;

$\% п$ – жабдықтың тоқтап қалу ауқыты, пайызбен;

$п$ – станоктың, жабдықтардың, машинаның саны;

$N_{он}M_{он}$, $Ж_{он}$ – тиісінше нақты өнім шығару, мөлшерлік, жоспарлы өнім шығару;

$п_а$ – негізгі қорды жыл аяғына дейін жұмысқа ендірілген ай саны;

$т_а$ – негізгі қорды жыл аяғына дейін тоқтап жұмыстан шығып калған ай саны.

5.1. Тұрмыстық машина жасау зауытының цехінде 90 станок орнатылған. Цехта жұмыс тәртібі екі ауысым режимінде, жұмыс ұзақтығы 8 сағат. Жылдық өнім шығару көлемі 270 мың бұйым, цех өндірісінің қуаттылығы –300 мың бұйым. Жұмыс алмастыру станоктарының эктенсивті, интенсивті және интегралды коэффициенттерін анықтау керек.

Бірінші ауысымда станоктардың бәрі жұмыс істеді, екіншісінде – станок паркінің 50 бірлігі, жылына атқаратын жұмыс күн саны – 260 болды. Нақты бір станок жылына – 3800 сағат жұмыс істеді.

Шешімі:

$$1. K_{\text{алт}} = M_n / Q (90 \text{ ст/а} + 50 \text{ ст/а}) : 100 = 1,4$$

$$2. T_{\text{жог}} = J_c \times a_{\text{л}} \times t_{\text{ал}} \times \frac{90 - \% \text{п}}{100} = 260 \times 2 \times 8 = 4160 \text{ сағ}$$

$$3. K_{\text{экс}} = T_n / T_{\text{жог}} = 3800 / 4160 = 0,91$$

$$4. K_{\text{инт}} = N_{\text{өп}} / M_{\text{өп}} = 270 / 300 = 0,9$$

$$5. K_{\text{интегр}} = K_{\text{экс}} \cdot K_{\text{инт}} = 0,91 \cdot 0,9 = 0,82$$

5.2. Цехтағы жабдықтар құны 17 мың теңге. 1 наурызда жабдықты қолдануға ендірді, оның құны 40,5 мың теңге; 1 шілде айында өндірістен жабдықтар шығып қалды, оның құны 21,3 мың теңге. Өнім өндіру көлемі 820,0 мың тонна, 1 тонна өнімнің бағасы 32 теңге. Өндіріс қуаттылығы 1000,0 тонна.

Жабдықтардың қорқайтарымдылығы мен жабдықтарды пайдаланудағы интенсивті коэффициентін анықтау керек.

Шешімі:

$$1. \overline{HK}_{\text{ожк}} = HK_{\text{жб}} + \frac{HK_e \cdot n_a}{12} - \frac{HK_{\text{ш}} \cdot m_a}{12} = 17 + \frac{40,5 \cdot 10}{12} - \frac{21,3 \cdot 6}{12} = 40,1 \text{ мың теңге}$$

2. $N_{\text{өп}}$ ақшадай көрсетілгенде:

$$820 * 32 = 26240 \text{ мың теңге}$$

$$3. K_k = \frac{N_{\text{өп}}}{\overline{HK}_{\text{ожк}}} = \frac{26240}{17023,1} = 1,54 \text{ теңге}$$

$$4. K_{\text{инт}} = \frac{N_{\text{өп}}}{K} = \frac{820,0}{1000} = 0,82$$

5.3. Кәсіпорында негізгі өндіріс қорларының топтары бойынша жыл мезгілінде және жыл басында, жыл аяғына дейінгі өзгеруі (мың теңге):

№	Негізгі қордың топтары	Жыл басында	Жыл бойы өзгеруі: өсуі+, кемуі-
1.	Өндірістік үйлер	341510	-
2.	Ғимараттар	64610	-
3.	Беріліс қондырғылар	36920	+440
4.	Жұмыс машиналары және жабдықтар	378430	+23500
5.	Күш машиналары мен жабдықтар	18460	-530
6.	Өлшеуіш приборлар мен зертханалық жабдықтар	23998	-810
7.	Есептеуіш техника	21229	+750
8.	Көлік құралдары	22152	-910
9.	Басқадай негізгі құралдар	15691	-230
	Барлығы	923000	

Бір жылғы тауарлы өнімнің көлемі 1236820 мың теңгені құрайды. Негізгі өндіріс қорының жыл басындағы құрылымын және қорқайтарымдылығын анықтау керек.

Шешімі:

Негізгі өндіріс қорының құрылымы:

- | | |
|--------|---------|
| 1. 37% | 6. 2,6% |
| 2. 7% | 7. 2,3% |
| 3. 4% | 8. 2,4% |
| 4. 41% | 9. 1,7% |
| 5. 2% | |

$$K_{ж} = H_{өн} / HK_{ож}$$

$$K_{ж} = \frac{923000 + (440 + 23500 + 750 - 530 - 810 - 910 - 230)}{2} = 934105 \text{ мың теңге}$$

$$K_{қ} = \frac{1236820 \text{ мың теңге}}{934105} = 1,32 \text{ мың теңге}$$

5.4. Кәсіпорында жыл басында негізгі өндіріс қоры 2825 мың теңге болды. Негізгі қорды жыл бойы өндіріске жаңадан ен-

діру және өндірістен шығару көлемі кестеде келтірілген. Осы мәліметті қолданып, негізгі өндіріс қорларының жылдық орташа және өндірістен шығып қалған негізгі қордың құнын, сонымен бірге негізгі қордың шығу және жаңалау коэффициенттерін анықтау керек.

Айдың іші санында	Негізгі қорлар, мың теңге	
	ендіру	шығару
Ақпан 2-ші ай	40,0	6
Мамыр 5-ші ай	50,0	4
Тамыз 8-ші ай	70,0	8
Қараша 11-ші ай	10,0	5

Шешімі:

$$1. \overline{НК_{ожк}} = 2825 + \left(\frac{40 \cdot 11}{12} + \frac{50 \cdot 8}{12} + \frac{70 \cdot 5}{12} + \frac{10 \cdot 2}{12} \right) - \left(\frac{6 \cdot 11}{12} + \frac{4 \cdot 8}{12} + \frac{8 \cdot 15}{12} + \frac{5 \cdot 12}{12} \right) = 2902,5 \text{ мың теңге}$$

$$2. НК_{шығып қалған} = 2825 + (40 + 50 + 70 + 10) - (6 + 4 + 8 + 5) = 2972,0 \text{ мың теңге}$$

$$3. НК_{жан} = НК_с / НК_{ожк} = (170,0 / 2972,0) \cdot 100\% = 5,7\%$$

$$4. K_{ш} = НК_{ш} / НК_{ожк} = (23 / 2825) \cdot 100\% = 0,8\%$$

5.5. Станоктың толық бастапқы құны 10,2 мың теңге, қызмет еткен мерзімі – 8 жыл. Жаңартуы 2,3 мың теңгені құрды, демонстрация шығыны – 0,2 мың теңге, станоктың қалдық құны – 0,5 мың теңге. Жылдық амортизациялық көшірім сомасы мен амортизация мөлшерін (линейлік әдісте есептеуде) анықтау керек.

Шешімі:

$$1. A = \frac{10,2 + 2,3 + 0,2 - 0,5}{8} = 1,525 \text{ мың теңге}$$

$$2. A_{км} = \frac{10,2 - 0,5}{10,2 \cdot 8} \cdot 100\% = \frac{9,7}{81,6} \cdot 100 = 11,9\%$$

5.6. Кір жуғыш машина жасау зауытының цехінде үш топ станоктар жұмыс істейді: темір тегістейтін станок – 5 дана, сүргілейтін – 11 дана, револьверлік – 15 дана. Әрбір бұйым бірлігін өңдеу уақыт мөлшері тиісінше 0,5 сағат, 1,1с, 1,5с.

Өндіріс цехының қуаттылығын анықтау жүктеледі, егер екі ауыспалы жұмыстағы орныққан тәртіпте ауыспалы жұмыстың ұзақтығы – 8 сағ; жабдықтың белгіленген уақыт қорынан тұрып қалу жұмыс -7% құрайды, жыл ішінде жұмыс күн саны– 255-ке тең.

Шешімі:

$$1. T_{\text{жог}} = J_{\text{к}} \cdot a \cdot t_{\text{ал}} \cdot \frac{100 - \% \text{пайыз}}{100} = 255 \cdot 2 \cdot 8 \cdot 0,93 = 3794,2 \text{ сағ}$$

$$2. M = \frac{T_{\text{жог}} \cdot n}{N_t}$$

$$3. M_{\text{тегіс}} = \frac{3794,4 \cdot 5}{0,5} = 37944 \text{ бұйым}$$

$$4. M_{\text{сүргіл}} = \frac{3794,4 \cdot 11}{1,1} = 37944 \text{ бұйым}$$

$$5. M_{\text{револь}} = \frac{3794,4 \cdot 15}{1,5} = 37944 \text{ бұйым}$$

5.7. Тоқыма фабрикасы екі ауысымды жұмыста істейді, жыл басында тоқыма станок саны – 500. Бірінші сәуірде 60 станок орнатылды, ал бірінші тамызда 50 станок өндірістен шықты. Жылдық жұмыс күн саны – 260, жоспарда жәй жөндеуден өткізу кезінде станоктың тоқтап қалуы – 5%, бір станоктың өнімділігі сағатына – 4метр мата шығару, жоспар бойынша – 7500 мың метр мата шығару. Фабриканың мата шығару өндірісінің қуаттылығын және қуаттылықты пайдалану коэффициентін есептеп шығару керек.

Шешімі:

$$1. n = 500 + \frac{60 \cdot 9}{12} - \frac{50 \cdot 6}{12} = 520 \text{ станок}$$

$$2. T_{\text{жжж}} = J_{\text{к}} \cdot a \cdot t_{\text{ал}} \cdot \frac{100 - \% \text{пайыз}}{100} = 260 \cdot 2 \cdot 8 \cdot 0,95 = 3952 \text{ сағ}$$

$$3. K = M_{\text{ен}} \cdot T_{\text{жжж}} \cdot n = 4 \cdot 3952 \cdot 520 = 8220,16 \text{ мың метр}$$

$$4. K_{\text{кп}} = \frac{Ж_{\text{он}}}{K} = \frac{7500}{8220,16} = 0,91$$

5.8. Келесі жағдайдағы цехтың өндіріс қуаттылығын және қуаттылықты пайдалану коэффициентін анықтау керек. Цехте 100 бірлік бір типтес жіп иіру станогы бар. Бірінші қарашада тағы да 30 бірлік орнатылды. Бірінші мамырда 6 бірлік шығып қалды, жылына жұмыс күн саны – 258, жұмыс тәртібі – екі ауыспалы жұмыс, ауыспалы жұмыс ұзақтығы – 8 сағат, жабдықтарды жөндеу, бос тұрып қалу жұмыс тәртібі – 6%, бір станогтың сағатына өнімділігі 5 бөлшек, жыл бойы өндіру жоспары – 1700000 бөлшек.

Шешімі:

$$1. T_{\text{жж}} = \frac{Ж_{\text{к}} \cdot a \cdot t}{100} \cdot \frac{100 - \% \text{пайыз}}{100} = 258 \cdot 2 \cdot 8 \cdot 0,94 = 3880,32 \text{ сағ}$$

$$2. n = \frac{n_{\text{ен}} \cdot M_{\text{он}}}{12} - \frac{пк \cdot n}{12} = 100 + \frac{30 \cdot 2}{12} - \frac{6 \cdot 8}{12} = 101 \text{ станок}$$

$$3. M = M_{\text{он}} \cdot T_{\text{жж}} \cdot N = 5 \cdot 3880,32 \cdot 101 = 1,959569 \text{ бөлшек}$$

$$4. K_{\text{кп}} = \frac{Ж_{\text{он}}}{K} = \frac{1700,000 \text{ бол}}{1959,569 \text{ бол}} \approx 0,87$$

5.9. Кәсіпорынның материалдық активтерінің түр құрылымын талдау және анықтау керек. Кестедегі келтірілген мәліметті қолдана отырып “Арман” акционерлік қоғамның негізгі материалдық активтерінің міндетті түр құрамын анықтау қажет. Талдау жасау мезгілінде кәсіпорын құрылым мәліметінің тенденциясының біршама өзгеруіне қорытынды жасау керек. “Арман” АҚ соңғы 5 жылдардың аяғында материалдық активтерінің мөлшері:

Материалдық активтердің элементі	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл (бағалау)	Төртінші жыл (бағалау)	Бесінші жыл (бағалау)
Негізгі өндіріс қоры	16850	17100	17800	18900	19800

Өндірістік айналым қоры	4550	4700	4950	5800	6700
Әлеуметтікке арналған мүлік	4300	4250	4050	3900	3200
Жиынтығы	25700	26050	26800	28600	29700

Шешімі:	65,6	65,6	66,4	66,1	66,7
	17,7	18,1	18,5	20,3	22,5
	16,7	16,8	15,1	13,6	10,8

5.10. Өндіріске жаңа техниканы ендіру жоспарланған, оның құны 54 мың теңге, ол 3 айдай жұмыс атқаруы тиіс және екі техниканы жойып, оның құны 3,6 мың теңге, ол 9 ай өндірісте жұмыс істеген. Негізгі қордың бастапқы құны 185,6 мың теңге болған.

Осы көрсеткіштерді қолдана отырып кәсіпорындағы негізгі өндіріс қорының орташа жылдық құнын анықтау керек.

Шешімі:

$$HK_{\text{өжк}} = 185,6 + \frac{54 \cdot 3}{12} - \frac{3,6 \cdot (12 - 9)}{12} = 198,2 \text{ мың теңге}$$

5.11. Негізгі өндіріс қорының қалдық құнын анықтау керек, егер K_6 баланстық (бастапқы) құны 20 мың теңге, қызмет еткен мезгілі M_k - 10 жыл жабдықты 7 жыл пайдаланған.

Шешімі: $HK_{\text{кк}} = K_6 - HK$ қалдық құнның тозуы, жылдық амортизация (Аж);

$$Aж = Ma \cdot K_6 \cdot 100\%,$$

$$Na = 1/10 \cdot 100 = 10\%,$$

$$Aж = (10,0 \cdot 20000 \text{ тен}) / 100\% = 2000 \text{ теңге/жыл.}$$

$$\text{Тозуы} = 2000 \text{ теңге} \cdot 7 \text{ жыл} = 14 \text{ мың теңге;}$$

$$HK_{\text{кк}} = 20000 - 14000 = 6000 \text{ теңге.}$$

5.12. Негізгі өндіріс қорының үдемелі құрылымын анықтау керек, егер белсенді бөлігі (НӨҚ белсенді) 100000 мың теңгені құрып, енжарлы бөлігі (НӨҚ ен) = 250000 теңге болғанда.

Шешімі:

$$HӨҚ_{\text{бел}} + HӨҚ_{\text{ен}} = 100\ 000 + 250\ 000 = 350\ 000 \text{ теңге;}$$

$$У_{\text{бел}} = HӨҚ_{\text{бел}} / HӨҚ \cdot 100 = 100\ 000 / 350\ 000 \cdot 100 = 28,57\%.$$

Қорытынды: мұнда белсенді бөлігі төмен, ол 60% -дан жоғары болуы тиіс.

5.13. Негізгі өндіріс қорының белсенді үдемелі құрылымын анықтау керек, егер жыл басында кәсіпорында келесі жабдықтар болған:

станоктар:

токорлық – 47 дана, әрқайсысы 10000 теңгеден;

фрезерлік – 60 дана, әрқайсысы 8000 теңгеден;

тесетін – 35 дана, әрқайсысы 5000 теңгеден;

фрезерлік (сандық басқару бағдарламада) – 20 дана, әрқайсысы 15000 теңге.

Шешімі:

Жыл басында негізгі өндіріс қорының құны:

$НҚж.б. = (47 * 10 + 60 * 8 + 35 * 5 + 20 * 15) = 1425$ мың теңге.

Станоктардың жалпы негізгі өндіріс қорының құнындағы үлес салмағы:

$[(20 * 15000) / 1425000] * 100 = 21\%$.

Қорытынды: негізгі өндіріс қорының құрамындағы үдемелі жабдықтардың үлес салмағы жеткілікті жоғары, ал оны ендіруде әлі де болса резервтер бар.

5.14. Жылдық амортизация сомасын және амортизация нормасын анықтау керек. Егер жабдықтардың қызмет ету мерзімі (Тқыз) – 10 жыл, бастапқы сатып алу бағасы – 110 мың теңге, жеткізу құны – 2,5 мың теңге, орнату (монтаж) құны – 0,5 мың теңге.

Шешімі:

$Ан = НҚб / Тқыз = (110 + 2,5 + 0,5) / 10 = 11,3$ мың теңге;

$Тқыз = 1 / 100 * На = 1 / 10 * 100 = 10$ жыл.

Қорытынды: анықталған жылдық амортизация мөлшері, ай сайынғы өнімнің өзіндік құнын өндіруде 12-ге бөлінеді.

5.15. Токарлық станоктарды ағымдағы жөндеуден өткізудегі шығындарын (Шж) анықтау керек. Егер ағымдағы жөндеу ұзақтығы (Нұ) бір жөндеу бірлігіндегі уақыт мөлшері 6,1 сағат, жөндеушінің бір сағатына (Ш) еңбек ақы ставкасы – 10 теңге, материал (М) шығыны – 5,5 теңге, жөндеу бөлшектерінің шығыны (Жбөл) – 25 теңге. Цехтағы барлық станок саны – 30.

Шешімі:

Бір станокты жөндеу шығыны:

$Шст = Нұ * Ш + М + Жбөл = 6,1 * 10 + 5,5 + 25 = 91,5$ теңге;

Барлық станоктарға :

$Шст = 91,5 * 30 = 2745$ теңге.

5.16. Негізгі өндіріс қорының орта жылдық құнын анықтау керек. Егер жыл басында негізгі өндіріс қорының құны 8825 мың теңгені құрса, жыл бойы жаңадан ендірілген және өндірістен шығарылғаны тиісінше: 1 наурызға – 75 мың және 3 мың теңге, 1 мамырға – 50 мың және 4 мың теңге. 1 қыркүйекте – 39 мың және 7 мың теңге, 1 желтоқсанға – 18 мың және 15 мың теңге болды.

Шешімі:

Негізгі қордың ортажылдық құны:

$$НҚ_{орт.ж} = НҚ_б + НҚ_{шык} \cdot n_1 / 12 - НҚ_ж \cdot n_2 / 12 = 8825 + (75 \cdot 10 + 50 \cdot 8 + 39 \cdot 4 + 18 \cdot 1) / 12 - (3 \cdot 10 + 4 \cdot 8 + 7 \cdot 4 + 15 \cdot 1) / 12 = 8926,55 \text{ мың теңге}$$

Қорытынды: жыл бойы НҚ шамалы өсіп: $8926,55 : 8825 \cdot 100 = 101,15 - 100,0 = 1,15\%$ құрды.

5.17. Кәсіпорында жыл басында негізгі өндіріс қоры 8825 теңгені құрады. Жыл бойы өндірілген және өндірістен шыққан негізгі қорлар тиісінше: 1 наурызда – 75 мың және 3 мың теңге; 1 мамырда – 50 мың және 4 мың теңге; 1 қыркүйекте – 39 мың және 7 мың теңге; 1 желтоқсанда – 18 мың және 15 мың теңге болды. Жыл бойғы тауарлы өнім көлемі – 4384 мың теңге болды. Қорқайтарымы мен қорсыйымдылығын анықтау керек.

Шешімі:

$$Ққайт = T_0 / НҚ_{орт.ж};$$

$$НҚ_{орт.ж} = НҚ_б + НҚ_{ен} \cdot n_1 / 12 = НҚ_ж \cdot n_2 / 12 = 8935,3 \text{ мың теңге};$$

$$Ққ = 4384 \text{ мың теңге} : 8935,3 \text{ мың теңге} = 0,49;$$

$$Қс = 1 / Ққ = 2,04 \text{ мың теңге};$$

Қорытынды: Кәсіпорында қорқайтарымдылығы өте төмен деңгейде (< 1), демек, өнімнің қорсыйымдылығы – 2,04 мың теңге.

5.18. Зауыттың цехында 190 станок бар. Цехтағы жұмыс тәртібі екі ауысым болып белгіленген. Ауысымның ұзақтығы 8 сағат. Жылдық өнім шығару көлемі 180000 бұйым, цехтың өндіріс қуаттылығы 210000 бұйым. Бірінші ауысуда барлық станок жұмыс істеді, екіншіде – 50% станок паркі, жылдағы жұмыс күні – 260, жыл бойы бір станоктің нақты жұмыс істеген уақыты – 4000 сағат.

Жабдықтарды пайдаланудың экстенсивті, интенсивті және ауысу коэффициенттерін (Кауыс., Кэкс., Кинт.) анықтау керек.

Шешімі:

$$K_{\text{ауыс}} = (N_1 + N_2) : n = (190 + 95) : 190 = 1,5;$$

$$K_{инт} = \Theta_n : \Theta_{кувал} = 180000 : 210000 = 0,857;$$

$$K_{экс} = T_{н.ж.} : T_{жос. бойынша} = K_{жұм.} \times K_{жос. ау.} \times t_{ау. ұз} = 260 \times 2 \times 8 = 4160;$$

$$K_{экс} = 4000 : 4160 = 0,96$$

мұнда: $K_{жұм.}$ = жылдағы жұмыс күн саны;

$K_{жос. ау.}$ = жоспардағы ауысу коэффициенті;

$t_{ау. ұз}$ = ауысу ұзақтығы, сағат;

Қорытынды: кәсіпорындағы жабдықтардың өнімділігін арттыруға қолданбай жатқан резервтер мол.

5.19. Қолданған жабдықтардың жүктеу деңгейін және жабдықтардың ауысу коэффициентіндегі жұмыс уақыт тәртібін есептеу керек. Егер қолда бар 350 жабдықтың бірінші ауысуда 320 жабдық жұмыс істесе, екінші ауысуда – 300 жабдық жұмыс атқарды. Ауысудың ұзақтығы 8 сағат.

Шешімі:

Жабдықтардың ауысудағы жүктеу коэффициенті ($K_{жүк.}$) төмендегі формуламен анықталады:

$$K_{жүк.} = K_{ау.} : K_{тау.},$$

$$\text{онда, } K_{ау.} = (N_1 + N_2) : n = (320 + 300) : 350 = 1,77;$$

$$K_{жүк.} = 1,77 : 2 = 0,885,$$

мұнда $K_{ау.}$ = ауысу коэффициенті;

$K_{тау.}$ = тәуліктегі ауысу саны;

N_1 және N_2 – тиісінше бірінші және екінші ауысудағы жұмыс істеген жабдықтар саны. Қорытынды: уақыттар бойынша жабдықтардың жүктелуінде ($100 - 88,5 = 11,5\%$) резервтер бар.

5.20. Зауытта 10 станок бір ауысымда жұмыс істеді, 20 станок – екі ауысымда, 35 станок – үш ауысымда, ал 3 станок тіптен жұмыс істемеді. Осы жағдайда орнатылған және жұмыс істеген жабдықтардың алмасу коэффициентін анықтау керек.

Шешімі:

$$K_{алмасу} = \frac{1 \cdot 10 + 2 \cdot 20 + 3 \cdot 35 + 0 \cdot 3}{10 + 20 + 35 + 3} = \frac{155}{68} = 2,28$$

Жұмыс істеген жабдықтардың алмасу коэффициентін анықтаймыз:

$$K_{алмасу} = \frac{1 \cdot 10 + 2 \cdot 20 + 3 \cdot 35}{10 + 20 + 35} = \frac{155}{68} = 2,38$$

Өз бетінше есеп шығару

5.11. Келесі мәліметтер бойынша негізгі өндіріс қордың орта жылдық құнын, өндіріске ендіру және өндірістен шығару коэффициентін анықтау керек:

Есепті жылдың 1-ші қыркүйегінде негізгі өндіріс қоры – 94100 мың теңге болды, 1-ші наурызда өндіріске жаңадан – 10200 мың теңгеге негізгі қорлар ендірілді, 1-ші қазанда тозудан – 34500 мың теңгенің негізгі қорлары, 1-ші желтоқсанда тозудан 1700 мың теңгенің жабдықтары өндірістен шықты.

5.12. Кестедегі мәліметтерді қолданып амортизациялық көшірімін анықтау керек:

Мүліктің аттары	Баланстық құны, теңге	Қалдық құны, теңге	Амортизация мөлшері, %
1-ші станок	12000	8400	10,0
2-ші станок	24000	14400	12,8
3-ші станок	6000	480	8,0

5.13. Жабдықтың қызмет ету мөлшеріндегі мезгілі – 10 жыл, оның сатып алғандағы құны – 6 мың теңге, көлік дайындау шығыны – 420 теңге, жабдықтың жойылу құны – 57,8 теңге, жабдықтың қалдық құны – 257 теңге. Амортизациялық аудару (жылдық) мөлшерін анықтау керек.

5.14. Станокты сатып алған кездегі құны – 3 мың теңге, қызмет ету мерзімі – 10 жыл, жаңалау шығыны амортизация мерзімінде – 0,8 мың теңге, жойылу құны – 0,6 мың теңге. Жыл бойындағы амортизациялық есептегі мөлшерін және сомасын анықтау керек.

5.15. Кәсіпорын есепті жылы (01.01) құны 7,5 мың теңгелік көлік құралын сатып алды. Осының қорытындысында негізгі өндіріс қорын қайта бағалағанда көлік құралдарының құны келесі жылы (01.01.) 150 мың теңгені құрды. Жылдық амортизациялық көшірім мөлшері – 16% болды. Үшінші жылы (01.01.) қалпына келтірілген құнын және көлік құралы бойынша жұмыс істеген мезгілде амортизациялық көшірімін анықтау керек.

5.16. Негізгі өндіріс қорының пайдалану көрсеткіштерін анықтау керек: қорқайтарымдылығын, қорсымдылығын, қормен

қарулануын. Қолданатын мәліметтер: жылдық өнім шығару – 8 млн. теңге, негізгі қордың орта жылдық құны – 400 мың теңге, ортажылдық жұмысшылар саны – 2 мың адам.

5.17. А кәсіпорыны жыл бойы 2,0 млн. теңгенің тауарлы өнімін өндірді. Негізгі өндіріс қорының орта жылдық құны – 500 мың теңге. Б кәсіпорыны 800 мың теңгедегі негізгі өндіріс қорымен 2400 мың теңгелік тауарлы өнімін өндірді. Сонымен, қай кәсіпорын негізгі өндіріс қорын тиімді қолданғанын анықтау керек.

5.18. Жыл басында кәсіпорында негізгі өндіріс қорының құны 9500 теңгені құрды. Жыл бойы тозудың нәтижесінде өндірістен шыққан негізгі өндіріс қорының құны – 800 теңге болды және жаңадан 400 теңгенің негізгі қоры ендірілді. Жылдық тауарлы өнімнің көлемі 20700 теңге болды. Орта жылдық адам саны 23 адам. Кәсіпорынның қорқайтарымдылығын, қорсымдылығын және қормен қарулануын анықтау керек.

5.19. Негізгі өндіріс қорын пайдаланудың өнім өндіруге әсерін анықтау керек:

Көрсеткіштері	Жоспар	Нақтылы
Жыл бойғы өнім өндіру, мың теңге	540	693
Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны, мың теңге	139	254

5.20. Қосымша өнім өндіру немесе өнім шығаруда негізгі өндіріс қор құнының өзгеруіне байланысты жоғалтуын және қорқайтарымдылығын анықтау керек:

Көрсеткіштері	Жоспар	Нақтылы	Айырмасы
Өнім шығару, мың теңге	450,0	570,0	+120,0
Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны, мың теңге	360,0	380,0	+20,0
Қорқайтарымдылығы, теңге	1,25	1,50	+0,25

5.21. Келесі мәліметтер бойынша негізгі өндіріс қорының жарамды коэффициентін және тозуын анықтау керек: негізгі өндіріс қорының бастапқы құны - 348 мың теңге, пайдалану мезгіліндегі есептелінген амортизация сомасы 48 мың теңге.

5.22. Кестедегі мәліметтер бойынша қорқайтарымдылығын, қорсиымдылығын, қормен қаруландыруды анықтау керек:

Көрсеткіштер	Мағнасы
Өнім шығару, мың теңге	47,8
Негізгі өндіріс қорының орташа жылдық құны, мың теңге	50,9
Орта тізімдегі жұмысшылар саны, адам	135
Сағудан түскен пайда, мың теңге	10,2

5.23. Келесі мәліметтер бойынша амортизация мөлшерін және жылдық амортизациясын анықтау керек: негізгі өндіріс қорының бастапқы құны – 300 мың теңге, негізгі өндіріс қорының жойылуына байланысты шығын – 12 мың теңге, негізгі өндіріс қорының қалдық құны – 4 мың теңге, мөлшерленген қызмет ету мерзімі – 5 жыл.

5.24. Келесі мәліметтер бойынша негізгі өндіріс қорының ортажылдық құнын анықтау керек: жыл басындағы негізгі өндіріс қорының құны – 493,3 мың теңге, 1-ші наурызда жаңадан енген негізгі өндіріс қоры – 65,1 мың теңге, негізгі қордың табиғи тозуына байланысты 1-ші қарашада өндірістен шығуы – 51 мың теңге, 1-ші желтоқсанда тағыда 34,8 мың теңгенің негізгі қоры өндірістен шыққан.

5.25. Келесі мәліметтер бойынша негізгі өндіріс қорын тиімді пайдалануын анықтау керек:

Көрсеткіштері	Жоспар бойынша	Нақтылы	Өсу қарқыны. %
Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны, мың теңге	630	724	114,9
Жұмысшылардың саны, адам	163	160	98,2
Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	100	120	120,0

5.26. Келесі мәліметтер бойынша есепті жылдың 1-ші қаңтарындағы негізгі өндіріс қорының қалдық құнын анықтау керек: үш жыл бұрын 1-ші қаңтарда өндіріске жаңадан 92 мың теңгенің жабдықтары түсті; екі жыл бұрын 1-ші наурызда

өндірістен 30 мың теңгенің негізгі қорын шығарды; жылдық амортизация мөлшері -15,8%.

5.27. Есепті жылы (1 қаңтарда) кәсіпорын 57,5 мың теңгенің станогына ие болды. Жылдық амортизацияға бөліну пайызы – 23%, дайындау–көлік шығындары – 7% (сатып алынған станок құнына). Өткен жылдың 1-ші қаңтарына станоктың тозуын (мың теңге), тозу және жарамдылық коэффициенттерін анықтау керек.

5.28. Есепті жылдың соңында негізгі қордың тозу коэффициентін, жарамдылық коэффициентін, ақшадай түрдегі тозуын анықтау керек.

Негізгі қордың түрлері	Бастапқы құны, мың теңге	Жылдық амортизация көшірілуі	Қорға ие болған және жасалған жыл (01.01)
Өндіріс ғимараты	120	4,7%	1997
Тиеу-түсіру механизмі	36,1	6%	2000
Көлік құралдары	11,9	8%	2002

5.29. Есепті жылда кәсіпорын ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асырудың арқасында жұмыс уақытын жоғалтуды азайтуға қол жеткізді.

Келесі кестедегі мәліметті қолдана отырып базистік және есепті жылдарда экстенсивті және интенсивті жабдықтардың жұмыс істеу көрсеткішінің анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Өткен жыл	Есепті жыл
1.	Тауарлы өнімнің көлемі	мың теңге	20520	21830
2.	Ортажылдық өнімділік қуаты	мың теңге	24723	24528
3.	Жыл бойы нақты істелінген уақыт (орташа жабдық бірлігіне)	сағат	3190	3473
4.	Жабдықтарды жоспарлы жөндеуден өткізу барысында жоғалған жұмыс уақыты	орныққан тәртіп қоры, % есебімен	12	8
5.	Демалыс және мейрам күндер саны	күндер	108	112

Кәсіпорында тәртіп бойынша екі ауысымды жұмыс режимі орныққан, ауысым ұзақтығы 8 сағат.

5.30. Төмендегі шарттар бойынша бір ай ішінде станокқа интенсивті, экстенсивті және интегралды жұмыс жүктеуді анықтау керек:

- 1) станок 8 сағаттан екі ауыспалы жұмыс атқарды;
- 2) бір айдағы жұмыс күнінің саны – 26;
- 3) жөндеу кезіндегі жабдықтың тұруынан жұмыс уақытының жоғалуы барлық орныққан тәртіп қорынан 2,8% құрды;
- 4) әртүрлі ұйымдастыру кезіндегі жұмыс уақытының жоғалуы – 39 сағат;
- 5) жоспар бойынша бір бұйымның еңбексиымдылығы – 1,5 сағат;
- 6) бір ай ішінде нақты дайындалған бұйым саны – 220 дана.

5.31. Тоқыма станогінің бастапқы құны – 50 мың теңге, оның жойылу құны – 4 мың теңге, өндірісте 10 жыл қызмет еткен. Жылдық амортизациялық көшірім сомасын және станоктың амортизация мөлшерін анықтау керек.

5.32. Жіп иіру станогінің бастапқы құны – 30 мың теңге, мөлшерленген қызмет мерзімі – 12 жыл. Станоктың бөлшектерін және кейбір жабдықтарын сатудан түскен түсім, тозған және сынған құны – 2,5 мың теңге.

Осы мәліметті қолданып амортизациялық көшірім мөлшерін анықтау керек.

5.33. Есепті жылда кәсіпорын ішкі ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде жабдықтарды жөндеуден өткізуге жұмыс уақытының шамадан тыс мөлшерін қысқартты. Жабдықтарға жұмыс жүктеуде экстенсивті және интенсивті коэффициенттерін, өткен мезгілдегі және есепті жылдардағы қорқайтарымдылығын анықтау керек.

Негізгі мәліметтер:

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Өткен жыл	Есепті жыл
1.	Тауарлы өнімнің құны	мың теңге	2240	2670
2.	Өндірістің ортажылдық қуаттылығы	мың теңге	2700	2780

3.	Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны	мың теңге	1244	1271
4.	Жыл бойы нақты істелінген уақыт (жабдықтың орташа бірлігіне)	сағат	3340	3649
5.	Жабдыктарды жоспарланған жөндеуге жұмсалған жұмыс уақытының ысырабы	орныкқан қор, % есебінде	7	4

Өткен және есепті жылдардағы демалыс және мейрам күндер саны тиісінше 107 және 113 күн, календарлық күн – 365, жұмыс режимі – екі ауысу.

5.34. Цех алаңында 10 станок орнатылған. Орныкқан тәртіп жұмысы бойынша екі ауысу қаралған. Станоктарды қайта және жөндеу шығындары режимдегі уақыт қорынан 10% құрайды. Бір бұйымды дайындау уақыт мөлшері - 2 сағат. Норманы орындау орта пайызы – 115. Нақты бір станок жыл бойы орташа 3039 сағат жұмыс атқарған.

Анықтау керек:

а) бұл топтағы станоктардың жыл бойғы бөлшек шығаруын (өндіріс қуаттылығын); б) станоктарды пайдаланудың экстенсивті коэффициентін.

5.35. Цехтың өндіріс қуаттылық мөлшерін және оны пайдалану деңгейін анықтау керек. Негізгі мәліметтер: цехте 40 станок жұмыс істейді, жылдық шығаратын өнімі - 115500 бұйым, орныкқан тәртіп (режімі) жұмысы – 2 алмасу, алмасудың ұзақтығы – 8 сағат, жыл бойғы жұмыс күнінің саны – 258, белгілі тәртіп бойынша жабдыктардың режимдегі уақыт қорынан - 4%.

5.36. Өндіріс қуаттылығын және нақты өнімді шығару көлемін анықтау керек. Алғашқы мәліметтер: цехте 40 станок жұмыс істейді, жылдық шығаратын өнімі - 115500 бұйым, орныкқан тәртіп (режімі) бойынша – 2 алмасу жұмыс атқарады, алмасудың ұзақтығы – 8 сағат, белгілі тәртіп бойынша жабдыктардың режимдегі уақыт қорынан – 3%, өндіріс қуаттылығын пайдалану коэффициенті – 0,82, жыл бойғы жұмыс күнінің саны – 255.

5.37. Бөлімшедегі өндіріс қуаттылығын және өнімді шығару көлемін анықтау керек. Алғашқы мәліметтер: бөлімше цехінде

20 станок жұмыс істейді, бір бұйымды өңдеу уақыт мөлшері – 0,5 сағат, жұмыс режимі – екі алмасу тәсілінде, алмасудың ұзақтығы – 8 сағат, жыл бойғы жұмыссыздық күн саны – 107, белгілі тәртіп бойынша жабдықтардың режимдегі уақыт қорынан – 3%, станоктарды қолдану коэффициенті – 0,85.

5.38. Кәсіпорында негізгі қордың ортажылдық құны – 49,8 млн. теңге, өндірілген өнім көлемі – 90 млн. теңге. Мұндағы істеген жұмыскерлердің орташа тізімдегі саны – 150 адам. Осы мәліметтерді қолдана отырып кәсіпорындағы қорқайтарымдылықты, қорсиымдылықты және қормен қарулануды есептеу керек.

5.39. Станоктың бастапқы құны 400 мың теңге, оның жыл бойғы амортизациялық көшіру мөлшері 25%. Станок екі жыл өндірісте пайдаланылды. Осы өткен екі жылда амортизация 9 және 8% болды. Мәліметті қолдана отырып, станоктың биылғы құнын және қалған құнын есептеу керек.

5.40. Тауарлы өнім көлемі 1236820 млн. теңге және негізгі қордың ортажылдық құны 934105 млн. теңге. Осы мәліметтерді қолдана отырып, қорқайтарымдылығы мен қорсиымдылығын анықтау керек.

5.41. Станоктың бастапқы құны – 20 млн. теңге. Алты жылдан кейін осындай станок құны 15 млн. теңгені құрды, ал амортизация мөлшері сол қалпында қалып, ол 10% болды. Анықтау керек:

- а) жетінші жылда жыл басындағы қалдық құнын (млн. теңге);
- б) сапалық тоздан келген шығын сомасын (млн. теңге).

5.42. Жыл басында негізгі өндіріс қорының құны 30 млн. теңгені құрды. Наурыз айында кәсіпорын 6 млн. теңгеге жаңа станок алды, ал маусым айында 4 млн. теңгеге жабдықтарды жойды. Орташа амортизация мөлшері 12% болды.

Анықтау керек:

- а) негізгі өндіріс қорының ортажылдық құнын;
- б) жыл бойғы амортизация көшірім сомасын;
- в) қорқайтарымдылығын.

5.43. Жаңадан жаңалау қорытындысында, кәсіпорында 950 мың теңге шығынды құрды. Жылдық өнім өндіру 30-дан 18 мың

бірлікке көбейді, өнімнің өзіндік құн бірлігі 140-тан 130 теңгеге азайды. Жаңа жаңалаудан кейін жылдық пайда 1,9 млн. теңгені құрды.

Анықтау керек:

- а) өнім бірлігінің өзіндік құнын төмендетуден қол жеткен жылдық үнем сомасын;
- б) өнімнің өзіндік құнын төмендетуден жеткен үнем үлесінен жаңадан жаңалауға кеткен шығынның өтеу мезгілін;
- в) өнімнің өзіндік құнын төмендету үлесінен жылдық пайданың өсу сомасын (%).

5.44. Төмендегі кестеде келтірілген экстенсивті және интенсивті қаңылтыр прокатын өңдеу жұмысы мәліметтерін қолданып, өндіріс көлемінің үлес есебінен өзгеруін (+/-) анықтау керек:

- а) уақыт қорының өзгеруін (мың теңге);
- б) өнімділіктің өзгеруін.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Өзгеруі
Прокат, мың теңге	429200	426000	-3200
Пайдалы уақыт, сағат	7400	7100	-300
Сағаттық өнімділік, теңге	58	60	+2

5.45. Өткен жылы фирма 980 млн. теңгеге бұйым дайындады. Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны 400 млн. теңге болды. Есепті жылы 890 млн. теңгенің өнімін өндірді. Фирманың негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны 500 млн. теңгені құрды. Қорқайтарымдылық көрсеткіші қалай өзгергенін анықтау керек.

5.46. Фабрика бір жылда 180 млн. сурет салатын альбом шығарып, оның біреуінің бағасы 3 теңге болды. Жыл басында негізгі өндіріс қор жабдықтарының құны – 210 млн. теңгені құрады. Наурыз айының басында 45 млн. теңгенің жабдықтарын жойды. Қорқайтарымдылығын анықтау керек.

5.47. Өткен жылы фирмада өнімді сату көлемі 2015 млн. теңгені құрды. Негізгі өндіріс қордың ортажылдық құны – 485 млн. теңге болды. Есепті жылы өнімді сату көлемі 19%-ға, ортажылдық құны – 8%-ға өсті. Осы жағдайда қорқайтарымдылығы қалай өзгергенін анықтау керек.

5.48. Зауыт бір жылда 4180 мың май радиаторларын шығарып, оның біреуінің бағасы 1,1 мың теңге болды. Негізгі өндіріс қорының ортажылдық құны өткен жылдың 1-ші қаңтарына 2125 млн. теңгені құрды. Бір жылда жаңадан жабдықтар сатып алынып, тамыз айының басында өндіріске ендірілді. Жаңа жабдықтардың құны – 45 млн. теңге. Есепті жылдың бірінші қаңтарына қорқайтарымдылығын анықтау керек.

5.49. Жыл басында «Алмас» АҚ-да 350 млн. теңгеге негізгі өндіріс қорының құны болды. Наурыз айының басында өндірістен тозудың нәтижесінде 15 млн. теңгенің жабдықтары шығып қалды. Қыркүйек айының алдында кәсіпорын 80 млн. теңгенің жабдықтарын сатып алып орнатты. Сонымен негізгі өндіріс қорының ортажылдық құнын анықтау керек.

5.50. Есепті жылдың бірінші қаңтарында фирмадағы негізгі өндіріс қорының құны 145 мың теңге болды. Үшінші тоқсан басында жаңа жабдықтарды 25 мың теңгеге сатып алып, ал IV тоқсанның соңында тозған 8,5 мың теңгелік жабдықтарды жойды. Сонымен, бірінші қаңтарға қалған негізгі өндіріс қорының ортажылдық құнын анықтау керек.

5.51. Біріккен кәсіпорындарында есепті жылдың 1-ші қаңтарында негізгі өндіріс қорының құны 10 млн. теңгені құрды. Жыл ішінде 5 станок орнатылды, әрқайсысының бағасы 250 мың теңгеден, оның ішінде бір станок 1-ші наурызда жұмысқа ендірілген, ал 4 станокты – 30-шы шілдеде жұмысқа қосқан. 4 станок ескіргеннен кейін 1-ші қыркүйекте әрқайсысын 80 мың теңгеден сатқан. Негізгі өндіріс қордың ортажылдық құнын анықтау керек.

5.52. Жыл басында фабрикада 550 мың теңгенің негізгі өндіріс қоры болды. Шілде айының соңында 15 мың теңгеге жаңадан жабдықтар сатып алған, ал 1 қарашада ескірген жабдықтар сатылған. Өндірістен шыққан жабдықтардың құны 210 мың теңгені құрды. Фабрикадағы негізгі өндіріс қорының ортажылдық құнын анықтау керек.

5.53. Кәсіпорында жыл басында негізгі өндіріс қорының бастапқы құны 40 млн. теңге болды. Жыл бойы өндірістен 3 млн. теңгенің машинасы және 2 млн. теңгенің жабдықтары қолданудан

шығарылды. Жыл басында қордың тозуы 30%, ал амортизация мөлшері – 10% болды. Анықтау керек:

- а) жыл аяғындағы негізгі өндіріс қорының бастапқы құнын;
- б) жыл бойғы амортизациялық сомасын;
- в) жыл аяғындағы негізгі өндіріс қорының қалдық құнын.

5.54. Негізгі өндіріс қорының бастапқы құны 30 млн. теңге болды. Оның өндірісте қызмет ету мерзімі орташа алғанда 6 жыл. Негізгі өндіріс қордың жойылу құны 2 млн. теңгені құрды. Анықтау керек:

- а) ортажылдық амортизация мөлшерін;
- б) жыл сайынғы амортизация сомасын.

5.55. Кәсіпорындағы жұмыс алмасуының ұзақтығы – 8 сағат. Жоспар бойынша техниканы тоқтатып жөндеуге арналған уақыт - 1 сағат. Станоктың паспорттағы мәліметі бойынша сағатына 50 бұйым шығаруы белгіленген.

Станоктың нақты жұмыс істеген уақыты 6 сағат, осы мезгілде 234 бұйым шығарған. Анықтау керек:

- а) жабдықтың экстенсивті пайдалану коэффициентін;
- б) жабдықтың интенсивті пайдалану коэффициентін;
- в) жабдықты пайдаланудағы интегралды коэффициентін (уақыт және өнімділік бойынша).

5.56. Төмендегі кесте мәліметтерін қолдана отырып, толмаған жерлерін аяғына дейін толтыру керек:

Негізгі өндіріс қоры	Бастапқы құны, мың теңге	Қызмет ету мерзімі, жыл	Амортизация мөлшері, %	Пайдалану мерзімі, жыл	Қалдық құны, мың теңге	Амортизациялық көшірім
1. Станок	10	8		3		
2. Үй		20	5	12	24	

5.57. Тоқыма станогінің бір сағаттық өнімділігі – 20 метр бойы мақтадан істелген мата. Станоктың жылдық жұмыс қорының тиімділігі – 3000 сағат, алмасу ұзақтығы – 8 сағат, кәсіпорын бір ауысымда жұмыс атқарады.

Станоктың жылдық өнімділігін анықтау керек.

5.58. Цех сағатына 45 кг өнім өндіреді. Ол жұмысты бір қалыпта істемеді: 1-ші жарты жылдықта – бір алмасуда, ал II-ші жарты жылдықта - екі алмасуда жұмыс істеді. Бірінші жарты жылдықта цех 120 күн, ал екінші жарты жылдықта – 180 күн жұмыс істеді. Цехтың жылдық өнімділігін анықтау керек.

5.59. Машинаның бастапқы құны 20 млн. теңге. Кәсіпорында үш жылдан кейін бұл машинаны жаңа, инновациялық үдемелі машинамен өзгертуге тура келді. Оның құны - 25 млн. теңге. Сапалық тозудың екінші түрі бойынша шығынды анықтау керек, егер амортизациялық мөлшері 20%-ды құрғанда.

- а) 8 млн. теңге;
- б) 5 млн. теңге;
- в) 9 млн. теңге.

5.60. Негізгі өндіріс қорының бастапқы құны 30 млн. теңге болды, ал оның қызмет ету мерзімі – 6 жыл, негізгі қордың жойылу құны – 2 млн. теңге. Анықтау керек:

- а) ортажылдық амортизация мөлшерін (%);
- б) жыл сайынғы амортизация сомасын (млн.теңге).

5.61. Жыл басында негізгі қордың құны 30 млн. теңгені құрды. Наурыз айында кәсіпорын жаңа станокке ие болып, оның құны 6 млн. теңге, ал маусым айында 4 млн. теңгенің жабдықтарын жойды. Амортизация мөлшері орташа есеппен - 12%. Кәсіпорын жыл бойы 26 млн. теңгенің өнімін шығарды. Анықтау керек:

- а) негізгі қордың орташажылдық құнын;
- б) жыл бойғы амортизациялық көшірім сомасын;
- в) қорқайтарымдылығын.

Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы

Кәсіпорынның өндіріс қуаттылығы деп белгілі бір уақыт бірлігінде өндіріс жабдықтарын, өндіріс алаңын, инновациялық технологияны қолдана отырып, еңбекті ұйымдастыруды тиімді және өндірісте өнім сапасын жоғары деңгейге жеткізуді қамтамасыз етіп, өнім көлемін барынша мол өндіру (жұмысты орындау, қызмет көрсету) түсінеміз.

Ереже бойынша өндіріс қуаттылығы табиғи өлшем бірлігінде өнім өндіру көлемімен жоспарланады. Мысалы, ма-

шина жасау зауытында өндіріс қуаттылығы жылдық машина өндірісі, жабдықтар, қосалқы бөлшектер өндіру негізінде саналады. Кәсіпорынның өндіріс қуаттылығы жабдықтар бойынша технологиялық және экономикалық негізгі қатынастары арқылы белгіленеді.

Өндірістің қуаттылығын анықтайтын негізгі элементтерге жататыны:

- орнатылған машина, механизмдер, агрегаттардың т.б. саны;
- кәсіпорындағы және цехтардағы өндіріс алаңдары;
- кәсіпорынның жұмыс режимі;
- машинаны, механизмдерді, агрегаттарды т.б. пайдаланудың технико-экономикалық мөлшері.

Кәсіпорынның жұмыс режимін күнтізбе бойынша (Y_k) нақты көрсетілген (Y_n) жұмысының уақыт қоры негізінде жоспарлайды (Y_j):

$$Y_j = [(Y_k - D - M)A_{\text{тал}}] - Y_{\text{жж}},$$

мұнда Y_k – жабдықтың күнтізбе жұмыс уақыт қоры, күндер;

D – жыл бойғы демалыс күндер саны;

M – жыл бойғы мейрам күндер саны;

A — алмасу саны;

тал – алмасудың ұзақтығы, сағат;

$Y_{\text{жж}}$ – жоспарлы жөндеуге, наладка, құрастыру, техникалық қызмет көрсетуге кеткен уақыт, сағат.

$$Y_n = [(Y_k - D - M)A_{\text{тал}}]$$

Кәсіпорында өндіріс қуаттылығы бір типтес жабдықтармен қаруланған жағдайда келесі формуламен анықталуы мүмкін:

$$Q = NT_m Y_j$$

мұнда N – орнатылған жабдықтар бірлігінің саны;

T_m – сол жабдықтың техникалық өнімділік мөлшері.

Өндіріс қуаттылығын келесі түрлері бойынша ажыратуға болады: белгіленген жобадағы қуаттылық, кәсіпорынның жетекші өндіріс бөлімшелерінің қуаттылығы, бастапқы жоспарлау мезгілдегі анықталған қуаттылық, жоспарлау мезгілдің соңында белгіленген қуаттылық, өндіріс бағдарламасын есептеу негізінде анықталған ортажылдық қызметкерлер саны.

Өз бетінше есептер шығару

5.62. Келесі мәлімет бойынша жабдықтарды пайдаланудың экстенсивті, интенсивті және интегралды коэффициенттерін анықтау керек:

Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақтылы
Өнім шығару, мың теңге	10200	10883
Жабдықтардың атқарған машина сағаты, мың машина – сағат	208	201

5.63. Цехта 500 жабдық бірлігі орнатылған, оның ішінде жұмыс істеуге жарамдысы – 490 бірлігі, оның жұмыс істеп тұрғаны – 485 бірлік. Бірінші алмасуда 480 бірлігі жұмыс істеді, екіншіде – 350. Сонымен, жабдықтың жұмыс істеуге жарамды коэффициентін, орнатылған жабдықтардың ауысу коэффициентін және станоктардың пайдалану коэффициентін анықтау керек.

5.64. Кәсіпорынның келесі мәліметі бойынша жылдық өндіріс қуаттылығын анықтау керек: кәсіпорында жұмыс режимі үздіксіз, жыл бойы өндірісті тоқтату уақыты жоспар бойынша – 10 күн. Өндірісте 3 ауысу, әр ауысудағы жұмыс ұзақтығы – 7 сағат, бір бұйымды шығару бойынша техникалық өнімділік бірлігі – 30 мин, жабдық бірлігінің саны – 10.

5.65. Жермен жұмыс істейтін бригаданың жылдық өндіріс қуаттылығын анықтау керек. Бригада құрамында 15 адам, жұмысшылардың жоспарлы уақыт қоры – 228 күн, ауысу ұзақтығы – 7 сағат, звено құрамында 3 адам, өндіру мөлшері – 0,3 м/сағат.

5.66. Цехтағы заттай маманданған агрегат (тоқыма машинасы) жабдықтарының жылдық өндіріс қуаттылығын келесі мәліметтер арқылы анықтау керек: агрегаттың өнімділігі – 150 кг/сағатына, жұмыс режимі - 3 алмасу, әрбір алмасудың ұзақтығы 7 сағат. Жоспар бойынша күрделі жөндеуге 2 күн және тоқтап тұруға 4% қаралған. Жылына демалыс – 104 күн, мейрам күндер саны - 8, мейрам алдында жұмыс уақыты 1 сағатқа қысқартылады.

5.67. Кәсіпорында үнемі жұмыс істейтін агрегаттың жылдық өндіріс қуаттылығын есептеу керек, егер бір мезгілде пеш сиымдылығы – 100 тонна шикі материалға арналса, шикі заттың салмағынан – 0,5% жарамды өнім шықса, бір циклдің ұзақтығы – 6 сағат. Агрегат үздіксіз жұмыс істейді. Жоспарлы тоқтату мерзімін 3 күнге белгілеп, күрделі жөндеуден өткізу және 6% күнделікті тоқтату қарастырылған.

5.68. Кірпіш қалаушы бригаданың жылдық өндіріс қуаттылығын (m^2) анықтау керек. Негізгі мәліметтері: бригаданың құрам саны – 30 адам, жылына жұмыс күндері – 240, еңбек сыйымдылығы $1 m^2$ – 0,9 адам-күн, өндіру мөлшерінің орындалу коэффициенті – 1,2.

5.69. Механизацияланған құрылыс бөлімшеде жыл басында эксковаторлар: 4 - маркасы Э-1252, 7 - маркасы Э-652 және 5 - маркасы Э-505 жоспарланған. Бірінші қыркүйекте бөлімше қосымша 6 - маркасы Э-505 эксковаторлар алуы тиіс. Орта сағаттық есепте эксковаторлардың өнімділігі: Э-1252 – $160 m^3$, Э-652 – $123 m^3$, Э-505 – $90 m^3$. Жылдық жұмыс уақыт қоры – 4100 сағат көлемде жоспарланған. Бөлімшенің жылдық өндіріс қуаттылығын (m^3) анықтау керек.

5.70. Бірінші қаңтарға цехтың өндіріс қуаттылығы – 11 мың бұйым болды. Жоспар бойынша бірінші наурызда цехтің қуаттылығы 1 мың бұйымға өсіріледі, ал қыркүйекте тағы да 300 бұйымға өсіреді. Ортажылдық кірістегі және шығыстағы қуаттылықты анықтау керек.

5.71. Цехтың жалпы алаңы – $832 m^2$, бір бұйымды жинауға керекті алаң – $104 m^2$, бір бұйымды жинауға жұмсалған уақыт – 48 сағат, цехтағы жұмыс режимі – 248 күн (жылына), цехта 2 ауысу, әрқайсысы 8 сағаттан, жылына өндіріс бағдарламасы бойынша 640 бұйымды өндіру жоспарланған. Цехтың қуаттылығын және өндіріс қуаттылығының пайдалану коэффициентін анықта.

5.72. Кәсіпорын 500 станокпен жабдықталған, демалыс және мейрам күндер саны - 254 күн. Жұмыс істеген цехта 2 ауысу, әр ауысуда 8 сағаттан жұмыс атқарған. Жабдықтарды жөндеуге 41 мың станок-сағат тоқтатылу қарастырылған. Жабдықтардың жылдық күнтізбе, режимдік және жоспарлы уақыт қорын анықтау керек.

5.73. Цехтағы жұмыс режимі жылына – 256 күн, жұмыс тәртібі 2 ауысу, әр ауысудың ұзақтығы 8 сағат. Жоспардағы жөндеу бойынша уақыт шығыны 2% құрды. Цехта 40 станок бар. Бір бұйымның жасау еңбек сыйымдылығы – 30 минут. Цехтың жылдық өндіріс жоспары – 78 мың дана бұйым өндіру.

Цехтың қуаттылығы мен жабдықтардың жүктеу коэффициентін анықтау керек.

5.74. Келесі мәлімет бойынша бригаданың жылдық өндіріс жоспарын жасау керек: бригада саны жоспар бойынша – 20 адам. Өткен жылы бригадада 15 адам жұмыс атқарды, 1 адамның жоспарлы жұмыс уақыт қоры – 1640 сағат, өнімділікті өсіру тапсырмасы – 20%, өткен мезгілде шығарылған өнім көлемі - 600 м, 1 адамның нақты жұмыс атқарған уақыты – 1858 сағат.

5.75. Бір бұйымды жасауға арналған уақыт мөлшері 3 сағат. Жұмысшылар өндіру мөлшерін 107%-ға орындаған. Цехте – 24 станок, әрбір станоктың жұмыс тәртібі жылына 259 күн, жұмыс режимі 2 ауысу, әрқайсысы 8 сағат жұмыс атқарған, машина 3% машина уақытын жоғалту жоспарланған.

Цехтың өндіріс қуаттылығын анықтау керек.

5.76. Кәсіпорынның жетекші цехында 10 станок орнатылған. Әрбір станоктың жоғарғы өнімділік нәтижесінде сағатына – 12 бұйым шығарылады. Жабдықтардың жылына пайдалы (тиімді) жұмыс уақыт қоры 42 мың сағатты құрды, жылына 48 млн. бұйым дайындаған.

Анықтау керек:

- а) кәсіпорынның өндіріс қуаттылығын;
- б) нақты пайдаланған өндіріс қуаттылық коэффициентін.

5.77. Цехте 5 жетекші жабдық бірлігі жұмыс атқарып, олардың жоғарғы мүмкіндіктегі уақыт қоры бір айға 330 сағатты құрды. Осы жабдықта бұйымды өңдеудегі еңбек сиымдылығының үдемелі мөлшері – 2 сағат. Маусым айында осындай 2 жабдық сатып алынған, ал қыркүйекте 1 жабдық өндірістен шығарылды. Цех бойынша жыл бойғы өнім көлемі 9300 бұйым болды.

Анықтау керек:

- а) жыл басындағы цехтың жылдық өндіріс қуаттылығын;
- б) ортажылдық өндіріс қуаттылығын;
- в) өндіріс қуаттылығын пайдалану коэффициентін.

5.78. Кәсіпорынның негізгі өндіріс қорының өндірістен шығатынын және бөлімшенің ортажылдық қуаттылығы мен өнім өндіру көлемін анықтау керек. Негізгі мәліметтер: жыл басындағы зауыттың өндіріс қуаттылығы – 18200 мың теңге өнім болды, өндіріс қуаттылығының жоспарлы өсуі: 1 сәуірде – 400 мың теңгеге, 1 шілдеде – 340 мың теңгеге, 1 қарашада – 300 мың

теңгеге. Өндіріс қуаттылығын өндірістен шығару жоспарланған: 1 маусымда – 120 мың теңге, 1 қыркүйекте – 180 мың теңге.

5.79. Зауыттың өндіріс қуаттылығы бойынша баланс көрсеткіштерін анықтау керек. Механика-жинақтаушы цех бойынша анықталуы тиіс. Жыл басында бұл жерде 50 бірлік біртүрлі негізгі топтағы жабдықтар орнатылған. Жабдықтар бірлігінің жыл бойғы пайдалы жұмыс уақыт қоры – 4200 сағат. 1-ші шілдеде қосымша өндіріс қуаттылығын өндіру жоспарланып, оның өнімділігі 20000 өнім комплектісіне жетті, ал 1-ші қыркүйекте – өндірістен 32000 өнім комплектісі шығарылды. Жоспарлы өндіріс көлемі 402,6 мың комплектіні құрап, оның бір комплектісінің уақыт мөлшері – 0,5 сағат.

5.80. Кесте мәліметтерін қолданып, тоқыма фабрикасының жоспар бойынша келесі жылғы өндіріс қуаттылығын анықтау керек.

Жабдық түрі	Жыл басында орнатылғаны	Жоспар бойынша жабдықтың қозғалысы								жыл аяғында орнатылғаны
		I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		
		орнатылғаны	бөлшектелгені	орнатылғаны	бөлшектелгені	орнатылғаны	бөлшектелгені	орнатылғаны	бөлшектелгені	
Механикаланған тоқыма станогі	1260	–	120	–	150	–	180	–	210	600
Автоматталған тоқыма станогі	550	110	–	150	–	200	–	710	–	1260

Тоқыма фабрикасы үш ауысымда жұмыс істейді. Бір ауысымның ұзақтығы 7 сағат. Станоктарды жөндеуге арналған жоспарлы тоқтату пайызы механикалық тоқыма станогі бойынша – 4,5. Тоқсан ішінде станоктарды орнату және бөлшектеу жұмыстары бір қалыпты жүргізіледі. Жоспар бойынша бір

станоктің өнімділігі сағатына: а) механикалық станокта – 4,5 метр сәтен матасын шығару; б) автоматталған станокта 0,8 метр крепдешін матасын шығару.

5.81. Өткен жылдың 1-ші қаңтарында жылы зауыт цехының өндіріс қуаттылығы 15000 тонна шойын құймасын құрды. Маусым айында екі балқыту агрегат өндіріліп, 12000 тонна құю қуаттылығына жетті. 1-ші шілде айында бір балқытудың құю қуаттылығы 500 тонналық агрегат өндірістен шығарылды. Есепті жылдың орташа қуаттылық құйылуы – 14000 тонна болды. Жыл бойы нақты өнім көлемі – 13500 тонна құйма болды.

Анықтау керек:

- а) шойын цехының ортажылдық қуаттылығын;
- б) шойын цехының ортажылдық өсуін;
- в) шойын цехының есепті жылдың 31 желтоқсандағы қуаттылығын;
- г) шойын цехының өндірісте пайдалану коэффициентін.

7 тақырып: КӘСІПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚҰРАЛЫ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМ ҚОРЫ (КАПИТАЛЫ)

Өндіріс үрдісінде негізгі және айналым капиталы бір-бірімен тығыз байланысты. Негізгі қорды тиімді пайдалану айналым қаржыларын ұтымды пайдалануына ықпалын тигізеді және де керісінше.

Айналым қаржылары (капиталы) – бұл кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың өндірістік қорларының бір өндірістік айналымда түгел тұтынылып және өзінің құнын дайындалатын жаңа өнімге толық көшірілетін бөлігі. Әдетте, айналым құралы өзінің заттай түрін өзгертіп немесе жойып, өндіріс үрдісі аяқталғаннан кейін ақшалай нысанда қайтарылады.

Өнеркәсіпте айналым қаржылары негізгі екі топқа - айналым құралы және айналым қорлары болып бөлінеді. Айналым өндіріс қоры өндіріс шеңберінде болып, еңбек бұйымын заттай түрде құрайды: шикізат, негізгі және көмекші материалдар, отын және электрокуат, аяқталып бітпеген өндіріс, алдағы мерзімде жұмсалатын шығын, құнсыз және тез тозатын бұйымдар, тетіктер, жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер т.б. Айналым өндіріс қорын есепке алғанда және жоспарлағанда табиғи және ақшадай көрсеткіште сипатталады.

Айналым қорларының құрамына дайын өнім, жөнелтілген, бірақ ақысы әлі төленбеген тауарлар, банк мекемелеріндегі есепшоттардағы, кассадағы ақша, есептесіп бітпеген жердегі ақша қаражаттары жатады.

Айналым құралдары өндіріс саласында қызмет атқаруында үнемі айналымда болып, өндіріс шеңберінен айналым шеңберіне ауысып отырады.

Айналым құралы айналымдық үрдісінде үш сатыдан өтеді: біріншісі – ақша (еңбек бұйымдарын дайындау), екіншісі – өндіріс (өнімді дайындау үрдісі), үшіншісі – тауарлы (дайын өнімді сату), яғни кәсіпорында ресурстар тауарлы өнімге айналып, сатылғаннан кейін жаңа ақша қаражатына айналады (А-А'). Өнімді сатудан түскен жаңа ақшаға кәсіпорын жаңадан еңбек бұйымдарын сатып алып, өндіріс құралдары жаңа айналымдылық шеңберіне ауысады.

Айналым құралы мөлшерлік деңгейде мөлшерленетін және мөлшерленбейтін болып бөлінеді.

Мөлшерленетін айналым құралына өндіріс запастарын құрайтын шикізат, материалдар, ыдыс, аяқталмаған өндіріс, алдағы мерзімде жұмсалатын шығындар т.б. жатады./

Өндірісте әліде болса өңдеуден өтпеген (көмір, мұнай, мақта, ағаш т.с.с.) еңбек бұйымдарын **шикі заттар** деп айтуға болады. Шикізат, материалдар негізгі және көмекші болып бөлінеді. Негізгі материалға жана өнім құрамындағы басты затты сипаттайтын материалды жатқызамыз (машина жасау зауытында метал, нан пісіретін наубайханада ұн т.б.). Ал **көмекші материалдарға** жана өнімге керекті және оған сырт түрі мен оның құрамының талапқа сай болуын (лақ, сыр, тұз, қант, май) немесе техниканың жұмысы дұрыс атқарылуын камтамасыз ететін керекті заттарды жатқызамыз.

Аяқталмаған өндіріс – бұл еңбек бұйымы, өндіріс цехтарының өңдеу үрдісінде болған, бөлімшелерде, әртүрлі деңгейдегі дайындықта жатқан, цех қоймаларындағы бұйымдар мен бөлшектер. Аяқталмаған өнімге кеткен материалдарға, оғынға, электрокуатқа, еңбек ақыға белгілі көлемде шығындар жұмсалады, бірақ олар әліде болса өңдеуден толығымен өтпеген, сол себептен оларды сатуға болмайды.

Айналым құралын мөлшерлеуде табиғи және ақшадай түрдегі көрсеткіштер қолданылады.

Кәсіпорында барлық материалдық ресурстарды пайдалану деңгейін анықтауға арналған жинақтаушы маңызды көрсеткіш – **материал сиымдылығы (Мс)** және оның кері көрсеткіші – өнімнің **материал қайтарымдылығын** көрсетеді.

Материал сиымдылығы (Мс) және өнімнің материал қайтарымдылығы (Мк) тауарлы өнім көлеміне (Тө) есептегенде төмендегі формуламен анықталады.

$$M_c = \frac{M_{ш}}{T_{\theta}}; \quad M_k = \frac{T_{\theta}}{M_{ш}}$$

сатылған өнім көлеміне (Сө) есептегенде:

$$M_c = \frac{M_{ш}}{C_{\theta}}; \quad M_k = \frac{C_{\theta}}{M_{ш}}$$

Кәсіпорында айналым құралдарын пайдаланудың маңызды көрсеткіштеріне келесілер жатады:

- айналым құралының айналым коэффициенті;
- айналым құралының жүктеу коэффициенті;

• айналым құралының айналу жылдамдығы.

Айналым құралының айналым коэффициенті (Ka) – бір жыл ішіндегі айналым құралының айналымдылығымен сипатталады; яғни сатылған өнімнің құнын немесе айналым сомасын (ай, тоқсан, бір жыл) тиісінше осы уақыт ішіндегі айналым құралының орташа қалдығына бөлу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш сатылған өнім көлемінің айналым құралының бір теңгесіне шаққандағы мөлшерін көрсетеді:

$$Ka = \frac{Cө}{Aқ}$$

мұнда Ka – айналым құралының айналым коэффициенті;

Cө – сатылған өнім көлемі, теңге;

Aқ – айналым қорының орташа жылдық құны, теңге.

Айналым коэффициенті жоғары болғаны - айналым құралы тиімді пайдаланғанын көрсетеді.

Айналым құралын тиімді пайдалануда маңызды көрсеткіш – **айналым құралын жүктеу коэффициенті** болып табылады, айналым коэффициентінің өлшемінің кері қатынасын көрсетеді. Ол айналым құралының сомасына, сатылған өнімге жұмсалған шығындардың бір теңгесімен сипатталады:

$$Kж = \frac{Aқ}{Cө}$$

мұнда Kж – айналым құралының жүктеу коэффициенті.

Неғұрлым айналым құралының жүктеу коэффициенті аз болған сайын, кәсіпорында соншама айналым құралы тиімді пайдаланып, оның қаржылық жағдайы жақсарғанын көрсетеді.

Кәсіпорында айналым құралының айналымдылығы келесі факторларға байланысты болып келеді: өндіріс циклінің ұзақтығына, шығарылатын өнімнің сапасына және оның бәсекеге төтеп беруіне, өнімнің материал сыйымдылығын төмендету жолдарына, жабдықтау тәсілі және өнімді өткізу әдістеріне, айналым құралын тиімді пайдалану бағыттарын жетілдіруге.

Айналым құралының айналу жылдамдығы немесе ұзақтығы күнмен есептеледі. Бұл көрсеткіш айналым құралы неше уақытта толық айналымнан өтетінін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш өндіріс циклінің ұзақтығын (K) айналым коэффициентіне (Ka) қатынасын көрсетеді, немесе мезгілдегі күн санын, айналым коэффициентіне (Ka) бөлу арқылы анықталады:

$$K_{\text{үз}} = \frac{K}{K_a}$$

мұнда K – мезгілдегі күн саны (360, 90, 30)

Айналым құралының айналым ұзақтығы азайған сайын немесе сондай жағдайдағы көлемде, сондай өнімді сатуда, оның жасаған айналымдылық саны көбейсе, соншама айналым құралын аз қажет етеді және керісінше, неғұрлым айналым құралы тезірек айналымдылықты жасаса, соншама оларды тиімді пайдаланады.

Айналым құралдарының айналымдылығын тездету – кәсіпорынның бірінші кезектегі мәселесі, оны орындауды келесі жолдармен іске асырады.

1. Өндіріс запастарын құрау сатысында – ғылыми түрде негізделген запас мөлшерін ендіру; тұтынушыларға шикізатты, жартылай фабрикаттарды, жабдықтаушы бұйымдарды т.б. қамтамасыз етушілерге жақындату; тұрақты ұзақ байланыстарды кеңінен пайдалану; материалдық-техникалық жүйесін қамтамасыз етуде қойманы кеңейту, материалдар мен жабдықтардың тиеу-түсіру жұмыстарын механизациялау және автоматтандыру.

2. Аяқталмаған өндіріс сатысында – ғылыми-техникалық прогресті (алдыңғы қатарлы техниканы және технологияны, әсіресе қалдықсыз, аз қалдықсыз, роботтық кешендерді, роторлық желілерді, өндірісті химияландыру т.с.с.) тездету, үлгіге салу, үйлестіруді, өндіріс үлгісін дамыту; өнеркәсіп өндірісінің ұйымдастыру түрлерін жаңалау, арзан құрастырылған, құны төмен материалдарды қолдану; экономикалық ынталандыру жүйесін жетілдіру; шикізат және отын-энергетикалық ресурстарды пайдалануды үнемдеу: көтеріңкі сұраныстағы өнімнің үлес салмағын көбейту.

3. Айналым сатысында – өнімді өндірушілерді тұтынушыларға жақындату, есептесу жүйесін жаңалау, тыңғылықты және өз уақытысында партиялар, ассортименттер, транзиттық мөлшерде жасасқан келісім-шарт бойынша өте қатаң түрде өнімді тиеп жіберу.

Кәсіпорында материалдық ресурстарын пайдалану деңгейі айтарлықтай мөлшерлік базасының жағдайымен анықталады.

Мөлшерлік база дегеніміз – кәсіпорында материалдық ресурстардың шығысын жоспарлағанда және талдағанда қолданатын мөлшерліктер мен барлық мөлшер жиынтығы.

Материалдық ресурстардың мөлшер шығыны – бұл өнім бірлігін өндіруге (немесе жұмыс) жұмсалатын шикізатты (материалдар немесе отын т.б.) жоспардан тыс барынша шығыс көлемі.

Материалдық ресурстардың шығын мөлшерін келесі түрде көрсетуге болады:

$$M_{ш} = q_{ш} + \sum_{i=1}^n q_1 + \sum_{i=1}^k q_2$$

мұнда $M_{ш}$ – мөлшерлік шығыс көлемі;

$q_{ш}$ – баға массасы, немесе пайдалы шығыс;

$\sum q_1$ - технологиялық қалдық және жоғалту соммасы;

$\sum q_2$ - басқадай ұйымдастыру – техникалық қалдықтар мен жоғалтулар.

Бірінші және негізгі элемент мөлшері – бұйымның таза массасы, яғни өнімді өндіруге жұмсалған материалдық ресурстарды пайдалы тұтыну деңгейі немесе жұмыс көлемі.

Екінші элемент мөлшері – өнім өндіру үрдісінде технологиялық ерекшелігіне сәйкес қосымша материал шығынын ескереді.

Қалдық – бұл негізгі материалдан қалған, оны өндірісте қолданып, сондай өнім өндіруден пайда болған қалдық. Қалдықты өзінің өзгешілік пайдалану мүмкіндігіне қарай қолданылатын (қайтарылатын) және қолданылмайтын (қайтарылмайтын) болып жіктеледі.

Қайтарылатын қалдық – бұл материалдық ресурстардың қалдығы, оны кәсіпорында пайдалануға немесе оны басқа кәсіпорынға немесе халыққа сатуға болады.

Қайтарылмайтын қалдыққа жататыны - өндірісте қолдануға жарамайтын қалдық, бірақ оны екінші кезектегі ресурс ретінде қолдануға болады (жаңқа, метал сынықтары, қиқым, макулатура т.б.).

Шығын – бұл өндірісті техникалық дамыту кезеңінде қолдануға жарамайтын материал бөлігі. Оған жататыны - материалдық ысырап шығыны. **Үшінші элемент мөлшеріне** – технологиялық үрдіске байланысты емес, басқадай себептерден туындаған материалдық ресурстардың шығыны және ұйымдастыру-техникалық қалдық шығындары жатады.

Шығын мөлшерінің құрылымы, өнімді өндіру бірлігіндегі материал ресурстарының шығын мөлшерін құрастыруға,

Керекті жағдайда талдау және коэффициенттік әдістер үйлесімді пайдалануға болады. Алдымен талдау әдіспен айналым құралына қажеттілікті, өндіріс көлеміне байланыстылығын анықтап, одан кейін коэффициент әдісінің көмегімен өндіріс көлемінің өзгеруін ескереді.

Тура есеп әдісі өзара кәсіпорындардың тәжірибе жұмыстарындағы есептері, тауар-материалдық құндықтарды тасымалдау, кәсіпорындардың ұйымдастыру-техникалық даму деңгейлерінің барлық өзгеруін есепке ала отырып айналым құралының әрбір элементтерінің запасын дәлелдеген есепте алдын ала ескерілуі тиіс. Бұл әдісті қолданған кезде, оның еңбекті көп керек ететін жұмыс екенін еске алу керек. Мұнда жоғарғы білікті экономистер, сонымен бірге кәсіпорындағы көптеген мамандар іске тартылуы тиіс.

Тура есеп әдісі жаңа кәсіпорын ұйымдастырғанда және істеп тұрған кәсіпорынның айналым құралына қажеттілігі бойынша үнемін анықтау үшін пайдаланылады. Оның мазмұны келесі жұмыс кезеңдерінде қаралады:

1. Жекелеген маңызды тауар-материалдық түрлерінің құндылық мөлшер запасын жетілдіруде –ереже бойынша, айналым құралының мөлшері салыстырмалы мөлшерде, күнмен немесе пайызбен көрсетіледі. Ол әрбір айналым құралының элементі бойынша және өндіріс үрдісінің тоқтап қалмауын қамтамасыз ететін, уақыт мезгіліне керекті белгілі бір тауар-материалдық құндылық запасының көлемін, ең аз мөлшер аумағын экономикалық негізде есептейді.

2. Материалдық құндылықтың дәл осы түріне ортақүндік шығынның есебін өндірісте шығыс сметасының негізі бойынша өндіріс шығынның сәйкестігіне қарай 90, 180 немесе 360 жеке тең бөлу арқылы анықтайды.

3. Ақшадай көрсетілген айналым құралының мөлшерін анықтауда айналым құралының әрбір элементін және кәсіпорынның айналым құралына деген қажеттілік жиынтығын айтады.

Айналым құралының мөлшері – бұл кәсіпорынның өндіріс іс әрекетіндегі қолданатын тұрақты ақша қаражатының ең аз мөлшері. Айналым құралының жеке элементтерінің көпшілік мөлшері келесі формуламен анықталады:

$$M = \text{III} - 3,$$

мұнда, M – нақты элемент бойынша айналым құралының мөлшері, теңге;

Ш – дәл сол ортақүндік шығыс элементінің шығыны, теңге;
З – айналым құралының дәл сол элементінің орташа мөлшердегі запасы, күн, %.

Айналым құралын мөлшерлеу

Кәсіпорында айналым құралдарының мөлшері өндіріс үрдісінің ойдағыдай жұмыс істеуіне жеткілікті, ең аз мөлшердегі анықталған айналым құралының көлемі деп түсінеміз.

Нарық экономикасы жағдайында кәсіпорында айналым құралын жоғарыдан ешкім белгілемейді және тексермейді. Сондықтан, кәсіпорын ертеңгі тіршілігін өзі белгілеп, үнемі тексеруден өткізіп отырады. Нарықтық қатынас жағдайында айналым құралын мөлшерлеу маңызды болып келеді, өйткені кәсіпорынның соңғы көрсеткіштері - төлеу қабілеттілігі және қаржылық жағдайының жақсаруына ықпал етеді.

Жалпы айналым құралын мөлшерлеу (Мж) жеке мөлшерлер сомасынан тұрады:

$$Мж = Мөз + Маө + Мдө + Маш,$$

мұнда Мөз – өндіріс запасының мөлшері;

Маө – аяқталмаған өндіріс мөлшері;

Мдө – дайын өнім мөлшері;

Маш – алдағы мезгілде жұмсалатын шығын мөлшері.

Өндіріс запастарын мөлшерлеу (Мөз)

Мөз - күнделікті запас мөлшерінен, дайындалған және сақтандырылған запас қорларынан қалыптасады. Ол төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Мөз = \Theta тэу (Nкз + Nдз + Nсақ),$$

мұнда $\Theta тэу$ – материалдарды орта тэулік пайдалану;

$Nкз$ – күнделікті запас мөлшері, күн;

$Nдз$ – дайындалған запас мөлшері, күн;

$Nсақ$ – сақтандыру запас мөлшері, күн.

Аяқталып бітпеген өндірісті мөлшерлеу (Маө) көлемі төмендегі формуламен анықталуы мүмкін:

$$Маө = \Theta жос * \Theta цу * Kу,$$

мұнда $\Theta жос$ – жоспарлы өнім шығару көлемінің өзіндік құны;

$\Theta цу$ – өндіріс циклінің ұзақтығы;

$Kу$ – шығынның үдеп түсу коэффициенті.

Кәсіпорында өнімді бір қалыпта шығару үшін, шығынның үдеп түсу коэффициентін (K_y) келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$K_y = \frac{ШБ + 0,5Ш,}{ШБ + Ша}$$

мұнда ШБ – өндіріс үрдісіндегі бастапқы бір жолғы туындыған шығын;

Ша – дайын өнімді өндіру аяқталғанға дейінгі соңғы шығындар.

Сонымен, аяқталмаған өндірісте айналым құралдар мөлшері, өнімді өндіру тәуліктік көлеміне, өндірістің цикл ұзақтығына және шығынның үдей түсу коэффициентіне байланысты. Ол бұйымның дайындық деңгейіне және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны, дайын өнім өзіндік құнына қатынасымен сипатталады.

Айналым құралының дайын өнім запасына мөлшерін ($M_{дө}$) төмендегі формула бойынша анықтауға болады:

$$M_{дө} = \Theta_{т_{дө}} (Уж + Ук),$$

мұнда $\Theta_{т_{дө}}$ – тәуліктегі дайын өнімнің өндірістік өзіндік құны;

Уж – тұтынушыларға дайын өнім партиясын жіберудегі керекті уақыт, күн;

Ук – тұтынушыларға жүкті жіберудегі тиісті құжаттарын дайындауға қажетті уақыт, күн, сағат;

Кәсіпорында айналым құралдарын мөлшерлеу – негізгі және маңызды басқару жұмысы болып саналады. Бұл әсіресе орта және ірі кәсіпорындарында өзекті мәселенің негізгісі болып табылады.

Тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқасын көрсет:

6.1. Айналым құралы – бұл:

- өзінің құнын біртіндеп өнімге аударатын құралдар;
- өндірістің бір циклінде тұтынылып, толығымен қолданылатын өндіріс қорының бір бөлігі;
- өзінің заттай түрін өзгертпейтін еңбек заттары;
- өндіріс циклінде қызмет етіп, өндіріс үрдісінде біраз қатысатын құралдар;
- өзінің заттай түрін өзгертпейтін, ұзақ уақыт өндірісте қызмет ететін еңбек құралы.

6.2. Өңделу қорытындысында пайда болған еңбек заттары және өндірістің бақылау қызметкерлерінің қабылдауынан өткен бұйымды не деп атаймыз?

- а) өзі өндірген жартылай фабрикаттар;
- б) сатып алынған жартылай фабрикаттар;
- в) дайын өнім;
- г) аяқталып бітпеген өндіріс;
- д) алдағы жылдарда жұмсалатын шығын.

6.3. Өндірістік запас құрамына кірмейтіні қайсысы?

- а) шикізат және негізгі материалдар;
- б) көмекші материалдар;
- в) қосалқы бөлшектер;
- г) сатып алынған жартылай фабрикаттар;
- д) өзі өндірген жартылай фабрикаттар.

6.4. Айналым қорын және қор айналымын тұтас алғанда нені көрсетеді?

- а) негізгі құралын;
- б) айналым құралын;
- в) өндіріс қорын;
- г) айналым қорын;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

6.5. Айналым құралын жоспарлағанда келесі үш әдісті қолданады.

- а) талдау, коэффициенттік және тура есеп әдісі;
- б) синтетикалық, тарифтік және жанама есеп әдісі;
- в) статистикалық, талдау және ортажылдық есеп әдісі;
- г) нақты мәлімет, болжамдау мәліметі және тура есеп әдісі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

6.6. Айналым қорына төмендегінің қайсысы жатпайды?

- а) дебиторлық қарыздар;
- б) қоймадағы дайын өнімдер;
- в) ақша қаражаты;
- г) тиеліп жіберген дайын өнімдер;
- д) алдағы мерзімде орын алатын шығын.

6.7. Сатылған өнімнің құнын, кәсіпорындағы айналым құралының (бір жыл, тоқсан, ай) тиісінше осы уақыт ішіндегі ай-

налым құралдың орташа қалдығына қатынасымен анықталады, оны не деп атайды?

- а) айналым құралын үнемдеу;
- б) айналым құралының айналым жылдамдығы;
- в) айналым құралының айналым коэффициенті;
- г) айналым құралын пайдалану тиімділігі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

6.8. Айналым құралының өндіріс запастарына төмендегі аталғандардың қайсысы жатады?

- а) қоймадағы дайын өнімдер;
- б) тиеліп жіберген бұйымдар;
- в) ақша қаражаты;
- г) аяқталмаған өндіріс;
- д) шикізаттар, негізгі материалдар, отын, жабдықтар.

6.9. Қор айналымына жататыны:

- а) дайын өнім, алдағы жылдардағы шығын, аяқталмаған өндіріс;
- б) өндіріс запастарына жататын алдағы шығындар;
- в) өндіріс запастары, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім;
- г) дайын өнім, ақша қаражаты, есеп-шоттардағы барлық түрдегі ақша қаражаты;
- д) аяқталмаған өндіріс, алдағы жылдарда болатын шығын.

6.10. Өндірістің шеңберінен, айналым шеңберіне айналым құралдарының үздіксіз өтуі және біртіндеп айналуы нені көрсетеді?

- а) өндіріс үрдісін;
- б) айналым құралының айналымдығын;
- в) еңбек заттарын дайындау;
- г) еңбек заттарын сату;
- д) еңбек үрдісін.

6.11. Айналым құралының айналымдылығының ұзақтығы неге байланысты?

- а) өндіріс уақытына және айналымына;
- б) технологиялық үрдістің ерекшелігіне;
- в) өндірістің ұйымдастыру – технологиялық деңгейіне;
- г) өнімді сатуына және есептеу түріне;
- д) барлық жауаптар дұрыс.

6.12. Мөлшерленетін айналым құралдары қандай есептен қалыптасады?

- а) өзінің қаржысынан;
- б) айналым қаржысынан;
- в) несие қаржысымен;
- г) айналым қаржысын тарту арқылы;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

6.13. Мөлшерленбейтін айналым құралдары қандай есептен қалыптасады?

- а) несие қаржысынан, шеттен қаржы тарту арқылы;
- б) өзінің қаржысынан;
- в) айналым қаржысынан;
- г) түсімнен;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

6.14. Айналым құралының элементтері мен жеке топтардағы ара қатынасының жалпы қор құнына пайыздық қатынасы нені құрайды?

- а) айналым құралының айналымдылығын;
- б) айналым құралының құнын;
- в) айналым қорының коэффициентін;
- г) айналым қорының құрамын;
- д) айналым қорының айналымдылығын.

6.15. Төмендегі аталғандардың қайсысы аяқталмаған өндіріске жатады?

- а) тиеліп жіберілген өнімдер, бірақ тұтынушы өнім үшін сомасын төлемеген;
- б) цех ішінде, учаскелерде өңделуге жататын еңбек бұйымдары;
- в) қоймадағы дайын өнімдер, бірақ олар сатуға толық дайындалмаған;
- г) айналым құралдарының орнын толтыруға қолданатын несие қаражаты;
- д) шикізаттар мен материалдарды өндіріс үрдісінде өңдеу үшін қолданатын еңбек құралдары.

6.16. Айналым құралының келесі көрсеткіштер: III – айналым құралының белгіленген элементі бойынша бір күндік шығынның құны; Z – сол элемент бойынша запас мөлшері (құнымен есеп-

теледі) белгілі болса, керекті мөлшерін анықтайтын формуланы атап көрсет:

а) $M = Ш + З$;

б) $M = З/Ш$;

в) $M = Ш * З$;

г) $M = Ш - З$;

д) $M = Ш+З-Ш$.

6.17. Айналым құралының айналым коэффициентін анықтауда келесі көрсеткіштер: Θ_k – өткізілген өнім құны; A_k – айналым қорының ортажылдық құны белгілі болса, айналым коэффициентін есептейтін формуланы көрсет:

а) $K_a = A_k * \Theta_k$;

б) $K_a = \frac{\Theta_k}{A_k}$;

в) $K_a = \frac{A_k}{\Theta_k}$;

г) $K_a = \Theta_k * A_k$;

д) $K_a = A_k - \Theta_k$.

6.18. Айналым құралын қоданудың тиімділігін анықтауда, егер келесі көрсеткіштер: C_θ – сатылған өнім құны, A_k – айналым құралының құны белгілі болса, айналым құралының жүктеу коэффициентін анықтайтын формула қайсысы?

а) $K_{ж} = \frac{A_k}{C_\theta}$;

б) $K_{ж} = \frac{C_\theta}{A_k}$;

в) $K_{ж} = C_\theta * A_k$;

г) $K_{ж} = A_k - C_\theta$;

д) $K_{ж} = \frac{A_k}{C_\theta} \cdot 100\%$.

6.19. Өндіріс запастарын мөлшерлегенде ($M_{\theta.3}$), егер орта тәулік материалдарды пайдалану (Q_t), күнделікті запас мөлшері ($N_{k.3}$), дайындалған запас ($N_{q.3}$), сақтандыру запас мөлшері ($N_{сак.3}$) белгілі болса, өндіріс запасын есептейтін формуланы анықта:

- а) $M_{\theta.3} = Q_T (N_{к.3} + N_{q.3} + N_{сак});$
 б) $M_{\theta.3} = Q_T (N_{к.3} \cdot N_{q.3} \cdot N_{сак});$
 в) $M_{\theta.3} = Q_T (N_{к.3} - N_{q.3} - N_{сак});$
 г) $M_{\theta.3} = Q_T / N_{к.3} + N_{q.3} + N_{сак}$

6.20. Кәсіпорында өнімді бір калыпты шығаруда, шығынның үдей түсу коэффициентін (K_Y) келесі формула бойынша анықтау керек, егер ШБ – өндіріс үрдісіндегі бір жылғы бастапқы шығын, Ша – дайын өнімді өндіруді аяқталғанға дейінгі соңғы шығындар белгілі болса:

а) $K_Y = \frac{ШБ - Ша}{ШБ + 0,5Ш};$

б) $K_Y = \frac{ШБ + 0,5Ш}{ШБ + Ша};$

в) $K_Y = \frac{ШБ - 0,5Ш}{ШБ + Ша};$

г) $K_Y = \frac{Ша - 0,5Ш}{Ша + ШБ}.$

6.21. Аяқталып бітпеген өндірісті мөлшерлеу (Ma_{θ}) көлемі төмендегі формула бойынша анықтау керек, егер $\Theta_{жос}$ – жоспарлы өнім шығару көлемінің өндіріс бойынша өзіндік құны, $\Theta_{қ.ұ}$ – өндіріс циклінің ұзақтығы, K_Y – шығынның үдей түсу коэффициенті белгілі болса.

- а) $Ma_{\theta} = \Theta_{жос} \times \Theta_{қ.ұ} \times K_Y;$
 б) $Ma_{\theta} = \Theta_{жос} - \Theta_{қ.ұ} - K_Y;$
 в) $Ma_{\theta} = \Theta_{жос} + \Theta_{қ.ұ} + K_Y;$
 г) $Ma_{\theta} = \Theta_{жос} : \Theta_{қ.ұ} \times K_Y.$

6.22. Айналым қорлары және айнымалы қорлардың жиынтығы нені білдіреді?

- а) айналым құралдарын;
 б) өндірістік қорларды;
 в) кәсіпорын активтерін;
 г) кәсіпорын пассивтерін;
 д) дұрыс жауабы жоқ.

Есептер

Есептің шартты белгілері:

$C_{\text{бс}}$ – бұйымның салыстырмалы материал сымдылығы;

$B_{\text{тс}}$ – бұйымдағы материалдың таза салмағы;

$M_{\text{бс}}$ – машинаны пайдаланудың негізгі мінездемесіндегі бірлік саны;

$K_{\text{п}}$ – металды пайдалану коэффициенті;

$J_{\text{мш}}$ – металдың жалпы шығыны;

q – әрбір бұйым бойынша өнімді шығару көлемі;

$i = 1, 2, \dots, q$ – бұйымды шығару номенклатурасындағы сан түрлері;

$K_{\text{өтк}}$, $K_{\text{сақ}}$, $K_{\text{кол}}$ – тиісінше: өткен мезгіл, сақтандыру, көлік қоры;

$O_{\text{мс}}$ – орта тәуліктік материалға сұраныс;

$M_{\text{ж}}$ – материалды кезінде жеткізіп тұрудың екі аралық кезегі;

$M_{\text{м}}$ – материалды жұмсау мөлшері;

$\Theta_{\text{зм}}$ – өндіріс запасының мөлшері;

$K_{\text{ал}}$ – материалдың жалпы жұмсалудың қалған қалдық үлесі;

$Q_{\text{с}}$ – қалдық саны;

$T_{\text{с}}$ – мезгілдегі күн саны;

$A_{\text{ом}}$ – аяқталмаған өндіріс мөлшері;

S – өнімнің өзіндік күн бірлігі;

$T_{\text{өц}}$ – өнімді дайындаудағы өндіріс циклінің ұзақтығы;

$K_{\text{ив}}$ – аяқталмаған өндірістегі шығынның өсу коэффициенті;

$K_{\text{ак}}$ – айналым құралының айналу коэффициенті;

$\Theta_{\text{ск}}$ – өнімді сату көлемі;

$A_{\text{ок}}$ – айналым құралының орташа қалдығы;

$A_{\text{үз}}$ – айналым құралының бір айналымдағы ұзақтығы, күн;

Z – материал бағасы;

S – барлық өндірілген өнімнің өзіндік құны;

$M_{\text{до}}$ – дайын өнімнің мөлшері;

$\Pi_{\text{м}}$ – өзіндік құн құрамындағы материалдық шығындар;

$M_{\text{ак}}$ – айналым құралының жалпы мөлшері.

6.1. Болаттан дайындалған бұйым бөлшегінің таза салмағы – 96 кг, болатты жұмсау мөлшері – 108 кг. Жылына 3000 бұйым шығарылады. Болатты тоқсанда бір рет жеткізу жоспарланған. Көлік запасы – 2 күн. Болатты пайдалану коэффициентін және өндіріс запасының көлемін анықтау керек.

Шешімі:

$$а) \Theta_{3M} = K_{\text{өтк}} + K_{\text{көп}} + K_{\text{сак}}$$

$$б) O_{\text{MC}} = \frac{Ж_{\text{м.ш.}} \left(\frac{M}{M} \right) * q}{T_c} = \frac{108 * 3000}{360} = 900 \text{ кг немесе } 0,9 \text{ т.}$$

$$в) K_{\text{өтк}} = O_{\text{MC}} * M_{\text{ж}} = 0,9 * 90 = 81 \text{ т.};$$

$$г) K_{\text{сак}} = 50\% * K_{\text{өтк}} = 50\% * 81 = 40,5 \text{ т.};$$

$$д) K_{\text{көп}} = 0,9 * 2 = 1,8 \text{ т.};$$

$$е) \Theta_{3M} = 81 + 40,5 + 1,8 = 123,3 \text{ т.};$$

$$ж) K_{\text{п}} = B_{\text{тс}} : Ж_{\text{мш}} (M_{\text{м}}) = 96 : 108 = 0,89.$$

6.2. Өткен жылы шығарылған трактордың қуаттылығы 110 ат күшін құрды, ал оның салмағы 3,56 т. Биылғы жылы тракторды келесі көрсеткіштермен шығара бастады: қуаттылығы - 150 ат күші, оның салмағы бұрынғы базалық модельмен салыстырғанда 10%-ға көбейді. Жаңа модель мен ескі трактордың салыстырмалы материал сиымдылығын анықтау керек.

Шешімі:

$$а) C_{\text{бс}} = \frac{B_{\text{тс}}}{M_{\text{бс}}};$$

$$б) C_{\text{бс}} (\text{өткен жыл}) = \frac{3560}{110} = 32,364 \text{ кг/ат күш};$$

$$в) C_{\text{бс}} (\text{биылғы жыл}) = \frac{3560 * 1,1}{150} = \frac{3916 \text{ кг}}{150 \text{ ат күш}} = 26,107 \text{ кг/ат күш}.$$

6.3. Станоктың таза салмағы – 350 кг, өңдеуде қолданылатын қалдықтың нақты көлемі – 92 кг. Технологияны жақсартудың нәтижесінде станокта бөлшекті дайындағанда 10%-ға қалдықты азайту жоспарланған. Технологияны өзгертудің алдында және одан кейінгі жұмыстарға байланысты қалдық үлесін және металды пайдалану коэффициентін анықтау керек.

Шешімі:

$$а) \text{ технологияны өзгертілгеннен кейінгі нақты қалдық} = 92 * 0,9 = 82,8 \text{ кг}$$

$$б) \text{ металды пайдалану коэффициенті } K_{\text{п}} = \frac{B_{\text{тс}}}{Ж_{\text{мш}}};$$

$$\text{технологияны өзгөртүүгө дейін } K_{\Pi} = \frac{350}{350+92} = \frac{350}{442} = 0,79$$

$$\text{технология өзгөртүлгөнгөнөн кейін } K_{\Pi} = \frac{350}{350+82,8} = \frac{350}{432,8} = 0,81$$

$$\text{в) калдык үлесі: } K_{\text{ал}} = \frac{Q_c}{Ж_{\text{мш}}} \cdot 100;$$

$$\text{технологияны өзгөртүүгө дейін } K_{\text{ал}} = \frac{92}{350} \cdot 100 = 26,3\%;$$

$$\text{технология өзгөртүлгөнгөнөнөн кейін } K_{\text{ал}} = \frac{82,8}{350} \cdot 100 = 23,7\%;$$

6.4. Кәсіпорынның шығарган бұйымының таза салмагы – 38 кг, жылдык өнімі – 3000 дана. Қазіргі кездегі материалды пайдалану коэффициенті - 0,8, кәсіпорын оны 0,82-ге дейін өсіруді жоспарлады. 1 кг материалдың құны – 42 теңге.

Материалды жұмсау мөлшерін қазіргі және жоспарлы мезгілде, материалды пайдалану коэффициентін көтерудегі үнемді натуралды және құндай өлшеміндегісін анықтау керек:

Шешімі:

$$\text{а) Материалды жұмсау мөлшері: } M_{\text{м}} = \frac{B_{\text{тс}}}{K_{\Pi}};$$

$$M_{\text{м}} \left(\text{қазіргі кезде} \right) = \frac{38}{0,8} = 47,5$$

$$M_{\text{м}} \left(\text{жоспардағы} \right) = \frac{38}{0,82} = 46,342$$

б) бағдарламада материалды жұмсау:

Қазіргі мөлшерде жұмсалған материал = $47,5 \cdot 3000 = 142500$ кг.,

Жоспарланған мөлшерде жұмсалатын материал мөлшері =

$$46,342 \cdot 3000 = 139026 \text{ кг.}$$

в) Жылдык жоспарланған натуралды өлшеміндегі материалдық үнем:

$$\text{Үм} = \text{жоспар} - \text{қазіргі} = 142500 - 139026 = 3474 \text{ кг.}$$

г) Жылдық жоспарланған құндай өлшемдегі үнем:

$$Y_{\text{сан}} = Y_M \cdot Z = 3474 \cdot 42 = 145908 \text{ теңге.}$$

6.5. Жылдық өнім шығару көлемі 10000 бірлік, бұйымның өзіндік құны – 80 теңге, бұйым бағасы 25% өзіндік құннан артқан. Айналым құралының ортажылдық қалдығы – 50000 теңге; бұйымды дайындау циклінің өндірістегі ұзақтығы – 5 күн; аяқталмаған өндірісте шығынның өсу коэффициенті – 0,5 белгілі болған жағдайда кәсіпорында айналым құралының айналымдылығын, өндірісте аяқталмаған айналым құралының мөлшерін анықтау керек.

Шешімі:

1) Кәсіпорынның аяқталмаған өндірісінде айналым құралының мөлшері

$$A_{\text{ом}} = \frac{S \cdot q \cdot T_{\text{сн}} \cdot K_{\text{ау}}}{T_{\text{с}}} = \frac{80 \text{ теңге} \cdot 10000 \cdot 5 \cdot 0,5}{360} = 5555,5 \text{ теңге;}$$

2) Айналым құралының айналымдығы:

а) айналымдылық коэффициенті:

$$K_{\text{к}} = \frac{\Theta_{\text{ск}}}{A_{\text{ок}}};$$

$$\Theta_{\text{ск}} = S \cdot 1,25 \cdot q = 80 \times 1,25 \times 10000 = 1000000 \text{ теңге}$$

$$K_{\text{ак}} = \frac{1000000}{50000} = 20;$$

3) бір айналымның ұзақтығы, күнімен;

$$A_{\text{ҰЗ}} = \frac{T_{\text{с}}}{K_{\text{к}}} = \frac{360}{20} = 18 \text{ күн;}$$

4) айналым құралын бекіту коэффициенті:

$$K_{\text{б}} (\text{бекіт}) = \frac{A_{\text{ок}}}{\Theta_{\text{ск}}} = \frac{50000}{1000000} = 0,05.$$

6.6. Кәсіпорын 1 тоқсанда 250 мың теңгеге өнім сатты, осы тоқсанда айналым құралының қалдығы 25 мың теңгені құрады. Екінші тоқсанда өнімді сату көлемі 10% өсті, ал бір айналым құралының айналымдығы 1 күнге қысқарды. Анықтау керек:

а) айналым құралының айналымдылық коэффициентін және 1-ші тоқсандағы бір айналымның ұзақтығын (күн);

б) айналым құралының айналымдылық коэффициентін және оның 2-ші тоқсандағы абсолюттік шамасын;

в) Айналым құралының бір айналым ұзақтығын қысқарту қорытындысында айналым құралының өндірістен босатылуын.

Шешімі:

1) 1-ші тоқсандағы айналым құралының айналымдылық коэффициенті:

$$K_{1aa} = \frac{\Theta_{ск}}{A_{окк}}; \quad K_{1aa} = \frac{250}{25} = 10;$$

1-ші тоқсанда бір айналымның уақыты: $T_{1aa} = \frac{90}{10} = 9$ күн;

2) II-ші тоқсанда айналым құралының айналымдылық коэффициенті

$$K_{IIaI} = \frac{90}{9-1} = 11,25;$$

$\Theta_{ск IIa} = 25 \times 11,1 = 277,5$ мың. теңге

II-ші тоқсанда айналым құралына талабы:

$$A_{ОҚII} = \frac{\Theta_{ск IIa}}{K_{АУIIa}}; \quad A_{ОҚII} = \frac{277,5}{11,25} = 24,66 \text{ мың теңге};$$

3) бір айналым ұзақтығының қысқару нәтижесінде айналым құралының босатылуы:

$$A_{ОҚII} = \frac{\Theta_{ск IIб}}{K_{АУIIa}} - \frac{\Theta_{ск IIб}}{A_{ОҚIo}};$$

6.7. Кәсіпорын бойынша келесі кестедегі мәліметтерге қарап, айналым құралының айналымдылық коэффициентін анықтау керек:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Саны
Жылдық өндірілген тауарлы өнімнің өзіндік құны	мың теңге	1100

Оның ішінде материал шығындары	мың теңге	500
Өндіріс қорының мөлшері	күндер	15
Дайын өнімнің қор мөлшері	күндер	10
Тауарлы өнімге шаққандағы бір теңге шығыны	теңге/теңге	0,7
Өндіріс циклінің ұзақтығы	күндер	30

Шешімі:

1) Айналым құралының мөлшерленетін жалпы сомасы:

$$M_{\text{ак}} = \Theta_{\text{зм}} + A_{\text{өм}} + M_{\text{до}}$$

$$\text{a) } \Theta_{\text{зм}} = \frac{500 \text{ мың теңге}}{360 \text{ күн}} \cdot 15 \text{ күн} = 20,83 \text{ мың теңге}$$

$$\text{б) } A_{\text{өм}} = \frac{1100 \text{ мың теңге}}{360 \text{ күн}} \cdot 30 \text{ күн} \cdot 0,73 = 66,92 \text{ мың теңге}$$

$$K_{\text{ау}} = \frac{500 \text{ мың теңге} + (1100 \text{ мың теңге} - 500 \text{ мың теңге})}{1100 \text{ мың теңге}} \cdot 0,73 = 0,73$$

$$\text{в) } A_{\text{өм}} = \frac{1100 \text{ мың теңге}}{360 \text{ күн}} \cdot 10 \text{ күн} = 30,56 \text{ мың теңге}$$

$$M_{\text{ак}} = 20,83 \text{ мың теңге} + 66,92 \text{ мың теңге} + 30,56 \text{ мың теңге} = 118,31 \text{ мың теңге}$$

2. Айналым коэффициенті:

$$\Theta_{\text{ск}} = \frac{1100 \text{ теңге}}{0,7 \text{ теңге}} = 1571,43 \text{ мың теңге}$$

$$K_{\text{ак}} = \frac{1571,43 \text{ мың теңге}}{118,31 \text{ мың теңге}} = 13,28$$

6.8. Кәсіпорынның есепті жылда айналым құралы 1400 мың теңгені құрды. Материалдық шығындардың жалпы айналым құралындағы үлес салмағы-25%. Келесі жылы материалдарды жұмсауды бір бұйымға шаққанда 15%-ға төмендетуді жоспарлап отыр. Жұмсалатын материал мөлшерін қысқарту есебінен келесі жылы айналым құралының көлемі қандай болатынын анықтау керек:

Шешімі:

1) Есепті жылда айналым құралының жалпы сомадағы материалдар құнына шаққанда:

$$M_{\text{есеп}} = \frac{1400 \text{ мың теңге} \times 25\%}{100\%} = 350 \text{ мың теңге}$$

2) Келесі жылы материалдардың құны айналым құралының жалпы сомасына қанша көлемде төмендейді:

$$M_{\text{ес.ж.}} = \frac{350 \text{ мың теңге} \cdot 15\%}{100\%} = 52,5 \text{ мың теңге}$$

3) Келесі жылы материалға жұмсалатын шығынды қысқарту есебінен айналым құралының көлемі қандай болады:

$$CO_{\text{к.ж.}} = 1400 \text{ мың теңге} - 52 \text{ мың теңге} = 1347,5 \text{ мың теңге}$$

6.9. Есепті жылда кәсіпорында мөлшерленетін құрал сомасы 100000 теңгені құрды. Бір айналым құралының айналым ұзақтығы 35 күн. Келесі жылы өнімді сату көлемі 5%-ға өсіріледі. Мөлшерленетін айналым құралының сол қалыптағы көлемінде бір айналым уақыты қанша күнге қысқарады.

Шешімі:

1). Есепті жылда айналу коэффициенті: $K_{\text{акв}} = \frac{360 \text{ күн}}{35 \text{ күн}} = 10,3$

2). Есепті жылда өнімді сату көлемі:

$$\Theta_{\text{ске}} = K_{\text{ак}} \cdot A_{\text{ок}} = 10,3 \cdot 100000 \text{ теңге} = 1030000 \text{ теңге}$$

3). Келесі жылы өнімді сату көлемі:

$$\Theta_{\text{скк}} = \Theta_{\text{ске}} \cdot 1,05 : A_{\text{ок}} = 1030000 \text{ теңге} \times 1,05 : 100000 = 10,8$$

4). Келесі мезгілде айналу коэффициенті:

$$K_{\text{акж}} = \frac{O_{\text{скк}}}{A_{\text{к}}} = 1081000 \text{ теңге} : 100000 = 10,8$$

5). Келесі мезгілде айналым ұзақтығы:

$$A_{\text{ұз}} = \frac{360 \text{ күн}}{K_{\text{акж}}} = \frac{360 \text{ күн}}{10,81} = 33,3 \text{ күн}$$

6). Келешек мезгілде бір айналымның ұзақтығы қысқартылады:

$$\Delta A_{\text{ұз}} = A_{\text{ұзк}} - A_{\text{ұзе}} = 33,3 \text{ күн} - 35 \text{ күн} = -1,7 \text{ күн, немесе } 1,7 \text{ күнге}$$

6.10. 65 дана «А» түріндегі бұйымды дайындауға 6,5 т. болат жұмсалады, оның бағасы 205 теңге/т., мата – 1725 м², бағасы 30 теңге/м², сым темір – 600 метр, бағасы 230 теңге/метр, желім құрама – 800 кг., бағасы 78 теңге/кг.

Материал сиымдылығы бірлігін анықтау керек:

Шешімі:

$$M_{\text{бірлігі}} = \frac{\sum_{\text{мш}} \text{Ж күнделікті өндіру}}{q}$$

$$M_{\text{бірлігі}} = \frac{6,5 * 205 + 1725 * 30 + 600 * 230 + 800 * 78}{65} = 3899,7 \text{ теңге}$$

6.11. Өнімді сату көлемі есепті жылда 20 млрд теңгені құрды, орта жылдық айналым құралының қалдығы – 5 млрд теңге. Жоспарлы мезгілде өнімді сатуды 20%-ға көбейту белгіленіп отыр, ал айналымдық коэффициенті – бір айналымға жоспарланған. Айналым құралын пайдалану және оның басталуын есепті және жоспарлы мезгілде көрсеткіштерін анықтау керек.

Шешімі:

1) Айналым құралын есепті мезгілде пайдалану көрсеткішін анықтаймыз:

$$K_a = \frac{20}{5} = 4 \text{ айналым}; \quad K_{\text{жү}} = \frac{360}{4} = 90 \text{ күн}$$

2) Айналым құралын жоспарлы мезгілде пайдалану көрсеткішін анықтаймыз:

$$K_a = 4 + 1 = 5 \text{ айналым}; \quad K_{\text{жү}} = \frac{360}{5} = 72 \text{ күн}$$

3) Айналым құралын босатылуын анықтаймыз:

$$\Delta Q = Q_a - Q_{\text{жос}}$$

$$\Delta Q = \frac{24}{4} - \frac{24}{5} = 6 - 4,8 = 1,2 \text{ млрд. теңге}$$

мұнда Q_a – жоспарлы мерзімдегі айналым құралына талабы, егер оның жедел айналымдылығы болмаған жағдайда. $Q_{\text{жос}}$ – жоспарлы мерзімдегі айналым құралына талабы, олардың айналымдылығын тездету.

6.12. Кәсіпорында есепті жылы өнімді сату көлемі 600000 мың теңгені құрады, ал есепті жылы – 612000 мың теңгеге жетті, айналым құралының орта жылдық қалдығы тиісінше 120000 мың теңге және 110500 мың теңге. Айналым құралының айналу коэффициентін, бір айналымның ұзақтығын, айналым құралының жүктеу коэффициентін анықтау керек.

Шешімі: айналым құралының айналу коэффициенті өткен жылы $600000 : 120000 = 5,0$ және есепті жылы – $5,54$ құрды. Бір айналымның ұзақтығы: $360:5=72$ күн және $360:5,54=65$ күн, айналым құралының жүктеу коэффициенті - $120000 : 600000 = 0,2$ теңге және $110500 : 612000 = 0,18$ теңге болды.

Өз бетінше есеп шығару

6.13. Кәсіпорын үш түрлі метал өнімін өндіреді, кестеде келтірілген мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

- а) металды пайдаланудың жалпы коэффициентін (%);
- б) метал қалдығының деңгейін (%);
- в) материал сымдылығын (кг/теңге).

Бұйымдар	Саны, дана	Бұйымның таза салмағы, кг	1 т. металдың бағасы, теңге	Жалпы жұмсалатын метал, кг	Дайын өнімнің құны, теңге
А	100	0,5	1000	70	150
Б	150	0,4	1000	90	200
В	300	1,0	1000	350	650

6.14. Кәсіпорынның айналым құралының мөлшері – 3300 мың теңге. Өнімді сату жоспары – 19,8 млн. теңге. Анықтау керек:

- а) айналым құралының айналымдылық коэффициентін (қанша рет);
- б) бір айналымның ұзақтығын (күн).

6.15. Жылдық өнімді сату жоспар бойынша 17100 мың теңге. Айналым құралының мөлшері 380 мың теңге болып белгіленген. Ұйымдастыру шараларын жүргізудің арқасында бір айналымның ұзақтығы 2 күнге қысқарған. Анықтау керек:

- а) бір айналымның жоспардағы ұзақтығын (күн);
- б) бір айналымның нақты ұзақтығын (күн);

в) айналымдылықты жылдамдату нәтижесінде айналым құралының босатылған сомасын (мың теңге).

6.16. Кәсіпорынның өндіріс жобасындағы өндіріс запастар материалдарымен қамтамасыз етудің көлемін есептеу керек. Жоба бойынша кәсіпорынға жылына 4000 бұйым көлемін шығару көзделген, материалды пайдалану коэффициенті – 0,88, материалды жеткізу тоқсанда бір рет белгіленген, материалға деген жылдық қажеттілік – 360 т. құрайды.

6.17. Кәсіпорында шығарылатын бұйымның таза салмағы 48 кг құрды. Жыл бойғы өнім көлемі – 5000 бұйым. Материалды пайдалану коэффициенті – 0,75. Кәсіпорын технологиялық үрдісті жаңалаудың жолымен материалды пайдалану коэффициентін 0,76-ға жеткізуді жоспарлап отыр. Жылдық бұйым шығару 5%-ға өседі, материал бағасы – 30 теңге. Анықтау керек:

а) қазіргі жағдайдағы және жоспарланған бұйымға жұмсалатын материалдың шығын мөлшерін;

б) нақтылы және құн өлшеміндегі материалдың жоспарланған жылдық үнемін.

6.18. Кәсіпорын үш түрлі метал өнімін өндіреді, кестеде келтірілген мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

Бұйымдар	Саны, дана	Бұйымның таза салмағы, кг	Іт. металдың бағасы, тенге	Жалпы жұмсалатын метал, кг	Дайын өнімнің құны, тенге
А	100	0,5	1000	70	150
Б	150	0,4	1000	90	200
В	300	1,0	1000	350	650

а) металды пайдаланудың жалпы коэффициентін (%);

б) метал қалдығының деңгейін (%);

в) материал сийымдылығын (кг/теңге).

6.19. Кәсіпорында өндірісті қамтамасыз етуге және оны сатуға белгілі сомада айналым құралын керек етеді. Өндіріс жобасында жылына – 700 бұйым, бір бұйымның өзіндік құны – 150 теңге. Өндіріліп бітпеген өнімнің үдету шығын коэффициенті – 0,66.

Бір бұйымды жасауға кеткен негізгі материал шығыны – 100 теңге, запас күн мөлшері 25 күн. Көмекші материалдың жылдық өнімі – 6000 теңге, запас күн мөлшері 40 күн, отын – 3200 теңге және 30 күн, басқадай өндіріс запастары – 9000 теңге және 60 күн. Алдағы мерзімде жұмсалатын шығын – 1000 теңге. Дайын өнім запас мөлшері – 5 күн.

Анықтау керек: айналым құралының элементтері бойынша мөлшерін (өндіріс запасын, өндіріліп бітпеген өнім, дайын өнім) және олардың жалпы сомасын.

6.20. Айналым құралының өндіріс запас мөлшері – 1100 мың теңге, алдағы мезгілде жұмсалатын шығын мөлшері – 100 мың теңге, бұйымды шығару жоспары – 1000 дана, өндіріс циклінің ұзақтығы – 50 күн, бір бұйымның өндірістік өзіндік құны – 18,0 мың теңге; шығынның өсу коэффициенті – 0,7, қоймадағы дайын өнім қорының мөлшері – 7 күн, бұйымның көтерме бағасы – 20 мың теңге. Анықтау керек (мың теңге):

- а) айналым құралының аяқталмаған өндірісіндегі мөлшерін;
- б) айналым құралының дайын өнім мөлшерін;
- в) кәсіпорындағы айналым құралының жалпы мөлшерін.

6.21. Бұйымды өндірудің жылдық жоспары – 8640 дана, бұйымды шығарудағы өндіріс циклінің ұзақтығы – 12 күн, шығарылатын бұйымның өндірістік өзіндік құны – 140 теңге, оның ішінде бірінші күнгі циклдегі материалға және жартылай фабрикатқа кеткен шығыны – 100 теңге.

Анықтау керек:

- а) бір тәуліктегі өндіріс жоспарын (дана);
- б) аяқталып бітпеген өндірістегі бір бұйымның өзіндік құнын (теңге);
- в) аяқталып бітпеген өндірістегі айналым құралының мөлшерін (теңге).

6.22. Есепті жыл бойы және кәсіпорынға айналым құралын пайдалануды жақсарту жөніндегі жобаның бірнеше түрлері келтірілген. Төмендегі кестенің бос жерін есептеп толтыру керек:

Көрсеткіштер	Есепті жыл	Тиімділікті көтеру түрлері		
		бірінші	екінші	үшінші
Өнімді сату көлемі, мың теңге	14400		14400	15264

Айналым құралының орта қалдығы, мың теңге	400	400		
Бір айналымның ұзақтығы, күн	10	8	8	12

6.23. Кәсіпорынның айналым құралының мөлшері – 3300 мың теңге, өнімді сату жоспары – 19,8 млн. теңге. Анықтау керек:

- айналым құралының айналым коэффициентін;
- бір айналымның ұзақтығын (күн).

6.24. Жылдық өнімді сату жоспарында 17100 мың теңге белгіленген. Айналым құралының мөлшерін 380 мың теңгеге жоспарланған. Техникалық ұйымдастыру іс-шарасының нәтижесінде айналым құралының бір айналым ұзақтығы 2 күнге қысқартылған. Анықтау керек:

- айналым құралының жоспардағы бір айналым ұзақтығын (күн);
- нақты бір айналымның ұзақтығын (күн);
- босатылған соманың қорытындысында айналым құралының айналу жылдамдығын тездетілуін (мың теңге).

6.25. Есепті мезгілде кәсіпорындағы айналым құралы 50 мың теңге болды, сатылған өнім көлемі – 1000 мың теңге. Алдағы жылдарда өнім көлемін өсіру жоспарланып 100 мың теңгеге жеткізу көзделді. Кәсіпорында техникалық – ұйымдастыру жұмысын жақсарту нәтижесінде айналым құралының айналымдылығын 2 күнге тездету белгіленді.

Айналым құралының айналымдылығын қысқартудың қорытындысында қол жететін үнем көлемін анықтау керек.

6.26. Кондитер фабрикасында есепті жылдың шілде айында 150 кг кондитерлік бұйымды өндіру үшін төмендегі шикізаттар жұмсалған. Шілде айындағы өнім материал сыймдылығын анықтау керек, өткен айда баға 1,5 есе төмен болғанын ескертеміз.

Материалдар	Саны, кг	Бағасы, теңге/ кг	Жылдық құны, мың теңге
Қант	200	14	
Бал	30	37	
Патока	24	15	

Жаңғақ	10	30	
Какао	15	60	
Үн	21	11	
Басқадай			290

6.27. Айналым құралының жалпы мөлшерін анықтау керек, егер жылдық өнімнің өзіндік құны 1400 мың теңгені құрды, материал шығыны – 500 мың теңгені, өндірістегі запас мөлшері – 12 күнді, дайын өнім запас мөлшері – 10 күнді; өндіріс циклінің ұзақтығы 30 күнді құрағанда.

6.28. Келесі мәліметтерді қолдана отырып, жылдық есепте айналымдылықтың теңестілуін өткен жылмен салыстыру арқылы үнемді анықтау керек:

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл
Сатудан түскен табыс, мың теңге	8000	10800
Айналым құралының орта көлемі, мың теңге	1200	1400

6.29. Келесі мәліметті қолданып материалдар есебі бойынша айналым құралының тоқсандағы мөлшерін анықтау керек:

Материалдың аты	Жоспарлы материал шығыны	Уақыт, күн					Құралдың айналу мөлшері
		жолда	кабылдау, тиеу, сорттау, жинау	өндіріске дайындау	күнделікті запас	кепілді запас	
А	10	3,2	1	3	20	10	37,2
Б	2	1	1	-	7	-	9
В	6	4	2	2	30	15	53

3.30. Кестедегі мәліметтер бойынша бір жылдың ішінде аяқталып бітпеген өндірістегі айналым құралының мөлшерін анықтау керек:

Жылдық жоспар бойынша бір жылғы шығын – 46 мың теңге; жылдық жоспар бойынша шығындар – 22 мың теңгені құрады.

Бұйымдар	Дайындау мезгілі	Жоспар бойынша жалпы өнім көлеміндегі бұйымның өзіндік құнының үлес салмағы
А	30	0,40
Б	6	0,45
В	14	0,15

6.31. Цех бойынша үш түрлі бұйым өндіріледі: А – 1000 дана, Б – 2500 дана; В – 1800 дана. Бозғылт түсті шойынның бұйым бірлігі А – 30 кг, Б – 45 кг, В – 28 кг, сортты темір – тиісінше 25, 34 және 48 кг; темір қаңылтыр – 38, 28 және 14 кг. Металдың әртүрлігіне байланысты пайдалану коэффициентін анықтау керек, егер жалпы шойын шығыны – 210000 кг, сортты темір – 218500 кг және темір қаңылтыры – 150000 кг.

8 тақырып: КӘСІПОРЫН КАДРЛАРЫ, ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ

Кәсіпорын өндірісіндегі негізгі факторларға еңбек құралы, еңбек заты және мамандар жатады.

Еңбек – негізгі материалдық және рухани байлық көзі, ал еңбек ететін мамандар – қоғамның басты өндіргіш күші. Еңбек ететін адамдар – бұлар әртүрлі қабілеттегі, ынтадағы және талаптағы адамдар.

Еңбек ресурстары дегеніміз – халықтың біраз бөлігі, еңбекке жарамды, күш жігері мол, білімді және халық шаруашылығында жұмыс істеуге тәжірибесі мол адамдарды айтады.

Халықтың еңбекке жарамдылығы деген ұғым өндірістің шешуші факторы ретіндегі жұмыс күшін қолдану үрдісінде адамның қолданатын күш-қуат және **интеллектік қабілеттердің жиынтығын білдіреді**. Оның үстіне жұмыс күші тікелей адамның белгілі көлемдегі және сападағы жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімі мен қабілетін құрайды.

Белгілі уақыттағы еңбек ресурстарының тізімдегі құрамы – мамандардың және жұмысшылардың санын құрайды. Тізімдегі құрамға: 1) **негізгі**, 2) **негізгі емес** етіп қызметке қабылданған – **тұрақты, уақытша және маусымдық** жұмысшылар саны кіреді.

Тізімдегі құрамға – барлық жұмысқа келген, сонымен бірге демалыстағы, іс-сапардағы, ауруына сәйкес жұмысқа келе алмаған, өндіріс саласындағы қызмет атқарып жүрген адамдар кіреді.

Тізім бойынша құрамдағы адамдардың орташа тізімдегі санынан айырмашылығы апта, ай, тоқсан, жыл аралықтарындағы көрсеткішпен анықталады.

Орта тізімдегі санды – бір ай ішіндегі істеген жұмысшылар санын, бір айдағы күндерді қосып (демалыс, мейрам күндерін қоса) қосындыны ай ішіндегі күндерге бөлу арқылы анықтайды. Осы тәсілмен сол сияқты, тоқсан, жылдық орташа тізімдегі жұмысшылар санын шығарады.

Өндіріс саласында істейтін жұмысшыларды өздерінің өндіріс жұмысына қатысуына байланысты екі топқа бөлуге болады:

а) өнеркәсіп-өндіріс саласындағы қызмет істеушілер (негізгі қызмет етушілер);

б) өнеркәсіптік емес мекемелерде (негізгі емес) болып бөлінеді. Өнеркәсіп-өндіріс саласындағы қызмет істеушілер өздерінің жұмыс қызметіне байланысты екі топқа бөлінеді:

а) жұмысшылар және

б) қызметкерлер болып

Жұмысшылар негізгі және көмекші болып бөлінеді. Кәсіпорында бұлардың ара қатынасы талдау көрсеткішпен сипатталады

Негізгі жұмысшылардың сандық коэффициентін төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$K_{нж} = 1 - Ж_{кж} / Ж_{ж}$$

мұнда $K_{нж}$ – негізгі жұмысшылардың сандық коэффициенті;

$Ж_{кж}$ – бөлімшелерде, цехта, кәсіпорында орта тізімдегі қосымша жұмысшылар саны, адам;

$Ж_{ж}$ – бөлімшелерде, цехта, кәсіпорында орта тізімдегі, барлық жұмысшылар саны, адам.

Бөлімшелердегі, цехта, кәсіпорындағы мамандардың құрамы деп әртүрлі категориядағы, жұмыс істейтін жұмысшылардың барлық жұмысшылар санына қатынасын айтамыз.

Мамандардың құрамын талдау жасап анықтағанда жұмысшылар саны (КЖі) кәсіпорындағы жалпы ортатізімдегі жұмысшылар ($Ж_{ж}$) санына салыстыру арқылы анықталады.

$$КЖі = Жі / Ж_{ж}, \text{ немесе } КЖ = (Жі * 100) / Ж_{ж},$$

мұнда $Жі$ – орта тізімдегі жұмысшылар сандары (i – категориядағы), адам.

Еңбек ұжымы сан, құрамы жағынан, маманданған деңгейі әр уақытта тұрақты көлемде болмайды. Олар өзгеріп отырады: кейбір жұмысшы жұмысын өзгертеді, оның орнына басқа жұмысшы қабылданады. Осындай мамандардың өзгеріп отыруын – **мамандардың ауысуы** дейміз.

Кәсіпорында мамандардың осындай жағдайын бірнеше көрсеткіштер көмегімен анықтап отырады:

1. Мамандардың (жұмысшылардың) ауысу (кету) коэффициенті ($K_{аж}$) – белгілі бір уақытта түрлі жағдаймен жұмыстан шығарылған жұмысшылардың санының ($Ж_{жш}$) дәл сол уақыттағы жалпы ортатізімдегі санына ($Ж_{ж}$) қатынасымен анықтайды:

$$K_{аж} = Ж_{жш} / Ж_{ж} * 100(\%)$$

2. Мамандарды (жұмысшыларды) қабылдау коэффициенті ($K_{кж}$) – белгілі бір уақытта қабылданған жұмысшылар санының

($J_{кж}$) дәл сол уақыттағы жалпы орта тізімдегі санына ($J_{ж}$) қатынасымен анықталады:

$$K_{кж} = J_{кж} / J_{ж} * 100(\%)$$

3. Мамандардың тұрақсыздық коэффициенті ($K_{тжк}$) – белгілі мерзімінде ($J_{жш}$) жалпы жұмысшылар арасында еңбек тәртібін бұзып немесе өз арызымен жұмыстан шыққан жұмысшылар санының (цехтағы, бөлімшелердегі) кәсіпорынның сол мезгілдегі орта тізімдегі жұмысшылар санына бөлу арқылы анықталады.

$$K_{тжк} = (J_{жш} / J_{ж}) * 100(\%)$$

Кәсіпорында еңбекті ұйымдастыруды дұрыс жүргізуде және жоспардағы белгіленген жұмыс көлемін орындау үшін, әрбір жұмысшының еңбек етіп отырған саласындағы жұмысын анықтау мақсатымен еңбегі мөлшерленуі тиіс.

Еңбекті мөлшерлеу – өндіріс жағдайында белгілі бір нақты жұмысты орындауға жұмсалатын уақыттың жоғары деңгейін анықтау (белгіленген сағат, алмасу уақыт бірлігінде жоғары көрсеткіште өнім өндіру).

Еңбекті мөлшерлеу тәжірибе **статистикалық** және **талдау** әдістері арқылы іске асырылады. Мұның ішінде талдау әдісі прогрессивті деуге болады, мұнда мөлшерлеудің қалыптасуы ғылыми тұрғыда болғандықтан өндірісте кең қолданылады. Ал тәжірибе – статистикалық әдісте, кәсіпорындағы қалыптасқан мәлімет бойынша жоспардағы мезгіл мен өткендегі мерзімдер мәліметін салыстыру арқылы жүргізіледі.

Талдау әдісі – жан-жақты бірнеше операцияларды талдаудан өткізіп, қарап өтеді:

- өндіріс үрдісін зерттеуде өндіріс құрамындағы элементтерді бөлшектеп зерттеу арқылы;
- еңбек шығынына әсер ететін барлық факторларды зерттеу арқылы;
- операция құрамын жаңалаудағы шараларды жобалау және оның орындалу әдісін белгілеу арқылы;
- жұмыс орнын жақсарту шараларын жасау арқылы;
- жұмысты орындауға уақыт есебін анықтау арқылы;
- өндіріске еңбек мөлшерін ендіру арқылы.

Талдау әдісінде жіктелген талдау, есептеу әдісін қолдануы мүмкін. Мұнда күні бұрын дайындалған мөлшерлерді қолдану негізінде жүргізіледі. Сонымен бірге, талдау–зерттеу жүргізу арқылы, жұмысшылардың жұмыс уақытын **хронометраж, сурет-**

ке түсіру тәсілдерін қолдану арқылы жұмыс уақытын жоғалтуын зерттеуге болады. Еңбекті мөлшерлеу адам–сағат немесе адам–минут уақытымен белгіленеді.

Сонымен, өнім бірлігінде уақыт мөлшерінің құрамын немесе қолмен атқаратын жұмыс және машина–қол, машинамен атқаратын жұмыстардағы шығын элементтерін төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$t_{\text{мөл}} = t_{\text{нег}} + t_{\text{қос}} + t_{\text{жод}} + t_{\text{дк}} + t_{\text{үз}} + t_{\text{туз}}$$

мұнда $t_{\text{мөл}}$ – мөлшерлеу уақыты;

$t_{\text{нег}}$ – негізгі уақыт;

$t_{\text{қос}}$ – қосымша уақыт;

$t_{\text{жод}}$ – жұмыс орнын дайындау уақыты;

$t_{\text{дк}}$ – дайындық қорытынды уақыты;

$t_{\text{үз}}$ – үзіліс, демалу т.б. керекті үзіліс уақыты;

$t_{\text{туз}}$ – қалпына келтіре алмайтын уақыт (техникалық т.б. үрдістердің әсерінен)

Еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың еңбек өнімділігіне тигізетін әсері мол. **Еңбек өнімділігі** дегеніміз – кәсіпорында жұмысшылардың нақты еңбегі мен қабілетінің нәтижесінде, белгілі бір жұмыс уақытында саны мен сапасы жоғары өнімді өндіру деңгейін сипаттайтын маңызды экономикалық категория.

Еңбек өнімділігінің деңгейін өнімге кеткен еңбек шығынын еңбек үрдісінің қорытындысы мен салыстыру арқылы анықтайды.

Еңбектің көп саладағы жұмсалған алуан түрлі шығындарын екі топқа бөлуге болады:

а) **Жанды еңбек шығыны** – нақты өнімді өндіру мен тікелей айналысатын жұмысшылар категориясының жұмыс уақыты;

б) **Мүліктенген немесе затқа айналған шығын** немесе өткендегі еңбек шығыны. Бұл затқа айналған еңбекте өнеркәсіп өндірісіндегі өндіріс құралдарын жасауға кеткен еңбек шығындары, яғни шикізат, материалдарды, жабдықтарды т.б. өнеркәсіп салаларындағы өнім өндіруде қолданылатын құралдарға кеткен, өткен мезгілдегі еңбек шығындары.

Осыған орай еңбек өнімділігі **жанды еңбек өнімділігі** және **қоғамдағы еңбек өнімділігі** болып бөлінеді.

Қоғамдағы еңбек өнімділігі барлық жанды еңбек шығыны мен өткендегі еңбек шығындарын қосып есепке алса, жанды еңбек шығыны тек кәсіпорындағы өнімге кеткен шығынды қамтиды.

Сонымен, жанды еңбек өнімділігі өнеркәсіптің әрбір өндіріс бұйымдарындағы – бригада, цехтардан бастап салаға дейінгі еңбек өнімділігінің тиімділігін сипаттайды. Тек жанды еңбек - өнімді тікелей дайындайды.

Затқа айналған еңбек шығыны - өндірістің бастапқы кезеңінде жанды еңбектеніп, жанды еңбектің материалды жағдайын көтеруге қызмет атқарып, жанды еңбек өнімділігіне қатыспайды.

Қоғамдық еңбек өнімділігінде ғана жинақталған қорытындыны, тиімділікті анықтағанда жанды және затқа айналған жалпы еңбек шығындары бірге есептелінеді.

Еңбек шығынын азайтып, еңбек өнімділігін арттыру арқылы өнімнің өзіндік құнын арзандатуға болады. Өнім өндіруде еңбек шығыны азайған сайын, өнімнің өзіндік құны арзандап, кәсіпорынның пайдалылығы өседі.

Еңбек өнімділігі – бір жұмысшының белгілі бір уақытта (сағат, күн, ай, тоқсан, жыл) істеген мезгілінде өндірілген өнім саны немесе өнімді өндіру бірлігіне жұмсалған еңбек шығынымен өлшенеді.

Еңбек өнімділігі **бірінші жағдайда** – өнімді өндіруге кеткен уақыт бірлігінде, **екінші жағдайда** – еңбек сымдылығы - дайындалған өнім бірлігінде есептелінеді.

Еңбек өнімділігі төмендегі формуламен анықталады:

$$E_0 = \frac{\Theta_k}{E}$$

мұнда E_0 – еңбек өнімділігі;

Θ_k – өндірілген өнім көлемі;

E – өнімді өндіруге жұмсалған еңбек шығыны;

$$\text{немесе } E_c = \frac{E}{\Theta_k},$$

мұнда E_c – еңбек сымдылығы. /

Еңбек сымдылығы дегеніміз – өнімді өндіруге жұмсалған еңбек мөлшерінің, өндірілген өнім көлеміне қатынасын айтамыз. Еңбек шығындары оның құрамына өндіруге байланысты технологиялық еңбек сымдылығы, өндірісте қызмет ету еңбек сымдылығы, өндірістегі еңбек сымдылығы және өндірісті басқару еңбек сымдылығы болып бөлінеді. Осы аталған сымдылықтардың негізгісіне тоқталсақ:

Өндірістегі еңбек сымдылығы (Θ_{EC}) негізгі және көмекші жұмысшылардың еңбек шығындарын қамтиды, оны мына формуламен анықтауға болады:

$$\Theta_{EC} = T_{EX EC} + E_{КЫЗ},$$

мұнда Θ_{EC} - өндірістегі еңбек сымдылығы;

$T_{EX EC}$ – технологиялық еңбек сымдылығы, оған барлық негізгі жұмысшылардың кесімді және мерзімді еңбек шығындары жағады.

$E_{КЫЗ}$ – өндірісте қызмет ететін көмекші жұмысшылардың еңбек шығындары.

Толық еңбек сымдылығы (T_{EC}) барлық категориядағы өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлерінің еңбек шығындары, оны мына формуламен анықтайды:

$$T_{EC} = T_{EX EC} + E_{КЫЗ} + T_{БАС}$$

мұнда $T_{БАС}$ – өндірісті басқаруға маманданған инженерлік – техникалық жұмыс істеушілер, қызметкерлер, кіші қызмет етуші қызметшілер.

Сонымен, **өнім бірлігіндегі толық еңбек сымдылығы** (T_{EC}) - өнім бірлігін жасауға кеткен барлық жанды еңбек шығынының сомасы. Ол адам- сағатпен өлшенеді.

$$T_{e.c.} = \frac{\text{жұмсалған уақыт саны, адам - сағат}}{\text{өндірілген өнім көлемі}}$$

Бұл әдістер өнеркәсіп салаларында әртүрлі техникамен жабдықталуына сәйкес, әртүрлі деңгейдегі өлшем болуына байланысты тәжірибеде пайдалануы белгілі қиындықтарды туғызады. Сондықтан, өнеркәсіпте бұл әдіс кейбір салаларда еңбек өнімділігін өлшеу болмаса, өндірісте сирек қолданылады.

Еңбек өнімділігін арттыруда ең бастапқы мәселе - ірі индустрияны материалдық негізде қамтамасыз ету, өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді ендіру, жұмысшылардың білімін көтеру, мәдени-техникалық деңгейін арттыру, еңбек тәртібін реттеу және оны ұйымдастыруды жақсарту.

Кәсіпорындағы еңбекақы жүйесі және оны ұйымдастыру

Өндіріс үрдісіне әсерін тигізетін маңызды мәселенің бірі – бұл еңбек ресурстарының бағасы – жұмысшылардың еңбекақысы.

Жұмысшыларды тиімді пайдалануда ынталандырудың негізгі бір жолы - еңбекақы төлеу.

Еңбекақы төлеу – бұл мемлекеттік кәсіпорында ұлттық табыстың бір бөлігінен әрбір жұмысшының еңбек шығынына қарай, еңбектің саны мен сапасы бойынша бөлінетін ақшалай түрдегі жұмысшыға төленетін еңбекақы.

Еңбекақы төлеу – бұл еңбек үшін берілетін сыйақы.

Еңбекақы төлеудің ақшалай және заттай түрлері бар. Қызметкерлерге ақшаның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ақшалай түрдегі еңбекақы төлеудегі ең басты нышандардың бірі болып саналады. Қазіргі кезде еңбекақы төлеудің заттай нышаны сирек кездеседі. Еңбекақы төлеудің мұндай нышаны ақша айналымының бұзылуы кезінде, экономиканың тұрақсыз, гиперинфляция және құлдырау жағдайында кең қолданылады.

Еңбекақыны ұйымдастыру арқылы нарықтық экономиканың екі қозғаушы күштері арасында әлеуметтік әріптестердің қатынастарын дамуына мүмкіндік беретін, жұмыс беруші мен жұмыс істеушілердің арасында келісім-шарт жасалынады.

Еңбекақының көлеміне жұмысшылардың иемденетін ақшасының мөлшері ғана емес, сонымен қатар оның ақшаға сатып алу қабілеті кіреді. Сатып алу **қабілеттілігі нақтылы еңбекақы мен көрсетілген еңбекақының** арақатынасы арқылы анықталады. Сондықтан, кәсіпорын жұмысшыларының еңбекақысы мемлекет бекіткен ең төменгі деңгейдегі еңбекақы көлемінен кем болмауы тиіс.

Сонымен, еңбекақы **нақтылы еңбекақы және көрсетілген еңбекақы** болып ажыратылады.

Көрсетілген еңбекақы дегеніміз бұл есептелінген және жұмысшылардың белгілі уақыттағы еңбегіне ақшадай төленетін еңбекақысы.

Нақтылы еңбекақы – бұл нақты еңбекақысына белгілі сандағы тауарларды және қызметтерді сатып алуына, ие болуына мүмкіндігі немесе нақты еңбекақы – бұл көрсетілген еңбекақыға нақты заттарды «сатып алу мүмкіндігі». Нақтылы еңбекақы көрсетілген еңбекақы мен сатып алынатын тауардың мөлшеріне байланысты. Мысалы, көрсетілген еңбекақы 15% көбейіп, инфляция осы мерзімде 10% деңгейде болса, нақты еңбекақы тек қана 5%-ға көбейеді. Сонымен инфляцияның артуы көрсетілген еңбекақы мен салыстырғанда нақты еңбекақының төмендеуіне,

немесе керісінше болуы мүмкін. Инфляцияның әсері болмаған кезде көрсетілген еңбекақының өсуі нақтылы еңбекақының өсуін білдіреді.

Осымен бірге, егер баға өнім сапасын ескермесе, онда нақты еңбекақы өнім сапасына тікелей тәуелді болады. Сондықтан, еңбекақы жүйесін реттеуде инфляция үрдісінің ықпалы ескерілуі тиіс.

Еңбекақы төлеуді жақсарту саясатында және оны ұйымдастыруда, кәсіпорын төмендегідей принциптерге сүйену керек:

- әділдік, яғни еңбектің күрделілігіне сәйкес төлеу;
- еңбек ақыны мамандық деңгейіне, орындалатын жұмыс күрделілігіне қарай есептеу;
- еңбек жағдайындағы зиянды және еңбектің ауырлығын есепке алу;
- еңбектің сапасын көтеруге және жұмыскердің еңбекке тыңғылықты қатынасын ынталандыру;
- еңбекте сапасыз өнім өндірілген және өзінің жұмысына жауапкерсіз қараған жұмысшыларды материалдық жағынан әкімшілік жазаны қолдану;
- еңбек өнімділігінің өсу қарқыны, орта еңбекақы төлеудің өсу қарқынынан артуы;
- инфляцияға сәйкес еңбекақыны төлеу деңгейін тиісінше индексация жасау;
- кәсіпорында қазіргі жағдайға сәйкес еңбекақы төлеу жүйесін жақсартып, прогрессивті түрлерін қолдану.

Еңбекақы төлеу **негізгі және қосымша** түрлерге бөлінеді.

Негізгі еңбекақы төлеу тәсіліне төмендегідей төлемдер жатады:

- мерзімдік, үдемелі және кесімді еңбекақы төлеу кезіндегі орындалған жұмыстың сапасы және мөлшері, пайдаланылған уақыт үшін төлемдер;
- еңбекке қалыпты жағдайымен байланысты төлемдер, ағын мерзімнен тыс жұмыстар, түнгі уақыттарға, мереке күндерде т.б. күндерде жұмыс жасағаны үшін төленетін төлемдер;
- сыйлықтар, сыйлықақы үстемелер;
- жұмысшыларға қатысы жоқ себептерден техника мен жабдықтардың тоқтап қалған уақытына төлемдер және т.б.

Қосымша еңбекақы төлеу, еңбек туралы заңда, кәсіпорынның келісім-шартында қарастырылған. Сонымен бірге жұмыс уақытын пайдаланбаған келесі кездердегі төлемдер жатады:

- демалыс уақыттарында ақы төлеу;

- мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындаған уақыттары үшін ақы төлеу;
- декретке шығып, нәресте көрген аналарға, жұмыстағы үзілістері үшін ақы төлеу;
- кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге белгіленген жеңілдік сағаттарға ақы төлеу.

Кәсіпорындарында еңбекақы төлеудің негізгі түрлері мен әртүрлі жүйелері қолданылады. Оның ішінде кең тараған түрі: **кесімді еңбекақы мен мерзімді еңбекақы төлеу.**

Кесімді еңбекақы төлеу - мұнда еңбекақы өндірілген өнімнің саны мен сапасына сәйкес, оның күрделілігі мен еңбек жағдайы ескеріліп, арнаулы бағалау арқылы төленеді.

Кесімді еңбекақы өнімнің саны мен сапасына тәуелді, ол төмендегі формула бойынша анықталады:

$$E_a = K_b * \Theta_m$$

мұнда E_a – еңбекақы;

K_b – өнім бірлігінің кесімді бағалануы;

Θ_m – өндірілген өнімнің (қызметтің) мөлшері.

Кесімді еңбекақыны төмендегідей түрлеріне бөлуге болады:

- тікелей немесе жай кесімді;
- жанама кесімді;
- кесімді – сыйлықты;
- үдемелі – кесімді;
- аккордты - кесімді.

Жұмысшылардың еңбекақысы жеке және ұжымды болып жүйеленеді.

Тікелей немесе **жай кесімді жүйеде** еңбекақы өнім өндіру бірлігіндегі бағалау бойынша төленеді. Оны мына формуламен анықтайды:

$$E_p = E_c / \Theta_c, \text{ немесе } E_p = E_c * t_m,$$

мұнда E_c – орындалатын жұмысқа тиісті белгіленген разрядтағы, графиктік сағат еңбекақы мөлшері, теңге/с;

Θ_c – нақты өнімді шығарудағы сағат мөлшері;

t_m – өнім (жұмыс) бірлігіне бөлінетін уақыт мөлшері, С.

Жұмысшының жалпы еңбегін кесімді бағалауда есепті мезгілдегі өнімді өндіру санына көбейту арқылы анықталады.

Жанама кесімді еңбекақы төлеу түрі – тікелей еңбек қорытындасына байланысты, кесімді жұмысшылардың істеген еңбегіне қарай еңбекақы көлемі белгіленеді. Бұл жүйе бойынша

көмекші жұмысшыларға (реттеушілерге, баптаушыларға т.б.) еңбекақы төленеді.

Жанама кесімді бағалану ($E_{ж}$) жұмысшының жай қызмет атқаратын өндіру мөлшерін есепке ала отырып және олардың саны формула бойынша есептеледі:

$$E_{ж} = E_c / \Theta_c * Ж \text{ (өнім немесе жұмыс бірлігіне, теңге)}$$

мұнда E_c – қызмет атқаратын жұмысшыға төленетін жанама еңбекақы жүйе бойынша еңбекақы мөлшерінің тарифі, теңге;

Θ_c – қызмет атқаратын бір жұмысшының (объектілер, агрегаттар) өнім бірлігіне сағаттың өндіру мөлшері (еңбек өнімділігі);

Ж – қызмет атқаратын жұмысшылар саны (объектілер, агрегаттар) - қызмет атқару мөлшері.

Жұмысшылардың жалпы еңбекақысын, бір жерде қызмет атқарып кесімді ақыдағы көмекші жұмысшылардың еңбекақы мөлшерін орта пайыз орындалған мөлшеріне көбейту арқылы, таза бір жерде жанама кесімді еңбекақы бағалауын қызмет атқаратын жұмысшылардың нақты өнім шығару көлеміне көбейту тәсілінде анықтауға болады:

$$E_{жалп} = E_c N^{ком} U / 100,$$

мұнда $E_{жалп}$ – жұмысшының жалпы еңбекақысы, теңге;

E_c – жанама еңбекақы төлеуге көшірілген көмекші жұмысшылардың еңбекақы мөлшерінің сағат тарифы, теңге;

$N^{ком}$ – көмекші жұмысшылардың нақты игерген адам – сағат мәлімет саны;

U – объектілерде, агрегаттарда жұмысшылардың қызмет атқарған барлық жұмысшының орта өлшемдегі игеріп орындалған мөлшер пайызы.

$$E_{жалп} = \sum E_{жан} j \Theta_{нак} J,$$

мұнда, $E_{жан}$ – қызмет атқарған J – і өндірілген өнім бірлігінің жанама кесімді бағалануы, теңге;

$\Theta_{нак} J$ – қызмет атқарған J – і жұмысшының тиісті бірлік өлшемінде белгілі мерзімде өндірген өнімнің нақты саны.

Аккордты кесімді еңбекақы төлеу жұмыстың барлық көлеміне төлейтін ақыларды қамтиды. Жұмыстың жеке элементтеріне арналған мөлшерлер бағалымдарды қосып, барлық жұмыстың құнын анықтайды.

Бұл жүйеде еңбекақы жұмыс мезгілін қысқартқаны үшін жұмысшыларға сыйлық ақы төленеді. Мұндай кесімді еңбекақы төлеу жүйесі еңбек өнімділігін арттыруға ынталандырады.

Үдемелі – кесімді еңбекақы төлеу жүйесі – мөлшерді орындағаны үшін тікелей кесімді бағалау бойынша төленетін ақы, ал егер мөлшерден тыс артық орындағаны үшін жоғарғы бағалы төлемге ие болады. Бұл көбінесе жұмысшылардың жаңа техниканы меңгергеніне қолданылатын еңбекақы төлеу тәсілі.

Үдемелі-кесімді еңбекақы төлеуде жұмысшылардың табысы ($E_{y.k}$) қабылданған, үдемелі жүйедегі еңбекақыны (орындалған мөлшерден жоғарғы барлық көлеміне немесе көлемінің бөлігіне) төмендегі формула көмегімен есептеп анықтауға болады:

$$E_{y.k} = E_{н.е} + [E_{н.е} (J_m - J_{баз}) q_{өн}] / J_m,$$

$$E_{y.k} = E_{н.е} + E_{т.ө} (q_y - 1) / J_m,$$

мұнда, $E_{н.е}$ – тура кесімді бағалау бойынша жұмысшының негізгі еңбек табысының сомасы, теңге;

$E_{т.ө}$ – кесімді-үдемелі еңбекақы төленетін жұмыстың (өнімнің) бөлігіне тура кесімді бағалану бойынша есептелінетін жұмысшыға кесімді ақы төлеу сомасы.

J_m – жұмысшының өнім өндіру мөлшерін орындау деңгейі, %;

$J_{баз}$ – көтеріңкі бағалану бойынша қолданатын жоғарғы ақы төлеудегі өндіру мөлшерінің базалық деңгейі, %;

$q_{өн}$ – белгіленген мөлшерден тыс өнімді жоғары өндіргені үшін бағаланудағы кесімді ақыны қаншаға көбейтуді көрсететін коэффициент;

q_y – кесімді бағалануда үдемелі қатынасын көрсететін коэффициент (шкала бойынша негізгі кесімді бағалауда бұл коэффициент бірліктен көп).

Мерзімді еңбекақы төлеу – мұнда істелген уақыт санына байланысты сый беру және жұмысшыға басқадай ақшадай түрде, нақты атқарылған жұмысқа бекітілген тариф немесе еңбекақы бойынша төленетін жалақының бір түрі.

Мұнда еңбек жай және күрделі, төменгі және жоғарғы мамандықта болуы мүмкін. Бұл жағдайда еңбекақы төлену жұмысы тариф арқылы жіктелініп іске асады.

Нақты істелінген уақыт (сағат) мерзімін тарифті еңбекақы мөлшеріне көбейту жолымен еңбекақыны анықтайды.

Тарифтік еңбекақы мөлшері – жұмысшының бір сағат, бір күн немесе бір ай ішінде алатын жалақысының көлемін белгілеу. Сағаттық, күндік және айлық тарифтік еңбекақы мөлшері еңбектің мөлшерленуіне және түрлі жағдайда әртүрлі есептеліндігіне байланысты болады.

• Жұмысшылардың әртүрлі квалификациясына қарай еңбекақы төлеудің біркелкі **тарифтік торы** қолданылады.

1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірыңғай тарифтік тор халық шаруашылығындағы қызметкерлердің барлық дәрежесіне қолданыла бастады. Мұнда, тиісінше коэффициент және белгілі разряд саны көрсетілген. Тарифтік коэффициентінің ең төменгі разряды бірге тең. Тарифтік коэффициентінің келесі разряды тариф ставкасының тиісінше әрі қарай бірінші разрядтан жоғарлап өсуін көрсетеді.

Бірыңғай тарифтік торда 21 тарифтік разряды бар. Бұл жүйе шаруашылықты жүргізу нышанына, меншік нышанына және бюджеттік ұйымдарға тәуелсіз барлық кәсіпорындарға арналған:

- 1– 8 разрядтар бойынша – жұмысшыларға төлемдер;
- 6 – 15 разрядтар бойынша – линиялық қызметкерлердің төлемдері;
- 4 – 11 разрядтар бойынша – орта білімді мамандардың төлемдері;
- 7 – 15 разрядтар бойынша – жоғары білімді мамандардың төлемдері;
- 10 – 20 разрядтар бойынша – кәсіпорынның басшылары, бөлімдердің, функционалдық қызметтер басшыларының төлемдері;
- 9 – 21 разрядтар бойынша – ғылыми қызметкерлердің төлемдері.

Қазақстан Республикасының бюджеттік салаларындағы қызметкерлердің еңбекақыларына арналған бірыңғай тарифтік тор қызметкерлердің дәрежесін, міндетін, разрядтар санын (21) және разрядтарға қатысты тарифтік коэффициенттерін қамтиды, оны төмендегі кестеден көруге болады.

Мерзімді еңбекақы төлеудің екі түрі бар:

а) қарапайым мерзімді түрі - мұнда еңбекақы тарифке және жұмыс уақытына қарай төленеді.

Жұмысшының қарапайым мерзімді жүйесіндегі еңбекақысы (E_k) жұмысшының сол разрядтағы (E_c) еңбекақы мөлшерінің тарифі сағат, күндікті, сол істелінген мерзімдегі уақытқа ($t_{жұм}$) (тиісінше сағат немесе жұмыс күніне) көбейту арқылы анықталады:

$$E_k = E_c * t_{жұм}$$

Жұмысшының мерзімді еңбекақы төлеудегі айлық ақысын төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$E_{\text{ай}} = E_{\text{д}} / t_{\text{жұм}}^1 t_{\text{жұм}}.$$

мұнда $E_{\text{ай}}$ – жұмысшының айлық мерзімді еңбекақысы, теңге;

$t_{\text{жұм}}^1$ – жұмысшының нақты істеген сағат саны;

$t_{\text{жұм}}$ – айдағы кесте бойынша жұмысшының сағат саны.

б) Еңбекке мерзімді – сыйақы төлеу – қызметкерлерге тариф бойынша төленетін жалақыдан басқа нақты көрсеткіштерді орындағаны және асыра орындағаны үшін мерзімді сыйақы төленеді. Мысалы, жабдықтардың бос тұрып қалуын қысқарту, жұмысты мерзімінде және сапалы орындау, жарамсыз өнімді қысқарту т.б.

Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер	Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер
1	1,0	12	2,20
2	1,07	13	2,37
3	1,05	14	2,55
4	1,24	15	2,74
5	1,33	16	2,95
6	1,43	17	3,17
7	1,54	18	3,43
8	1,66	19	3,67
9	1,78	20	3,94
10	1,91	21	4,24
11	2,05		

Еңбекақы төлеуде басшыларға, мамандарға және қызметкерлерге лауазымды жалақы белгіленеді. **Лауазымды жалақы** – бұл лауазымды жұмысқа орналасқан орнына сәйкес, белгіленген нақты еңбекақыны төлеу көлемі.

Еңбекақы төлеудің кең тараған түрі – **мердігерлік** еңбекақы. Мұның негізгі жолы екі жақты келісім–шарт бойынша, бірінші жағы белгіленген жұмысты орындауды міндетіне алса, ал екінші жағы, яғни тапсырыс беруші, жұмыстың соңында еңбекақы төлеуді өзінің міндетіне алады.

Бригада жұмысшыларының еңбек табысы ($E_{\text{бр}}$) өндірілген өнім бірлігін кесімді бағалауды ($E_{\text{бр}}^{\text{кес}}$) бригаданың орындалған жұмыс көлеміне ($O_{\text{бр}}^{\text{нак}}$) көбейту арқылы анықталады:

$$E_{\text{бр}} = E_{\text{бр}}^{\text{кес}} * O_{\text{бр}}^{\text{нак}}$$

Егер бригада әртүрлі жұмысты атқарған болса, онда бағаланатын, әртүрлі бағалану бойынша есеп жасауда төмендегі формуланы қолданады:

$$E_{бр} = \sum_{i=1}^n E_{бр}^{кес} \cdot O_{бр}^{нак}$$

Мұндағы есеп тәсілі алдыңғы формуласияқты, алиндексі нақты жұмыс түрін және сол жұмыс түрінің бағалануын көрсетеді.

Еңбекақы төлеудің аралас жүйесі мерзімдік және кесімді еңбекақы төлеудің негізгі артықшылықтарын қамтиды және еңбекақы мөлшерінің жеке қызметкерлер мен кәсіпорын қызметінің нәтижесімен икемді байланысын қамтамасыз етеді. Мұндай жүйелерге қазіргі кезде **тарифсіз** жүйе жатады.

Тарифсіз жүйедегі еңбекақы төлеудің түрінде қызметкерлердің табыстары ұжым жұмысының соңғы нәтижелеріне тікелей тәуелді. Тарифсіз жүйе еңбекақы қорындағы барлық ұжымның тапқан табысындағы өзінің үлесін көрсетеді. Осындай жүйеде тарифтік еңбекақы мөлшері немесе тұрақты жалақы белгіленбейді, ол ереже бойынша мұндай үлес еңбекақыға қатысу деңгейін, жұмысшыға белгіленген тұрақты коэффициент арқылы анықталады.

Кейбір кәсіпорындарда тарифсіз еңбекақы төлеу жүйесін қолдануда, яғни коэффициенттер белгілеп, тиісті жұмысшының жалақысын көрсетіп, және оның төменгі еңбекақысының көлемі келтіріледі. Әрбір жұмысшының (жұмыс орнының) еңбекақысы кәсіпорын бойынша төменгі көлемдегі мөлшерімен салыстырылып, еңбекақы төлеу коэффициентін пайдалану арқылы еңбекақының көлемін келесі формула бойынша анықтайды:

$$E_i = K_i \frac{K_i}{\sum K_i}$$

мұнда E_i – i -ге жұмысшының еңбекақы төлемі, теңге;

K_i – i -ге жұмысшының коэффициенті;

$\sum K_i$ – барлық жұмысшылар бойынша коэффициенттердің сомасы;

Q – еңбекақы төлеуге бөлінген қаржы көлемі.

Кәсіпорынның еңбек ресурстары, еңбек өнімділігі және еңбекақы төлеуге арналған тест сұрақтары

Төмендегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұсқасын көрсет.

7.1. Кәсіпорын цехтарында, зауыт басқармасында, қоймада, зертханада, күзеттегі, барлық категориядағы жұмыс істейтін, негізгі және қосымша қызметкерлер қайсысына жатады?

- а) өнеркәсібінде емес қызметкерлер;
- б) қызметшілер;
- в) өнеркәсіп – өндірісіндегі қызметкерлер;
- г) жұмысшылар;
- д) орта буындағы қызметкерлер.

7.2. Жұмысшылардың еңбегі тиісінше оның квалификациясы мен нақты істеген уақытымен төмендегі қандай еңбек ақы төленуіне жатады?

- а) кесімді;
- б) тура кесімді;
- в) кесімді сыйлық;
- г) мерзімді;
- д) аккордты.

7.3. Өнеркәсіп – өндірісіндегі қызметкерлер өздерінің орындайтын қызметіне байланысты екі негізгі категорияға бөлінеді:

- а) өндірістік және өндірістік емес қызметкерлер;
- б) негізгі және көмекші;
- в) қызметкерлер және өндірісте емес қызметкерлер;
- г) жұмысшылар және қызметкерлер;
- д) маусымдық және уақытша жұмысшылар.

7.4. Шаруашылықта қызмет ету, есеп және тексеру, құжаттарды дайындауды іске асыруда, кәсіпорын жұмысшының міндеті – ол кім?

- а) жұмысшы;
- б) қызметкер;
- в) өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлер;
- г) мамандар;
- д) өнеркәсіпте емес бөлімше қызметкерлері.

7.5. Тікелей материалдық құндылықты жасайтын немесе өндіріске және көлік қызметіндегі кәсіпорын жұмысшыларына қайсысы жатады?

- а) мамандар;
- б) қызметкерлер;
- в) жұмысшылар;
- г) өнеркәсіпте емес бөлімшелер қызметкерлері;
- д) өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлер.

7.6. Кәсіпорында кадрлардың тұрақсыздық коэффициентін қалай анықтайды?

- а) шығып кеткен жұмысшылар санын немесе жұмыстан босаған санды орта тізімдегі санға бөлу арқылы;
- б) кәсіпорыннан босаған сан арқылы;
- в) жұмысқа қабылданған санның орта тізімдегі санға қатынасымен;
- г) есепті жылда жаңадан қабылданған жұмысшылардың санына қатынасымен;
- д) жұмысшылардың кәсіпорындағы орта тізімдегі санымен.

7.7. Еңбек ресурстары дегеніміз – ол:

- а) жұмысқа қажетті еңбек құралдары;
- б) жұмыс үрдісінде пайдалынатын зат;
- в) жұмыс күшін дұрыс тиімді пайдалану;
- г) қоғамның маңызды өндіргіш күші;
- д) қоғамға түскен қаржы көлемі.

7.8. Еңбек өнімділігі дегеніміз бұл:

- а) еңбектің нақты нәтижесінде зор табысқа жету;
- б) еңбекті дұрыс ұйымдастыруда жұмыс орнын таза ұстау;
- в) өнімнің сапасын жақсартып, еңбек ақы көлемін көбейту;
- г) жұмысшылардың нақты еңбегі нәтижесінде белгіленген мерзімде өнімді өндіру тапсырмасын сапалы орындау;
- д) жұмысшылардың нақты еңбегі нәтижесінде кеткен шығынды азайта отырып пайда көлемін жоғарлату.

7.9. Еңбек үрдісінің қорытындысында пайда болады:

- а) еңбек бұйымы;
- б) жаңа тұтыну құны;
- в) еңбек құралы;

- г) өндіріс түрі;
- д) өндіріс үрдісі.

7.10. Көп саладағы жұмсалған түрлі еңбек шығындарын екі топқа бөледі, ол қайсысы?

- а) тұрақты, айнымалы еңбек шығындары;
- б) жанды және мүліктенген еңбек шығындары;
- в) тура және жанама еңбек шығындары;
- г) қосымша және толық еңбек шығындары;
- д) тура жауабы жоқ.

7.11. Бір жұмысшының белгілі бір уақытта (сағат, күн, ай, жыл) істеген мерзімінде өндірілген өнім көлемі немесе өнім өндіру бірлігіне жұмсалған еңбек шығыны – бұл:

- а) өнімнің өзіндік құны;
- б) пайда;
- в) еңбек өнімділігі;
- г) рентабельдік;
- д) еңбекақы көлемі.

7.12. Еңбек сиымдылығы дегеніміз – ол:

- а) өнімді өндіруге кеткен материалдар, шикізаттар сомасының орташа жұмысшылар санына қатынасы;
- б) өнімді өндіруге жұмсалған, еңбек санының өндірілген өнім көлеміне қатынасы;
- в) өнімді өндіруге жұмсалған шығынның ортатізімдегі жұмысшыларға қатынасы;
- г) өнімді өндіруге кеткен уақыттың жалпы өнім құнына қатынасы;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

7.13. Оқу орындарының, бала бақша, денсаулық сақтау, қосалқы шаруашылдықтар жұмысшылары, өнеркәсіп – өндіріс тобының қайсысына жатады?

- а) өндірістік емес жұмыскерлерге;
- б) өндірістік – өнеркәсіп жұмыскерлеріне;
- в) қызметкерлерге;
- г) орта тізімдегі жұмысшыларға;
- д) маусымдық жұмысшыларға.

7.14. Мүліктенген еңбек шығыны дегеніміз – ол:

а) өнеркәсібіндегі өнім өндіруде қолданатын құралдарға кеткен ақшалай, еңбек шығындары;

б) нақты өнімді өндіруге жұмсалған шикізат, материалдар, отынға кеткен шығындар;

в) өнеркәсіп өндірісіндегі өндіріс құралдарын жасауға кеткен еңбек шығындары;

г) нақты өнімді өндіру мен тікелей айналысатын жұмысшылар категориясының жұмыс уақыты;

д) дұрыс жауабы жоқ.

7.15. Мамандардың (жұмысшылардың) ауысу (кету) коэффициентін, егер белгілі бір уақытта түрлі жағдаймен жұмыстан шығарылған жұмысшылар санының ($J_{ж.ш}$), дәл сол уақыттағы жалпы ортатізімдегі санына ($J_{ж}$) белгілі болған жағдайда мамандардың ауысу коэффициентін ($K_{а.ж}$) анықтайтын формуланы белгіле:

а) $K_{а.ж} = J_{ж.ш} / J_{ж} * 100\%$;

б) $K_{а.ж} = J_{ж} / J_{ж.ш} * 100\%$;

в) $K_{а.ж} = J_{ж.ш} - J_{ж} * 100\%$;

г) $K_{а.ж} = J_{ж.ш} * J_{ж} * 100\%$;

д) $K_{а.ж} = J_{ж.ш} + J_{ж} + 100\%$.

7.16. Мамандардың тұрақсыздық коэффициенті ($K_{т.ж}$) егер есепті мезгілде еңбек тәртібін бұзып немесе өз арызымен жұмыстан кеткен жұмысшылар саны ($J_{ж.ш}$), өткендегі есепті мезгілдегі дәл осы кәсіп орнында жұмыс істеген ортатізімдегі жұмысшылар саны ($J_{ж}$), есепті мезгілдегі жаңадан қабылданған жұмысшылар саны ($J_{к.ж}$) белгілі болса, онда оны анықтайтын формуланы белгіле:

а) $K_{т.ж} = J_{ж} - J_{к.ж} / J_{ж.ш}$

б) $K_{т.ж} = J_{ж.ш} / J_{ж} + J_{к.ж}$

в) $K_{т.ж} = J_{ж.ш} / J_{ж} - J_{к.ж}$

г) $K_{т.ж} = J_{ж.ш} / J_{ж} * J_{к.ж}$

д) $K_{т.ж} = J_{ж.ш} * J_{ж} * J_{к.ж}$

7.17. Тікелей материалдық құндылықты жасайтын немесе өндіріске және көлік қызметіндегі кәсіпорын жұмысшыларына қайсысы жатады?

а) мамандар;

- б) қызметкерлер;
- в) жұмысшылар;
- г) өнеркәсіпте емес бөлімшелер қызметкерлері;
- д) өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлері.

7.18. Кәсіпорындардың әртүрлі формасында еңбекақы төлеудің екі түрі кең тараған. Ол:

- а) тарифтік ставка, тарифтік коэффициент бойынша;
- б) тура прогрессивті, аккордты – кесімді;
- в) кесімді, мерзімді;
- г) кесімді салық, мерзімді сылық төлеу;
- д) жанама кесімді, тура кесімді.

7.19. Мерзімді еңбекақы төлеу формасында екі төлеу түрі бар. Ол қайсысы?

- а) кесімді сылық, аккордты – кесімді;
- б) нақты, кесімді;
- в) жанама кесімді, тура үдемелі;
- г) еңбекақы тарифтік жұмыс уақытына қарай, еңбекке мерзімді сылық төлеу арқылы;
- д) мерзімді, кесімді.

7.20. Мерзімді еңбекақы қалай төленеді?

- а) істелген мерзім, нақты өндірілген өнім көлемі бойынша, өнімнің саны мен сапасына қарай берілетін еңбекақы төлемі;
- б) кесімді шарт бойынша істелген жұмыс аккордты ақы төлеудің бір түрі;
- в) жұмысшыларға кесімді шарт бойынша өнімнің сапасын арттырғанда, жұмыстың сапасын жақсартқанда төленетін еңбекақы;
- г) істелген уақыт санына байланысты сый беру және жұмыстағы басқадай ақша формасында нақты атқарылған жұмысқа бекітілген тариф немесе еңбекақы болып төленетін жалақының бір түрі;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

7.21. Жанама кесімді еңбекақы қалай төленеді?

- а) тікелей еңбек қорытындысына сәйкес төлем;
- б) еңбекақы өндірілген өнімнің саны мен сапасына қарай төленеді;
- в) көтеріңкі бағамен, еңбекті бағалап төленеді;

- г) мөлшерден артық өндірілген өнімге өскелең бағамен төленеді;
 д) еңбек ақы тарифіне және жұмыс уақытына қарай төленеді.

7.22. Кесімді еңбекақы қалай төленеді?

- а) көтеріңкі бағамен, еңбекті бағалап төленеді;
 б) еңбекақы тарифіне және жұмыс уақытына қарай төленеді;
 в) өндірілген өнімнің саны, сапасына сәйкес, оның күрделілігі мен еңбек жағдайы ескеріліп, арнаулы бағалау арқылы төленеді;
 г) ол мөлшерден артық өндірілген өнімге өскелең бағамен төленеді;
 д) тікелей еңбек қорытындысына байланысты кесімді жұмысшылардың істеген еңбегіне қарай төленеді.

7.23. Кесімді еңбекақы төлеудің түрлері қандай?

- а) жай кесімді, кесімді сылық, жанама кесімді, аккордтық, кесімді –үдемелі тура кесімді;
 б) жай – бағалау, кесімді – бағалану, мерзімді – сылық, тарифтік ставка;
 в) тарифтік коэффициент, сыйлық төлеу, тура мерзімді, жай тарифті, кесімді – тарифті;
 г) тура үдемелі, аккордты – мерзімді, мердігерлікті, тарифсіз төлеу;
 д) дұрыс жауабы жоқ.

7.24. Кесімді еңбекақы төлеуде өнімнің саны мен сапасына тәуелді, егер өнім бірлігінің кесімді бағалануы (K_6), өндірілген өнімнің мөлшері (Θ_m) белгілі болса, оны анықтайтын формуланы анықта:

- а) $E_a = K_6 + \Theta_m$;
 б) $E_a = K_6 * \Theta_m$;
 в) $E_a = K_6 - \Theta_m$;
 г) $E_a = K_6 / \Theta_m$;
 д) $E_a = 100 * K_6 / \Theta_m$

Есептер

Есептің шартты белгілері:

$S_{ж.ис}$ – жұмыс істеушілер саны, адам;

$T_{ж.тех}$ – жоспардағы технологиялық еңбек сыйымдылығы;

$B_{ж}$ – жылына бір жұмысшының жылдық жұмыс уақытының балансы;

$K_{e.m}$ – жоспардағы жұмысшының өнімді (уақыт) орындау уақыт мөлшер пайызы;

M – қызмет ететін объектілер саны;

A – тәулікте ауысу саны;

$C_{сан}$ – бір жұмысшыға тиісті станок саны;

$K_{авыс}$ – тізімдегі сан бойынша ауысу коэффициенті.

7.1. Кәсіпорында жыл бойы жұмысшылардың орта тізімдегі саны 600 адам. Жыл бойы өз еркімен 37 адам жұмыстан кетті, еңбек тәртібін бұзғаны үшін 5 адам жұмыстан шығарылады, 11 адам зейнетке шықты, жоғарғы және басқадай оқу орындарына, армия қатарына 13 адам кетті, кәсіпорынның басқа бөлімшелеріне және басқа жұмысқа 30 адамдарды ауыстырды.

Осы мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

1) кадрлардың кету коэффициентін (%)

2) кадрлардың тұрақсыздық коэффициентін (%):

Шешімі:

1. $(37+5+11+13) : 600 = 0,11$

2. $(37+5) : 600 = 0,07$

7.2. Екі жылда кәсіпорын жұмысының көрсеткіштері төмендегідей:

Көрсеткіштер	Бірінші жылы	Екінші жылы	Ауытқуы
Өнім көлемі, мың теңге	2100	2279,1	+179,1
Өндірістік-өнеркәсіптік жұмыскерлер саны, адам	700	710	+10
Бір жұмыскердің орташа өнімділігі, теңге	3000	3210	+210

Кестедегі мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

1) жұмысшылардың санын өсіру нәтижесінде өнімнің өсуін (мың теңге);

2) еңбек өнімділігін көтеру есебінен өнімнің өсуін (мың теңге);

3) еңбек өнімділігін көтеру есебінен өнімнің өсу үлес салмағын (мың теңге).

Шешімі:

1. $+10 * 3000 = +30$ мың теңге

2. $+210 * 710 = +149,1$ мың теңге
 3. $149,1 : 179,1 = 0,832$ немесе $83,2\%$.

7.3. Кәсіпорынның кадрлар мәліметі бойынша құрылымын талдаңыз:



Анықтаңдар:

- кәсіпорындағы қызмет істеушілердің жалпы санына жұмысшылардың үлес салмағын, %;
- негізгі жұмысшылардың сандық коэффициентін;
- бір жұмысшы санына шыққанда өнімді өндіру, егер жалпы өнім көлемі 7056 мың теңге құрағанда.

Шешімі:

- $(420+400) : 1000 = 0,82$ немесе 82%
- $420 : 820 = 0,51$
- 7056 мың теңге : $980 = 7200$ теңге

7.4. Бір бұйымды жасауға 12 мин. уақыт мөлшері жұмсалған, еңбектің күрделілігі осы тарифтік ставкада сағатына – 5 теңге болып анықталған, бір айда жұмысшының жұмыс күні 24, ауысымда жұмыс ұзақтығы – 8 сағат, бір айда 1008 бұйым жасалған.

Осы мәліметті қолданып анықтау керек:

- бір айдағы өнімділік мөлшерін (дана);
- бұйымға кесімді бағалауды (теңге);

3) егер әрбір пайызды артық орындаған үшін 1,5% кесімді бағалау тағайындалса бір айдағы кесімді еңбек ақы сомасын.

Шешімі:

1) $(480 : 12) * 24 = 960$ дана;

2) $15 : (60 : 12) = 3$ теңге;

3) Артығымен орындау: $(1008 : 960) * 100 - 100 = 5\%$,

артығымен орындалғаны үшін қосымша төлеу: $5 * 1,5 = 7,5\%$,

еңбек ақының сомасы: $(3024 * 107,5) : 100 = 3250,8$ теңге.

7.5. Сағатына өнім өндіру 12 бөлшекті құрайды. Жаңа технологияны ендіргеннен кейін еңбек снымдылығы 20% төмендеді. Бұл жағдайда еңбек өнімділігінде не пайда болады, соны анықта:

Шешімі:

Бұйымның еңбек снымдылығы 5-тен 4- минутқа дейін төмендегенде, 15 данаға өнімді шығару өсті (60:4), нәтижесінде еңбек өнімділігі $(15:12) * 100 - 100 = 25\%$ көтерілді, яғни еңбек өнімділігі 25%-ға өсті.

7.6. Кәсіпорын жұмысы жылдың III тоқсанында төмендегі көрсеткіштерге жетті.

Көрсеткіштер	III тоқсан	II тоқсанмен салыстырған есебінде
Өнім көлемі, мың теңге	160	153,8
Жұмысшылар саны, адам	10	125,0
Орташа өнім, теңге	16	123,1

Осы көрсеткіштерді қолданып анықтау керек:

1) жұмыс істеушілердің санын өсіру нәтижесінде өнімнің өсуін (мың теңге);

2) еңбек өнімділігін (%) көтеру үлесінен өнімді өсіру үлес салмағын.

Шешімі:

II тоқсандағы абсолюттік көрсеткіштер: 104; 8; 13.

Олардың III тоқсанда өзгеруі: +56; +2; +3.

Бұл көрсеткішпен:

1) $2 \cdot 13 = 26$ мың теңге

2) $\left(1 - \frac{0,25}{0,538}\right) \cdot 100 = 53,6\%$

Өз бетінше шығаратын есептер

7.7. Төмендегі кестеде келтірген мәліметтерді қолданып кестенің толмаған жерін толтырып, кәсіпорын жұмысындағы жетіспеген көрсеткіштерді аяғына дейін есептеу керек:

Көрсеткіштер	Есепті жыл	Жоспарлы жыл	Бір жылдағы өсуі		Өзгеру үлесі бойынша өнімнің өсуі	
			%	өлшем бірлігі	саны	өндіру бойынша
Тауарлы өнім көлемі, мың теңге	10000		6			
Жұмыс істеушілердің саны, адам	2000					
Еңбек өнімділігі, теңге/адам			4,5			

7.8. III тоқсанда бір жұмыс істеушінің өнім өндіруі 5000 теңге/адам құрады. IV тоқсанда кәсіпорында 15 млн теңгеге өнімді шығару жоспарланды және бір уақытта жұмыс істеушілер санын 80 адамға азайту мәселесін қойды.

Осы мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

- IV тоқсанда бір жұмыс істеушінің өнім өндіруін (теңге / адам);

- Неше %-ға еңбек өнімділігін өсіру жоспарланған?

7.9. Өнімді жасау еңбек сиймдылығы 500 адам – сағаттан 400 адам –сағатқа дейін төмендеді. Осының % анықтау керек, сонымен қатар:

1) жұмыс уақытын үнемдеуін есептеу;

2) жұмыс уақытын үнемдеу қорытындысында еңбек өнімділігінің өсуін белгілеу.

7.10. Бір жылда өндірістегі жұмыстың еңбек сиймдылығы 2100 мың теңге мөлшер–сағат болды, жоспар бойынша жылына бір жұмысшының жұмыс уақыт қоры –1870 сағат, орындалу өнімділік мөлшері – 110%. Өнім көлеміне қарай жұмысшылардың өндірістегі санын анықтау керек.

7.11. Цехте қызмет ететін 120 станок бар. Қызмет мөлшері – 8 станок, ауысу саны – 2, жылына бір жұмысшының жұмыс уақытының номиналдық қоры – 262 күн, іс жүзінде – 232 күн.

Қызмет ететін жұмысшылардың тізімдегі санын анықтау керек.

7.12. Өндіріс бригадасының бір айдағы жалпы наряд есебінде еңбекақы көлемі 813 \$ құрды. Осы еңбекақыны бригада мүшелерінің арасында жұмыс істеген уақытын ескеріп істеген уақытына сәйкес және еңбекке қатысу коэффициенті (ЕҚК) бойынша бөлінуі тиіс. Жұмысшы – А. Ахметов есепті айда 18 күн, Б. Салимов – 20, А. Иванов – 22 күн жұмыс істеген. ЕҚК тиісінше 0,9; 1,0 және 1,1 құрды.

Осы мәліметті қолданып: бригада мүшелерінің әрқайсының бір айдағы еңбек ақысын есептеу керек.

7.13. Жоғарғы квалификацияланған V – разрядты жұмысшы айлық есеп мерзімінде 23 күн жұмыс атқарды, жұмыс уақытының ұзақтығы 8 сағат. Белгіленген өндіріс тапсырмасын 105%-ға орындады. V – разрядтың сағаттық тариф ставкасы 1,06\$ тең. Белгіленген салық көлемі: жоспарды орындағаны үшін - 15%, жоспардың әрбір пайызын артық орындағаны үшін – 1,5% тарифтік еңбекақы төленеді. Жұмысшының бір айдағы еңбекақысының жалпы аумағын анықтау керек.

7.14. Кәсіпорында маусымдық жұмыс 17 мамырдан басталды. Жұмысшылардың тізім бойынша саны (адам): 17 мамырда – 300; 18 мамырда – 330; 19 мамырда – 350; 20 мамырда – 360; 21 мамырдан 30 мамырға дейін – 380; 1 маусымнан 31 желтоқсанға дейін олардың саны – 400 болды. Сонымен, мамыр айындағы жұмысшылар санын, II, III, IV тоқсандардағы және жыл бойғы ортатізімдегі санын анықтау керек.

7.15. Кәсіпорында 1 қазанда жұмысшылардың тізім бойынша саны – 800 адам болды. 13 қазанда 8 адам армия қатарына шақырылды, 18 қазанда - 10 адамды қабылдады, ал 22 қазанда өз еркімен 7 адам жұмыстан кетті. Қазан айы бойынша жұмысшылардың ортатізімдегі санын, 1 қараша айындағы жұмысшылар санын, жұмыстан кету коэффициентін анықтау керек.

7.16. Кәсіпорын 1 ақпан айынан бастап жұмыс істеді. Ақпан айында ортатізімдегі жұмысшылар саны 820 адам болды, сәуір айында – 880 адам. Кәсіпорын тарқатылды. 1 тоқсанда және жылдық жұмысшылардың ортатізімдегі санын анықтау керек.

7.17. Токор жұмысының мөлшерлік еңбексыйымдылығы 370 мың мөлшер сағат; тапсырманы орындау деңгейі – 171,5 пайыз; жылына бір токордың жұмыс орта сағат саны – 1664. Токор жұмысының жоспарлы еңбек сыйымдылығын және қажетті токорлар санын анықтау керек.

7.18. Химиялық зауыттың цехінде минералды тыңайтқыш өндіретін 60 аппараттар бар. Әрбір аппараттарда звено жұмыс атқарады. График бойынша 4 ауысу, әрбір ауысу ұзақтығы 6 сағат. Кәсіпорын үздіксіз жұмыс істейді, ал әрбір жұмысшы жылына 225 күн жұмыс атқарады. Жұмысшылардың жұмысқа келуін және тізімдегі санын анықтау керек.

7.19. Келесі мәліметтер бойынша келген және тізімдегі жұмысшылар санын анықтау керек: жылдық жоспар бойынша жұмыстың еңбек сыйымдылығы – 2600 мың мөлшер – сағат; баланс бойынша жұмысшы уақытының нақты көрсетілген қоры – 2032 сағат; пайдалы (тиімді) қор – 1637 сағат; өнім мөлшерін орындау коэффициенті – 1,1.

7.20. Зауытта 286 жұмысшы істейді. Бір адамға тағайындалған жылдық жұмыс уақыт қоры – 1860 сағат. Жоспарланған жылы 400 мың адам – сағат үнемдеуді белгілеген. Зауыт бойынша жоспарланатын еңбек өнімділігінің өсуін, жұмысшылар күнін (абсолюттік және пайыздық бірлікте) анықтау керек.

7.21. Келесі мәліметтер бойынша орташа нақты көрсетілген жұмыс ұзақтығын анықтау керек: қалыпты жұмыс ұзақтығында істеген жұмысшылар саны – 2100, ауысудың ұзақтығы – 8 сағат, жұмыс күні 1 сағат уақытқа қысқартылған, жұмысшылар саны – 100; мейрам алдындағы жұмыс күндері 1 сағатқа қысқартылған, олардың саны – 9, жалпы жұмысшылар саны – 2200, бір жұмысшының тиімді уақыт қоры – 207 күн.

7.22. Кәсіпорын еңбек шығынын 8% төмендетуді жоспарлады. Базистік жылда бір жұмыс істеушіге өнім өндіру – 6850 мың теңгені

кұрды. Өнімнің өсу пайызын және жоспарланған жылы бір жұмыс істеушінің жылдық өнімділігін анықтау керек.

7.23. Есепті жылы тауарлы өнім шығару көлемі 750 млн. теңгені құрды, өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлердің ортатізімдегі саны 150 адам. Жоспарланған жылы тауарлы өнімнің көлемі 810 млн. теңгеге белгіленді. Бір жұмысшының еңбек өнімділігін 7%-ға өсіру жоспарланды. Есепті жылда және жоспарланған мезгілде бір жұмысшының еңбек өнімділігін, жоспарланған жылы өнеркәсіп – өндіріс қызметкерлерінің ортатізімдегі санын анықтау керек.

7.24. Цехта 50 станок орнатылды, жұмыс тәртібі - 3 ауысу, қызмет көрсету мөлшері бір реттеушіге - 10 станок. Жұмысқа шықпай қалу жоспар бойынша 10% құрады. Реттеушілердің келуін және тізімдегі санын анықтау керек.

7.25. Бір жұмыс орнында қызмет көрсету мөлшері – 1,6 сағ., жұмыс ауысу ұзақтығы – 8 сағат. Бір жұмысшының жұмыс орнын анықтау керек.

7.26. Бір қабатты төселетін рулон материалын механикаландырылған әдіспен 100 м² көлемдегі жұмысты 1,8 адам – сағат уақыт мөлшерінде төселуі тиіс. Жұмыс атқаратын буын (звено) саны 3 адам. Ауысуда өндіру мөлшерін анықтау керек. Жұмыс ұзақтығы 8 сағат.

7.27. Бір жұмысшының уақыт мөлшер бірлігі 2 адам–сағатты құрады, 8–сағатта өнім мөлшері бір ауысуда – 4 бірлік. Ұйымдастыру шараларын жүргізгеннен кейін уақыт мөлшері 5%-ға төмендетілді. Жана уақыт бірлігі белгіленіп, онда өндіру мөлшерінің көтеру пайызын анықтау керек.

7.28. Есепті жылда жұмысшылардың ортатізімдегі саны 2300 адам болды. Өзінің еркімен жұмыстан кеткені – 295 адам, еңбек тәртібін бұзып кеткені – 50 адам. Кәсіпорында мамандардың тұрақсыздануынан (яғни қанша адам жұмыстан кетті) келген шығынды, сол сияқты осы себептен орындалмай қалған өнім көлемін анықтау керек, егер бір жұмысшының ортажылдық өндіруі – 12 млн. теңге және бір жұмысшының жоспарлы жұмысқа шығу күні – 230 болған жағдайда.

7.29. Жыл бойы бөлімшелерде 50 мың бұйым өнделуі тиіс. Ауысуда өндірім мөлшері – 25 бұйым, орташа орындау мөлшері – 120%. Бөлімшедегі жұмысшылардың санын, егер жылына бір жұмысшының күні – 226 болған жағдайдағы көрсеткіштерін анықтау керек.

7.30. Кәсіпорын 100 адамдық санымен жұмысты 1 ақпан айынан бастап, 15 наурызда жұмысын тоқтатып жойылды. Ақпан, наурыз, 1 тоқсан, жылдағы жұмысшылардың ортатізімдегі санын анықтау керек.

7.31. Есепті жылда жұмысшылардың ортатізімдегі саны 40 адамды құрды. Жыл бойы жұмысқа 20 адам қабылданып, 110 адам жұмыстан шығарылды, оның ішінде еңбек тәртібін бұзғаны – 50 адам, өз еркімен кеткені – 30 адам.

Кәсіпорындағы айналым және жұмыстан кету коэффициенттерін анықтау керек.

7.32. Келесі мәліметтер бойынша келген және жұмыс істейтін тізімдегі жұмысшылар санын анықтау керек. Кәсіпорында жұмыс режімі үздіксіз; 1 жұмысшының тиімді (жоспарлы) қоры – 220 күн; қызмет көрсету станок саны – 60; әрбір станокта звено 3 адамнан құралып, жұмысшылар қызмет көрсетеді; жұмыс кестесі – 3 ауысу (8 адам – ауысуда).

7.33. Барлық жұмысшылар саны 1200 адам. Жоспарланған жылы өнімді шығару көлемін 4%-ға өсіру қаралған. Сонымен бірге еңбек өнімділігі 6%-ға өскен жағдайда, жоспарлы жұмыс істеушілер санын анықтау керек.

7.34. Машина бөлшектерін дайындау үрдісінің технологиялық еңбек сыйымдылығы 240 мөлшер – сағатты құрды, оның ішінде III-ші разряд бойынша 85 мөлшер–сағат; IV-ші разряд бойынша – 140 мөлшер–сағат, V-ші разряд бойынша – 15 мөлшер–сағат. Осы жұмыс түрі бойынша орта тарифтік коэффициентін және орта тарифтік ставкасын анықтау керек, егер I разрядтағы сағаттық тарифтік ставка – 0,50 теңге, III разрядтағы – 1,204; IV разрядтағы – 1,352, V разрядтағы – 1,537 балған жағдайда.

7.35. Төменгі мәліметті пайдаланып орта тарифті коэффициентін, жұмыстың орта разрядын және жұмыстың еңбек сыйымдылығын анықтаңыз:

Разрядтар	Тарифтік коэффициент	Жұмысшылар саны	Әрбір разряд бойынша жұмыстың еңбек сыйымдылығы, мөлшер-сағат
I	1,0	3	79
II	1,085	4	105
III	1,189	16	422
IV	1,345	12	317
V	1,534	5	132
VI	1,793	3	82

7.36. I-ші разрядтағы сағаттық ставка 0,500 теңге; тариф торының диапазоны 1,8. Ауыр және зиян келтіретін жұмысқа 12% тариф ставкада қосымша төлену белгіленген. VI-шы разрядтағы жұмысшыларға қалыптағы және зиян келетін еңбектердің сағаттық тарифтік ставкасын анықтау керек.

7.37. Келесі мәліметтер бойынша жұмысшының кесімді сыйлық еңбекақысын есептеу керек: 1 бұйымға еңбек шығын мөлшері – 0,4 адам – сағат; бұйымның бағалануы – 0,3068 теңге; 176 адам–сағат атқарылған; 485 бұйым өндірілген. Сыйақы 100%-ға төленеді, орындалған мөлшерге – 10%; әрбір артық орындаған пайызға – 15% кесімді еңбекақы төленеді.

7.38. Келесі мәліметтер бойынша орта сағаттық тарифтік ставканы анықтау керек:

Разрядтар	Жұмысшылар саны	Сағаттық тарифтік ставка, теңге
I	3	0,5000
II	4	0,5425
III	3	6,5945
IV	2	0,6725
V	2	0,7670
VI	1	0,8965

7.39. Келесі мәліметтер бойынша кесімді – үдемелі жүйеде еңбекақы төлеудің жалақысын есептеу керек: бөлшекке жұмсалған еңбек шығын мөлшері – 2 адам – сағат; әрбір бөлшектің бағалануы 1,537 теңге, 100 бөлшек өндірілген; 22 ауысу болып, әрқайсысы 8 сағат жұмыс істеген. Бөлшекті мөлшерден жоғары өндіргені үшін бағалану бойынша 1,5 есеге көбейтіліп ақы төлеу қаралған.

7.40. Келесі мәлімет бойынша еңбекақы төлеудің қорын өсу әдісімен есептеу керек: базистік жылда өнім көлемі – 10 млн. теңге, жоспарланған жылы өнім көлемі – 13 млн. теңге. Базистік жылы еңбекақы төлеу қоры – 3 млн. теңге, еңбекақы төлеу қорының өсу мөлшері 1%, өнім көлемінің өсуі – 0,5.

Орындалатын жұмыс құрамының өзгеруіне сәйкес еңбекақы төлеу қорының мөлшері жоспарлы жылы 20% өсуі қаралған.

7.41. Есепті жылы өнім шығару көлемі – 750 мың теңге, жоспарланғаны – 900 мың теңге. Есепті жылы еңбекақы төлеу қоры – 150 мың теңге. Тауарлы өнім құрылымының өзгеруіне қарай еңбекақы төлеу мөлшері жоспарлы жылы 50%-ға өсіріледі. Жоспарлы жылындағы еңбекақы төлеу мөлшерін, жоспарлы жылдағы еңбекақы төлеу қорын анықтау керек.

7.42. Келесі мәліметтерді қоладана отырып еңбекақы төлеудің қорын, бір деңгейдегі мөлшері мен өсіңкіреген – мөлшерлер әдісі бойынша есептеу керек. Базистік жылда өнім көлемі – 10 млн. теңге, жоспарланған жылы өнім көлемі – 20 млн. теңге, базистік жылда еңбекақы төлеу қоры – 2 млн. теңге, еңбекақы төлеу қорының өсу мөлшері 1%, өнім көлемінің өсуі – 0,9.

9 тақырып: ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Қоғамдағы өндіріс шығындары деп – әдетте өнім өндіруге жұмсалған шығындарды айтады. Шығын – қоғамдық және өндіріс шығыны болып бөлінеді.

Қоғамдық шығынға өнім түріне немесе қоғам өндірісіндегі өнімге толық жұмсалған шығынды айтады. Оған: еңбекақы, түрлі төлемдер, материалды ресурстарды және қосымша өнімнің құны, білім беру, денсаулық, қорғаныс, ұлғаймалы ұдайы өндіріс т.б. қоғамдық мұқтаждарына жұмсалған шығындар жатады.

Өндіріс шығынына: еңбекақы, түрлі төлемдер, материалды ресурстар құны және жыл бойғы негізгі қорлардың тозуы, өнім өндіруге қатысқан техникалар, машиналар, құрал-жабдық, үйлер, ғимараттар т.б. материалдық ресурстар – айналым қоры (жағар – жанар май, отын, химикаттар т.б. құралдар құны) кіреді.

Барлық салаларда өнімнің өзіндік құны жанды еңбек, өткендегі не болмаса мүліктенген еңбек шығындары болып бөлінеді. Өткендегі мүліктенген еңбек шығындары дегеніміз өндіріс құралдарын жасауға кеткен еңбек шығындары. Жанды еңбек шығындары дегеніміз – жұмысшылардың белгілі бір өнімді өндіруге нақтылы жұмсаған шығындарын айтады. Мысалы, өнеркәсіпте керекті мүліктенген еңбек шығынына: түрлі станоктар, техникалар, машиналар, жағар – жанар май, химикаттар т.б. шығындар кірсе, жанды еңбек шығынына: әрбір технологиялық өндірістің жұмыстарына жататын, мысалы: шикізатты қабылдаудан бастап, өнім бұйымдарын шығаруға дейінгі шығындары кіреді.

Сонымен, мүліктенген және жанды өндірістік еңбек шығындарының біріккен жиынтығы – қоғамның өндіріс шығынын құрайды. Өз кезегімен өндірістің қоғамдық шығыны тауардың құнын құрайды.

Тауардың өзіндік құнын тауар құнының бір бөлігі деуге болады. Ол құн төмендегідей үш бөлімнен тұрады: $баға = C + Y + M$, мұнда: C – өндірісте тұтынған, еңбек арқылы өндіріс факторларының өнімге айналған түрінің құны; Y – өнімнің қажетті еңбек арқылы (өзіміз үшін) келген бөлігінің құны; M – өнімнің үстеме еңбек арқылы (қоғам үшін) келген бөлімнің құны.

Өнім өндіруге жұмсалған шығынды сол өнімнің әрбір бірлігіне бөлу арқылы өнімнің өзіндік құнын анықтайды. Өнеркәсіпте

өзіндік құн динамикасы көп ретте өңделетін шикізаттың сапасына, өндіріс технологиясының қазіргі талапқа сай деңгейіне байланысты.

Әр жерден дайындалған тіпті бір типтес шикізаттарды, материалдарды өңдеуге бірдей шыққан шығынның өзінде де қортындысы әртүрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайда өзіндік құнның мөлшері де әртүрлі болады, яғни жұмсалған шығынға сәйкес келмейді. Ол өндіріс салаларының бағытына, өндірісті ұйымдастыруына, шикізат, материалдар сапасына, еңбек ресурстарын дұрыс басқару және мамандардың қабілетіне тікелей байланысты болып келеді.

Өнімнің өзіндік құнын есептеуді калькуляция дейді. Жоспарлы және нақты өзіндік құнды ажыратады. Өнімнің жоспарлы өзіндік құны мөлшерлі, есептеу және жоспарлы көрсеткіштің негізінде анықталады. Ал нақты өзіндік құнды бухгалтерлік есеп беру мәліметтері бойынша нақты шығын арқылы анықтайды. Өнімге жұмсалған шығындардың калыптасу кезеңдеріне байланысты өзіндік құнды үш түрге бөлуге болады:

- технологиялық өзіндік құн;
- өндірістік өзіндік құн;
- коммерциялық (немесе толық) өзіндік құн.

Технологиялық (цехтық шығындар) өзіндік құнға – өнімнің технологиялық үрдісінде пайда болған шығындар, сонымен бірге оның құрамына өндірісті ұйымдастыру мен басқаруға кеткен шығындар кіреді.

Өндірістік (жалпы зауыттық шығындар) өзіндік құнға – өнім өндіруге байланысты жұмсалған барлық шығын және өнімді цехтар арасында тасымалдауға жұмсалған шығынның бәрі кіреді.

Коммерциялық (толық) өзіндік құнға өндірістік өзіндік құн, оған қосымша транспорт шығындары және өнімді сатуға байланысты басқа да шығындар кіреді.

Өнімнің өзіндік құнына кіретін барлық өндіріс шығындары өзінің әртүрлі белгісімен жіктеледі.

Негізгі белгісі бойынша жіктелу екіге ажыратылады:

а) шығынның бастапқы элементтері бойынша (экономикалық маңызда);

б) шығынның пайда болу түріне және мақсатына қарай (калькуляция баптары бойынша).

Өнімнің өзіндік құны өздерінің құрамы мен экономикалық міндеті, сонымен қатар өнімді өндіру мен өткізуде алатын рөлі

бойынша әртектес шығындардан құралған. Сондықтан өндірістік өзіндік құнын жоспарлау мен есептеу негізінде шығындарды олардың әртүрлі белгілері бойынша жіктеп, біртектес топтарға біріктіру қажет. Мысалы: шығындардың пайда болу жеріне байланысты (өндіріс, цех, участок).

Өндіріс үрдісі негізгі және көмекші болып бөлінетіндіктен, көмекші өндіріс шығындары өздерінің негізгі өндірістегі атқаратын рөлі бойынша топтастырылады.

Өндірістің барлық шығындары өнімнің жеке түрлерінің (соның ішінде жеке тапсырыстар бойынша дайындалатын жеке бұйымдардың) немесе біртектес өнімдер топтарының өзіндік құнына жатқызу тәсілдеріне байланысты тікелей және жанама болып бөлінеді.

Тікелей шығындар деп – өндірістік өзіндік құнына тура және тікелей өз бетімен кіре алатын, өнімнің жеке түрлерінің өндірісімен байланысты (шикізат, негізгі материалдар, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттар, өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы және т.б.) шығындарды айтады.

Жанама шығындар деп – өнімнің өзіндік құнына бөлінген соң кіретін, өнімнің бірнеше түрлерінің өндірісімен байланысты шығындарды (жабдықтарды дайындау және пайдалану шығындары, цехтік шығындар және т.б.) айтады.

Шығындарды калькуляция баптары бойынша топтастырған кезде тәртіп бойынша тікелей шығындар (мысалы “материалдар”) элементтер тұрғысынан есепке алынады, ал жанама шығындар (мысалы “қосымша шығындар”) кешенді баптарды құрайды, яғни өндіріс үрдісіндегі атқаратын рөлдері бойынша ажыратылатын бірнеше элементтерден тұратын шығындардан құралады.

Кәсіпорын шығындары өнімді дайындау үрдісіне қатысу сипатына байланысты негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Негізгі шығындар – өнімді дайындаудың технологиялық үрдісінің жүруімен тікелей байланысты. Оларға өнім дайындайтын шикізат пен материалдар шығындары, технологиялық үрдісте қолданылатын отын және энергия (ғимараттарды жылыту мен жарықтандыру шығындары емес) шығындары, негізгі өндірістік жұмысшылардың жалақысы, жабдықтарды күту, ұстау, пайдалану шығындары кіреді.

Қосымша шығындар өнім өндірумен емес, өндірісті ұйымдастыру, басқару және пайдаланумен тікелей байланысты.

Оларға әкімшілік – басқару персоналының жалақы шығындары, үй–жай, ғимараттарды жылыту мен жарық беру шығындары және олардың амортизациясы жатады.

Шығындар өндіріс көлеміне байланысты өзгермелі және шартты– тұрақты болып бөлінеді.

Өзгермелі шығындар өндіріс көлеміне байланысты пропорционалды түрде өсіп немесе кеміп отырады. Бұған шикізат пен материалдардың, технологиялық мақсаттағы отын мен энергияның құны, өндірістік жұмысшылардың кесімді жалақысы жатады. Егер қандай да бір себеппен өнім шығару уақытша тоқтап қалса, онда осы уақытта өзгермелі шығындар да болмайды.

Шартты–тұрақты шығындар өзгермелі шығындарға қарағанда өндіріс көлемінен тіпті тәуелсіз. Бұл – басқару шығындары, ғимараттар мен үй – жайды жылыту және жарықтандырумен байланысты шығындар, жалға беру ақысы және т.б. Шартты – тұрақты шығындар өнім өндіру тоқтап қалса да, кәсіпорынның банкроттыққа ұшырап және оның ресми жабылуы жарияланғанға дейін орын алады.

Өнімнің өзіндік құны шығындарының экономикалық элементтері және калькуляция баптары бойынша құрылымы

Өнімнің өзіндік құнына кіретін барлық шығындарды талдау, есепке алу және жоспарлау мақсатымен, сонымен қатар әртүрлі кәсіпорындарда өндірілетін өнімнің өзіндік құнын салыстыру үшін бірін – бірі толықтырушы екі жіктеу тәсілі қолданылады: элементтер және калькуляциялық баптары бойынша.

Өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығындар өздерінің экономикалық мазмұны бойынша келесі элементтерге топтастырылады:

1. Негізгі шикізат және материалдар;
2. Көмекші материалдар;
3. Отын (сырттан әкелінетін);
4. Энергия (сырттан әкелінетін);
5. Өндірістік персонал жалақысының шығындары;
6. Әлеуметтік мұқтаждықтарға аударымдар;
7. Амортизациялық аударымдар;
8. Т.б. шығындар;

“Материалдар” (“материалдық шығындар”) элементінің құрамына мынадай құндар кіреді:

– өндірілетін өнімнің құрамына жататын, оның негізін құрайтын шикізат пен материалдардың;

– өндіріс үрдісінде қолданылатын, сатып алынған материалдың;

– қалыпты технологиялық үрдісті қамтамасыз ету үшін қажетті бұйымдардың;

– материалдық ресурстарды жеткізумен байланысты шығындардың құны.

Материалдық шығындарға қайтатын қалдықтардың құны қосылмайды.

Қайтқан қалдықтар деп – өнімді өндіру үрдісінде қалыптасқан, бастапқы қасиеттерін толығымен немесе жарым – жартылай жоғалтқан және осыған байланысты жоғары шығынмен (өнім шығымы азайғанда) пайдаланылатын немесе өз орнында тіпті пайдаланылмайтын шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар және материалдық ресурстардың және т.б. түрлерінің қалдықтарын айтады.

Тағайындалған технологияға сәйкес басқа өнім түрлерін өндіру үшін толық бағалы материал ретінде өзге цехтарға жіберілетін, материалдық ресурстардың қалдықтары өндірістік қалдықтарға жатпайды.

Жалақы шығындары элементінде негізгі өндірістік персоналдың жалақысы, оған қоса өндірістік нәтижелер үшін берілетін сыйақылар, ынталандырушы және орнын толтырушы төлемдер, сонымен бірге негізгі қызметке қатысатын, кәсіпорынның штатында тіркелмеген жұмысшылардың жалақысының шығындары бейнеленеді.

Еңбекақы шығындарының құрамына мыналар кіреді:

–кәсіпорында қабылданған еңбекақы төлеу нышаны мен жүйелеріне сәйкес, кесімді бағалар, тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақы мөлшерлеріне қарай белгіленетін, орындалған жұмыс үшін жалақы төлемдері, жұмыскерлерге еңбектері үшін натуралды түрде берілетін өнімнің құны;

–ынталандырушы сипаттағы төлемдер: өндірістік нәтижелер үшін берілетін сыйақылар, кәсіптік шеберлігі және т.б. үшін тарифтік ставкалар мен жалақыға қосылатын үстемелер;

–жұмыс тәртібі және еңбек жағдайларымен байланысты орнын толтырушы сипаттағы төлемдер, соның ішінде түнгі

уақыттағы жұмыс, мерзімінен тыс, көп ауысымдық тәртіптегі жұмыстар, демалыс пен мереке күндеріндегі жұмыс, бірнеше жұмысты қатар атқарғаны үшін, ауыр, зиянды және ерекше зиянды еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін тарифтік ставкалар мен жалақыларға қосылатын үстемелер мен қосымша төлемдер;

– заңға сәйкес тегін көрсетілетін коммуналдық қызметтер, тамақтандырудың және кәсіпорын жұмыскерлеріне берілетін тегін үй шығындарының құны;

– кезекті және қосымша демалыстар ақысы (пайданылмай қалған демалыстың), сонымен қатар мемлекеттік міндеттерді орындау мен медициналық байқаудан өтуге байланысты кеткен уақыттың ақысын төлеу;

– жеке иелікке тегін берілетін (арнайы киім, киім – кешекті қоса алғанда) заттардың құны;

– жұмыскерлер санының қысқаруымен байланысты төлемдер: көп жылғы еңбегі үшін берілетін біржолғы сыйақылар (кәсіпорында мамандығы бойынша жұмыс стажы үшін қосылатын үстемелер);

– басқа кәсіпорындардан ауысып келген жұмыскерлерге нақты бір мерзім ішінде лауазымдық жалақы мөлшерін сақтауға байланысты төленетін жалақы айырмасы.

Әлеуметтік мұқтаждықтарға, мысалы әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар белгілі бір мөлшерлер бойынша еңбекақы қорынан жүргізіледі. Бұл мөлшерлердің көлемі заң тәртібімен тағайындалады және қайта қаралуы мүмкін.

Негізгі қорлар амортизациясына барлық амортизациялық аударымдар жатады.

Бастапқы төрт элемент өзінің экономикалық мазмұны жағынан толығымен біртектес болып табылады. Шартты түрде **“тағы басқа шығындар”** деп аталатын соңғы топ өзінше ерекше. Бұл топқа шығындардың өзге элементтерінің қай – қайсысына да қосуға болмайтын, өздерінің экономикалық құрамы жағынан әртүрлі шығындар кіреді. Бұл – пайыз бойынша төлемдер, материалдық емес активтердің тозығы, іс-сапар шығындары, өкілдік шығындары, жарнама шығындары, кадрлар дайындау шығындары және т.б.

Шығындар элементтері бойынша есептелген өзіндік құн өнімнің қандай нақты түріне пайдаланылғанына байланысты өндірістік бағдарламаны орындау үшін тұтынылған ресурстардың жалпы көлемінің құндық өлшемін бейнелеуге мүмкіндік бе-

реді. Экономикалық элементтер бойынша жіктеу, сонымен қатар, шығындардың қалыптасуы кезіндегі әр элементтің мәнін анықтауға және өзіндік құнды төмендетудің, айналым құралдарына қажеттіліктерін есептеуге және инвестициялар мен несиелерді экономикалық орналастыру үшін, яғни бизнес – жоспар құру кезінде шығындар сметаларын есептеуге мүмкіндік береді.

Тамақ өнеркәсібіндегі шығындар құрылымы

Шығындар баптары	Шығындардың үлес салмағы, %
Материалдық шығындар	60- 80
Еңбек шығындары	10-20
Амортизациялық аударымдар	5-10
Тағы басқа шығындар	5-10

Шығындарды қалыптасу орындары бойынша бақылау және нақты бір өнім түрінің бірлігіне кеткен шығындарды анықтау мақсатымен оларды калькуляциялық баптары бойынша жіктеу қолданылады. Аталуына байланысты жоспарлы, мөлшерлік және есептік калькуляция түрлері ажыратылады.

Жоспарлы калькуляция фирманың экономикалық бөлімімен белгілі бір мерзімге (жыл, тоқсан, ай) жасалынып, жұмыс уақыты, материалдар, электроэнергия және т.б. шығындар мөлшері негізінде құрастырылады. Жоспарлы калькуляция мынадай мақсатпен пайдаланылады:

- өнімнің нақты түрлеріне шығару бағаларын белгілеу, фирманың материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына қажеттіліктерін анықтау үшін;

- жоспарлы калькуляцияның мәліметтерін есептік калькуляцияның мәліметтерімен салыстыру жолымен өндірісті басқарудың сапасын бақылау үшін.

Мөлшерлік калькуляция фирманың қызмет ету жағдайында нақтылы қол жеткен анағұрлым үдемелі нормалары мен нормативтеріне қарай отырш есептеледі. Өндірісті басқару тәжірибесінде мөлшерлік калькуляция өзгеше эталон ретінде қолданылады, онымен мәліметтерді салыстыру арқылы өнімнің әр түрінің өзіндік құнын төмендету, шығындарды азайту жолдары мен пайданы көбейту көздерін табуға болады.

Есептік калькуляция фирманың бухгалтерлік бөлімімен құрастырылады және ол жоспарлы мәліметтермен салыстырудан

басқа, ресурстардың әр түрлерінің тиімді пайдалануын бақылау құралы бөлып табылады.

Өзіндік құнды калькуляциялаудың бірнеше әдістері бар:

- шығындарды толық бөлу арқылы өзіндік құнды калькуляциялау;
- өзгермелі шығындар бойынша өзіндік құнды калькуляциялау;
- өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың қарапайым тәсілі;
- өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісі;
- өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың қайта бөліс әдісі;
- дамыған нарықтық қатынастары бар елдерде қолданылатын өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістері.

Шығындарды толық бөлу кезінде өнімнің өзіндік құны барлық өндірістік факторлар шығындарымен анықталады: оларға материалдар, еңбек, энергия, амортизация, сақтандыру және т.б. жатады.

Өндірістегі шығындарды есептеу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың қарапайым тәсілі біртектес өнім шығаратын (көмір, газ, руда өндіру) кәсіпорындарда қолданылады.

Шығындарды есептеу мен өнімнің өзіндік құны калькуляциясының тапсырыстық әдісі аз сериялы және дара өндірісті кәсіпорындарда, жөндеу кәсіпорындарында және тәжірибелік цехтарда қолданылады.

Шығындарды есептеу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың қайта бөліс әдісі көлемді өндірісі бар кәсіпорындарда қолданылады.

Дамыған нарықтық экономикалы елдерде шығындарды есептеу мен өзіндік құнды калькуляциялаудың келесідей жүйелері қолданылады: стандарт-кост жүйесі және директ-кост жүйесі.

Өзіндік құн калькуляциясы өндірістік үрдіске тікелей байланысты шығындарды өндірісті басқару мен оған қызмет көрсету шығындарынан бөлуге және мұны жеке өнім бірлігінің өзіндік құнын анықтауға пайдалануға жол береді.)

Шығындардың типтік топталуы келесідей түрде болады:

1. Шикізат және материалдар;
2. Көмекші материалдар;
3. Қайтарылатын қалдықтар;
4. Технологиялық мақсатқа арналған отын;

5. Технологиялық мақсатқа арналған энергия;
6. Өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы;
7. Өндірістік жұмысшылардың қосымша жалақысы;
8. Әлеуметтік мұқтаждықтарға аударымдар;
9. Өндірісті даярлау және оны игеру шығындары;
10. Жалпы өндірістік шығындар:
 - жабдықтарды ұстау және пайдалану шығындары;
 - цехтік шығындар;
11. Жалпы шаруашылық шығындар;
12. Тағы басқа өндірістік шығындар;
13. Коммерциялық шығындар.

Бұрынғы кезде цехтік құрылымды кәсіпорындарда бірінші 10 бап жинағы цехтік өзіндік құнды, 12 бап жинағы - өзіндік құнды, барлық 13 бап жинағы – өнімнің толық өзіндік құнын құрайды деп есептелетін. Соңғы жылдары Қазақстан “Директ-костинг” жүйесіне көшті, онда шығындар бөлімінде тек өзгермелі шығындар есепке алынады.

Өзіндік құнды жоспарлау мен калькуляциялаудың салалық нұсқауларында шығындар баптарының келтірілген типтік номенклатурасына өзгерістер енгізілуі мүмкін екені көрсетіледі. “Материалдар” бабында мыналардың құны бейнеленеді:

– өнімнің заттық негізін құрап немесе оны дайындаудың (қызмет көрсету, жұмыс жүргізудің) қажетті бөлігі болып табылып, өндірілген өнімнің құрамына кіретін, шет жақтан әкелінген шикізат, негізгі материалдардың, оған қоса транспорттық – дайындау шығындарының құны;

– өнімді өндіру барысында қалыпты технологиялық үрдісті қамтамасыз ету үшін және өнімді буып – түюге пайдаланылатын немесе өзге де өндірістік және шаруашылық мұқтаждықтарға жұмсалатын, сатып алынатын бұйымдардың құны;

– осы субъектіде қосымша өңдеуден өтетін жартылай фабрикаттардың, сатып алынатын бұйымдардың құны;

– қорларды қоймаларға жеткізуде шеттен-келген транспорт қызметінің құны.

Шикізат, материалдар, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттарды (көмекші материалдар мен отынды) субъектінің өз транспорты және оның персоналының жеткізуімен (тиеу – түсіруді қосқанда) байланысты шығындар өндіріс шығындарының тиісті элементтеріне (жалақы, материалдар, отын және т.б.) кіреді.

Транспорттық – дайындау шығындарына олардың келесі түрлері жатады:

1. Өткізуші – жабдықтаушы ұйымдарға төленген үстеме бағалар;
2. Барлық қосымша жинақтары мен қоса тасымалдау төлемі;
3. Субъектінің қоймаларына материалдарды жеткізу және оларды түсіру шығындары;
4. Дайындау орындарында ұйымдастырылған арнайы дайындау кеңселерін, қоймаларын және агенттіктерін ұстау шығындары;
5. Дайындау орындарынан субъектінің қоймаларына материалдарды жеткізумен және оларды дайындаумен байланысты іссапарлар шығындары (субъектінің жүкшілері мен көлік жүргізушілерінің жүкті жабдықтаушылардан жеткізу кезіндегі іс-сапарларының шығындары және т.б.).

Көмекші материалдар бабында өнім шығару барысында қалыпты технологиялық үрдісті қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын көмекші материалдардың (технологиялық мақсаттағы көмекші материалдар) құны бейнеленеді. Егер оларды өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына тікелей жатқызу қиындаса, олардың құны өзіндік құнға келесі тәртіппен қосыла алады: өнімнің әр түріне технологиялық мақсатқа арналған көмекші материалдар шығынының мөлшерлері анықталып, осы шығын мөлшерлеріне және материалдардың жоспарлы өзіндік құнына сәйкес өнім бірлігінің сметалық ставкасы тағайындалады. Көрсетілген ставкалар материалдар шығыны, мөлшерлер және бағалардың өзгеру шамасына қарай қайта қаралып отыруы тиіс. Көмекші материалдардың нақтылы шығындары өнімнің жеке түрлерінің, тауарлы өнімнің, аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына сметалық ставкаларға пропорционалды түрде қосылып отырады.

Өнімнің өзіндік құнына кіретін материалдық шығындардың қайтарылатын қалдықтар құны кірмейді.

Өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы бабына кесімді бағалар бойынша жұмыстар мен операцияларды орындау ақысы, жеке дара технологиялық операцияларды орындаумен айналысушы мерзімді жұмысшылардың жалақысы, сонымен қатар еңбекақы төлеудің кесімді және мерзімді сыйақылық жүйелері бойынша өндірістік жұмысшыларға берілетін қосымша төлемдері жатады.

Қосымша жалақы негізгі жалақы нормативтері бойынша анықталады. Ал бұл нормативтер кәсіпорында қарастырылған

төлемдер мөлшерлеріне қарай кәсіпорынның бөлімшелері бойынша бөлек – бөлек анықталады.

Әлеуметтік мұқтаждықтарға аударымдар – бұл негізгі және қосымша жалақы салаларынан жүргізілетін әлеуметтік сақтандыруға арналған аударымдар.

Өндірісті даярлау және оны игеру шығындары – жаңа кәсіпорындар мен цехтарды меңгеру (бастапқы шығындар), өнімнің жаңа түрлері мен жаңа технологиялық үрдістерді даярлау мен игеру шығындары.

Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындар қосымша шығындарға жатады.

Жалпы өндірістік қосымша шығындар – бұл өндірісті басқару және қызмет көрсетумен байланысты шығындар. Олар бірнеше ортақ сипаттарға ие: кешендік сипатта болады, олардың құрамында шығындардың барлық экономикалық элементтері бейнеленеді.

Екі немесе одан да көп бұйым шығару кезінде бұл шығындар бұйымға тікелей жатқызыла алмауы мүмкін және бір жағынан, дайын өнім арасында, сосын жанама түрде бұйымдар арасында да бөлінеді.

Жабдықтарды күту және пайдалану шығындарына өндірістік және көтергіш-көліктік құрылғыларды, цехтік транспортты, жұмыс орнын күту, жөндеу және олардың амортизация шығындары, сонымен қатар құралдар мен аспаптарды қалпына келтіру шығындары және олардың амортизациясы жатады.

Цехтік транспортты ұстау шығындарының өнімнің өзіндік құнындағы үлес салмағы елеулі болған жағдайларда, мысалы, астық қабылдау пункттерінде бұл шығындарды жеке позицияға “Шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар мен өнімдерді ішкі зауыттық тасымалдау” деп топтаған жөн. Бұл топта автокар, электрокар, автомашина, автотиегіштер және технологиялық көліктің және т.б. түрлерін ұстау және күту (ағымдағы жөндеу мен амортизацияны қоса) шығындары бойынша мәліметтер жинақталар еді.

Құрылғыны ұстау және күту шығындарын өндірілген өнім түрлерінің арасында бөлу өнімнің сәйкес түрінің бірлігін дайындау кезінде құрылғының жұмыс істеу уақыты мен оның жұмыс ұзақтығы шығындарына қарай жүргізілуі тиіс (құрылғының құнын, күрделілігін, қуаттылығын және т.б. сипаттамаларын есепке ала отырып). Бұл үшін машина-сағат мөлшері туралы

мәліметтер негізінде есептелетін сметалық (нормативтік) ставкалар анықталады. Сметалық ставкаларды есептеудің еңбек сыйымдылығын азайту мақсатымен экономикалық зертханалар, салалық институттар өңдеп шығаратын біртектес субъектілер құрылғыларының топтарына арнап шығындардың бірыңғай коэффициенттерін қолдануға жол беріледі.

Жабдықтарды ұстау және күту шығындарының сметалық ставкаларын есептеу әдістемесі және оларды бөлу тәртібі субъектінің есептік саясатында келтіріледі.

Біртектес өнім шығаратын өндіріс механикаландырылуының деңгейі шамамен бірдей көмекші өндіріс цехтарында құрылғыны ұстау және күту шығындарын жеке тапсырыстар мен жұмыс түрлерінің арасында өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысына пропорционалды түрде бөлуге болады.

Өнеркәсіптің кейбір салаларының субъектілері үшін олардың өндіріс техникасы, технологиясы және ұйымдастырылуының ерекшеліктерін ескере отырып, құрылғыны ұстау және күту шығындарын бөлудің басқа тәсілдері де белгіленуі мүмкін.

Цехтік шығындар бабы – бұл құрамына цехті басқару аппаратының жалақысымен бірге әлеуметтік мұқтаждықтарға аударымдары, ғимараттар мен үй-жай амортизациясының шығындары, ғимараттар мен үй-жайды жөндеу шығындары, арнайы жұмыс киімі шығындары, құны төмен және тез тозатын құралдардың тозығы және өндірістік бөлімшелерді (цехтарды) басқарумен байланысты басқа да шығындар кіретін цехтік қосымша шығындар.

Әр цехтің қосымша шығындары осы цех дайындайтын өнімнің ғана өзіндік құнына кіреді. Өздерінің көмекші бөлімшелері үшін орындалатын жұмыстарға (қызметтерге) жататын қосымша шығындар үлесін анықтау барысында олардың ішінен осы жұмыстар (қызметтер) өндірісімен байланысты емес шығындар алып тасталынады. Қосымша шығындардың осы топтарының әрқайсысының ерекшелігі бар – бұл өнімнің жеке түрлерінің арасында жанама түрде бөлінетін кешенді шығындар.

Жалпы шаруашылық қосымша шығындар – бұл өндірістік емес шығындар, олар кәсіпорынның, жалпы фирманың шеңберінде жүзеге асырылатын басқару қызметімен байланысты.

Олардың құрамына мына шығындар кіреді:

– кәсіпорынды басқару аппаратының жұмыскерлерін ұстау олардың жалақысының, әлеуметтік мұқтаждықтарға аударым-

дарынын, олардың жұмысына материалды-техникалық және көліктік қызмет көрсету, іс-сапар шығындары;

– басқарудың техникалық құралдарын ұстау және күту, жарықтандыру және жылу беру шығындары;

– аудиторлық және кеңес беру қызметтерін төлеу, банк қызметін (соның ішінде банк несиесі бойынша пайыздар) өтеу шығындары;

– кадрларды даярлау және қайта даярлау, жұмысшы күшін жинау шығындары;

– экология шығындарына байланысты қаржылар;

– жалпы өндірістік ғимараттар, үй-жай мен инвентарларды жөндеу шығындары, негізгі құралдар, материалдық емес активтердің тозығы (амортизациясы), кәсіпорын мүлігін міндетті сақтандыру төлемдері, салықтар, алымдар, төлемдер және т.б. міндетті аударымдар.

Тағы басқа өндірістік шығындар – ғылыми – зерттеу немесе тәжірибелік жұмыстарына арналған шығындар, кепілдемелік қызмет көрсету шығындары және сонымен бірге жоғарыда аталған шығындар баптарының біреуіне де жатпайтын т.б. шығындар.

Коммерциялық шығындар – өнімді өткізуге байланысты, жарнамалық, маркетингтік және т.б. шығындар.

Қосымша шығындар құрамында жоғарыда аталған шығындар баптарының бірде – біреуіне жатпайтын шығындар жоспарланып, есепке алынады.

Біздің еліміз шығындарды есептеудің халықаралық жүйесіне өткен соң, Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі өнеркәсіп субъектілерінде, сондай-ақ сауда және қызмет көрсету салаларындағы өнімнің (жұмыстар мен қызметтердің) өзіндік құнын жоспарлау, есептеу, калькуляциялауда қолданылатын әдістемелік ұсынымдар жасап шығарды. Осы ұсынымдарға сәйкес “Директ – костинг” жүйесіне негізделген өнімнің (жұмыстар мен қызметтердің) “қысқартылған” (босатылған) өзіндік құн әдісі қолданылады. Бұл жүйе бойынша өндірістік өзіндік құнына тек негізгі тікелей шығындар және өзгермелі қосымша шығындар кіреді, ал “мерзімдік шығындар” деп аталатын қалған шығындар кәсіпорын табысынан шегеріледі.

Мерзімдік шығындарға:

– жалпы шаруашылық шығындар;

– коммерциялық шығындар;

– банк несиелері бойынша тағайындалған пайыздар шығындары жатады.

Өнімнің өзіндік құнын анықтауды дұрыс қолдана білсе, тәжірибе жұмыстарында өндірісті жоспарлау, өндіріс салаларына талдау жасауда, қолданбай жатқан ішкі мүмкіндіктердің көзін ашуға, кәсіпорын жұмысының өсуіне әсері мол екенін байқаймыз.

Өнеркәсіпте өнімнің өзіндік құнына баға беруде келесі көрсеткіштер қолданылады:

- өзіндік құнның элементтері бойынша шығындары;
- тауарлы өнімнің толық өзіндік құны;
- өнім бірлігінің толық өзіндік құны (калькуляция баптары бойынша);
- тауарлы өнімнің I теңгесіне шаққан шығыны.

Өнімнің толық өзіндік құн өндіруге және сатуға кеткен шығынның табиғи өнім бірлігін көрсетеді. Бұл көрсеткіш өнімге баға белгілеуге және әртүрлі кәсіпорындары мен мекемелерде өнімнің өзіндік құнын салыстырып және әртүрлі мерзімдегі динамикасын анықтауда қолданылады.

Әрбір өнімнің өзіндік құнының өнімнің жалпы көлеміндегі шығынына қатынасын өнімнің **өзіндік құнының құрамы** дейді. Өзіндік құнның құрамы әртүрлі салада әртүрлі. Ол ондағы өндірістің бағытына, мамандалуына, техникалық деңгейіне, шығынның көлеміне және т.б. байланысты. Өнімнің өзіндік құнының құрамын калькуляция баптары бойынша да анықтауға болады. Мұндай есепті бір өндіріс саласында өндірілген әртүрлі бұйымдар бойынша шығарылады. Өнімнің өзіндік құнының құрамы ереже бойынша пайыз есебімен белгіленеді.

Өнеркәсіп салаларындағы шығын элементтерінің арақатынасын төмендегі топтарға бөлуге болады: материал сиымдылығы, еңбек сиымдылығы, энергосиымдылығы, қор сиымдылығы (капитал сиымдылығы) болып. Мысалы, саланың материал сиымдылығы деп өнімнің өзіндік құнындағы материалдар мен шикізат шығындарының үлес салмағының басым болған жағдайды айтады. Бұл жағдайға әсіресе тамақ өнеркәсібі салалары жатады.

Өнімнің өзіндік құнын кеміту - өнімнің жоғарғы сапасына тікелей байланысты. Өнім сапасы жақсарған сайын экономикалық көрсеткіштер деңгейі өсе береді.

Өнімнің өзіндік құнын арзандату факторлары үнемі бақылауда болуы тиіс. Бұл мақсатта шығын құрамын жүйелі талдаудан

өткізеді. Өндірістің ғылыми – техникалық жабдықталу деңгейін, өнім өндірудегі технологияның жағдайын, еңбекті дұрыс ұйымдастыру мен басқару мәселелерін қадағалап, бақылап отыруды керек етеді. Міне осы аталған мәселелерден шығынды азайту көздерін іздеп табуға болады.

Өнімнің өзіндік құнын арзандату көздеріне жататындар:

а) материалдарды, шикізаттарды қолдануды жақсарту, әсіресе шикізат, материалдар, отын, электро- және жылу қуатын дұрыс пайдалану;

б) өнімді өндіруде еңбекті көп керек ететін өнімдерге шығын түрін азайту;

в) еңбек өнімділігін арттыру;

д) өндіріске қызмет ету және басқарудағы шығындарды азайту;

г) өндірістен тыс шығындарды үнемдеу және т.б.

Өндіріс шығындарын азайтудағы техникалық және экономикалық факторларды келесі топтарға бөлуге болады:

- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- өндірісті ұйымдастыру және еңбек жағдайын жақсарту;
- өнімнің көлемін және құрамын өзгерту;
- салалық және басқадай факторлар.

Әрбір топ факторлары жеке кіші топтардан тұрады.

Бірінші топтағы факторға жататыны:

- өндіріс үрдісін механизациялау және автоматизациялау;
- алдағы қатарлы технологияны және автоматизацияны өндіріске ендіру;

- өндіріс технологиясын жаңалау және техниканы қолдану деңгейін көтеру;

- өнімнің сапасын арттыру;
- өндіріске шикізат, материал, отын, электроқуат және оларды ауыстыратын түрлерін енгізу;
- өндірістің техникалық деңгейін көтеретін басқадай факторларды өндіріске енгізу.

Екінші топтағы факторларға жататыны:

- өндірістегі басқаруды жетілдіру;
- еңбек ұйымдастырылуын жақсарту;
- материалды – техникалық жабдықтауды жақсарту;
- өнімсіз шығындарды жою;
- жарамсыз өнімнен туындаған шығындарды жою;
- өндірісті ұйымдастыруға және жаңалауға байланысты басқадай факторлар.

Үшінші топтағы факторларға жататыны:

- өндіріс көлемінің өсуіне байланысты шартты-тұрақты шығындарды барынша қысқарту;
- негізгі өндіріс қорларын тиімді пайдалану және осыған байланысты амортизациялық төлемдер жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;
- өндірілетін өнімдер құрамын өзгерту.

Төртінші топтағы факторларға жататыны:

- өндіріс және жабдықтаудың инновациялық түрлерін ендіру;
- өндірістегі кейбір тиімсіз және пайдасыз цехтарды жою;
- өндірісті ұйымдастырудың жаңа түріне көшу (шоғырландыру, мамандандырылу, қиыстыру т.б.).

Осы аталған кейбір топтардағы факторлардың өнімнің өзіндік құнына тигізетін сан жағынан әсері мол.

Шығынның әр түрінің төмендеуі – көп факторлардың әсерінің қорытындысы болып келеді. Сонымен бірге кейбір жеке факторлардың әсері бірнеше шығындарды азайтуы мүмкін. Осыған байланысты әр факторлардың әсерін анықтағанда, материалды, ресурстарды, еңбекақы қоры және басқадай шығындарды үнемдеуді ескеруде тек белгілі фактордың әсерін ескеру керек.

Өндіріс деңгейін техникалық көтеру тобындағы факторды іске асырудағы үнемдеу шарасын өнімнің шығын бірлігінің өлшемінен шараны жүргізуге дейінгі және жүргізгеннен кейінгі алынған өндіріс көлемінің айырмасына көбейту арқылы анықталады.

Үнемдеудің жалпы саны (теңге):

$$Y = (Ш_{шк} - Ш_{шд}) * \Theta_k,$$

мұнда Y – үнемдеу;

$Ш_{шк}$ – өнімнің бірлігіне жұмсалған тура қазіргі шарадан кейінгі шығындар, теңге;

$Ш_{шд}$ – өнімнің бірлігіне жұмсалған тура қазіргі шараға дейінгі шығындар, теңге;

Θ_k – табиғи бірліктегі өнім көлемі немесе қолданған шарадан бастап жыл аяғына дейінгі жоспарланған жұмыс көлемі.

Шикізат, материалдар, отын және энергоқуат тобындағы факторлар әсерінің қорытындысында материалды шығындарды азайтып, үнемдейді. Үнемдеу көлемін төмендегі формуламен есептеуге болады:

$$M_Y = (H_{шкБ} - H_{шд}) * \Theta_k,$$

мұнда M_Y – материалды үнемдеу;

$H_{шк}$ және $H_{шд}$ – өнім бірлігіне, шикізат, материалдық ресурстардың тиісінше, шарадан кейінгі және шараға дейінгі шығын мөлшері, кг;

B – шикізаттың, материалдың, отынның және энергияның бағасы, теңге;

Θ_k – шара қолданудан бастап, жоспарланған жыл аяғына дейінгі өнім бірлігінің саны.

Өндіріс қорларын қолдануды жақсартудағы амортизациялық бөлінген теңгенің салыстырмалы үнемін мына формуламен анықтаймыз:

$$A_y = \left(\frac{A_б}{T_б} - \frac{A_ж}{T_ж} \right) \cdot T_ж$$

Мұнда A_y – амортизациялық үнем;

$A_б$ және $A_ж$ – амортизациялық бөлінген жалпы сомасы, тиісінше базалық және жоспарланған жылдарда, теңге;

$T_б$ және $T_ж$ – тауарлы өнімнің көлемі, тиісінше базалық және жоспарланған жылдарда, теңге.

Жаңа цехтардан немесе өндіріске ендірудегі (ескіні жою) әсерінен пайда болған үнемді мына формуламен анықтаймыз:

$$Y = \frac{J_n \left(\frac{Ш_б}{100} - \frac{Ш_ж}{100} \right)}{100}$$

мұнда Y – үнемдеу;

J_n – жаңа өндірістің, цехтың тауарлы өнімнің жоспарланған көлемі, теңге;

$Ш_б$ және $Ш_ж$ – тауарлы өнімнің теңге шығынына жұмсалған тиісінше базалық және жоспарланған жылдары, теңге.

Шығындарды үнемдеуге әсерін тигізетін жеке факторларды өнімнің өзіндік құнын арзандатудағы жинақталған есепте талдап қорытылады. Техникалық–экономикалық факторлардың өнімнің өзіндік құнына әсерін, сол сияқты нақтылы өзіндік құнды талдау барысында анықталады.

Сонымен, өнімнің өзіндік құнын төмендету факторларының көздерін зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы зор.

Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құнына арналған тест сұрақтары

Төмедегі сұрақтар бойынша дұрыс жауабын беретін нұскасын көрсет:

8.1. Өндірілген өнім көлеміне байланысты тікелей шығындар, ол қандай шығын деп аталады:

- а) ауыспалы;
- б) тұрақты;
- в) тұтас;
- г) орта шығын;
- д) шектеулі шығын.

8.2. Егер кәсіпорын жұмысы тоқталып қалған жағдайда да міндетті төленуін, оның өнім өндіру көлеміне байланыссыз шығынды қандай шығын деп атаймыз?

- а) шектелген;
- б) тұрақты;
- в) ауыспалы;
- г) тұрақты емес;
- д) тұрақты, шектелген.

8.3. Кәсіпорында өнімді өндіру және сатуға кеткен керекті қоғамның ақшадай түрінде белгіленген шығын бөлігін қалай дейміз?

- а) өнімнің өзіндік құны;
- б) тауарлы өнім;
- в) 1 теңге тауарлы өнімге кеткен шығын;
- г) цехтық өзіндік құн;
- д) өнімнің жалпы өзіндік құны.

8.4. Өнімнің өзіндік құнына тікелей шығынды жатқызуды (мысалы, шикізат, материал шығындарын) не деп атаймыз?

- а) жанама;
- б) тура;
- в) кешенді;
- г) өндірістік;
- д) жауап жоқ.

8.5. Шартты-тұрақты шығынға жатқызылатын шығын қай түрден пайда болады?

- а) өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелді;
- б) негізгі жұмысшылардың еңбекақы төленуіне байланысты;
- в) шикізат және материалдарға төлеуге байланысты;
- г) өндірістің көлеміне байланыссыз;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

8.6. Кәсіпорындағы көтерме бағаның әсері тауарлы өнімнің толық өзіндік құнына қатынасы нені сипаттайды?

- а) толық өзіндік құнды;
- б) I теңге тауарлы өнімге кеткен шығынды;
- в) цехтың өзіндік құнын;
- г) өндірістік өзіндік құнды;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

8.7. Кәсіпорынның бір өндіріс бөлімшесінде өнімді дайындауға кеткен барлық шығынды есептеуде, қандай өзіндік құн деп атайды?

- а) толық өзіндік құн;
- б) өндірістік өзіндік құн;
- в) жоспарлы өзіндік құн;
- г) цехтың өзіндік құны;
- д) коммерциялық өзіндік құн.

8.8. Экономикалық маңызда олардың пайда болу орнына экономикалық шығындарды есепсіз тұтас біртекті топтастыруды не деп атаймыз?

- а) I теңге тауарлы өнімге кеткен шығын;
- б) шығын элементтері;
- в) тура тұтыну;
- г) шартты – тұрақты шығындар;
- д) жай шығын.

8.9. Әртүрлі жай шығындардан, әртүрлі шығын элементтерінен тұратын, бір баппен өзіндік құнға ендірілуін қандай шығын деп атаймыз?

- а) шығын жиынтығы;
- б) жай шығын;
- в) шартты – тұрақты шығындар;
- г) тура шығындар;
- д) шығын элементтері.

8.10. Өнімді өндіру және сатудағы барлық шығындарды қосқаннан кейінгі өзіндік құн шығындарын не деп атаймыз?

- а) өндірістік өзіндік құн;
- б) цехтық өзіндік құн;
- в) толық өзіндік құн;
- г) тауарлы өнімнің салыстырмалы өзіндік құны;
- д) өнім бірлігінің өзіндік құны.

8.11. Кәсіпорын жұмысына байланысты емес және өзіндік құнның деңгейіне әсер ететін факторлар қайсысы?

- а) өндірістен тыс;
- б) өндіріс ішіндегі;
- в) ішкі цехтағы;
- г) ішкі зауыттағы;
- д) барлық жауаптары дұрыс.

8.12. Шикізат және материалдарға жұмсалған шығын нәтижесі не болып саналады?

- а) еңбек құралына кеткен шығын;
- б) жанды еңбек шығыны;
- в) еңбек затына кеткен шығын;
- г) негізгі қорға кеткен шығын;
- д) өндіріске кеткен шығын.

8.13. Шығын баптары бойынша өнім бірлігіне өзіндік құн есебін жүргізгенде, қандай құжат керек болып саналады?

- а) шығын сметасы;
- б) калькуляция;
- в) шығын калькуляциясы;
- г) өндірістік өзіндік құн;
- д) цехтың өзіндік құны.

8.14. Еңбек құралдарына кеткен шығын қандай шығынмен байланысты?

- а) ғимараттарға, ірі құрылыстарға, жабдықтарға кеткен шығындар;
- б) шикізат, материалдарға және жартылай фабрикаттарға жұмсалған шығындар;
- в) басқару қызметтегілерге төленген еңбекақы;
- г) жұмысшыларға бөлінген еңбекақы;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

8.15. Өнімді шығару және сату, өндіріске қызмет ету, басқару, ұйымдастыруға байланысты шығындар нені құрайды?

- а) құрама;
- б) негізгі;
- в) тіркемелік немесе қосымша шығын;
- г) шартты – тұрақты;
- д) шартты – ауыспалы.

8.16. Егер кәсіпорында жылу қуаты шығынның үлес салмағы өнімнің өзіндік құнында көп мөлшерде болғанда, өнеркәсіп саласын қандай топқа жатқызуға болады?

- а) қор сиымдылықты сала;
- б) еңбек сиымдылықты сала;
- в) энергия сиымдылықты сала;
- г) материал сиымдылықты сала;
- д) жауап жоқ.

8.17. Өнімді сатудан түскен пайданың өнімнің өзіндік құнына пайыздық қатынасы нені сипаттайды?

- а) жалпы рентабельдікті;
- б) өнім рентабельдігін;
- в) есепті рентабельдікті;
- г) жалпы пайданы;
- д) жалпы табысты.

8.18. Баланстық пайданың орта жылдық негізгі қордың және мөлшерленетін айналым құралына қатынасы нені көрсетеді?

- а) жалпы өнім рентабельдігін;
- б) есепті рентабельдікті;
- в) жалпы рентабельдікті;
- г) жеке бұйым түрлерінің рентабельдігін;
- д) өнім рентабельдігін.

8.19. Баға дегеніміз не?

- а) тауардың өзіндік құны;
- б) тауардың ақшаға тұрарлық құны;
- в) тауардың баланстық құны;
- г) тауардың сұраныс пен ұсыныс арақатынасы және деңгейі;
- д) тауардың нарықта болуы.

8.20. Өнімнің әрбір қосымша бірлігіне нақты салыстырмалы немесе есепті өндіру көлеміндегі шығын -- бұл шығынды қандай деп атаймыз?

- а) орта шығын;
- б) тұтас шығын;
- в) жалпы шығын;
- г) шектелген шығын;
- д) тұрақты шығын.

8.21. Ауыспалы шығынның өнімді шығару көлеміне қатынасын не деп атаймыз?

- а) орта жалпы шығын;
- б) орта тұрақты;
- в) орта тұтас;
- г) орта ауыспалы;
- д) дұрыс жауабы жоқ.

8.22. Тұрақты шығынның өнімді шығару көлеміне қатынасын немі көрсетеді?

- а) орта жалпы шығынды;
- б) орта тұрақты шығынды;
- в) орта ауыспалы шығынды;
- г) орта тұтас шығынды;
- д) шектеулі шығынды.

8.23. Орта ауыспалы шығынның қатынасын немі көрсетеді?

- а) ауыспалы шығынның шығару көлемін;
- б) тұрақты шығынның шығару көлемін;
- в) тұтас шығынның шығару көлемін;
- г) жалпы шығынның шығару көлемін;
- д) орта шығынның шығару көлемін.

8.24. Кәсіпорынның толық тауарлы өнімнің өзіндік құны, көтерме бағадағы тауарлы өнім құнына қатынасын немі құрайды?

- а) өнім бірлігінің өзіндік құнын;
- б) бір теңге тауарлы өнімге жұмсалған шығынды;
- в) цехтың өзіндік құнын;
- г) өндірістік өзіндік құнды;
- д) өнім бірлігінің толық өзіндік құнын.

8.25. Шикізат және материалдарға жұмсалған шығын қандай болып аталады?

- а) еңбек құралына кеткен шығын;
- б) жанды еңбек шығыны;
- в) еңбек затына кеткен шығын;
- г) негізгі қорға кеткен шығын;
- д) айналым құралына кеткен шығын.

8.26. Бұйымды технологиялық үрдісте дайындауға байланысты, яғни материалға кеткен шығындар, негізгі жұмысшылардың еңбекақысы, әлеуметтік қажетке жұмсалған шығындарын не деп атаймыз?

- а) құрама;
- б) жай;
- в) негізгі;
- г) шартты – ауыспалы;
- д) жанама.

8.27. Егер өнімнің өзіндік құнының үлес салмағында еңбек шығыны көп болған жағдайда, төменде қандай шығын түрі көп болады?

- а) негізгі қордың амортизациясы
- б) жылу қуаты
- в) еңбекақы төлемі
- г) шикізат пен материалдар
- д) айналым қоры

8.28. Экономикалық байланыс мақсатына сәйкес орналасқан жаңа кәсіпорында шикізаттың, материалдың, отынның және электроқуатының, амортизациялық мөлшерін және т.б. факторларын не деп атайды?

- а) ішкі өндірістік;
- б) ішкі салалық;
- в) ішкі цехтық;
- г) ішкі шаруашылық;
- д) сыртқы фактор.

8.29. Өзіндік құнды төмендету көздеріне не жатады?

- а) еңбек өнімділікті арттыру;
- б) шикізат және материалдарды тиімді қолдану;

- в) қосымша материалдарды қолдануды көтеру;
- г) өнімсіз шығындарды жою;
- д) барлық айтылған жауаптар жатады.

8.30. Өндіріс деңгейін техникалық көтеру тобындағы факторды іске асырудағы үнемдеу шарасын өнім бірлігінің өлшемін шараға дейінгі, шарадан кейінгі шығындарды анықтауда, егер $Ш_{шк}$ —өнімнің бірлігіне жұмсалған тура қазіргі шарадан кейінгі шығындар, $Ш_{шд}$ — шараға дейінгі шығындар, Θ_k —өнім көлемі белгілі болса, онда төмендегі формуланы ата:

$$а) Y = (Ш_{шк} - Ш_{шд}) * \Theta_k$$

$$б) Y = (Ш_{шк} + Ш_{шд}) * \Theta_k$$

$$в) Y = (Ш_{шк} - Ш_{шд}) / \Theta_k$$

$$г) Y = (Ш_{шк} + Ш_{шд}) / \Theta_k$$

8.31. Шикізат, материалдар, отынды және энергияны – тобындағы факторлар әсерінің қорытындысында материал шығындарды үнемдеуде, егер M_y – материалды үнемдеу, $H_{шк}$ және $H_{шд}$ – өнім бірлігіне тиісінше шарадан кейінгі және шараға дейінгі шығын мөлшері, B – материалдың бағасы, Θ_k – өнім бірлігінің саны белгілі болса, оны анықтайтын формуланы көрсет:

$$а) M_y = (H_{шк} B + H_{шд}) * \Theta_k$$

$$б) M_y = (H_{шк} B - H_{шд}) * \Theta_k$$

$$в) M_y = (H_{шк} B - H_{шд}) / \Theta_k$$

$$г) M_y = (H_{шк} B + H_{шд}) / \Theta_k$$

Есептер

Есептің шартты белгілері:

Өндіріс көлемі сату көлеміне тең алынған, сондықтан есепті шығаруда келесі көрсеткіштер шарттары қабылданған.

$Ш_{о.к}$ – шығарылған өнім көлемі;

$б$ – өнім бірлігінің бағасы;

T – өнімді сатудан түскен түсім;

$A_{ш.ү}$ – айнымалы шығынның үлесі;

$Ж_{а.ш}$ – жалпы айнымалы шығын;

$T_{ш.ү}$ – тұрақты шығынның үлесі;

$Ж_{т.ш}$ – жалпы тұрақты шығын;

$Ш_{ж.ү}$ – шығын жиынтығының үлесі;

$Ш_{ж}$ – шығын жиынтығы;

- $\Theta_{\text{өп}}$ – өнім бірлігіне пайда;
 $\Theta_{\text{өш}}$ – өнім бірлігіне шығын;
 Π – пайда;
 $З$ – зиян;
 $\Theta_{\text{кс}}$ – табиғи шығарылған өнімнің қиын жағдайдағы саны;
 $K_{\text{жк}}$ – қиын жағдайдағы сатылған көлем;
 $\Pi_{\text{ттө}}$ ($\Pi_{\text{тсө}}$) – тауарлы (сатылған) өнімнің бір теңгесіне кеткен шығын;
 $T_{\text{өөк}}$ – тауарлы өнімнің өзіндік құны;
 $I_{\text{е.а}}$, $I_{\text{е.ө}}$, $I_{\text{өк}}$, $I_{\text{тш}}$, $I_{\text{м.ш}}$, $I_{\text{бағ}}$ – тиісінше еңбекақы төлеудің индексі, еңбек өнімділігі, тұрақты шығындар, материал шығынын мөлшері, баға;
 $Y_{\text{е.а}}$, $Y_{\text{т.ш}}$, $Y_{\text{м}}$ – тиісінше еңбекақы төлеудің үлесі, тұрақты шығындар үлесі, өнімнің өзіндік құнындағы материалдардың үлесі;
 $P_{\text{ө}}$ – өнімнің рентабельдігі;
 M – материалдар;
 $V_{\text{тө}}$ – тауарлы өнім көлемі.

8.1. Кәсіпорында 2-ші тоқсанда материалға және шикізатқа жұмсалған шығын 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 40%-ға өскен, соның негізінде өнімді өндіру және оны сату көлемі өзгерген.

Өнім бірлігіне келетін өндірістің ауыспалы шығынын құрайтын басқадай шығындар өзгеріссіз қалды, меншікті шығын жиынтығы 22800 теңгеге өсті, жалпы тұрақты шығын өзгермеді. 1-ші тоқсанда өндірістегі меншіктің шығын жиынтығы 98200 теңге, ал тұрақты шығынның үлесі – 30200 теңгені құрды. 1-ші тоқсанда өнімнің өзіндік құнында шикізат және материал шығын үлесі 70% құрайды. Өндіріс көлемі канша пайызға өзгергенін анықтау керек.

Шешімі:

- 1-ші тоқсандағы айнымалы шығынның үлесін анықтаймыз:
 $A_{\text{ш.ү.1}} = \Pi_{\text{ж.ү.1}} - T_{\text{ш.ү.1}} = 98000 - 30200 = 67800$ теңге.
- 1-ші тоқсанда өнім бірлігіне келетін шикізат және материал шығындары:
 $A_{\text{ш.ү.м.1}} = 0,7 A_{\text{ш.ү.1}} = 0,7 \cdot 67800 = 47460$ теңге.
- 2-ші тоқсанда өнім бірлігіне келетін шикізат және материал шығындары:
 $A_{\text{ш.ү.м.2}} = 1,4 M_1 = 1,4 \cdot 47460 = 66444$ теңге.

4. Шикізат және материалдар шығыны 2-ші тоқсандағы 1-ші тоқсанмен салыстырғандағы өсімі:

$$\Delta A_{ш.у} м = A_{ш.у} м_2 - A_{ш.у} м_1 = 66444 - 47460 = 18984 \text{ теңге.}$$

5. Басқадай шарт жағдайындағы айналым шығын үлесі өзгермейді, олай болса айналым шығынның үлесі 2-ші тоқсанда тең болады:

$$A_{ш.у2} = A_{ш.у} м + \Delta A_{ш.у} м = 67800 + 18984 = 86784 \text{ теңге.}$$

6. Мәлімет жағдайы бойынша шығын жиынтығы 2-ші тоқсанды 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 22800 теңгеге өсіп, төмендегі есептен көруге болады:

$$\text{Ш}_{ж.у2} = \text{Ш}_{ж.у1} + 22800 = 98200 + 22800 = 121000 \text{ теңге.}$$

7. Енді 2-ші тоқсандағы тұрақты шығын үлесін есептеп шығаруға болады:

$$T_{ш.у2} - \text{Ш}_{ж.у2} - A_{ш.уу2} = 121000 - 86784 = 34216 \text{ теңге.}$$

8. 1-ші

тоқсандағы жалпы тұрақты шығын:

$\text{Ж}_{т.ш1} = 30200 \cdot \text{Ш}_{ок1}$, ал екінші тоқсанда $- 34216 \cdot \text{Ш}_{ок2}$, осы арадан

$$\frac{\text{Ш}_{о.к2}}{\text{Ш}_{о.к1}} = \frac{30200}{34216} \approx 0,88$$

Демек, өндіріс көлемі 2-ші тоқсанда 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 12%-ға қысқарған.

8.2. Төменгі кестеде кәсіпорында кәсіпкерлікті жүргізудің бірнеше нұскасында мәліметтер келтірілген. Тұрақты шығын барлық нұсқада өзгеріссіз қалдырылған, сату көлемі өндіріс көлеміне тең.

Кестені толтырып және қай нұсқада пайданы көп беретінін анықтау керек. Әртүрлі көлемде өнім шығарудағы пайда (зиян) мүмкіндігінің есебі.

Нұсқаудың рет нөмірі	Баға, теңге / дана	Шығару және сату, дана	Түскен табыс, теңге	Айналым шығынның үлесі, теңге, дана	Жалпы айналым шығын, теңге / дана	Тұрақты шығынның үлесі, теңге / дана	Жалпы тұрақты шығын, теңге / дана	Шығын жиынтығының үлесі теңге / дана	Шығын жиынтығы, теңге / дана	Өнім бірлігінен пайда (зиян), теңге / дана	Пайда (зиян), теңге / дана
1	92	2000						98			

2	90				25		75			
3	72		42				62			
4				188000			92			61430
5		3500			36				11	
6	105			194000					25	

Шешімі:

1. Бірінші нұсқада түскен табыс тең болады:

$$T_1 = b_1 \cdot \text{Ш}_{\text{өк1}} = 92 \cdot 2000 = 184000 \text{ теңге}$$

шығын жиынтығы:

$$\text{Ш}_{\text{ж1}} - \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 1} \cdot \text{Ш}_{\text{өк1}} = 98 \cdot 2000 = 196000 \text{ теңге}$$

Демек, зиянды анықтауға болады:

$$\Theta_{\text{б ш1}} = T_1 - \text{Ш}_{\text{ж1}} = 184000 - 196000 = -12000 \text{ теңге}$$

Сондай-ақ, өнім бірлігінің зияны:

$$\Theta_{\text{б ш1}} = \Theta_{\text{б ш1}} : \text{Ш}_{\text{өк1}} = -12000 : 2000 = -6 \text{ теңге}$$

2. Екінші нұсқа үшін кестедегі бар мәліметті пайдаланып бірінші кезекте тұрақты шығынның үлесін табамыз:

$$T_{\text{ш}\gamma 2} = \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 2} - A_{\text{ш}\gamma 2} = 75 - 25 = 50 \text{ теңге, содан кейін өнім бірлігінің пайдасын анықтаймыз:}$$

$$\Theta_{\text{б п2}} = b_2 - \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 2} = 90 - 75 = 15 \text{ теңге}$$

3. Үшінші нұсқа үшін тұрақты шығынның үлесін есептейміз:

$$T_{\text{ш}\gamma 3} = \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 3} - A_{\text{ш}\gamma 3} = 62 - 42 = 20 \text{ теңге}$$

және өнім бірлігінің пайдасын анықтаймыз:

$$\Theta_{\text{б п3}} = b_3 - \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 3} = 72 - 62 = 10 \text{ теңге}$$

4. Бесінші нұсқа үшін барлық көрсеткіштерді анықтаймыз:

меншікті шығын жиынтығы:

$$T_{\text{ш}\gamma 5} = T_{\text{ш}\gamma 5} + A_{\text{ш}\gamma 5} = 44 + 36 = 80 \text{ теңге}$$

жалпы айнымалы шығын:

$$Ж_{\text{аш}} = A_{\text{ш}\gamma 5} \cdot \text{Ш}_{\text{өк5}} = 44 \cdot 3500 = 154000 \text{ теңге}$$

жалпы тұрақты шығын:

$$Ж_{\text{т ш5}} = T_{\text{ш}\gamma 5} \cdot \text{Ш}_{\text{өк5}} = 36 \cdot 3500 = 126000 \text{ теңге}$$

шығын жиынтығы:

$$\text{Ш}_{\text{ж5}} = Ж_{\text{т ш5}} + Ж_{\text{аш}} = 126000 + 154000 = 280000 \text{ теңге}$$

пайда П:

$$П_5 = \Theta_{\text{б п5}} \cdot \text{Ш}_{\text{өк5}} = 12 \cdot 3500 = 42000 \text{ теңге}$$

өнім (бұйым) бірлігінің бағасы:

$$b_5 = \text{Ш}_{\text{ж}\gamma 5} + \Theta_{\text{б п5}} = 80 + 12 = 92 \text{ теңге}$$

және соңында сатудан түскен пайда көлемі:

$$T_5 = \text{Ш}_{\text{ж}} + П_5 = 280000 + 42000 = 322000 \text{ теңге}$$

5. Есептің шарты бойынша жалпы тұрақты шығыны барлық нұсқауларға бірдей болғандықтан, онда $Ж_{т.ш1} = Ж_{т.ш2} = Ж_{т.ш3} = Ж_{т.ш4} = Ж_{т.ш5} = Ж_{т.ш6}$; кесте бағанасында барлық 8 нұсқаға 126000 теңге сомасын қоюға болады.

6. Алтыншы нұсқа үшін шығын жиынтығын есептейміз:

$$Ш_{жб} = Ж_{т.ш6} + Ж_{аш} = 194000 + 126000 = 320000 \text{ теңге}$$

және меншікті шығын жиынтығын:

$Ш_{жүб} - б_6 - \Theta_{б.пб} = 105 - 25 = 80$ теңге, сонан соң жасалған есеп бойынша, өнімді шығару және сату санын анықтаймыз:

$$T_6 = б_6 \cdot Ш_{өк6} = 105 \cdot 4000 = 420000 \text{ теңге}$$

сатудан түскен пайда:

$$П_6 = \Theta_{пб} \cdot Ш_{өк6} = 25 \cdot 4000 = 100000 \text{ теңге}$$

айнымалы шығынның үлесі:

$$A_{шүб} = Ж_{аш} : Ш_{өк6} = 194000 : 4000 = 48,5 \text{ теңге}$$

және тұрақты шығынның үлесі:

$$T_{шү} = Ж_{т.ш6} : Ш_{өк6} = 126000 : 4000 = 31,5 \text{ теңге}$$

Демек, барлық есеп 6 нұсқада орындалды және 1 – 4 нұсқаның есебіне қайтып оралуға болады.

7. Бірінші нұсқа үшін кестедегі мәліметті пайдаланып анықтауға кірісеміз:

жалпы айнымалы шығын:

$$Ж_{аш1} = T_1 - Ж_{т.ш1} - \Theta_{б.ш1} = 184000 - 126000 - (-12000 \text{ теңге}) = 70000 \text{ теңге}$$

айнымалы шығынның үлесі:

$$A_{ш.ү.1} = Ж_{аш1} : Ш_{өк1} = 70000 : 2000 = 35 \text{ теңге}$$

тұрақты шығынның үлесі:

$$T_{ш.ү.1} = Ж_{т.ш1} : Ш_{өк1} = 126000 : 2000 = 63 \text{ теңге}$$

Сонымен 1 нұсқа үшін барлық есеп жасалынды.

8. Екінші нұсқа үшін анықтауға болады:

шығарылған және сатылған өнімнің көлемі:

$$Ш_{өк2} = Ж_{т.ш2} : T_{ш.ү2} = 126000 : 25 = 5040 \text{ теңге}$$

сатудан түскен түсім:

$$T_2 = б_2 \cdot T_{ш.ү2} = 90 \cdot 5040 = 453600 \text{ теңге}$$

жалпы айналмалы шығын:

$$Ж_{аш2} = A_{ш.ү2} \cdot Ш_{өк2} = 50 \cdot 5040 = 252000 \text{ теңге}$$

шығын жиынтығы:

$$Ш_{ж2} = Ш_{жү2} \cdot Ш_{өк2} = 75 \cdot 5040 = 378000 \text{ теңге}$$

содан кейін өнімді сатудан түскен пайда:

$$П_2 = \Theta_{б.п2} \cdot Ш_{өк2} = 15 \cdot 5040 = 75600 \text{ теңге}$$

Барлық есеп екінші нұсқау үшін есептелінді.

9. Үшінші нұсқау үшін есепті анықтаймыз:

шығырылған және сатылған өнім:

$$\text{Ш}_{\text{ок3}} = \text{Ж}_{\text{т.ш3}} \cdot \text{T}_{\text{ш3}} = 126000 : 20 = 6300 \text{ теңге}$$

жалпы айнымалы шығын:

$$\text{Ж}_{\text{а.ш3}} = \text{А}_{\text{ш.у3}} \cdot \text{Ш}_{\text{ок3}} = 42 \cdot 6300 = 264600 \text{ теңге}$$

өнімді сатудан түскен пайда:

$$\text{П}_3 = \text{Ө}_{\text{п.б3}} \cdot \text{Ш}_{\text{ок3}} = 10 \cdot 6300 = 63000 \text{ теңге}$$

сатудан түскен түсім:

$$\text{T}_3 = 6_3 \cdot \text{Ш}_{\text{ок3}} = 72 \cdot 6300 = 453600 \text{ теңге}$$

содан кейін шығын жиынтығы:

$$\text{Ш}_{\text{ж3}} = \text{Ж}_{\text{а.ш3}} + \text{Ж}_{\text{т.ш3}} = 264000 + 126000 = 390000 \text{ теңге}$$

Осымен 3 нұсқау көрсеткіштер есебі аяқталды.

10. Төртінші нұсқау үшін есепті анықтаймыз:

шығын жиынтығы:

$$\text{Ш}_{\text{ж4}} = \text{Ж}_{\text{а.ш4}} + \text{Ж}_{\text{т.ш4}} = 188000 + 126000 = 314000 \text{ теңге}$$

шығарылған және сатылған өнім:

$$\text{Ш}_{\text{ок4}} = \text{Ш}_{\text{ж4}} : \text{Ш}_{\text{жү4}} = 314000 : 92 = 3413 \text{ теңге}$$

айналым шығынның үлесі:

$$\text{А}_{\text{ш.у4}} = \text{Ж}_{\text{а.ш4}} : \text{Ш}_{\text{ок4}} = 188000 : 3413 = 55,1 \text{ теңге}$$

тұрақты шығынның үлесі:

$$\text{T}_{\text{ш.у4}} = \text{Ж}_{\text{т.ш4}} : \text{Ш}_{\text{ок4}} = 126000 : 3413 = 36,9 \text{ теңге}$$

өнім бірлігіне пайда:

$$\text{Ө}_{\text{п.б4}} = \text{П}_4 : \text{Ш}_{\text{ок4}} = 61430 : 3413 = 17,9 = 18 \text{ теңге}$$

өнім бірлігінің бағасы:

$$\text{б}_4 = \text{Ш}_{\text{жү4}} + \text{Ө}_{\text{п.б4}} = 92 + 18 = 110 \text{ теңге}$$

өнімді сатудан түскен түсім:

$$\text{T}_4 = \text{б}_4 \cdot \text{Ш}_{\text{ок4}} = 110 \cdot 3413 = 375\,430 \text{ теңге}$$

Сонымен, барлық есеп шығарылды. Есептің баскадай дәйектілігі болуы мүмкін. Барлық есеп қорытындысы кестеге толтырылады:

Нұсқаудың рет нөмері	Баға, теңге / дана	Шығару және сату, дана	Түскен табыс, теңге	Айнымалы шығынның үлесі теңге, дана	Жалпы айнымалы шығын, теңге / дана	Тұрақты шығынның үлесі, теңге / дана	Жалпы тұрақты шығын, теңге / дана	Меншікті шығын жиынтығы теңге / дана	Шығын жиынтығы, теңге / дана	Өнім бірлігінен пайда, теңге / дана	Пайда (зиян), теңге / дана
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	92	2000	184000	35	70000	63	126000	98	196000	-6	-12000
2	90	5040	453600	50	252000	25	126000	75	378000	15	75600

3	72	6300	453600	42	264000	20	126000	62	390000	10	63000
4	110	3413	375430	55,1	188000	36,9	126000	92	314000	18	61430
5	92	3500	322000	44	154000	36	126000	80	280000	12	42000
6	105	4000	420000	48,5	194000	31,5	126000	80	320000	25	100000

Кестедегі 12 бағана мәліметтерін талдап көргенде, кәсіпорында пайдалы деп 6 нұсқа көрсеткішін айтуға болады, ол 100000 теңгені көрсетеді.

8.3. Кәсіпорын бір түрлі өнім өндіреді, бірлік бағасы 230 теңге. Айнымалы шығынның үлесі 180 теңге. Жалпы тұрақты шығындар көлемі 550000 теңге. Жолдамалы төлемінің өсу қорытысында жалпы тұрақты шығын 8%-ға өскен.

Тұрақты шығынның өсуі өнім мөлшеріне дағдарыстық көлемнің қалайша әсер ететінін анықтау керек.

Шешімі:

1. Тұрақты шығынның өсуіне дейінгі дағдарыстық өнім мөлшері төмендегідей:

$$\Theta_{кc1} = \frac{Ж_{т.ш1}}{б - А_{ш.ү}} = \frac{550000 \text{ теңге}}{230 - 180} = 11000 \text{ дана}$$

Сомасы $B_{к1} = z \cdot q_{к1} = 230 \cdot 11000 = 2530000$ теңге

2. Тұрақты шығынның өсуінен кейінгі дағдарыстық өнім мөлшері төмендегіні көрсетеді:

$$\Theta_{кc2} = \frac{Ж_{т.ш2}}{б - А_{ш.ү}} = \frac{550000 \cdot 1,08}{230 - 180} = \frac{594000}{50 \text{ теңге}} = 11880 \text{ дана}$$

Сомасы:

$$K_{ж.к2} = б \cdot \Theta_{кc2} = 230 \cdot 11880 = 2732400 \text{ теңге}$$

3. Тұрақты шығынның өсу қорытындысында дағдарыстық өнім мөлшерінің өзгеруі төмендегі қорытындыны көрсетеді:

$$\Delta \Theta_{кc} = \Theta_{кc2} - \Theta_{кc1} = 11880 - 11000 = 880 \text{ дана}$$

4. Тұрақты шығынның көлемінің өзгеруіне дағдарыстық көлем мөлшеріне әсерін төмендегі формула бойынша есептеуге болады:

$$\Delta \Theta_{кc} \text{ Т}_{ш.ү} = \frac{A_{т.ш2}}{(1-a)^б} - \frac{A_{т.ш1}}{(1-a)^б} - \frac{\Delta A_{т.ж}}{(1-a)^б} = \text{мұнда}$$

$A_{т.ш1}$ және $A_{т.ш2}$ – жылдық төлемнің өсуіне дейінгі және өсуінен кейінгі жалпы тұрақты шығындар:

$$\Delta A_{т.ж} - A_{т.ж2} - A_{т.ж1} = 550000 \cdot 1,08 - 550000 = 44000 \text{ теңге,}$$

$$a = \frac{A_{ш.ү}}{Ш_{ж.ү}} = \frac{180}{230} \approx 0,7826$$

$$A_{шу} = \frac{\Delta A_{т.ж2}}{(1-a)^6} = \frac{44000}{(1-0,7826)^6} = 880 \text{ дана}$$

Сомасы: $\Delta K_{эктж} = 320 \cdot 880 = 281600$ теңге

Демек, тұрақты шығындардың 8%-ға өсуі дағдарыстық мөлшердің өсуіне әкеліп, 880 дана немесе 281600 теңгені құрады.

8.4. Бірінші тоқсанда бұйымның айнымалы шығынның үлесі 95 теңге болды, өнім бірлігінің бағасы – 125 теңге, жалпы тұрақты шығын – 100000 теңге. Екінші тоқсанда шикізат бағасы 10%-ға өсіп, ол айнымалы шығынды 10%-ға өсіруге әкеледі.

Бағаның өзгеруі шикізатқа тигізетін әсерін, өнім көлемінің дағдарыстық күйдегісін анықтау керек.

Шешімі:

Айнымалы шығынның әсері бойынша дағдарыстық өнім көлемінің өзгеруін келесі формуламен анықтауға болады:

$$\Theta_{кc} A_{ш.ү} = Ж_{тш} = \left(\frac{1}{b - A_{шү2}} - \frac{1}{b - A_{шү1}} \right)$$

мұнда: $A_{шү1}$ және $A_{шү2}$ – тиісінше айнымалы шығынның I және II тоқсандардағы үлестері.

1. Айнымалы шығынның II тоқсанда:

$$A_{шү2} = 1,1 \cdot A_{шү1} = 1,1 \cdot 95 = 104,5 \text{ теңге}$$

2. Айнымалы шығын үлесінің көбею қорытындысында дағдарыстық көлемнің өзгеруі:

$$\Theta_{кc} A_{ш.ү} = 100000 * \left(\frac{1}{125 - 104,5} - \frac{1}{125 - 95} \right) = 1545 \text{ бұйым}$$

Сонымен, шикізат шығынның 10% -ға өсуі, дағдарыстық өнім көлемінің 1545 бұйымға көтерілгенін көрсетеді.

8.5. Бірінші тоқсанда бұйымның бағасы 200 теңге құраса, екінші тоқсанда 10%-ға көтерілді. Тұрақты шығын 200000 теңгені құрды. Айнымалы шығынның үлесі – 60 теңге. Бағаның өзгеруі дағдарыстық көлемге тигізетін әсерін есептеу керек.

Шешімі:

Бағаның өзгеруі дағдарыстық көлемге әсерін төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$\Delta A_{\text{ш.ү}}^b = J_{\text{тш}} * \left(\frac{1}{b_2 - A_{\text{шү}}} - \frac{1}{b_1 - A_{\text{шү}}} \right)$$

мұнда b_1, b_2 – бұйымның бұрынғы және жаңа бағасы.

1. Бұйымға 10% қосылғаннан кейінгі бағасы:

$$b_2 = 1,1 - b_1 = 1,1 \cdot 200 = 220 \text{ теңге}$$

2. Бағаның көтерілуінен дағдарыстық көлемнің өзгеруіне әсері:

$$\Delta \Theta_{\text{к.с}}^{A_{\text{ш.ү}}} = 200000 * \left(\frac{1}{220 - 60} - \frac{1}{200 - 60} \right) = -178 \text{ бұйым}$$

Сонымен, бағаның 10% өсуі дағдарыстық өнім көлемін 178 бұйымға азайтты.

8.6. Кәсіпорын бірінші тоқсанда 5000 бұйым сатып, оның бірлік бағасы 80 теңгені құрып, кәсіпорынның шығынын жапты, бірақ пайда әкелген жоқ. Жалпы тұрақты шығын 70000 теңгені құрды, айнымалы шығын – 60 теңге. Екінші тоқсанда 6000 бұйым дайындап, оны сатты. Үшінші тоқсанда, екінші тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға пайданы көбейтуді жоспарлап отыр. Егер 10%-ға пайданы өсіргенде қосымша сатылатын өнім қай көлемде болуы тиіс?

Шешімі:

1. Екінші тоқсанда сатудан түскен пайда:

$$P_2 = (b * Ш_{\text{өк2}} - A_{\text{шү}} * Ш_{\text{өк2}}) - J_{\text{тш}}$$

$$P_2 = (80 * 6000 - 60 * 6000) - 70000 = 50000 \text{ теңге}$$

2. Өнім бірлігіне пайданы 10%-ға көбейткен кезде, үшінші тоқсанды екінші тоқсанмен салыстырғанда өнімнің қосымша өсуін төмендегі формуламен шығарамыз:

$$\Delta Ш_{\text{ө.к}}^{\Theta_{\text{б.п}}} = \frac{\Delta \Theta_{\text{бп}}}{b - A_{\text{шү}}}$$

Олай болса үшінші тоқсандағы пайданы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға көбейту үшін, өнімді келесі көлемде өндіру керек:

$$\Delta Ш_{\text{ө.к}} \text{ Өб.п} = \frac{50000 \cdot 0,1}{80 - 60} - \frac{5000}{20} = 250 \text{ бұйым}$$

8.7. Есепті жылда тауарлы өнімнің өзіндік құны 450,2 мың теңгені құрды, яғни тауарлы өнімнің 1 теңгесіне – 0,89 теңге шығын белгілі болды. Жоспарлы жылы 1 теңге тауарлы өнімге 0,85 теңге белгіленген. Өнімді өндіру көлемі 8%-ға өсіру көзделген. Жоспарлы жылы тауарлы өнімнің өзіндік құнын анықтау керек.

Шешімі:

Тауарлы өнімнің 1 теңгесіне келетін шығынды есептеу үшін төмендегі формуланы қолданамыз:

$$Ш_{\text{тт.т.}} = \frac{T_{\text{ө.к}}}{V_{\text{т.ө}}}$$

1. Осы формуланы қолдана отырып, есепті мезгілдегі тауарлы өнім көлемін анықтаймыз:

$$V_{\text{тт.т. есепті}} = \frac{T_{\text{ө.к}}^{\text{есепті}}}{Ш_{\text{тт.т.ө}}^{\text{есепті}}} = \frac{450,2}{0,89} = 505,843 \text{ мың теңге}$$

2. Жоспарлы жылда тауарлы өнім көлемі 8% -ға өседі:

$$V_{\text{т.ө}^{\text{жос}}} = 1,08 * V_{\text{т.ө}^{\text{есепті}}} = 505,843 * 1,08 = 546,31 \text{ мың теңге}$$

3. Жоспарлы жылы тауарлы өнімнің өзіндік құны тең болады:

$$T_{\text{ө.к}^{\text{жос}}} = V_{\text{т.ө}^{\text{жос}}} * Ш_{\text{тт.т.ө}^{\text{жос}}} = 546,31 * 0,85 = 464,364 \text{ мың теңгеге}$$

8.8. Кәсіпорында базистік жылда тауарлы өнімнің өзіндік құны 380,5 мың теңгені құрады. Есепті мезгілде 6%-ға еңбек өнімділігін, жұмысшылардың еңбек ақысын 4%-ға көтеру көзделіп отыр. Тұрақты шығын көлемі өзгермейді, өндіріс көлемі 8%-ға өсіріледі. Өнімнің өзіндік құнындағы еңбекақының үлес салмағы – 23%, ал тұрақты шығын 20% деңгейде белгіленген.

Осы аталған факторлар әсерінен қол жеткен үнемді және өзіндік құнның төмендеу пайызын анықтау керек.

Шешімі:

1. Өнімнің өзіндік құнының төмендеуі еңбек өнімділігін өсіру есебінен, еңбекақы көлемі біраз өседі:

$$\text{Еңбек өнімділігінің өсуі} = 1 - \frac{I_{\text{е.ак}}}{I_{\text{е.өні}}} \cdot \frac{\text{әе/ақы}}{\text{әе/өні}}$$

$$\text{Еңбек өнімділігінің өсуі} = 1 - \frac{1,04}{1,06} \cdot 23\% = 0,46\%$$

2. Өндіріс көлемінің өсуінің есебінен және тұрақты шығынның өзгерусіздігінен өзіндік құнның төмендеуі:

$$\text{Өндіріс көлемі} = \left[1 - \frac{I_{\text{ТШ}}}{I_{\text{ОК}}} \right] \cdot \text{ТШү}$$

$$\text{Өндіріс көлемі} = \left[1 - \frac{1}{1,08} \right] \cdot 20\% = 1,4\%$$

3. Екі фактордың есебінен өнімнің өзіндік құны төмендегі көлемде арзандайды:

$$0,46 + 1,4 = 1,86\%$$

4. Өнімнің өзіндік құнының төмендегінен үнемдеу төмендегідей болады:

$$\Xi = \frac{380,5 \cdot 1,86}{100} = 7,077 \text{ мың теңге}$$

8.9. Есепті жылдың мәліметінде материалдардың мөлшерін 8%-ға төмендету арқылы бағаны 3%-ға арзандату жоспарланды. Тауарлы өнімнің өзіндік құны есеп бойынша 120,6 мың теңге, шикізат және материал шығыны – 80,8 мың теңгені құрды. Көрсетілген факторлардың өнімнің өзіндік құнына тигізген әсерін анықтау керек.

Шешімі:

1. Өнімнің өзіндік құн құрамындағы материалдық шығынның үлесі:

$$Y_{\text{м}} = \frac{80,8}{120} \cdot 100 = 67,3\%$$

2. Өнімнің өзіндік құнының материалдар мен бағаның есептерінен үнемдеу үлесінен өзгеруін төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$\text{материалдар мен баға үлесінен} = (1 - I_{\text{м}} \cdot I_{\text{б}}) \cdot Y_{\text{м}}$$

Олай болса, жоғарыдағы екі факторлардың есебінен өнімнің өзіндік құны 7,7%-ға төмендеді.

8.10. Келесі кестедегі мәлімет бойынша үш тоқсандағы өнім рентабельдіктерін салыстыру керек.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жылдық тоқсаны		
		I	II	III
Шығарылған бұйым саны	дана	1500	2000	1800
Бір бұйымның бағасы	теңге	60	60	60
Бір бұйымның өзіндік құны	теңге	50	52	48

Шешімі:

1. Өнім шығару:

$$\text{I тоқс.} \quad 60 * 1500 = 90\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{II тоқс.} \quad 60 * 2000 = 120\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{III тоқс.} \quad 60 * 1800 = 108\ 000 \text{ теңге}$$

2. Шығарылған өнімнің өзіндік құны:

$$\text{I тоқс.} \quad 50 * 1500 = 75\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{II тоқс.} \quad 52 * 2000 = 104\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{III тоқс.} \quad 48 * 1800 = 86\ 400 \text{ теңге}$$

3. Өнімді сатудан түскен пайда:

$$\text{I тоқс.} \quad 90000 - 75000 = 15\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{II тоқс.} \quad 120000 - 104000 = 16\ 000 \text{ теңге}$$

$$\text{III тоқс.} \quad 108000 - 86400 = 21\ 600 \text{ теңге}$$

4. Өнімнің рентабельдігі:

$$P_{\theta} = \frac{n}{\text{Ш ж}}$$

$$\text{I тоқс.} \quad \frac{15000}{75000} \cdot 100 = 20\%$$

$$\text{II тоқс.} \quad \frac{16000}{104000} \cdot 100 = 15,4\%$$

$$\text{III тоқс.} \quad \frac{21600}{86400} \cdot 100 = 25\%$$

Сонымен, ең жоғарғы рентабельділік III тоқсанда – 25% болды.

8.11. Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, жоғарғы деңгейде шикізатты (қант қызылшасын) сатып алу бағасын тиісінше есебін анықтау керек:

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Сандық маңызы
1.	Тауардың (қант) бөлшек бағасы	теңге/ тонна	8316
2.	Саудаға қосымша	%	12
3.	Қосымша құнға салық	%	10
4.	Өнім рентабельдігі	%	25
5.	Өндіріс шығыны және шикізаттың теңге/тонна құнын есептегендегі өнімді сату	теңге/тонна	1080
6.	Дайын өнім бірлігінде шикізат шығынының үлесі	мың тонна	15

Шешімі:

1. Өткізу бағасы (ҚҚС есептегенде), теңге/тонна:

$$\frac{8316}{1,12} = 7425$$

2. Кәсіпорындағы көтерме баға, теңге/тонна:

$$\frac{7425}{1,10} = 6750$$

3. Өндірістің толық өзіндік құны және өнімді сату, теңге/тонна:

$$\frac{6750}{1,10} = 6136$$

4. Өнім бірлігінен шикізат құнының айырмасы, теңге/тонна:

$$6136 - 1080 = 5056$$

5. Шикізатты сатып алу бағасы, теңге/тонна:

$$\frac{5056}{15} = 337$$

8.12. Кәсіпорын ұзақ мерзімге жыл сайын 1,5 млн тонна болат кесегін жеткізіп тұруға келісім–шарт жасады. Келісім–шарт міндеттемесі бойынша екі түрдің бірі қамтамасыз етілуі тиіс:

1. Жылдық өнімділігі 2 млн тонна болат кесегін жеткізу үшін 300 тонналық конвертер қондырғысын орнату.

2. Жылдық өнімділігі 0,8 млн тонна болат кесегін жеткізу үшін екі 100 тонналық конвертер қондырғысын орнату немесе қосындысында 1,6 млн тонна. Бір тонна болаттың жабдықтарға тиеу цехтық өзіндік құны әр вариант бойынша төмендегі кестеде келтірілген.

№	Шығын баптары	Конвертер	
		300 – тонналық	100 – тонналық
1.	Шикізат және материалдар	950	950
2.	Отын, энергия	80	85
3.	Еңбекақы есептелінуімен	65	75
4.	Амортизация	130	140
5.	Баскадай шығындар	105	110
6.	Цехтық өзіндік құн	1330	1360

Цехтық өзіндік құнның төмендегі критеріі бойынша екеуінің қай түрі жақсы екенін анықтау керек.

Шешімі:

1. Өндіріс қуаттылығы:

$$\text{бірінші түрі бойынша } \frac{1,5}{2} \cdot 100 = 75\%$$

$$\text{екінші түрі бойынша } \frac{1,5}{1,6} \cdot 100 = 94\%$$

2. Жабдықтарды тиеу деңгейі қандай болмасын өзгермейді, шартты-айнымалы шығын өнім бірлігінде өзгермейді және келесідей болып құрылады:

$$\text{бірінші түрі бойынша: } 950+80+65 = 1095 \text{ тенге/т}$$

$$\text{екінші түрі бойынша: } 950+85+75 = 1110 \text{ тенге/т}$$

3. Өнім бірлігіндегі есепте шартты – тұрақты шығын өзгеріп, өндіріс көлемінің өзгеруіне кері пропорционалды әсерін тигізеді, тенге/т:

$$\text{бірінші түрі бойынша: } \frac{(130+105) \cdot 2}{1,5} = 313$$

$$\text{екінші түрі бойынша: } \frac{(140+110) \cdot 1,6}{1,5} = 267$$

4. Цехтық өзіндік құнның жиынтығы, теңге/т:

$$\text{бірінші түрі бойынша: } 1095+313 = 1408$$

екінші түрі бойынша: $1110+267 = 1377$

5. Көрсетілген түрлердің тәуірі – екіншісі.

Өз бетімен шығаратын есептер

8.13. Кәсіпорын өнімнің бір түрін өндіреді. Бұйымның бағасы – 18000 теңге, орта айнымалы шығыны 9000 теңгені құрды, жалпы тұрақты шығын – 15000 мың теңге. Өнімді шығару және сатуда дағдарыстық көлемін ақшадай және табиғи көрсетілуде анықтау керек.

8.14. Кәсіпорын бұйым шығарып, оның бірлік бағасы 380 теңгені құрды. Жалпы тұрақты шығынның көлемі бірінші тоқсанда 720000 мың теңге болса, ал екінші тоқсанда жалпы тұрақты шығын көлемі 10%-ға төмендеді. Тұрақты шығынның өзгеруі дағдарыстық өнім көлеміне әсер еткенін есептеу керек.

8.15. Кәсіпорында кәсіпкерлікті жүргізу үшін бес түрлі мәліметер кестеде келтірілген, тұрақты шығын барлық түрлерінде өзгермейді. Кестені керекті көрсеткіштермен толтырып, көп пайда келтіретін түрін анықтау керек.

Түрдің реті	Бағасы, 5 теңге / дана	Шығару және сату, дана	Түскен табыс, теңге	Айнымалы шығынның үлесі теңге, дана	Жалпы айнымалы шығын, теңге / дана	Тұрақты шығынның үлесі, теңге / дана	Жалпы тұрақты шығын, теңге / дана	Шығын жиынтығының үлесі, теңге / дана	Шығын жиынтығы, теңге / дана	Өнім бірлігінен пайда (зиян), теңге / дана	Пайда (зиян), теңге / дана
1	74				110000				9		
2					150000			100			24940
3	90			55				70			
4	88	2500				26		72			
5		2000		36					15		

8.16. Есепті мезгілде өткен жылмен салыстырғанда шикізатқа арналған шығын 10%-ға өскен, өзіндік құн құрылымында 60%

құрған және өнім өндіру көлемі өзгертілген. Басқадай құралатын айнымалы шығын үлесі және жалпы тұрақты шығын өзгеріссіз қалды, бірақ шығын жиынтығының үлесі 8400 теңгеге төмендеді. Егер өткен мезгілде салыстырмалы жиынтық шығыны 84600 теңгені, ал салыстырмалы тұрақты шығын 24200 теңгені құраса, өнімді шығару қанша пайызға өзгергенін анықтау керек.

8.17. Кәсіпорын 210 теңгелік бағада бұйым шығарады. Жалпы тұрақты шығын 200 000 теңгені құрады. Бірінші тоқсанда айнымалы шығын үлесі 160 теңге. Екінші тоқсанда материал бағасы 10%-ға төмендеді, айнымалы шығын үлесі 10%-ға төмендеуге әкелді. Материал бағасының өзгеруі өнімнің дағдарыстық көлеміне қалай әсер еткенін анықтау керек.

8.18. Бірінші тоқсанда бұйым бағасы 160 теңгені құрды, екінші тоқсанда 10%-ға көбейді. Тұрақты шығын - 1500 мың теңге, айнымалы шығын үлесі 100 теңге болды. Бағаның көбейгені өнімнің дағдарыстық көлеміне қалай әсер етті?

8.19. Бірінші тоқсанда 10 мың бұйым өндіріп, оның бір данасының бағасы 70 теңге болды. Тұрақты шығын 160000 мың теңгені құрды, айнымалы шығын үлесі 50 теңге болды. Екінші тоқсанда 8%-ға пайданы көбейту жоспарланды. Пайданы 8%-ға көбейткенде қанша қосымша өнім өндіру керек?

8.20. Тауарлы өнімнің бір теңгесіне жоспар бойынша және нақты кеткен шығынды, нақты шығынды жоспармен салыстыру арқылы ақшадай өлшемде және пайыз бойынша өзгерілуін кестедегі мәліметтерді қолдана отырып анықтау керек:

Бұйым	Тауарлы өнімді шығару, дана		Өнімнің өзіндік құн бірлігі, теңге		Өнім бірлігінің бағасы, теңге
	жоспар бойынша	нақты	жоспар бойынша	нақты	
А	7500	9000	30	28	35
Б	5000	5000	48	46	55
В	4000	4000	75	74	82

8.21. Кәсіпорын инновациялық технологияны енгізу үлесінен еңбек өнімділігін 10%-ға, еңбекақы көлемін 3%-ға көтеруді

жоспарлаған. Өнімнің өзіндік құн құрылымында еңбекақының үлес салмағы 30% құрады. Аталған өзгерістер өнімнің өзіндік құнына қалай әсер ететінін есептеу керек.

8.22. Материал шығынын 5%-ға үнемдеу нәтижесінде өнім бағасын 3%-ға төмендету белгіленді. Тауарлы өнімнің өзіндік құны 300 мың теңге, оның ішінде шикізат және материал шығыны 225 мың теңгені құрайды.

Өнімнің өзіндік құнына материал мөлшерінің және бағаның төмендеуі қаншалықты әсер еткенін анықтау керек.

8.23. Тауарлы өнімнің бір теңгесіне шаққан шығынын нақтылы және жоспардағы деңгейін, сонымен бірге есепті мезгілдегі оның пайыздық өзгеруін анықтау керек. Жылына 17000 бұйым өндіріліп, өнімнің өзіндік құны 540 теңге болды. Алдағы жылда жоспар бойынша өнімді өндіруді 10%-ға көбейту және өзіндік құнды 5%-ға азайту, бұйымдарды 600 теңгеге сату көзделген.

8.24. Өндіріс көлемінің өсуі өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әсері бар екенін анықтау керек, егер өндіріс көлемі 10%-ға, ал тұрақты шығын 2%-ға өскенде. Тұрақты шығынның өзіндік құнның құрылымында 30% үлес салмағы болған жағдайды есептеу жүктеледі.

8.25. Бұйымдар бойынша А және Б жоспарлы көрсеткіштері төмендегідей:

	А	Б
Шығару және сату, дана	950	600
Бір бұйымның бағасы, теңге	125	65
Бұйымның өзіндік құны, теңге	100	50

Кәсіпорын жыл бойы өнімнің өзіндік құнын төмендетуін А бұйым бойынша 5%-ға, ал Б бұйым бойынша 2,5%-ға қол жеткізді. Көтерме баға өзгеріссіз қалды.

Барлық өнімнің жоспар бойынша және салыстырғанда нақты рентабельдігі қалай өзгеретінін анықтау керек.

8.26. Жоспарлы және нақты бұйымның өзіндік құны келесі мәліметтермен сипатталады.

№	Шығын баптары	Бұйымның өзіндік құны, теңге		Өзіндік құнның жоспардан ауытқуы: үнем, артық шығын	
		жоспар бойынша	нақты	теңге	% жиынтыққа
1.	Шикізат және негізгі материалдар	210	200		
2.	Негізгі еңбекақы және әлеуметтік мұқтажға аударымдар	70	65		
3.	Отын және жылу қуаты (тек технологиялық мұқтаждыкқа қолдануға арналған)	12	15		
4.	Ақаулы заттар шығыны	5	3		
5.	Цехтық шығын (180%)	126	117		
6.	Жалпы зауыттық шығын (80%) өндірістік өзіндік құннан	56	52		
7.	Коммерциялық шығын, коммерциялық өзіндік құн	8	11		

Анықтау керек:

1. Жоспарлы және нақты өндірістік және коммерциялық өзіндік құнды;

2. Жеке бап шығындары мен тұтас өзіндік құн бойынша жоспардан ауытқуын. Есептелген мәліметтермен кестедегі бос орындарды толтыру керек.

8.27. Кәсіпорын цехы бұйымның А, Б, В түрлерін шығарады. Смета бойынша жалпы өндіріс шығын сомасы 90960 млн. теңгені құрды. Жалпы шаруашылық шығын мөлшер бойынша 140%. Цехке келесі бұйымды шығаруға тапсырма берілген:

Көрсеткіштер	Бұйымдар:		
	А	Б	В
Шығару бағдарламасы, дана	7000	4500	2500
Бір бұйымға негізгі еңбекақы төлеу, теңге	4300	4000	3500

Анықтау керек:

1. Әр бір бұйымның жалпы шаруашылық шығынын;

2. Әр бір бұйымның жалпы өндіріс шығынын;

3. Дәл осы цех бойынша жалпы шаруашылық шығын сома-сын.

8.28. Тауардың нарықтағы бағасы 495 теңге, бағаға қосымша бөлшек баға–25%, мекеменің өткізуге арналған үстемесі – 10%, қосылған бағаға салынатын салық – 20%, кәсіпорын өнімнің толық өзіндік құны - 250 теңге.

Анықтау керек:

1. Кәсіпорын пайдасын, теңге;
2. Өнім рентабельдігін, %.

8.29. Кәсіпорынның тауарына нарықтағы бағасы 6000 теңгені құрады, тауарлы өнім көлемі – 40 дана, тауар бірлігінің толық өзіндік құны 4500 теңге, оның ішінде еңбекақы төлеу – 2000 теңге.

Анықтау керек:

1. Өнімнің рентабельдігін, %;
2. Кәсіпорынның жалпы табысын (мың теңге);
3. Егер пайдаға салынатын салық 30%-ды құраса, онда қандай дәрежеде болады: өнімнің бағасы, сату көлемі, сатудан түскен таза пайда?

8.30. Кәсіпорында өнімді сатудан түскен түсім 110 мың теңгені құрды, жалпы табыс 40 мың теңге, еңбекақы төлеу 20 млн теңге.

Анықтау керек:

1. Өнімнің толық өзіндік құнын (млн теңге);
2. Баланстық пайданы (млн теңге);
3. Өнім рентабельдігін (%).

8.31. Акционерлік қоғамға кіретін екі кәсіпорын А және Б жарты жылдық жұмыс қорытындысында төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткізді (млн теңге):

Көрсеткіштер	А	Б
Тауарлы өнім көлемі	250	390
Тауардың толық өзіндік құны	200	300
оның ішінде:		
- тұрақты шығын	60	180
- айнымалы шығын	140	120

А және Б кәсіпорындары бойынша анықтау керек:

1. Бір теңге тауарлы өнімдегі шығын үлесін (теңге);
2. Өнім рентабельдігін;
3. Бірдей жағдайдағы кәсіпорынның қайсысында еңбектің қормен қарулануы жоғары?

8.32. Бұйымның өндірістік өзіндік құны 290 мың теңгеге тең, өндірістен тыс шығын – 5%, жоспарлы рентабельділік деңгейі – 16%, қосымша бағаға салынатын салық – 20%. Анықтау керек:

1. Тауар бірлігінің толық өзіндік құнын;
2. Кәсіпорынның есепті бағасын;
3. Кәсіпорынның босату көтерме бағасын.

8.33. Кәсіпорын бір айдың ішінде төмендегі көрсеткіштер бойынша жұмыс атқарды (млн. теңге): сыртқа дайын өнімді сатты – 80; күрделі құрылысқа қаржы бөлді – 7; өндіріс емес шаруашылыққа қаржы бөлді – 2; сыртқа босатты: өзі өндірген жартылай фабрикатты – 8, қосымша өндіріс өнімдерін – 3; өзінің күшімен күрделі жөндеу жүргізді: өз жабдықтарымен – 5, басқадай фирма арқылы жабдықтарын пайдалану арқылы – 6, қосалқы шаруашылықтағы өзінің жүк машинасын қолдану арқылы – 1; сатылмай қалған өнімдер: ай басында – 12, ай аяғында – 10; аяқталмаған өндіріс құны: ай басында – 9, ай аяғында – 11; жартылай фабрикаттар, өндірісті жабдықтауға керекті инструменттер құны: ай басында – 3,5, ай аяғында – 4,5; тауарлы өнімді шығарудағы материалдық шығындар – 58; негізгі өндіріс қорының амортизациялық сомасы – 5,5.

Анықтау керек (млн.теңге):

- а) сатылған өнімнің көлемін;
- б) тауарлы өнімнің көлемін;
- в) жалпы өнімнің көлемін;
- г) таза өнімнің көлемін.

8.34. Бұйымның өндірістік өзіндік құны 290 мың теңге. Өндірістен тыс шығындар – 5%, жоспарлы рентабельділік деңгейі – 16%, қосылған құнға салық (ҚҚС) – 20%.

Анықтау керек (мың теңге):

- а) тауар бірлігінің толық өзіндік құнын;
- б) кәсіпорынның есепті бағасын;
- в) кәсіпорынның босату (көтерме) бағасын.

8.35. Тауардың нарықтағы бағасы 495 теңгені құрды, жекелеп сатылатын тауарға қосылатын баға – 25%, өткізуді ұйымдастыруға арналған үстеме баға – 10%, қосылған құнға салық – 20%, кәсіпорындағы өнімнің толық өзіндік құны – 250 теңге. Анықтау керек:

- а) кәсіпорынның пайдасын (теңге);
- б) өнімнің рентабельдігін %.

8.36. Кәсіпорынның нарықтағы тауар бағасы – 6000 теңгені құрады, тауарлы өнімнің көлемі – 40 дана, тауар бірлігінің толық өзіндік құны – 4500 теңге, оның ішінде еңбекақы – 2000 теңге. Анықтау керек:

- а) өнімнің рентабельдігін %;
- б) кәсіпорынның жалпы табысын (мың теңге);
- в) егер пайдаға салынатын салық 30% болса, онда баға, сату көлемі, таза пайда қандай болады?

8.37. Кәсіпорында өнімді сатудан түскен түсім - 110, жалпы табыс – 40, ал еңбекақы – 20 млн теңгелерді құрды. Анықтау керек:

- а) өнімнің толық өзіндік құнын (млн теңге);
- б) баланстық пайданы (млн теңге);
- в) өнімнің рентабельдігін %.

10 тақырып: КӘСІПОРЫННЫҢ АКЦИОНЕРЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРІ

Нарықтық экономикада кәсіпкерліктің негізгі түрі акционерлік қоғамдар (АҚ) болып саналады. Кәсіпкерліктің бұл түрінде кәсіпорындар, мекемелер немесе жеке азаматтар келісім бойынша капиталын бір жерге шоғырландыру арқылы заңды түрде тіркелген ұйым құрып және өздері бекіткен жарғы бойынша қызмет атқарады. Акционерлік қоғамдар акцияның бірнеше түрін шығаруға құқықты. Акция (фр. action – құнды қағаз) – акционерлік қоғамның қаржылық қорына енгізілген белгілі мөлшердегі қаржыны куәлендіретін бағалы қағаздың түрі. Ол өз иесіне осы қоғам қызметінен түскен пайданың белгілі бір бөлігін дивидент ретінде алуға, сонымен қатар акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлігін үлестіруге қатынасуға құқық береді.

Экономикалық теориядан бұл құнды қағаздардың негізгі түрлері белгілі: жай акциялар, артықшылы бар өтімді акциялар, иелі акциялар, ұсынушы акция, үстеме пайда табуға қатысу үшін артықшылығы бар акциялар, кумулятивтік акциялар.

Есептер

Шартты белгілер:

A_T – акцияның табыстылығы

$A_{\text{сан}}$ – акцияның саны

$A_{\text{құн}}$ – акцияның көрсетілген құн бағасы

$A_{\text{курс}}$ – акцияның курстық құны

D_k – дивидент көлемі

$\%_b$ – банк ставкасы

$A_{\text{жай}}$ – жай акция саны

$A_{\text{арт}}$ – артықшылығы бар акция саны

P_d – дивидентті төлеудегі пайда

$D_{\text{инф}}$ – инфляция деңгейі

$\%$ – іске асатын пайыз ставкасы

$Қ \%$ – құн бағасының пайыз ставкасы

9.1. Акционерлік қоғамның (АҚ) инвестициялық портфелінде келесі акциялар бар. А серіктестігінде - 3 акция, В серіктестігінде - 2 акция және С серіктестігінде - 5 акция, бәрі бірдей курстық құндылықта. Инвестициялық портфелдің құны қалай өзгереді,

егер А серіктестігінде акция курсы 18%-ға, В серіктестігінде – 16%-ға көбейгенде және С – 15%-ға төмендегенде?

Шешімі:

$$1. 3+2+5 = 10$$

$$2. (3 * 1,18) + (2 * 1,16) + (5 * 0,85) = 10,11\%$$

$$3. 10,11 - 10 : 10 \cdot 100\% = 1,1\%$$

Инвестициялық портфельдің құны 1,1%-ға өседі.

9.2. Акционерлік қоғамдағы акция құнының бағасы – 200 теңге болды. Құнды қағаз рыногінде акцияның курстық құнын анықтау керек, егер дивидент өлшемі белгіленіп, 25% деңгейде күтілсе, ал банктік пайыз ставкасының көлемі – 20% құраса.

Шешімі:

$$D_k = \frac{A_{\text{күн}} \cdot D_k}{\%6} = \frac{200 \cdot 25}{20} = 250 \text{ теңге}$$

9.3. Акционерлік қоғам 10000 жай акция эмиссиясын тіркеуден өткізді, оның ішінде 900 акционерлерге сатты, ал 1000 сатылмай қалды. Біраз уақыт өткеннен кейін АҚ 500 акцияны акционерлерден сатып алды.

Бір акцияға келетін дивидентті анықтау керек, шарт бойынша таза пайда 2000000 теңгені құруы керек.

Шешімі:

$$D_k = \frac{2000000}{8500} = 235 \text{ теңге}$$

9.4. Акционерлік қоғам тұрақты 70% дивидент мөлшері осы жылда да сақталатынын хабарлады. Өтіп бара жатқан жылда банк ставкасы 60% құрды, акцияның көрсетілген құны – 100000 теңге.

Осы акционерлік қоғам акциясының нарық бағасын анықтау керек.

Шешімі:

$$A_{\text{курс}} = \frac{A_{\text{күн}} \cdot D_k}{\%6} = \frac{100000 \cdot 70}{60} = 116667 \text{ теңге}$$

9.5. Акционерлік қоғамда 100000 акцияның көрсетілген құн бағасы 10 теңге. АҚ өтіп бара жатқан жылы 400000 теңге пайда көрді. Бір акцияның табыстылығын анықтау керек, егер нарықта оның бағасы 15 теңгені құрғаны белгілі болса.

Шешімі:

1. Бір акцияға пайда, немесе дивидент құрады:

$$D_k = \frac{P_d}{A_{\text{сан}}} = \frac{400000}{100000} = 4 \text{ теңге}$$

2. Акцияның табыстылығы:

$$A_T = \frac{D_k}{A_{\text{курс}}} \cdot 100\% = \frac{4}{5} \cdot 100\% = 26,7\%$$

9.6. АҚ келесі жылы 50000 жай акцияны шығаруды жоспарлаған. Бір акцияның нарық құны 10 теңге. Сонымен бірге, 150000 теңгеге 5% дивиденттік артықшылығы бар акцияларды шығаруды жоспарлады. Жай акция бірлігінің табыстылығын анықтау керек, егер АҚ таза табысы 20000 теңгеге жетсе.

Шешімі:

1. Артықшылығы бар акция бойынша иелеріне қанша дивидент төлеуді керектігін анықтау керек:

$$D_k = \frac{150000 \cdot 5\%}{100\%} = 7500 \text{ теңге}$$

2. Жай акция ұстаушыларға қанша дивидент төлеуді керектігін анықтау:

$$D_k = 20000 - 7500 = 12500 \text{ теңге}$$

3. Бір жай акцияға пайда, немесе дивидент:

$$D_k = \frac{P_a}{A_{\text{сан}}} = \frac{12500}{50000} = 0,25 \text{ теңге}$$

4. Бір жай акцияның табыстылығы:

$$A_T = \frac{D_k}{A_{\text{курс}}} \cdot 100\% = \frac{0,25}{10} \cdot 100\% = 2,5$$

9.7. АҚ есепті жылы артықшылығы бар акцияны 90000 теңгеге, 5% дивидентпен шығарды. АҚ-ның таза табысы 20000 теңгені құруы мүмкін. Бір жай акцияның табысын анықтау керек, егер олардың барлығы 80000 теңге құрағанда.

Шешімі:

1. Артықшылығы бар акция ұстаушыларға қанша дивидент төлеу керектігін анықтау:

$$\sum D_k = \frac{90000 \cdot 5\%}{100\%} = 4500 \text{ теңге}$$

2. Жай акция ұстаушылар арасында бөлінуге жататын соманы анықтау:

$$D_k = 20000 - 4500 = 15500 \text{ теңге}$$

3. Жай бір акцияға келетін табыс:

$$D_k = \frac{\sum D_k}{A_{\text{сан}}} = \frac{15500}{80000} = 0,2 \text{ теңге}$$

9.8. Фирма “Арман” жылдық 12% есеппен депозитке акша салды. Жыл бойы инфляция деңгейі 5%-ды құраса, онда пайыз ставкасы қандай көлемде болады?

Шешімі:

пайыз ставкасын анықтау керек:

$$K\% = 12$$

инфляция (пайыз) деңгейін анықтаймыз:

$$D_{\text{инф}} = 5$$

пайыз ставкасының көлемін есептейміз:

$$I\% = K\% - D_{\text{инф}} = 12 - 5 = 7$$

9.9. АҚ жойылады деген шешім қабылдады. Оның жойылуы кезінде балансында келесі мүліктер тіркелді:

Актив		Пассив	
1. Үйлер, ғимараттар, жалданған жер	60000	1. Банктегі несие	20000
2. Машиналар мен жабдықтар	160000	2. Коммерциялық несие	12000
3. Шикізат, материалдар запасы	35000	3. Ұзақ жылға алынған міндеттемелер	45000
4. Дебиторлық қарыздар	40000	4. Сатылған құп бойынша акция бағасы - 10 теңге	10000
5. Кассадағы қолда бар қаражат	40000	5. Есеп-шот бойынша пайда және зиян	122000
Баланс	299000	Баланс	299000

Кәсіпорын жойылған кезінде 80000 теңгеге машина және жабдықтар, 40000 теңгеге шикізат және материалдар сату мүмкіндігі бар. Жердің, үйлер мен ғимараттардың құны 150000 теңгеге бағаланды. АҚ жойылу кезінде шығын 10000 теңгені құрды. Акционерлер арасында тиісті бөлінетін соманы және бір

акцияға келетін соманы, акция ұстаушыларға дивидент төлеуді анықтау керек.

Шешімі:

1. Акционерлер арасында бөлінуге жататын сома:

$\sum D_k$ – барлық жойылатын активтер сомасы – ұзақ мерзімге және қысқа мерзімдегі міндеттемесі – жойылатын шығындар $(150000+80000+40000+40000+4000) - (20000+12000+45000) - 10000 = 227000$ теңге.

2. Бір акция дивидент иелеріне төленуге жататын сома:

$$D_k = \frac{\sum D_k}{A_{\text{сан}}} = \frac{227000}{10000} = 22,7 \text{ теңге}$$

3. Қорытынды: АҚ жойылу нәтижесінде қоғам мүшелері зиян шеккен жоқ, әрбір 10 теңгелік акция орнына төленген сома 22,7 теңгеге жетті, яғни әрбір акция пайдамен (12,7 теңгемен) аяқталды:

$$\Delta D_k = 22,7 - 10 = 12,7 \text{ теңге}$$

9.10. Жеке кәсіпкер банктен 8 пайызбен несие алды. Егер инфляция деңгейі биылғы жылы 7% болса, онда алған несиенің нақтылы пайыз ставкасы қандай болады?

Шешімі:

$$K\% = 8$$

$$D_{\text{инф}} = 7$$

$$I\% = K\% - D_{\text{инф}} = 8 - 7 = 1$$

9.11. Фирманың иесі құны 1000 мың теңге тұратын станок сатып алуға шешім қабылдады. Өнімді өткізу шығыны 800 мың теңгені құрғанда, сатудан түскен түсім – 2000 мың теңгеге жетеді.

Анықтау керек:

а) жоба бойынша күтілетін таза пайданы;

б) күтілетін таза пайда мөлшерін

в) несиеге станок сатып алудағы несие ставкасын

г) 15% және 2) 25% алуды қажетті немесе қажетті еместігін анықтау.

Шешімі:

а) жобадағы күтілетін таза пайда көлемі:

$$2000 - (800+1000) = 200 \text{ мың теңге}$$

- б) күтілетін таза пайда мөлшері: $(200:1000) \cdot 100\% = 20\%$
в) 1) қажетті; 2) қажетті емес.

9.12. Кәсіпорындағы есепті жыл қорытындысында өнімді сатудан түскен табыс 200 млн теңгені құрды. оның өзіндік құны – 152 млн теңге болып, акциялар құны бойынша тиісті алынған дивидент – 2 млн теңге.

Акционерлік капитал 200 млн теңге құрды, ерекшелігі бар акцияны шығару – 10%, олардың дивиденті – 8%, пайдаға салық – 32%, кәсіпорынды дамытуға жұмсалатын пайдадан қаржы – 20%.

Анықтау керек:

1. Акция бойынша дивидент сомасын (млн теңге);
2. Жай акцияның дивиденті, көрсетілген құн бағасында 2000 теңге.

Шешімі:

Баланстық пайда: $200 - 152 + 2 = 50$ млн теңге

таза пайда: $50 - 0,32 \cdot 50 = 34$ млн теңге

өндірісті дамыту қоры: $0,2 \cdot 34 = 6,8$ млн теңге

дивидент төлеу: $34 - 6,8 = 27,2$ млн теңге

1 сынақ тапсырмасы

1-кестедегі мәлімет нәтижесі бойынша кәсіпорында шығарылған өнім көлемінің әрекеттегі және салыстырмалы бағаларын есептеу.

1-кесте

№ тапсырыс	Мәліметтер нәтижесі			Өнім шығару көлемі	
	Өнімнің саны, і-ші. Сі теңге	Қазіргі бағадағы і-ші өнім, Қбі, теңге	Салыстырмалы бағадағы і-ші өнім, Сбі, теңге	Қазіргі бағаға, Қб, теңге	Салыстырмалы бағаға, Сб, теңге
1	10	1000	100		
2	20	2000	190		
3	30	3000	310		
			Барлығы:		

2 сынақ тапсырмасы

2-кестедегі мәліметті пайдалана отырып, кестедегі жетіспейтін көрсеткіштерді әрбір вариант бойынша ашық жолдарды топтастыру ұсынылады.

2-кесте

№ түрлері	Баға, теңге	Өзіндік құн, теңге	Пайда, теңге	Рентабельділік, %
1	100	90		
2	100	100		
3	100	110		
4	100	80		
5	200	160		
6	300	240		
7		25	100	
8		250	100	
9		2500	100	
10	100		-10	
11	100		0	
12	100		10	

3 сынақ тапсырмасы

3-кестедегі келтірілген мәлімет бойынша әр вариант тапсырмадағы бос ұядағы көрсеткішпен толтыру ұсынылады.

Вариант №	Баға, теңге	Тауарлы өнімнің өзіндік құны, теңге	Тауарлы өнімнің бір теңгесіне шыққан шығын, тиын	Бір теңге жұмсалған шығынға өндірілген өнім, теңге-тиын
1	100	80		
2	200	200		
3	300	320		
4		350	87.50	
5	500			1-25

4 сынақ тапсырмасы

1. Кәсіпорындағы өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлердің орта тізімдегі жыл бойғы санын есептеу керек, егер қаңтар мен ақпан айларында олар 710 адам болса, наурыз, сәуір және мамырда – 712 адам, маусым, шілде, тамыз, қыркүйекте – 698 адам, ал қазан, қараша және желтоқсанда – 716 адам болды.

2. Кәсіпорында шығарылған өнім көлемі салыстырмалы бағада 7080 мың теңге, ал орта тізімдегі өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлер осы мезгілде – 708 адам. Еңбек өнімділігін есептеу керек.

5 сынақ тапсырмасы

1. 4-кестедегі мәлімет нәтижесі бойынша (мың теңге) кәсіпорындағы негізгі өндіріс қорының (НӨҚ) орта есебінің тәртібін, қаңтардағы 1-тоқсан, сол сияқты 12 ай бойғы есепті жыл бойғы есепті көрсету керек.

4-кесте

Күні, айы	НӨҚ құны	Күні, айы	НӨҚ құны	Күні, айы	НӨҚ құны
Есепті жыл:		1.05	171041,1	1.10	175346,2
1,01	153311,0	1,06	173021,1	1,11	175346,2
1,02	154031,2	1,07	174300,1	1,12	175346,2
1,03	170181,0	1,08	174060,8	өтпелі жыл:	
1,04	171120,4	1,09	175346,2	1,01	181204,6

2. Кәсіпорындағы орта жылдық негізгі өндіріс қорының есепті жылы 171366,5 мың теңге болды, ал орта тізімдегі өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлері саны 708 адам. Еңбекті қормен қарулануын есептеңіз.

6-10 сынақтар тапсырмасы

5-кестедегі келтірілген мәлімет нәтижесі бойынша, 6-кестедегі барлық көрсеткіштерді есептеңіз. 6-10 сынақ тапсырмасына арналған мәлімет нәтижесі.

5-кесте

Рет №	Көрсеткіштердің аталуы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштің маңызы
1	2	3	4
1 11.1	Кәсіпорынның шығаратын өнімі: “А” бұйымы: шығарылған бұйым саны қазіргі бірліктегі баға өзіндік құн салыстырмалы баға	Дана Тенге Тенге Тенге	200 10 000 8 000 5 000
1.2	“Б” бұйымы: шығарылған бұйым саны қазіргі бірліктегі баға өзіндік құн салыстырмалы баға	Дана Тенге Тенге Тенге	1 000 1 000 750 400
2	Орта тізімдегі өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлер саны	Адам	14
3	Қаралып отырған мезгілдегі негізгі өндіріс қорының құны	тенге	2 800 000

Көрсетілген көрсеткіштер тапсырмасына сәйкес № 6-10

6-кесте

Рет №	Есептелетін көрсеткіштердің аталуы	№ 6 тапсырмасы	№ 7 тапсырмасы	№ 8 тапсырмасы	№ 9 тапсырмасы	№ 10 тапсырмасы
1	2	3	4	5	6	7
1	Қазіргі бағада шығарылған өнімнің көлемі	x			x	
2	Салыстырмалы бағада шығарылған өнімнің көлемі	x				x
3	Өндірілген өнімнің өзіндік құны	x				
4	Өнімді өндіруден алынған пайда	x			x	
5	1 тенге өнімге кеткен шығын деңгейі		x		x	

6	Өнімнің рентабельділігі		x	x	
7	Еңбек өнімділігі		x		x
8	Еңбекті қормен қарулану		x		x
9	Қорқайтарымы			x	x
10	Қорсымдылығы			x	x

11 сынақ тапсырмасы

1. Кәсіпорынның жыл бойғы салыстырмалы бағада шығарған өнімнің көлемі 171366,5 мың теңгені құрды, ал орта жылдық сол мезгілдегі негізгі өндіріс қорының құны-171386,5 мың теңге. Қор қайтарымы мен қорсымдылығын есептеу керек.

2. Қорқайтарымының өсуіне карамай, амортизациялық көшірімде тауарлы өнімнің өзіндік құнының құрылымының өсуі байқалады. Бұл жағдай қандай тәуелділікте негізделген? Теңсіздік жүйесін құру.

12 сынақ тапсырмасы

7-кестеде келтірілген нәтижедегі мәліметтер бойынша өндірістің экономикалық тиімділік жинақтаушы көрсеткіштерін есептеу керек:

1. салыстырмалы бағада жалпы өнім шығару көлемінің арту индексін;

2. салыстырмалы бағада жалпы өнім шығарудың көлемінің өсімін;

3. қазіргі бағадағы тауарлы өнім өндірудің арту қарқынын;

4. қазіргі бағада тауарлы өнім өндірудің абсолютті өсімін;

5. қазіргі бағада тауарлы өнім өндірудің өсім қарқынын.

№12-16 тапсырмаға жасалынған мәліметтер нәтижесі

7-кесте

Рет №	Көрсеткіштердің аталуы	Өткен мезгілдегі (базалық)	Қаралатын мезгілдегі
1	2	3	4
1	Жалпы өнім шығару көлемі, салыстырмалы бағада	8574,00	9179,80
2	Тауарлы өнім шығару көлемі, қазіргі бағада	7100,36	7709,95
3	Тауарлы өнімнің өзіндік құны-барлығы	5460,38	5747,06
3.1	Оның ішінде: Материалдық шығындар	2896,54	343,08

3.2	Еңбек ақы төлеу қоры	1915,69	1991,10
3.3	Амортизациялық көшірім	577,35	553,25
3.4	Басқадай шығындар	70,80	89,63
4	Тауарлы өнім өндірісінен түскен пайда (2-жыл3 жыл)	1639,98	1962,89
5	Баланстық найда	1650,00	1988,00
6	Өсім (+) баланстық пайда (7-5 бағана 5 жыл бойынша)	x	338,00
7	Күрделі қаржы салу есебінен пайданың өсімі	x	287,00
8	Негізгі өндіріс қорының орта мезгілдегі құны	8527,70	8235,80
9	Мөлшерленген айналым құралының орта мезгілдегі құны	1350,00	1500,00
10	Күрделі қаржы салу көлемі	x	1643,00
11	Өндіріс қуаттылығын ендіру	x	575,80
12	Өнеркәсіп-өндірісінің қызметкерлердің орта мезгілдегі саны, адам	756,7	723,4

13 сынақ тапсырмасы

Бұл есепті шығаруда 7-кестедегі мәлімет нәтижесін қараңыз. Қаралатын мезгілдегі өндірістің экономикалық тиімділік жинақтаушы келесі көрсеткіштерін есептеңіз:

1. тауарлы өнімнің 1 теңгесіне кеткен шығынын;
2. 1 теңге шығынға өндірілген өнімін;
3. тауарлы өнімнің рентабельділігін;
4. жалпы рентабельділікті.

14 сынақ тапсырмасы

Бұл есепті шығаруда 7-кестедегі мәлімет нәтижесін қараңыз. Қаралатын мезгілдегі өндірістің экономикалық жинақтаушы келесі көрсеткіштерін есептеңіз:

1. негізгі өндіріс қорының салыстырмалы экономикасын;
2. мөлшерленген айналым құралының салыстырмалы экономикасы;
3. материалдық шығындардың салыстырмалы экономикасын;
4. еңбек ақы төлену қорының салыстырмалы экономикасын.

15 сынақ тапсырмасы

Бұл есепті шығаруда 7-кестедегі мәлімет нәтижесін қараңыз. Еңбекті пайдалану тиімділігінің келесі көрсеткіштерін есептеңіз:

1. еңбек өнімділігін а) базистық және б) қаралатын мезгілдегі;
2. еңбек өнімділігінің өсу қарқыны;
3. өнеркәсіп-өндірісін қызметкерлердің еңбек ақы төлеу қарқынының өсуі;
4. еңбек ақы төлеу мен еңбек өнімділігінің өсім қарқынының қатынасын.

16 сынақ тапсырмасы

Бұл есепті шығаруда 7-кестедегі мәлімет нәтижесін қараңыз. Еңбекті пайдалану тиімділік көрсеткіштерін келесі көрсеткіштермен есептеңіз:

1. жалпы өнім бойынша қорқайтарымдылығын;
2. мөлшерленетін орта жылдық айналым құралының бір теңгесіне өндірілген өнімін;
3. өндірілген өндіріс қуаттылық-бірлігіне, күрделі қаржы салу үлесін;
4. күрделі қаржы салу, үлесінің бір теңге жалпы өнімнің өсімін;
5. салынған күрделі қаржының өтелу мерзімін.

17 сынақ тапсырмасы

8-кестедегі келтірілген мәлімет бойынша кәсіпорында шығарылатын өнімінің өзіндік құн құрылымына) кіретін шығын түрін (%) есептеңіз.

Өнімнің өзіндік құн құрылымы

8-кесте

Рет №	Калькуляциялық статьялар	Соммасы, мың тенге	Құрылымы. %
1	Материалдық шығындар	145 300	
2	Еңбек ақы төлеу шығыны	20 000	
3	Әлеуметтік мұқтаждыққа аударым	7 700	

4	Негізгі қордың амортизациясы	21 000	
5	Басқадай шығындар	6 000	
6	Өнімнің өзіндік құны	200 000	100,00

18 сынақ тапсырмасы

Қыркүйек айында алюмин зауыты барлық жұмысшыларға 15% еңбек ақы төлеуді көбейтті.

Өнім шығару көлемі және алюмин бағасы қыркүйекте, тамыз айының деңгейінде болды. Тамыз айының есебінде өнім рентабельділігі 25% болды, ал тауарлы өнімнің өзіндік құнында еңбек ақы төлеу шығын үлесі - 20%.

Қыркүйек айындағы өнім рентабельділігін есептеңіз, егер әлеуметтік мұқтаждыққа аударылған ставкасы тамыз айы мен қыркүйекте бірдей 38,5% тең болды.

19 сынақ тапсырмасы

9-кестедегі мәлімет нәтижесін пайдаланып, кестедегі бос ұяларды әрбір вариант тапсырмасын толтыру керек.

9-кесте

Рет №	Нақты баға, теңге	Ең аз мөлшердегі қолайлы баға, теңге	Ең аз мөлшердегі қолайлы рентабельділік, %	Нақты өзіндік құн, теңге	Ең жоғарғы қолайлы өзіндік құн, теңге
1	x		15	850	x
2	1 200	x	25	1 000	
3	x	1 500		1 000	x

20 сынақ тапсырмасы

Кәсіпорынның бөлімшелері арасында суық сумен қамтамасыз етуге кететін шығынын бөлісуде, егер барлық шығын-1000 теңге болған жағдайда; оның ішінде технологиялық қажеттілікке жұмсалатын шығын (су өлшеуіші прибордың көрсетуі бойынша) - 480 теңге болған; шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке цех шығыны мен зауыт басқармасының бөлімшелеріне жұмсалған шығыннан қалыптасқан, олардың қызметшілер саны тиісінше 37 және 15 адам болды. Суға кететін шығынды “жалпы өндіріс шығыны” мен “жалпы шаруашылық” шығынына бөлу керек.

21 сынақ тапсырмасы

Кәсіпорын екі цехтан тұрады, олар электро-қуатты екі ставкалы тариф бойынша төлейді. Мәлімдемедегі қуаттылық – 1000 кВа. Негізгі тарифте: айына 1 кВа-сағ қуаттылық – 37 теңге 37 т; Қосымша – 0,24 теңге 1 кВа-с. Кәсіпорынның екі бөлімшелерінің аралығындағы электро-энергияны пайдалану шығынын анықтау керек. Егер, жалпы электро-энергияның шығыны белгілі 100 000 кВт, оның ішінде №1 цех – 60 000 кВт, ал №2 цех – 40 000 кВт электроэнергия шығындарын құрды.

22 сынақ тапсырмасы

10-кестедегі мәлімет нәтижесін пайдаланып, кестедегі бос ұяларды әрбір үлгілер бойынша толтыру керек. Негізгі тариф теңдей 37,37 теңге 1 кВА, ал қосымшасы – 0,24 теңге 1 кВт-сағ болған жағдайда.

10-кесте

Рет №	Қуаттылық, кВА	Электро-энергия шығыны Квт	Негізгі төленім, теңге	Қосымша төленім, теңге	Барлық шығын, теңге	1 кВт-с өзіндік құны, теңге
1	1000	100 000				
2	1000	20 000				
3	1000	4 000				

23 сынақ тапсырмасы

Жылына бір ұстаным жоспар бойынша кәсіпорынды материалды-техникалық қамтамасыз етілуін орталықтандырылмаған дайындау табиғи көлемде есептеу керек. Сонымен бірге МТҚ-да табиғи бірлікте баланс жасалынуы тиіс. 11-кестедегі белгілі мәліметтерді пайдалану арқылы кестенің бос ұясын толтыру көзделеді.

11-кесте

Мезгілдер	Жыл басындағы мерзімге қалдық	Орталықтандырылған	Орталықтандырылмаған	Ішкі ресурстарды жинақтау	Барлық қажеттілік
I квартал	80	-		10	130
II квартал	-	-		10	130

III квартал	-	-	10	130
IV квартал	-	-	10	130
Жылдық баланс	80	-	40	520

24 сынақ тапсырмасы

Жылдық өндіріс программаны орындау үшін керекті өндіріс жұмысшылар санын есептеу керек, егер төмендегі мәліметтер белгілі болған жағдайда:

1. өндірісте нормативтік еңбек сиымдылық бағдарламасында норма бойынша, әрекеттегі базистік жылда 208 580 норма-сағ болса, оның ішінде мерзімді орындайтын жұмыс еңбек сиымдылығы, - 3 600 норма-сағ;

2. бір жұмысшының күнтізбедегі уақыт қоры – 2004с;

3. бір жұмысшыға есептегендегі жоғалтқан жұмыс уақыты – 204с;

4. Кесімдідегі– жұмысшылардың орындаған нормасы - 115%;

5. қаралатын жылы техникалық шараларды және ұйымдастыруды дамыту, қорытындысында еңбек-сиымдылық жұмыстары жоспарланып, кесімді-жұмысшылардың орындалатын көлемін 2120 норма-сағатқа төмендету.

25 сынақ тапсырмасы

12-кестедегі мәлімет нәтижесін қолданып, бригада жұмысшыларының еңбек ақы төлеуін есептеу керек.

12-кесте

Рет №	Жұмысшылардың фамилиясы	Еңбек ақы төлеу деңгейі	Нақты істеген жұмыс уақыты, с	КТУ	Баллдар саны	Есептелінгені, теңге
1	Ахметов Б.	1,0	176	1,05		
2	Есенов С.	1,5	176	1,05		
3	Сайлауов Д.	2,0	176	0,90		
	Барлығы	х	х	х		7788-00

26 сынақ тапсырмасы

Еңбек ақы төлеу формасы мен жүйесінің жіктелуін жасаңыз.

27 сынақ тапсырмасы

Кәсіпорында базистік мезгілде жұмысшылар саны – 102 адам болды. Жоспарланған мезгілде салыстырмалы экономияға өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлерінің саны үш жаңалық ендірудің есебінен барлығы 6 адам құрды(2,3 және 1 тиісінше).

Сонымен еңбек өнімділігі әрбір жаңалық ендіру қорытындысында қалай өзгереді? Мұны орындауда жинақталған және тізбекті әдіс пайдаланады.

28 сынақ тапсырмасы

Жоспарланған еңбексыйымдылықты тауарлы өнімнен салыстыруды есептеңіз, егер базистық мезгілдегі еңбексыйымдық – 200 000 норма-сағ белгілі болса; өнім шығару көлемінің индексі салыстырмалы бағада және шартта 1,067 тең болса; базистік мезгілде кооперация бойынша жеткізіп тұрушылық үлес салмағы 10% тең, ал қаралатын мезгілде 20% болды.

29 сынақ тапсырмасы

13-кестедегі мәлімет негізінде негізгі еңбек ақы төлеуге шаруашылық ұйымдастыру жұмысына арналған қосымша шығын(накладные расходы) пайызын есептеп(4 бағананы толтыру).

Қосымша шығын пайызының мәліметімен материалды шығынды қабылдап(5 және 6 жолдар) өзіндік құнның есеп формуласын шығарып, айнымалы тәуелсіздігін және алынған тәуелділік мәліметті кестенің(9 жол, 4 бағанаға) кіргізу керек.

13-кесте

Рет №	Калькуляция стагыя аттары	Көрсеткіштің маңызы	
		Мың теңге	%
1	2	3	4
1	Негізгі еңбек ақы төлеу	120,00	
2	Қосымша еңбек ақы төлеу	24,00	
3	Прогрессивті-салық жүйесі бойынша қосымша төлеу	42,00	
4	Әлеуметтік мұқтажлыққа аудару	66,00	
5	Шикізат және негізгі материалдар (тастандыны шегеріп тастағанда)	417,60	

6	Сағын алынған бұйым. жартылай фабрикаттар. жұмыс және қызмет көрсету	150,00	
7	Жалпы өндіріс шығыны	320,40	
8	Жалпы шаруашылық шығыны	360,00	
9	Өнімнің өзіндік құны – барлығы	1500,00	

30 сынақ тапсырмасы

14-кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, тапсырмадағы әрбір варианттағы бос ұяларын толтырыңыз.

14-кесте

Рет №	Мезгілдің ұзақтығы, күн	Сағудан түскен табыс, мың теңге	Айналым құралының мезгілдегі орта қалдығы, мың теңге	Айналым құралының айналымдығы, күн	Айналымдылықтың коэффициенті
1	90	90 000	30 000		
2	180	180 000	30 000		
3	360		30 000		12
4	360	360 000		30	

31 сынақ тапсырмасы

1. Жылына материалға деген қажеттілік 720 000 теңгені құрды. Айналым құралының материалға деген нормативін есептеу керек, егер оған норма қоры 90 күн болғанда.

2. 11-кесте мәліметі бойынша аяқталып бітпеген өндірістегі шығынның дами түсу коэффициентін есептеу керек.

32 сынақ тапсырмасы

Тапсырма бойынша аяқталып бітпеген өндірістің орта жылдық нормативін есептеңіз, егер бір бұйымның өзіндік құны – 1500 теңге; өндіріс циклінің ұзақтығы – 10 жұмыс күн; өсу шығынының коэффициенті – 0,7; жылына жоспар бойынша бұйым саны – 800 дана (тауарлы шығару) және 55 дана (аяқталмаған өндірістің өсуі, барлығы 55 000 теңге); жыл бойғы жұмысшылар саны – 251 белгілі болған жағдайда.

33 сынақ тапсырмасы

15-кестедегі мәлімет нәтижесі бойынша кестедегі варианттардың бос ұясын толтыру керек.

15-кесте

№ варианттар	Мезгілдің ұзақтығы, күн	Смета бойынша шығын саны, мың теңге	Өндіріс циклінің ұзақтығы, календарлық күндер	Шығынның өсу коэффициенті	Айналым құралының аяқталмаған өндірістегі нормативі, мың теңге
1	2	3	4	5	6
1	90	313,75	14,5	0,7	
2	180	627,50	14,5	0,7	
3	360	1255,00	14,5		25,00

2. Өндіріс циклінің ұзақтығын қайта есептеу индексінің күнтізбедегі жұмысшылар күнін есептеу керек, егер жұмысшылар саны жылына – 251, ал күнтізбеде қабылданған күн санын 360-қа тең деп санағандағы есепті шығару керек.

34 сынақ тапсырмасы

Өндіріс бағдарламасының натуралды көрінуінің өзгеру пайызын есептеу керек, егер 1) кәсіпорын тауарды біркелкі икемді өндірсен; 2) сол тауардың бағасы 20% өскенде, 3) маркетингтік зерттеуде, тұтынушылардың сатып алу мүмкіндігі сол қалпында қалды, ал тауарды алмастыру бағасы 20% өскен.

35 сынақ тапсырмасы

16-кестедегі мәлімет нәтижесін қолданып, варианттар бойынша бос ұяларды толтыру.

16-кесте

№ варианттары	Өнім бірлігіне, теңге		Барлық өнім көлемі, мың теңге		Зиянсыз нукте
	баға	айнымалы шығын	айнымалы шығын	тұрақты шығын	
1	100	x	200	300	
2	100	x	300	200	
3	200	x	200	300	

4	200	x	300	200	
5	100	40	x	300	
6	100	60	x	200	
7	200	80	x	300	
8	200	120	x	200	

36 сынақ тапсырмасы

17-кестедегі мәліметтер нәтижесін пайдаланып, кестеде көрсетілген варианттар тапсырмасының бос ұяларды толтыру.

17-кесте

№ варианттары	Бірлікке, тенге					Коэффициенттер	
	баға	айнымалы шығындар	барлығы	тұрақты шығындар	пайда	айнымалы шығын	пайда
1	2	3	4	5	6	7	8
1	500	50		300			
2	500	75		250			
3	500	100	200				
4	500	100	250				
5	500	100	300				

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС БОЙЫНША ӘРТҮРЛІ ЕСЕПТЕУ ТАПСЫРМАСЫ

1-кестеде келтірілген мәлімет бойынша жыл бойғы амортизация сомасын, амортизацияның орта нормасын, қорқайтарымдылығын, қормен қарулануын (негізгі өндіріс қордың белсенді бөлігі бойынша); ендіру және шығыс коэффициенттерін анықтау керек.

1-кесте

I. Негізгі қордың түрі	01.01 Негізгі қордың құны(мың теңге)			Негізгі қордың құнының өзгеруі(мың теңге)		Амортизацияның жылдық мөлшері (%)		
	варианттары			Пайдалануға берілгені(+) мың теңге	Шығысы (-) мың теңге	варианттары		
	1	2	3			1	2	3
Үйлер	560	350	650	01.04 (+100)	01.10(-30)	5.4	6.0	5.2
Ғимараттар	250	150	250	01.03(+80)	01.09(-20)	5.5	7.2	6.0
Беріліс қондырғылар	85	105	55	01.07(+30)	-	5.3	5.8	5.0
Машиналар мен жабдықтар	840	1000	560	01.05(+25)	01.04(-10)	12.7	13.0	11.8
Көлік құралдары	98	56	106	01.11(+18)	-	13.5	14.0	12.2
Жиынтығы	1668	1550	1456	(+253)	(-60)			
II. Өнім өндіру, мың теңге	7300	5600	8700					
III. орта тізімдегі сандағы, адам	405	310	620					

Әдістемелік ұсыныс

1. Негізгі қордың түрлері бойынша, кәсіпорын бойынша олардың белсенді бөлігі жайлы ортажылдық құнын анықтау керек.
2. Жыл аяғындағы негізгі қордың құнын анықтау керек.
3. Негізгі қордың орта жылдық құны бойынша және жылдық

амортизациялық нормасын кәсіпорын бойынша негізгі қордың орта жылдық құнын анықтау керек.

4. Амортизацияның орта нормасын анықтау керек.

5. Қорқайтарымдылықты, қорсымдылықты, қормен қаруландыруды анықтау керек.

6. Кірген және шыққан негізгі қорлардың коэффициентін анықтау керек.

2 есептеу талсырмасы

Кәсіпорын жұмысы жайлы 2-кестеде мәліметтер келтірілген:

2-кесте

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Базистік жыл	Қорытындысы,%	
	Жоспар	Есепті		Жоспар	Базистік жылға
1	2	3	4	5	6
Өндіріс көлемі, мың теңге	854	879,6	1082		
Сатудан түскен табыс, мың т	88409	91279	40651		
Негізгі жұмысшылардың орта тізімдегі саны, адам	1650	1470	1620		
1 тонна өнімнің өзіндік құны, теңге	78,65	60,64	33,05		
Оның ішінде: материал шығыны, теңге	30,15	14,70	6,80		
Еңбек ақы төлеу шығыны, теңге	22,70	22,02	12,15		
Әлеуметтік-мемлекеттік қамсыздандыруға көшірім, теңге	9,40	9,17	5,20		
Амортизация, теңге	6,20	4,15	5,75		
Басқадай шығындар, теңге	10,20	8,60	3,15		
Басқадай материалдық құндылықты сатудан түскен пайда, теңге	410	383	210		
Сатудан басқадай түскен пайда, мың теңге	117	95	-230		
Шартты-айнымалы шығындар, %	70	70	70		

Ескерту:

А) Мәліметтер жылдық есепте келтірілген;

Б) Есепті екі тәсілде орындауға болады: бірінші-тәсілде – екінші жылдағы мәліметті жоспармен салыстыру; екінші-тәсілде – базистік жолмен.

Анықтау керек:

1. Еңбек өнімділігі, мың адам;

2. Орта айлық еңбек ақы төлеу, мың теңге;

3. Баланстық пайда, мың теңге;

4. Сатылған өнімнің рентабельдік деңгейі, %;

5. Өндіріс көлемінің орындалуы өнімнің өзіндік құнына әсерін, % және мың теңге;

6. Өнімнің өзіндік құнына еңбек өнімділігінің (төмендеуі) өсу қарқынына әсері, еңбек ақы төлеу, өсу қарқынына (төмендеуі) әсерін, %;

7. Әрбір факторлардың өнімнің өзіндік құнына әсерін, %;

8. Абсолюттік экономияға немесе артық шығын немесе өнімнің өзіндік құн бірлігінің өсуі.

3 есептеу тапсырмасы

Келесі мәліметтер бойынша ұйымдастыруда және жұмысшы орнында қызмет етудегі экономикалық тиімділік шараларын жақсартуды анықтау.

Жұмысшы орнын ұйымдастыруда типтік жобаны ендіруде, жұмысшы уақытының ысырабы азайып және негізгі жұмысшының ауысудағы өнімсіз шығындары 50-ден – 10 минутқа дейін, ауысудың ұзақтығы – 492 мин. Қалған нәтиже мәліметтері 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Көрсеткіштер	Нұсқалары		
	1	2	3
Ауысу бөлімшелердегі негізгі жұмысшылардың саны	12	18	24
Ауысудағы жұмыс режимі	1	1	2
Бөлшекті жөндеудің жылдық бағдарламасы, мың дана	110	110	220
Бір бөлшекті жөндеуге уақыт мөлшері, сағ.	0,5	0,5	0,5

Өндіру нормасын орындау, %	115	110	114
Жылдың жөндеу көлемінің өзіндік құны, мың тенге	180	220	400
Шартты-тұрақты шығынның өзіндік құны	0,3	0,3	0,3
Бір жұмысшының жылдық жұмыс уақытының қоры, күн	230	230	230
Бөлімшедегі жабдықтардың құны, мың тенге	8	10	10
Жұмысшы орнын ұйымдастырудағы типтік жобаны ендірудегі күрделі шығын, мың тенге	4,5	5,0	7,0
Экономикалық тиімділіктің нормативтік коэффициенті	0,15	0,15	0,15

Әдістемелік ұсыныс

1. Типтік жобаны өндіруге дейін және өндіргеннен кейінгі жұмысшы уақытының жоғалтуын анықтау.

2. Ауысуда жұмысшы уақытын жоғалтуды анықтау, %.

3. Жұмысшылар санының босатылуын анықтау.

4. Еңбек өнімділігінің өсуін анықтау, %.

5. Жылдық жұмысшы уақытының экономикасын анықтау, адам/сағ.

6. Жылдық уақытының экономиясы өнім өндіру көлемі есебінен өсімін анықтау.

7. Шартты-тұрақты шығынның экономикасын анықтау, тенге.

8. Күрделі қаржының азайту үлесінің экономикасын анықтау, тенге.

9. Типтік жобаны өндірудің нақты экономикалық тиімділігін анықтау оны нормативпен салыстыру.

10. Жылдық экономикалық тиімділікті анықтау.

11. Жылдық бағдарламадағы бөлшектерді жөндеуді игеру мүмкіндігін анықтау.

4. Есептеу тапсырма

Кәсіпорын жұмысына тура баға беру көз қарасында жоспарлы көрсеткіштерді орындау, ресурстар мен ішкі резервтерді пайдалану деңгейі; Экономикалық тиімділік резервін анықтау және шаруашылық жұмысты жақсартуға бағытталған шараларда анықталған резервтерді пайдалану. 4 кесетдегі келтірілген мәліметтерді пайдаланып төменгі тапсырманы орындау.

Көрсеткіштер		Талданағын кезең	
		Жоспар	Есеп
1	Тауарлы өнім, мың тенге	2000	2850
	мың тонна	2000	1900
2	Сатудан түскен табыс, мың тенге	2100	2900
3	Сатудан басқа операциядан түскен пайда, мың тенге	100	120
4	Материалдық құндылықты сатудан түскен пайда, мың тенге	50	50
5	Өнімді өндіру және сату шығындары мың тенге	1615	2071
	Оның ішінде: Шартты-тұрақты шығын, мың тенге	1130	1130
6	Жалпы шығынның еңбек ақы қоры, мың тенге	646	932
7	Жұмысшылардың саны, адам	1200	1230
8	Негізгі қордың ортажылдық құны, мың тенге	500	570
9	Негізгі құралдың орташа мөлшері, мың тенг	315	376

Әдістемелік ұсыныс

4 кестедегі мәлімет бойынша еңбек өнімділігін табиғи, өлшенген және құндық бірлігін анықтау: өнімді сатудан түскен және баланстық пайда; өнімнің және өндіріс рентабельдігі; негізгі қорды пайдалану көрсеткіштері; өнімнің бірлігінің өзіндік құнын; өнім бірлігін сату бағасын; айналым жылдамдығын; айналым коэффициентін анықтау. Есепті жолымен алынған көрсеткіштер бойынша есепті кезенді жоспардағы мәліметтерін салыстырмалы және абсолюттік өзгеруін және оның кәсіпорын жұмысының қорытындысына әсерін анықтау.

5. Есептеу тапсырма

Құрылыс басқармасында ұйымдастыру-техникалық шараларды өндіру қорытындысында, құрылыс-жабдықтау жұмысының құны өзгерді. 5 кестедегі мәліметтерді қолдана отырып оның құнын анықтау.

5 кесте.

Көрсеткіштері		Нұсқалары		
		1	2	3
1	Еңбек өнімділігі, м3 адам / ауысуда			
	шараны өндіруге дейінгі	1,25	1,00	1,30
	Шараны өндіргеннен кейінгі	1,50	1,30	1,45

2	Механизациялау шығындары шараны өндіруге дейінгі шараны өндіргеннен кейінгі	2,0 2,5	2,0 2,5	2,0 2,5
